Мы живем в правовом государстве и как трактует Конституция РК - основным богатством республики является человек и его жизнь. В статье 13 Конституции РК говорится о том, что каждый имеет право защищать себя любыми способами [1]. Но человек должен учитывать тот факт что, нельзя при этом нарушать права иного лица. Что это значит? Это значит что, никто не вправе посягать на жизнь, здоровье, имущество, жилище и иные охраняемые законом права и интересы человека. Бывают такие ситуации, когда человек защищая интересы другого человека, сам оказывается в трудной ситуации. Этому может послужить стечение обстоятельств, как например, оказался не в том месте, не в тот час. Например, заметив что в общественном месте избивают человека, любое мимо проходящее лицо проявит инициативу чтобы разнять и защитить на тот момент жертву нападения, тем самым предотвратить последствия которые повлекут за собой какую-либо ответственность против личности или же против общества. Да, возможно будет много противоречивых мнений таких как: можно было бы не применять силу, можно и пройти мимо и так далее. Если не применять силу человек может пострадать сам, пройти мимо это тоже своего рода ответственность за пренебрежительное отношение. От этого и исходит то что, третье лицо, не имеющее отношение к данному инциденту так же становится объектом нападения. Соответственно здесь срабатывает инстинкт самосохранения, человек в данном случае будет обороняться, это и называется необходимой обороной.

В Уголовном кодексе Республики Казахстан в статье 32 ч.1 повествуется следующее: необходимая оборона не влечет за собой уголовную ответственность, если, при необходимой обороне не были допущены превышения пределов необходимой обороны [2]. Уголовным законодательством необходимая оборона, как раз таки допускается, потому что она трактуется как действие общественно не опасное, а наоборот действие полезное для социума. Так же правом необходимой обороны может пользоваться группа лиц ну или

категория лиц в сфере своей профессиональной деятельности. Об этом говорится в Законе РК «Об органах внутренних дел Республики Казахстан», а так же данной привелегией могут пользоваться и военнослужащие органов национальной безопасности.

Не секрет что в обществе несмотря на прозрачность всей системы приветствуется ряд нарушений и давление со стороны уполномоченных органов. Являясь общественным защитником на тот момент, я стала свидетелем многих нарушений, таких как: извлечение личной выгоды, клевета, неправильное разъяснение закона, не владение процессуальными документами, угроза, не правильная квалификация статей, не предоставление копий протоколов, отказ о принятии заявления от пострадавших лиц, и грубая ошибка состоящая в истечении срока при назначении судебной экспертизы и многое другое [3].

Хотелось бы привести наглядный пример, с которым столкнулась в реальной жизни, данная ситуация произошла весной текущего года. Трое неизвестных мужчин в состоянии алкогольного опьянения по дороге встречают двух девушек. Между ними произошла потасовка, после чего один из мужчин насильно пытается посадить одну из девушек в машину, при этом применяя силу. Одна из девушек видя всю картину заступает за что получает неоднократные удары. Первой девушке удается убежать и скрыться в доме у одного из жителей населенного пункта. Позвонив одному из друзей, девушка просит о помощи. На помощь приходит друг девушки, который решил их разнять, впоследствии чего становится объектом нападения, после чего между ними завязалась драка. К этому времени на место происшествия уже приехал участковый инспектор, собрались свидетели, присутствовал медицинский сотрудник. На тот момент человек, из-за которого все и произошло (сейчас по делу проходит как потерпевший) признает свою вину, приносит извинения, на этом по примирению обеих сторон все разъезжаются. Отмечу, все это происходило в общественном месте около 20:00 вечера, на следующий день в 17:00 в состоянии алкогольного опьянения потерпевший Р. поступает в больницу с разными телесными повреждениями.

Теперь рассмотрим процедуру поступления заявления в правоохранительные органы, и как в целом развивался ход следственных действий. Во-первых хочу сделать акцент на действие участкового инспектора, с его стороны должны были быть приняты меры. В своей компетенции участковый инспектор как минимум должен был взять объяснительную с обеих сторон, доложить о происходящем высшестоящим органам. Во-вторых, заявление поступает спустя четверо суток. В третьих заявление пишет не сам пострадавший, а его родственница. Как указано в ст. 408 УПК РК согласно требованиям заявление о деле возбуждается чисто с подачи заявления самого потерпевшего или его законного представителя. В четвертых есть понятие встречная жалоба. В ч.8 ст. 408 УПК РК, а так же ч.3 ст.411 УПК РК поясняется следующее: если на жалобу потерпевшего лица поступает встречная жалоба, то при делопроизводстве нужно учитывать тот факт что обе жалобы связаны предметами уголовного дела. Соответственно обе жалобы объединяются в одно производство и при рассмотрении уголовного дела оба лица выступают в одном и том же процессе не только в качестве пострадавших, но и в качестве виновного (подсудимого) [4]. В пятых, на пятый день у пострадавшего не следователь, который ведет дело, а оперуполномоченный берет не заявление, а показания. В шестых, у пострадавшего не были сняты побои, не было проведено медицинское освидетельствование, что является обязательным даже если на теле потерпевшего нет никак признаков избиения. Ну и в седьмых это квалификация статьи. Без каких-то иных следственных действий следователь ссылаясь на заявление третьего лица и показания потерпевшего возбуждает уголовное дело по ст.106 Уголовного кодекса РК (данная статья, как известно это умышленное причинение тяжкого вреда здоровью) признают гражданина М. виновным, хотя, по делу он должен был проходить как свидетель имеющий права на защиту. При этом на руках не имея доказательств, таких как заключение медицинской экспертизы, медицинское освидетельствование, снятия побоев и иных других доказательств и показаний свидетелей следователь нарушает конституционные права человека. Было бы более разумней, если бы изначально было возбуждено дело по ст. 293

Уголовного кодекса РК (хулиганство), а дальше вести уголовное дело и входе следственных действий при вновь открывшихся иных доказательствах, если было установлено что потерпевшему был нанесен действительно тяжкий вред здоровью уже переквалифицировать на статью 106 Уголовного кодекса РК. Так же хотелось бы отметить что, во время допроса были взяты показания у свидетелей и у самого обвиняемого, были взяты показания у лиц причастных к данному делу. Заявление от пострадавших лиц (девушек) не принималось в связи с тем что, со слов следователя в них нет состава преступления, так же не предоставление копий протоколов, что является обязательной процедурой, не включение в протокол материалов являющихся уликами (фото, видео-материалы). Спустя некоторое время по ходатайству адвоката был проведен ряд следственных действий, назначены повторные экспертизы, заново провели допрос, составили очную ставку, на основании чего и было выявлено множество искаженных фактов. Дело заново было пересмотрено и на текущую дату рассматривается по статье 107 ч.71 УК.

В данном деле много фактов, о которых стоит задуматься. Человек покидает место происшествия целым и невредимым, через сутки попадает в больницу в тяжелом алкогольном опьянении. От этого и исходит вопрос, где гарантия что он не получил травмы уже находясь абсолютно в другом месте? Где гарантия того, что он в состоянии алкогольного опьянения не упал и тем самым не получил какую-либо травму. Вопросов очень много и к сожалению найти на них ответ и доказать правоту порой бывает очень сложно. Причина этому одна - халатное отношение уполномоченных лиц. Если бы это все грамотно и последовательно устанавливалось, на мелкие обстоятельства уделяли бы больше внимания, возможно результат был бы абсолютно другим.

В уголовном делопроизводстве главную роль играет следователь. Следователь является независимым лицом он наделен широкими полномочиями, ведь это очень ответственная и сложная работа. Чтобы стать успешным следователем, необходимо иметь аналитический склад ума, гибкость мышления и быть эрудированным, следователь не должен забывать о гуманизме. Для высококачественной работы надо уметь правильно, четко выражать мысль, формулировать мысль и отстаивать свое мнение. Человек, обладающий такими качествами может быть лидером своей профессии.

В качестве решения проблем предлагается следующее:

- следователь помимо сдачи государственных тестов, должен сдавать тесты на знание государственного языка, в целях исключения ряда грамматических ошибок и недочетов;

- необходимо осуществлять постоянную проверку на знание должностных инструкций, Закона о служебной этике государственных служащих, а также проверке на полиграфе;

- повышать квалификацию следователей, на основе семинаров обмениваться опытом с сотрудниками других регионов, стран;

- необходимо проводить мониторинг проделанной работы следователя.

Указанные предложения позволят сформировать в следователе чувство ответственности при осуществлении им своей работы.

Обобщая вышеизложенное, хотелось бы процитировать известного французского писателя, моралиста, сатирика Жана Лабрюйера: «Наказанный преступник — это пример для всех негодяев, а невинно осужденный — это вопрос совести всех честных людей» [5]. Конституция РК создает платформу для благоприятной жизнедеятельности и развития социума. Казахстанское общество всесторонне развивается и движется уверенными шагами вперед. Все достижения нашего государства – это конкретный результат действия Конституции РК и принятого на её базе законодательства, которое является обязательным к исполнению.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Конституция Республики Казахстан. 30.08.1995 г. (с изменениями и дополнениями от 08.06.2022 г.) // www.zakon.kz

2. Уголовный кодекс Республики от 2014 года № 133 (27754). (с изменениями и дополнениями от 01.01.2022 г.) // www.zakon.kz

3. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. (с изменениями и дополнениями от 16.01.2022 г.) // <https://zakon.uchet>

4. Уголовный процессуальный кодекс Республики Казахстан от 2014 года № 133 (27754). (с изменениями и дополнениями от 01.01.2022 г.) // www.zakon.kz

5. Француа де Ларошфуко «Максимы и моральные размышления. Жан де Лабрюйер. Характеры». Первое издание/ <https://www.kritika24.ru/page>

ТЕРГЕУШІНІҢ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНЫС ШЕГІНЕН АСЫП КЕТУ ТУРАЛЫ ІСТЕРДІ ҚАРАУ КЕЗІНДЕГІ ІС ЖҮРГІЗУ ӘРЕКЕТТЕРІ

Әлекбаева М.М.

Ғылыми мақалада қажетті қорғаныс шегінен асып кету туралы істерді қарау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының іс жүргізу әрекеттерінің құқықтық сипаттамасы қарастырылады.

Осы мақаланы жазудың негізі болып лауазымды адамдар тарапынан тергеу әрекеттері барысында Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын бірқатар бұзушылықтарға жиі жол берілетіндігі болды.

Кілт сөздер: қажетті қорғаныс, тергеу әрекеттері, заң, ҚР Конституциясы, сот сараптамасы, дәлелдемелер, өтініш.

PROCEDURAL ACTIONS OF THE INVESTIGATOR WHEN CONSIDERING CASES OF EXCEEDING THE LIMITS OF NECESSARY DEFENSE

M. Alekbayeva

The scientific article examines the legal characteristics of the procedural actions of the pre-trial investigation body when considering cases of exceeding the limits of necessary defense.

The basis for writing this article was the fact that in the course of investigative actions by officials, a number of violations of the norms of the criminal procedural legislation of the Republic of Kazakhstan are often allowed to require additional consideration.

Key words: necessary defense, investigative actions, law, Constitution of the Republic of Kazakhstan, forensic examination, evidence, petition.

ӘОЖ 376

10.53355/ZHU.2023.106.1.007

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ РӨЛІ

Алибаева Н.А., Галиева А.Н.

Мақала болашақ арнайы педагогтардың кәсіби даярлау жүйесіндегі эмоционалды интеллекттің рөлін негіздеуге арналған. Мақалада «эмоционалды мәдениет», «эмпатия» ұғымдарына талдау жасалды. Эмоционалды интеллектке өлшеуге байланысты модельдер қарастырылды.

Кілт сөздер: эмоционалды интеллект, эмоционалды мәдениет, эмпатия, кәсіби даярлық,

Эмоционалды интеллект – өз эмоцияларын, сондай-ақ басқа адамдар мен топтардың эмоцияларын бағалау және басқару қабілетін сипаттайды. Эмоционалды интеллект әдетте эмпатиямен байланысты, өйткені бұл сіздің жеке тәжірибеңізді басқалардың тәжірибесімен байланыстыру қабілетімен байланысты. Эмоционалды интеллектісі жоғары адамдар өздерін жақсы біледі және басқалардың эмоцияларын сезіне алады.

Қазіргі қоғамның дамуы болашақ арнайы педагогтарды даярлау жүйесіне және олардың кәсіптік білім беру сапасына жаңа талаптар қояды. Қазіргі қоғам көптеген қасиеттерімен ерекшеленетін білім беру саласындағы жоғары білікті мамандарға мұқтаж, олардың арасында ең бастысы – еңбек нарығының өзгеретін жағдайларындағы эмоционалды тұрақтылық пен кәсіби ұтқырлық болып табылады.

Қарым-қатынастар саласында жұмыс істейтін маманның кәсіби қызметінің жоғары деңгейі көбінесе өз эмоцияларын түсіну және айналасындағы адамдардың эмоцияларын түсіне алу қабілетіне байланысты. Бұл дағдылар бірқатар сабақтас дағдылармен бірге педагогтың эмоционалды интеллектісін дамыту арқылы қалыптасады.

В.Вунд – психологиялық ғылымдағы "эмоциялар" терминінің авторы, эмоцияларды сезімдердің идеяларды қалыптастыруға тікелей әсерімен және қалыптасқан көзқарастар мен идеялардың сезімдерге әсерімен сипатталатын өзгерістер ретінде қарастырады [2].

"Эмоционалды мәдениет" ұғымын қарастырсақ, арнайы педагогтарға қатысты оның мәні туралы айтатын болсақ, білім беру саласындағы маманның эмоционалды мәдениеті бойынша біз болашақ арнайы педагогтың эмоцияларының дамуы, эмоцияларды талдауы, оларды басқаруы, психологиялық көмекке мұқтаж адамдарға эмоционалды қолдау көрсету дағдылары туралы білімдер жүйесінен тұратын кешенді білім беруді қарастырамыз. Болашақ арнайы педагогтың эмоционалды мәдениетінің осы компоненттерін дамыту оның эмоцияларының ашықтығы мен эмпатияны дамытуға ықпал етеді[4].

Эмоционалды интеллект моделі 5 компоненттен тұрады:

1. Өзін-өзі тану – бұл өзін, оның әлсіз және күшті жақтарын және осы түсінікке сүйене отырып, шешім қабылдау қабілетін толық түсіну.
2. Өзін-өзі бақылау – бұл сіздің эмоцияларыңызды басқару қабілеті.
3. Эмпатия – бұл басқа адамдардың сезімдері мен эмоцияларын түсіну қабілеті, өздерін олардың орнына қою мүмкіндігі.
4. Әлеуметтік дағдылар – қарым-қатынастар мен байланыстарды шын жүректен құру, қамқорлық жасау, қызығушылық таныту және жанжалдарды шешу қабілетіне негізделген.
5. Мотивация – алға қойған мақсаттарға жету, бастама көтеру және өз құндылықтарын қорғау қабілеті[5].

Болашақ арнайы педагог ерекше оқу қажеттілігі бар оқушыларды жақсырақ түсіну және қарым-қатынас жасау үшін ғана емес, сонымен қатар ерекше оқу қажеттілігі бар оқушыларға эмоционалды интеллект элементтерін беру үшін эмоционалды интеллектке ие болуы керек, осылайша олар басқалармен сәтті қарым-қатынас жасай алады. Басқаша айтқанда, олар тек пәндік интеллектті ғана емес, сонымен бірге баланың эмоционалды интеллектісін де дамытады.

Өз эмоцияларын басқару және бақылау болашақ арнайы педагогтардың маңызды кәсіби қабілетін құрайды, өйткені олардың қызметі денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалармен және олардың ата-аналарымен тұлғааралық қарым-қатынас орнату болып табылады. Сондықтан арнайы педагогқа өз эмоцияларының табиғатын түсіне білу, басқалардың эмоцияларын объективті түрде түсіндіре білу және кәсіби қызметте максималды нәтижеге жету үшін оларды басқаруға тырысу өте маңызды.

Қарым-қатынастар жүйесіндегі эмоциялардың рөлін түсіну "эмоционалды интеллект" ұғымының пайда болуына әкелді, бұл жеке тұлғаның "дұрыс шешім қабылдауға және эмоционалды ақпаратты интеллектуалды өңдеу нәтижелері негізінде әрекет етуге" мүмкіндік беретін білімі, дағдылары мен дағдыларының жиынтығы болып табылады [6].

Дамыған эмоционалды интеллекттің болуы адамға басқа адамдарды неғұрлым тұтас және объективті қабылдауға, адамның толық сипаттамасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Болашақ арнайы педагогтың эмоционалды құзыреттілігі үшін мынадай салалар ең өзекті болып табылады:

- педагогтың өзін-өзі басқару қабілеті;
- педагогтың басқалармен қарым-қатынасты басқару қабілеті.

Ғалымдармен эмоционалды интеллектті өлшеу үшін модельдер жасалған болатын. Ең танымалдарының бірі – 2001 жылы Константинос В.П. жасаған қасиеттерге негізделген модель. Ол мінез-құлық бейімділіктері мен қабылданған қабілеттерін өзін-өзі бағалауға бағытталған (Petrides, Furnham, 2001). Бұл модель эмоционалды интеллектті жеке қасиеттер немесе өзін-өзі тиімділікке деген сенімдер сияқты диспозициялық тенденциялар ретінде қарастырады.

2004 жылы Питер Салови мен Джон Майер әзірлеген қабілет моделі адамның эмоционалды ақпаратты өңдеу және оны әлеуметтік ортада көрсету үшін пайдалану қабілетіне бағытталған[3].

Сонымен қатар, неврологиялық зерттеулерді сипаттауға тырысты, солардың ішінде, эмоционалды интеллекттің нейрондық механизмдері эмоционалды интеллекттің үш деңгейін ұсынатын үш жақты модель де танымал:

- 1) эмоциялар туралы білім;
 - 2) бұл білімді нақты жағдайларда қолдану мүмкіндігі;
 - 3) эмоционалды жағдайларда белгілі бір мінез-құлыққа бейімділікті көрсететін белгілер.
- Осы үш жақты модель бойынша зерттеулер қазіргі уақытта жалғасуда.

И.Н. Андреева эмоционалды интеллектті дамытудың жеке тренинг, топтық тренинг, коучинг сияқты әдістерін анықтады[1]. Соңғы жылдары оқу практикасында көбінесе таңдау курстары ретінде қолданылатын университеттік бағдарламалар болашақ мұғалімдердің эмоционалды құзыреттілігін дамытуды қамтиды. Проблемалық бағдарланған және белсенді әлеуметтік психологиялық оқыту әдістерін біріктіретін сабақтар болашақ арнайы педагогтардың психологиялық мәдениетін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Бұл курстар эмоционалды интеллекттің тұлғаишілік және тұлғааралық аспектілерінің дамуына оң әсер етеді және оқуда студенттердің эмоционалды интеллектін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қолданыла алады.

Қолданыстағы ғылыми тәсілдердің негізінде педагогикалық оқу орындары студенттерінің кәсіби даярлық процесінде олардың эмоционалды интеллектісін дамыту қажеттілігі туралы айтуға болады. Осылайша, эмоционалды интеллект құбылысын зерттеуде көптеген тәсілдер бар. Осы теориялық тәсілдердің барлығына ортақ нәрсе – олардың эмоционалды интеллектті жеке құрылым ретінде тұжырымдауы, бұл нақты өмірдің әртүрлі аспектілерін болжау мен әсер ету мүмкіндігін жеңілдетеді. Эмоционалды интеллектке әртүрлі көзқарастардың бір-бірімен қалай байланысты екенін анықтау үшін көбірек теориялық және эмпирикалық зерттеулер қажет.

Қазіргі динамикалық тұрғыдан дамып келе жатқан әлемде, белгісіздік жағдайында көптеген ерекше оқу қажеттілігі бар балалар эмоционалды түрде осал болып табылады, бұл тек оқу процесінде ғана емес, сонымен бірге олардың денсаулығы мен басқалармен қарым-қатынасында да көрінеді. Мұғалімнің эмоционалды интеллектісі түрлі жағдайларда оқушылардың реакциясын түсіндіру және болжау үшін маңызды. Сондықтан болашақ арнайы педагогтарда эмоционалды интеллекттің қалыптасуын ынталандыру қажет. Бұл мыналарға мүмкіндік береді:

- өз эмоцияларын анықтау және бақылау;
- девиантты мінез-құлықтың тәуекел топтарын анықтау;
- сыныптағы өзара әрекеттесу ерекшеліктерін және қорқыту қаупін анықтау;
- сабақта балалардың жалпы эмоционалды жағдайын анықтау және алаңдататын факторлар болған жағдайда оларды оқу процесіне қайта бағыттау;
- балалардағы мазасыздық пен қорқыныш жағдайын анықтап, қажет болған жағдайда оларды мектеп психологына жіберіп және ата-аналарға хабарлау;
- ата-аналармен, әріптестермен және оқушылармен тиімді қарым-қатынас жасау.

Арнайы педагогтарды даярлау саласында эмоционалды интеллектті қалыптастыру олардың болашақ кәсіби қызметінің сәттілігінің қажетті шарты болып табылады. Бұл жетістік мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, пәндік және арнайы педагогикалық білімінің, дағдыларының жоғары деңгейі, білім беру процесінің қоршаған субъектілерімен өзара әрекеттесу және өзінің эмоционалды саласын басқару қабілеттері болған кезде бәсекеге қабілетті маман ретінде кәсіби қызметті жүзеге асыру қабілетінен тұрады.

Болашақ арнайы педагогтың эмоционалды интеллектісі барлық көрсетілген құрылымдық компоненттердің бірлігінде, атап айтсақ, мінез-құлық, эмоционалды саланы басқару құралы, білім беру жүйесі субъектілерінің эмоционалды көріністерін түсіну; эмоционалды саланы түсіну және реттеу қабілеттерінің арқасында кәсіби қызметтің сәттілігі мен жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін білім беру саласындағы болашақ маманның маңызды сапасы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект: исследования феномена // Вопр. психол. 2006. № 3. 78—86 б.
2. Вундт В. Введение в психологию. – СПб.: Лань, 2014 – 165 б.
3. Mayer J.D., Salovey P., Caruso D.R. Emotional Intelligence: Theory, Findings, and Implications // Psychological Inquiry. 2004. No 15. Is. 3. Pp. 197–215 б.
4. Дробышевская И.В. Психолого-педагогические детерминанты развития эмоционального интеллекта будущих специалистов социальной сферы : автореферат дис. кандидата психологических наук : 19.00.07 / Дробышевская Ирина Витальевна; [Место защиты: Брян. гос. ун-т им. акад. И.Г. Петровского]. – Брянск, 2012. – 23 б.
5. Ильин Е.П. Эмоции и чувства. – 2-е изд. – СПб.: Питер, 2011. – 783 б.
6. Рокицкая Ю. А., Вальковская А. С. Развитие эмоционального интеллекта будущих психологов // Научно-методический электронный журнал «Концепт», 2016. – Т. 7. 10 б.

РОЛЬ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА В СИСТЕМЕ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ

Алибаева Н.А., Галиева А.Н.

Статья посвящена обоснованию роли эмоционального интеллекта в системе профессиональной подготовки будущих специальных педагогов. В статье проведен анализ понятий «эмоциональная культура», «эмпатия». Рассматривались модели, связанные с измерением эмоционального интеллекта.

Ключевые слова: *эмоциональный интеллект, эмоциональная культура, профессиональная подготовка будущих учителей, эмоциональная компетентность, профессионально значимые личностные качества учителя.*

THE ROLE OF EMOTIONAL INTELLIGENCE IN THE SYSTEM OF TRAINING FUTURE SPECIAL TEACHERS

N.A. Alibayeva, A.N. Galieva

The article discusses the role of emotional intelligence in the system of professional training of future special teachers. In the article, we will analyze the "emotional culture", "empathy". The models associated with the change of emotional intelligence were examined.

Key words: *emotional intelligence, emotional culture, professional training of future teachers, emotional competence, professionally significant personal qualities of a teacher.*

«ДЕНСАУЛЫҚ» КОНЦЕПТІСІ: ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ*Алтай А., Абызова А.*

Мақалада әлеуметтік зерттеу жүргізу нәтижесінде анықталған «денсаулық» концептісінің тілдік және танымдық белгілері қарастырылды. Концепт мәдени-когнитивті сипаттары бар, халық дүниетанымынан хабар беретін танымдық нысан болып саналады. Оларды тілдік негізде зерттеу ұлт менталитеті жайында түсінік қалыптастырады.

Концепт – әлем жайындағы нақты жинақталған білім көрініс табатын жүйе. Когнитивті лингвистикадағы соңғы зерттеулер концептті әлеуметтік аспектіде қарауға мүмкіндік туғызып отыр. Концептілерді бірнеше ғылым саласының нысаны ретінде зерделеу танымдық процестер жайлы хабар береді.

Концептілер танымдық нысан болғандықтан, олардың ауқымы мен кеңістігі өзгеріп отырады. Мақалада концепттің жеке категориялары мен репрезентациясы айқындалып отыр. Әлеуметтік зерттеулер негізінде қазақ танымындағы «денсаулық» концептісінің эквиваленттері, тілдік вербалды қатары, ассоциативті топтары белгіленді.


Кілт сөздер: ұғым, экстралингвистикалық фактор, таным, халық танымы, концепт, репрезентация.

Соңғы үш жылда әлемде болған жаппай әлеуметтік-экономикалық өзгеріс және адамзаттың психологиялық-танымдық, интеллектуалдық-физиологиялық жағынан «әлсіреуі» пандемияның салдары екені белгілі. Осындай жаһандық құбылыстар қоғамның әр саласының түбегейлі реформалануына (үнемі әлеуметтік қашықтықта болу, тек қана цифрлы құзыреттілікке жүгіну, т.б.), адамдардың өмір сүру салтының басқа арнаға ауысуына, негізгі құндылықтардың (денсаулық – зор байлық) артуына септігін тигізді. Түптеп келгенде, жаһандық пандемия адам танымына әсер етуі арқылы тілімізге тікелей (тілде әртүрлі ұғым-түсініктердің пайда болуына) өз ықпалын тигізді. Мысалы, «денсаулық» ұғымы терең концептуалды мәнге ие болды.

Қазіргі уақытта «денсаулық» концептісінің жаңа семантикалық кеңістігі, вербалды топтары және ақпараттық өрісі қалыптасты. Концепттің әлеуметтік деңгейі арта түсті. «Денсаулық» концептісі қазақ танымында ертеден: амандық, саулық, өмір, күш, байлық, секілді ұғымдармен байланыста болды. Бұл халықтық мұраларда айқын көрініс тапты. Ұғым қазақ танымында «дене» сөзімен байланыста болып физиологиялық қалыпты ағза жұмысын білдірді (<https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=22>). Кейіннен негізгі мәнінен ауытқып, басқа мағыналарды қосып алды. Сондай-ақ, концепт қазақ халқының дүниетанымынан орын алды. Оны қазақтың емшілік салтымен, тамақтану, өмір сүру дағдысымен және «көңіл сұрау» сынды салтымен дәлелдеуге болады. Мысалы, *дені саудың – жаны сау, ас – адамның арқауы, шынықсаң, шымыр боласың (мақал-мәтел), Денің таза болмаса, тіл тазасы не керек (шешендік сөз), Дертке дауа іздеген, тірліктен күдер үзбеген (Д. Бабатайұлы) деген сияқты тілдік қолданыстар бар.* Осылайша, концепт халық дүниетанымында бойлап, ментальды кеңістікте тереңдей берген. Біз концептке халық танымы тұрғысынан зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, осы уақытқа дейін оның маңызы артқанын байқадық. Алайда концепттің қазіргі қоғамдағы орны мен өзектілігін, қалыптасқан жаңа белгілерін айқындау мақсатында зерттеу жүргізу қажеттілігі туындады. Бұл «денсаулық» концептісінің қазіргі қазақ концептосферасындағы орны мен ауқымын айқындауға мүмкіндік береді.


Сауалнамаға 17-30 жас аралығындағы адамдар қатысты. Респондент саны – 175 адам. Оның ішінде 65% (113) әйелдер болса, 35% (62) ер азаматтар құрады. Осы жастағы тіл қолданушыларының жауаптарына талдаулар жүргізу «денсаулық» концептісін толық зерттеуге негіз болды. Сауалнама бойынша алдымен «Денсаулық ұғымы қандай әсер

тудырады? Позитивті ме? Әлде, негативті ме?» деген сұрақ қойылды. Қатысушылардың 76% «денсаулық» ұғымының көп жағдайда жағымды әсер туындататынын белгіледі. Респонденттердің басым көпшілігі денсаулықты *аманат, қазына, күш, жігер, бақыт, мүмкіндік, уайымсыздық, еркіндік, қуаныш* сынды ұғымдармен байланысты санап, осы себепті позитивті әсерге ие болатынын жеткізді. Қатысушылардың 24% «денсаулық» ұғымының негативті реңкі басым болатынын білдірді. Олар «денсаулық» ұғымын *тұмау, ауру, кесел, аурухана, сынақ, емделу, ем қабылдау* секілді жағдайлармен байланыстырды.



Сурет1. «Денсаулық» концептісінің эмоционалды компоненті

Байқағанымыздай, «денсаулық» концептісінің ұжымдық санада біркелкі сипаттамасы жоқ. Концептің жағымды белгілерімен қатар, оған қарсы оппозицияны құрайтын топтары да бар. Сол себепті концепт негізгі белгілерінен бөлек, қарсы мәндес бірліктер арқылы да вербалдана алады. Бұл концептің ақпараттық және танымдық ауқымының кең екенін көрсетеді. Сонымен қатар, концепт тек жалпыға белгілі анықтамалармен шектелмейді. Оның ортақ түсініктемелері және оқшау топтарға ғана тән ұяшықтары бар. Сәйкесінше, концепт жеке субъект деңгейінде және ұжымдық деңгейде әртүрлі ассоциацияларға ие. Бұл концептің танымдық арнасын кеңейтеді. Жалпы, осы сауалды ұсыну негізінде концептің белгілі бір эмоция немесе оқиғамен байланысты болатыны анықталды. Ол өз кезегінде, жеке тұлғаның танымында концепт жайлы жаңа деректердің түзілуіне алып келеді. Нәтижесінде, концептің жаңа сипаттары мен белгілері пайда болады. Эмоционалды ықпалдың танымдық деңгейге нақты әсерін байқау мақсатында «Сіз үшін «денсаулық» ұғымы маңызды ма?» деген сауал қойылды. Респонденттердің 98% «маңызды» деген нұсқаны таңдаса, қалған 2% «маңызды емес» деген жауапты таңдады. Сауалнамаға қатысушылардың бір бөлігі «денсаулық» ұғымының негативті мазмұны бар екенін білдірген болатын. Дегенмен, нақтылау мақсатында қойылған сұрақ бойынша респонденттердің басым көпшілігі денсаулыққа «маңызды» деген баға береді. Қатысушылардың аз бөлігі ғана оны маңызы жоқ ұғым деп санайды.



Сурет 2. «Денсаулық» концептісінің өзектілігі

Біздің пікірімізше, бұл денсаулықтың әлеуметтік және қоғамдық құндылық ретіндегі рөлінің зор екендігін көрсетеді. Нақтырақ айтар болсақ, концептің эмоционалды кеңістігі бірнеше жағдайлардың себебінен әртүрлі болып келеді. Солайша концептің ақпараттық, ассоциативті ауқымы да түрлі болады. Алайда аталған факторларға қарамастан «денсаулық» концептісі ұжымдық санада әрқашан актуалды және құнды болып қала береді. Бұл концептің ұлттық танымда нақты орныққан категория екенін білдіреді. Ол жеке тұлғаның танымында эмоционалды әсердің себебінен оң немесе теріс сипатқа ие бола алады. Бірақ әлеуметтік деңгейде концептің негативті өрісі мүлдем байқалмайды. Біздің ойымызша бұл біріншіден, «денсаулық» концептісінің өте ауқымды ұғым екенін көрсетеді, екіншіден, концептің қалыптасуы бірнеше себептерге байланысты болатынын дәлелдейді, үшіншіден, концептің ұжымдық санада орныққан, нақты ядросының барын көрсетеді. Осы себепті, біз концепті ұлттық дүниетаным тұрғысынан да қарастыра аламыз.

Концептің ақпараттық өрісін, репрезентациясын және эквиваленттерін анықтау үшін «Денсаулық концептісіне қандай ассоциацияларды келтіре аласыз?» деген сауал ұсынылды. Респонденттер ұсынған нұсқалар ішінде жиілігі бойынша мына жауаптарды келтіруге болады:

Кесте 1


«Денсаулық» концептісінің ассоциативті топтары

Нұсқа	Жиілік
байлық	37
өмір	31
құндылық	28
спорт	22
жүрек	19
ас	15
күш-қуат	13
дәрігер	10

Қосымша келтірілген ассоциациялардың ішінен: *Қажымұқан, жасыл желек, Алланың сыйы, бас саулығы, витаминдер, жан тазалығы, жанның күші* секілді нұсқаларды атауға болады. Жалпы, «денсаулық» концептісіне байланысты туындайтын ассоциациялар әркелкі. Дегенмен, концепт бойынша жоғарыда келтірілген нұсқалар басымдық танытады. Осыған сүйене отырып, концептің бірнеше деңгейлі күрделі құрылым дей аламыз. Концепт танымдық деңгейде ең алдымен «өмір», «құндылық» және «байлық» ұғымдары арқылы көрініс табады. Сол себепті, концептке аксеологиялық белгі тән. Концепт ағзаның қалыпты күйін білдіретін мазмұнынан әлдеқайда алшақтаған. Оның актуалданғаны және сакральды категорияға айналғаны байқалады. Сонымен қатар, концептің ассоциативті топтарының ішінде «жүрек» ұғымы да жиі кездеседі. Аталған жайт концептің жеке нысандар арқылы символдық белгілерге ие болғанын көрсетеді. Демек, концепт метафоралық формаға еніп, көрініс таба алады. Бұл концептің басқа да түрлі символдары бар деген ой туындатады. Жоғарыда біз «денсаулық» концептісі өзінің танымдық, тілдік арнасын кеңейтіп келе жатқан категория деп айттық. Бұл пікірімізді, концепт өрісіне кірген: *спорт, дәрігер, ас-ауқат* секілді ассоциативті бірліктер дәлелдейді. Өз кезегінде мұндай ұғымдар концептің тек құндылықтар жүйесінде қалып қоймай, тұрмыстық сатыда да байқалатынын дәйектейді. Кейбір респонденттер көрсеткен нұсқалар концептің тарихи, діни және философиялық бедері барын байқатады. Осының негізінде «денсаулық» концептісін ұжымдық және жеке тұлғалық деңгейлерде әралуан белгілері бар, танымдық тұрғыда төменгі сатыдан құндылықтар дәрежесіне дейінгі барлық деңгейді қамтитын нысан деп айта аламыз. Сонымен қатар, концепт уақыт өткен сайын өзінің вербалды өрісін де арттырып келеді. Бұл оның тұрақты, бейімделе алатын және өз ауқымына басқа да ұғымдарды енгізуге қабілетті концепт ретінде көрсетеді. Мысалы: *Демек, бұл жүйе*

сырқаулы деген сөз, нағыз халықтық, жанашыр сараптама жасайтын жүйе емес. <https://abai.kz/post/11247>; «Шардарада жаңа денсаулық мектебі ашылды» <https://abai.kz/post/45824>; 2021 жылдың бірінші жартысында денсаулық сақтау саласына жұмсалатын жергілікті бюджет көлемі 15,2% қысқарды. <https://informburo.kz/kaz/newskaz/densaulyq-saqtau-salasyndagy-zergilikti-byudzet-sygunu-15-qysqardy-ar-adamga-44-myn-tengeden-bolindi>; Ол дәрігерлердің, мамандардың, ғалымдардың жұмысына арналған, олардың жұмысы адамның орталық және перифериялық нерв жүйесінің ауруларының профилактикасына және емдеуге бағытталған. <https://baq.kz/1-zheltoqsan-halyqaralyq-nevropatolog-kuni-293168/>; Полицияда қызмет ету үшін мықты рух, салмақты мінез және жігерлі дене керек https://baq.kz/shqoda-zeunettegi-politsey-ayel-sport-mektebinde-zhas-urpaqty-zhattyqtyrup-zhatyr_273120/.

«Денсаулық» концептісі тек менталды белгілері бар нысан ғана емес, респонденттердің сауалнама барысында берген жауаптары негізінде оның адамға тікелей қатысты ұғым екенін аңғамыз. Ол болмыс пен жаратылыстың бөлігі ретінде қарастырылады. Сол себептен де, концептті «адам» және «тұлға» секілді категориялармен тығыз байланысты. Сондықтан концепттің объективті картинасы аталған ұғымдар арқылы сараланған жағдайда ғана айқындалады. Қатысушыларға «дені сау тұлға деп қандай адамды атауға болады?» деген сұрақ қойылды. Айта кететіні, концепттің бірнеше белгілері осы сауалға ұсынылған жауаптар негізінде айқындалды. Респонденттер сұраққа әртүрлі жауап берді. Оларды сұрыптай отырып, негізгі белгілеріне байланысты былайша жіктеуге болады:



Сурет 3. Ассоциативті сызба

Байқағанымыздай, қатысушылар тұлға саулығын бірнеше аспектіде қарастырады. Осылайша адамның саулығы болмыстың сыртқы және ішкі үйлесімділігін білдіреді. Жалпы, ұсынылған нұсқалар мазмұнына байланысты былайша жіктелді:

Психикалық саулық: миы тыныш, психикасы сау, балалық травмасы реттелген, жақсы ойлайтын, ниеті түзу, арамдығы жоқ, жүйкесі тыныш, жүйкесі тозбайтын адам.

Ақыл-ой саулығы: саналы адам, ақылды, парасатты, ойлау деңгейі жоғары, кеменгер, ақылы мен көркі үйлесетін, жан-жақты, өзін қадағалай алатын тұлға.


Физиологиялық саулық: сырқаты жоқ, он екі мүшесі сау, мықты тұлға, артық салмағы жоқ, иммунитеті мықты, өзіне-өзі қызмет ете алатын адам, ширақ, жылдам, күшті, денелі.

Келбет сұлулығы: келбетті, бетінде қаны ойнайтын, сымбатты, көрікті, әдемі, жарқыраған жауаптары қосылды.

Рухани саулық: рухани сау, еңбекке жарамды, еңбекқор, жігерлі, мойымайтын, ішкі қуаты бар, толысқан, қалыптасқан адам жауаптары жинақталды.

«Дені сау адам» тұжырымы адам өмірінің барлық тармақтарын қамтиды. Ұсынылған жауаптарды саралайтын болсақ, «дені сау адам» қазақ танымында жан-жақты, кемел, жаратылысында кемістігі жоқ тұлға болып шығады. Бұл жалпы «денсаулық» концептісінің үлкен құрамдас бөлшектерінің барын көрсетеді. Тұлға саулығы тұжырымының ауқымында көрсетілген ұғымдар «денсаулық» концептісінің үлкен танымдық кеңістігін құрайды. Сонымен қатар, концептінің вербалдану және репрезентациялану механизмдерін көрсетеді. Былайша айтсақ, «денсаулық» концептісінің актуалды және жасырын белгілері ұжымдық санада дені сау адамның қасиеті, образы арқылы көрініс табады. Концептінің дербес белгілері және ақпараттық топтары жинақтала келіп, осы образды жасайды. Сондай-ақ «денсаулық» концептісінің менталды белгілерінің басым көпшілігі респонденттерге дені сау тұлғаның портретін жасау ұсынылған кезде анықталды. Осының негізінде біз, «денсаулық» концептісі аталған ұғымдарды өз ауқымына қосады деп санаймыз. Әрі «денсаулық» концептісі менталды бірлік пен философиялық тұжырым ретінде «кемелдік» ұғымының бір формасы және аталмыш категориядан жекелеген жағдайда жоғары тұратын нысан деп қарастырамыз.

Жалпы, денсаулықтың қазіргі уақыттағы маңызын белгілеу үшін қатысушыларға «Денсаулық ұғымы өзекті ме? Өзекті болса, себебін көрсетіңіз» деген сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысушылардың ішінде «денсаулық ұғымының маңызы жоқ» деушілер мүлдем болмады. Жауап бергендердің тек 3%-ы «өзектілігі жоқ» деген нұсқаны ұсынды. Ал, қалған 97%-ы денсаулықты «өзекті» ұғым ретінде таниды деп көрсетті. Сәйкесінше, концепт қазіргі кезде де өзекті тақырып болып отыр. Респонденттер, денсаулықтың маңызды болуын бірнеше себептермен байланыстырады. Оның ішінде, «пандемия» және «коронавирус» деген жауаптары 40%-ды құрады. Осылайша, соңғы уақыттары орын алған жаһандық жағдаяттар қоғам танымында «денсаулық» секілді ұғымдардың актуалдануына ықпал етті. Демек, концептінің өзекті болуы ішкі емес, сыртқы факторлардың әсерінен болып отыр. Респонденттердің 30%-ы «денсаулық әрқашан актуалды» деп жауап берді. 15%-ы «ауру түрлері көп» және «денсаулықты күтпейді» деген жауап ұсынса, 10%-ы денсаулықты «адам», «өмір», «тіршілік» ұғымдарымен байланысты санап, осы себепті актуалды көретіндерін жеткізді. Қалған 5%-ы денсаулықты ауқымды, ұлттық мәні бар нысан деп санайды. Осы мазмұнда жауап бергендер денсаулықты халықтың сақталуы және келешегі үшін маңызды болуымен байланыстырды.



Сурет 4. «Денсаулық» концептісінің актуалдану негіздері

Анықталған жауап нұсқаларына сүйене отырып, концепті, біріншіден, ұжымдық санада маңызы ертеректен қалыптасып қойған деп айтуға толық негіз бар. Екіншіден, концептінің жаңа танымдық және тілдік өрісі қалыптасып жатыр. Оған сыртқы экстралингвистикалық факторлар негіз болып отыр. Үшіншіден, қоғам танымында

концептің фундаменталды, өзгермейтін, эквиваленттері берік сақталып қалған. Ол «денсаулық» концептісінің қазақ танымындағы үлкен мәнге ие басқа ұғымдармен сабақтасуында көрініс тапты. Аталғанның негізінде, концептің толысу процесі жүріп жатыр дей аламыз. Сауаланаманы жүргізу нәтижесінде ең алдымен «денсаулық» концептісінің жаңа танымдық бірліктері мен белгілері анықталды. Концептің ассоциативті кеңістігі және вербалды топтары белгілі болды. Сонымен қатар, концептің ақпараттық-танымдық өрісіне жаңадан қосылған бірліктерді де белгілеу мүмкіндігі туды. Бастысы жүргізілген зерттеу біріншіден, концептің ұлттық танымдағы басты арналарын нақты айқындап берді. Екіншіден, концептің тарихи тұрғыда белгіленген негіздерінің барын көрсетті. Үшіншіден, концептің тілдік, танымдық, философиялық, ұлттық құбылыс ретіндегі нышандарының барын байқатып отыр. Аталған түйін, концепті бірнеше бағыт пен ғылымдар тоғысында зерттеуге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. Құраст: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. -Алматы, 2011.
2. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары/Құраст: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. -Алматы «Арыс» баспасы, 2009. -656 бет.
3. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін,ертең. -Алматы: Ғылым, 1999. 200 б.
4. Рахимова А. Адамның интеллектуалдық сипатының концептуалдануы (педагогикалық аспект). PhD докт.дис... -Алматы, 2013.
5. Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропологической парадигмы в языкознаний // Филологические науки. -2001. -№1.
6. Кішібеков Д. Ментальная природа казахов. -Алматы: Ғылым, 2005. -256 б.
7. Смағұлова Г.Н., Күркебаев К.Қ., Жұмағұлова Ә.М. Шешендік сөздердің дискурсы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 169 бет.
8. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М., Русские словари, 1996.
9. Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы, 2004. 559 б.
10. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры: Опыт исследования. М., Языки русской культуры. 1997.

КОНЦЕПТ «ЗДОРОВЬЕ»: СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Алтай А., Абызова А.

В статье рассмотрены языковые и ментальные признаки концепта «здоровье», выявленные в результате проведения социологического исследования. Концепт считается познавательным объектом, обладающим культурно-когнитивными характеристиками, передающим мировоззрение народа. Изучение их на языковой основе формирует представление о ментальности населения.

Концепт – структура в которой отражаются языковая картина мира. Последние исследования в когнитивной лингвистике позволяют рассматривать концепт в социальном аспекте. Изучение концептов как объектов нескольких областей науки дает представление о языковых познавательных процессах.

Поскольку концепты являются когнитивными объектами, их пространство меняются. В статье определены отдельные категории и репрезентация концепта. На основе социологических исследований установлены эквиваленты, языковые вербальные и ассоциативные группы концепта «здоровье» в казахском познании.

Ключевые слова: *понятие, экстралингвистический фактор, познание, народное познание, концепт, репрезентация.*

THE CONCEPT OF «HEALTH»: SOCIOLINGUISTIC MEANING

A. Altay, A. Abyzova

The article discusses the linguistic and mental features of the concept of "health", identified as a result of a sociological study. The concept is considered a cognitive object with cultural and cognitive characteristics that conveys the worldview of the people. Studying them on a linguistic basis forms an idea of the mentality of the population.

A concept is a structure that reflects the linguistic picture of the world. Recent research in cognitive linguistics allows us to consider the concept in a social aspect. The study of concepts as objects of several fields of science gives an idea of linguistic cognitive processes.

Since concepts are cognitive objects, their space changes. The article defines separate categories and representation of the concept. On the basis of sociological research, equivalents, linguistic verbal and associative groups of the concept of "health" in Kazakh cognition have been established.

Key words: *linguistic consciousness, concept, extralinguistic factor, folk cognition, representation.*

ӘОЖ: 373.21

10.53355/ZHU.2023.106.1.009

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫҒА ДАЯРЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Альменбетова Қ.Ж.

Мақалада болашақ мұғалімдерді оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлау мүмкіндіктері жайлы баяндалған. Сонымен қатар, кәсіби білім беру стандартына, бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандартына, білім беру бағдарламаларына тоқталып, жан-жақты талданды. Бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша «Математика негіздері», Математиканы оқыту әдістемесі» пәндерінің мақсат-міндеттеріне тоқталып, қалыптасатын құзіреттіліктері жайлы баяндалған. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлауда «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту» атты элективті курстың енгізілгені баяндалып, жан-жақты талданды.

Кілт сөздер: *жоғары білім беру, бастауыш сынып мұғалімдері, математикалық қабілет, кәсіби білім беру стандарты, білім беру бағдарламасы, құзіреттілік, кәсіби даярлық.*

Қазіргі қоғам жағдайында елдің экономикалық белсенді тұрғындарының бойында болуы тиіс басты қасиеттер – интеллект, оқу қабілеті және шығармашылық боып табылады. Сол себепті ХХІ ғасыр қоғамының деңгейіне сәйкес келетін адам жоғары білімді (жоғары интеллектуалды деңгей) болуы керек, ақпараттық қоғам жағдайында жаңа білімді тез және өз бетінше алуға, қажет болған жағдайда қайта даярлауға қабілетті болуы тиіс.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарындағы білім берудің мақсаты - болашақ мамандарды қазіргі жағдайларға бейімделуге даярлау ғана емес, жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренуді белсенді меңгертуге бағытталғандығында. Өркениетті елдермен деңгейлес дамуымызға мүмкіндік беретін жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру бүгінгі күн талабы.

Еліміздің президенті Қ.Тоқаев техникалық бағыттағы мамандықтарды дамыту бойынша тапсырма берді. Оны орындау үшін математикалық білімнің сапасын арттыру қажет. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлаудың қажеттілігі болып табылады. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының математикалық қабілеттерін дамытуға даярлауда ендеше, кәсіби білім беру стандартына, ББМЖМС-на, білім беру бағдарламаларына тоқталып кетсек.

Кәсіби білім беру стандарты 2017 жылы 8 маусымда (Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасы, «Атамекен» N 133 бұйрығымен) бекітілді. Кәсіби стандарт «педагог», білім беру ұйымдарының кадрлар даярлау, оның ішінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыру үшін қызметкерлердің аттестаттау және білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған. Кәсіби білім стандартының 2-бөлімінде[1] педагогикалық мамандықтың құндылықтары айқындалды:

- білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу;
- басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіру;
- мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы;
- икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті; тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну;
- өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары;
- коммуникативтік және тілдік дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті, - делінген.

Кәсіби білім беру стандартының 4-бөлімінде (Білім беру; арттыру; әдістемелік зерттеу, әлеуметтік және коммуникативтік) кәсіптер карточкаларын тізімі, еңбек функциялары барлық деңгейдегі біліктілік салалық шеңберінде туралы біліктілік анықталған.

Біз педагогтың оқыту ерекшеліктеріне байланысты 6 деңгейдегі кейбір функцияларына назар аудардық:

Білім беру функциясында психологиялық және педагогикалық ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктер; жасөспірім балалар физиологиясы және психология ерекшеліктері; сараланған және интеграцияланған оқыту педагогикалық технологиялар, оқыту құзіретке беретін оқу, сипаттамасы мен ерекшеліктері; студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту үшін әдістері, олардың тілдік құзыреттіліктерін дамыту; білім беру үрдісінің жаңа үлгілер мен стратегияларды әзірлеу үшін педагогикалық goaling әдістері жайлы білімдер жүйесін қамтиды.

Мұғалім педагогикалық психология; мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы білім берудің инновациялық технологиялары; білім беру элементтері (пәндік салаларды) білім беру әлеуеті; біліктер мен дағдыларды; студенттердің қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін қолайлы білім беру ортасын дамытуға ықпал білімді қамтитын көтеру функциясын орындауы керек.

Әдістемелік функция білім беру және бағдарламалық қамтамасыз ету құжаттаманы әзірлеу принциптері мен әдістерін; тәлімгер жетекшілігімен көрсетілген міндеттерге сәйкес білім беру материалдарын дамытуға біліктері мен дағдылары білімдері қамтылды.

Ғылыми-зерттеу функциясы білім беру, практика зерттеу білім беру ортасын зерделеу үшін принциптері мен әдістері; студенттердің іс-психологиялық-педагогикалық бақылау әдістері; біліктер мен дағдыларды; өз бетінше студенттердің жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін пайдалануға; қажеттіліктері мен қиындықтар оқыту анықтау үшін әріптестерімен бірлесе отырып; практика тұрғысынан зерттеу көрініс әріптестерімен бірлесіп әдістерін қолданатын білімдері қамтылды.

Болашақ мұғалім әлеуметтік-коммуникативтік функциясы қарым-қатынас және кәсіби қарым-қатынас психология негіздері; әр түрлі әлеуметтік топтардың өзара іс-қимыл нысандары мен әдістері; біліктер мен дағдыларды; өз бетінше қосымша білім беру жүйесінде студенттерді тарту; өз бетінше білім мүдделі тараптарды (әр түрлі шығармашылық бірлестіктер, ассоциациялар және т.б.) біріктіретін инновациялық идеяларды бастамашылық; өз бетінше оқу үдерісіне және т.б. кәсіби қауымдастықтар, құқық қорғау органдарының, медициналық, әлеуметтік қызметтер, өкілдерін тарту білімдерін қамтиды[1].

Осылайша, бастауыш сынып мұғалімі белгілі бір жеке және кәсіби құзыреттілігі бар және оқушылардың оқу және жеке жетістіктері үшін көп үлес қосты.

Бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар ББМЖМС-да[2] анықталған: бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін

жасау болып табылады: білімді функционалдықыпен және шығармашылықпен қолдана білу; сын тұрғысынан ойлау; зерттеу жұмыстарын жүргізе білу; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу; коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру; топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын қамтиды.

Бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағдарланады және мынадай аспектілерді ескере отырып айқындалады: заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы; сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі; оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы; оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету болып табылады.

Білім беру бағдарламасы (БББ) 6B01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін беру арқылы педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: рефлексия, мақсатты болжау, диагностикалау, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын қолдана отырып, жүйелендірілген теориялық және практикалық білімді пайдаланып, өзінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне жауап бере алатын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, психологиялық-педагогикалық қызметті модельдеуге қабілетті бастауыш оқыту саласындағы білікті мамандарды даярлау болып табылады [2].

Бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша «Математика негіздері»[3] пәнінің курсы 6B01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасында 2 курста 3 академиялық кредит (90 сағат) берілген. Бұл пән интеграцияланған модульдің таңдау компоненті болып табылады.

Курстың негізгі мақсаты - бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби даярлығының сапалы деңгейін қамтамасыз ету, болашақ бастауыш сынып мұғалімін математикалық білімді тереңдету және кеңейту бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін бастауыш сынып оқушыларын оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті математикалық дайындықпен қамтамасыз ету.

Курстың негізгі міндеттері:

- математиканың бастауыш курсының теориялық негіздерін меңгеруге ықпал ету;
- бастауыш сынып оқушыларының математиканы оқыту процесін іске асыру және басқару бойынша қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Пәнді оқу үрдісі келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған: бастауыш сынып оқушыларының математикасын оқытудың теориясы мен практикасын дамытудың бағыттары мен үрдістері туралы түсінікке ие; бастауыш мектептің математика курсын құрайтын негізгі түсініктердің мазмұнын және іс-әрекет тәсілдерін пайдалануға, әсіресе кіші мектеп оқушылары меңгеруі тиіс білімнің, біліктің және дағдылардың мазмұнын біледі; математика мазмұнын талдауға байланысты білімдер мен іскерліктерді меңгереді, бұл жиынтығында болашақ мұғалімдердің қолданыстағы мектеп бағдарламалары бойынша жұмысқа дайындығын сипаттайды, ол бастауыш сыныптар үшін математика курсының мазмұнында бағдар сияқты кәсіби іскерлікті қамтиды; математика оқулықтарына бағдарланады және ондағы тапсырмаларды мақсатты пайдалануы керек.

Білімгер бастауыш сынып математика курсының мазмұнының нақты мәселелерін зерделеуде бастауыш сынып оқушыларын сауатты оқытуға және тәрбиелеуге мүмкіндік беретін тәсілдерді үйренеді.

Келесі «**Математиканы оқыту әдістемесі**» пәнінің курсы 6B01301– «Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша 3 курста академиялық 5 кредит (150 сағат.) берілген.

Пәнді оқыту мақсаты студенттерде бастауыш мектеп оқушыларын оқыту барысында туындайтын оқу-тәрбиелік міндеттерді кәсіби деңгейде шешу үшін қажет болатын құзырлылықпен қаруландыру болып табылады.

Курстың объектісі – бастауыш сыныптар мұғалімінің 6B01301(5B010200) – «Бастауышта оқытудың педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша ҚР

мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкес жоғары кәсіби педагогикалық білімнің құрамдасы ретіндегі әдістемелік-математикалық білім.

Курстың пәні – бастауыш мектеп жасындағы оқушыларға математиканы оқыту әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сыныптар мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру барысы.

Курсты оқытудың мақсаты – білімгерлерді бастауыш мектеп оқушыларын оқыту барысында туындайтын оқу-тәрбиелік міндеттерді кәсіби деңгейде шешу үшін қажет болатын білім және біліктермен қаруландыру.

Курстың міндеттеріне бастауыш мектеп оқушыларына математиканы оқыту процесін ұйымдастырудағы білім, білік және дағдыларды біріктіретін пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру; бастауыш мектеп математикасының әдістемесі бойынша диплом жұмыстарын орындауға қажет болатын қарапайым зерттеу біліктерін дамыту болып табылады.

6B01301 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасында: «Математиканы оқыту әдістемесі» пәні - бастауыш сынып оқушыларының математиканы табысты оқыту үшін қажетті теориялық базасын түсіндіреді. Курс "сан", "сәйкестік", "қатынас", "математикалық логика", "бүтін теріс емес сандар" сияқты негізгі бөлімдерді түсіндіруге бағытталған. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың тиімді әдістері және жолдарымен таныстырады[4].

Пәнді оқыту әдістемелік ғылымның нысанын, пәнін, міндеттері мен зерттеу әдістерін біледі; Бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытудың теориясы мен тәжірибесінің даму тенденциялары мен бағыттары жайлы түсініктері бар; Бастауыш мектеп курсы құрайтын негізгі ұғымдар мен әрекеттәсілдерінің, әсіресе пәнді оқытып-үйрету барысында кіші мектеп жасындағы оқушылардың меңгеруі тиіс білім, білік және дағдылардың (сондай-ақ олардың арасындағы байланыстың) мазмұнын біледі; Бастауыш сыныптар математикасы мазмұнының нақты мәселелерін оқытып-үйрету барысында оқушылардың іс-әрекетін басқаруға мүмкіндік беретін оқытудың әдістемелік тәсілдері мен технологияларын біледі; Бастауыш сыныптарға арналған математика курсының мазмұнын бағдарлай алу сияқты кәсіби біліктерді қамтитын қолданыстағы мектеп бағдарламалары бойынша жұмыс жасауға болашақ мұғалімнің дайындығын сипаттайтын сабақты жоспарлау, өткізу және талдаумен байланысты дидактикалық біліктермен қаруланған; Бастауыш мектепте математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша курс және дипломдық жұмыстар орындауға және өзінің болашақтағы әдістемелік қызметіне қажетті зерттеу жұмысын жүргізе білу құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бірақ бұл пәндер болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлауда жеткіліксіз болып табылады. Сол себепті, білім беру мазмұнын жүзеге асыру үшін оқу үрдісіне *«Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту»* атты элективті курс енгіздік.

Ең алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға дайындығын қалыптастыру үшін *«Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту»* атты элективті курс мазмұны дайындалды. Элективті курс мазмұнын түзуде қабілетке қатысты еңбектерге жасалған талдаулар басшылыққа алынып, математикалық қабілеттің мәнін терең ұғыну негіз болды. Әсіресе, авторлық бірлестікте жазылған *«Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту»* атты оқу құралы да көп көмегін тигізді деп айта аламыз.

Элективті курстың негізгі мақсаты: білімгерлерге бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытудың теориялық негіздерін, психологиялық-педагогикалық шарттарын және әдістемесін меңгерту.

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті педагогика және психология факультеті 6B01301 Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша 5 кредиттік 150 сағатқа жоспарланған арнайы курс пәні ретінде енгізіліп, тәжірибеден өтті.

Курстың міндеттері:

- бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерін дамытудың теориялық негіздерін ашып көрсету;
- қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытудың ерекшеліктерін түсіндіру;
- бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын меңгерту;
- оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту технологиясын жобалау, талдау және жүзеге асыру білім, біліктерін қалыптастыру.

Курс мазмұнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға дайын болуының теориялық әдіснамалық негіздері қарастырылды. "Қабілеттер" ұғымының теориялық негіздері, «Математикалық қабілетті дамытуға даярлаудың теориялық негіздері», «Бастауыш мектеп жасындағы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудың заманауи тұжырымдамалары мен әдістемелік жүйелері», «Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту», «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін диагностикалау, «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағдарламаларын жобалау», «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу процесінде сынып жетекшісі мен ата-аналардың шығармашылық өзара әрекеті» сияқты зертеу мәселесін шешудегі мүмкіндіктері талданды және практикалық әрекеттер барысында қабілет түрлері меңгеріліп, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту машықтары қалыптастырылды.

Пәннің пререквизиттері: психология. Постреквизиттері: Математиканы оқыту әдістемесі. Енді осы пәнді жүргізу тәжірибемізден мысалдар келтіретін боламыз.

Дәріс «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2-курс студенттерімен өткізілді.

Дәріс тақырыбы: «Математикалық қабілет ұғымы және оны зерттеген ғалымдар пікірлері»

Дәріс мақсаты: білімгерлердің қабілет, математикалық қабілет жайлы түсініктерін кеңейту және математикалық қабілетті зерттеген ғалымдардың пікірлерімен танысу.

Дәрістің барысы

1. Дәріскердің студенттермен сәлемдесіп, дәрістің мақсат-міндеттерімен таныстыруы. (2мин)
2. Шаттық шеңбері. Конверттегі смайликтерді бейнелеп көрсету (2минут)
3. Студенттерді топқа бөлу (түрлі-түсті қағаздардың түсі бойынша 1минут).
4. Топтық жұмыс: «Қабілет» жайлы не білеміз? Топтастыру жасау, қорғау (10минут).
5. «Математикалық қабілет ұғымы және оны зерттеген ғалымдар пікірлері» тақырыбындағы презентация бойынша дәріс (15минут).

1-2-слайдтар

Математикалық қабілет

Кенес психологы В.А.Крутецкий "Математикалық қабілеттер деп - біз математика саласын оқудағы математикалық қызметінің талаптарына жауап беретін және басқа да жағдайларда математиканы меңгерудің табыстылығын, атап айтқанда математика саласындағы білімді, іскерлікті және дағдыларды салыстырмалы түрде жылдам, жеңіл және терең меңгеруді көздейтін жеке-психологиялық ерекшеліктерді айтамыз" - деп анықтама берген.



В.А. Крутецкий математикалық қабілеттердің мәнін ашу үшін қасиеттердің екі тобын бөледі: 1) тұлғаның жалпы қасиеттері; 2) "математикалық ақыл" қасиеттері. В.А.Крутецкийдің зерттеулерінің мәліметтері бойынша, бірінші болып математикалық қабілеттердің мақсатқа талпынушылық, математикамен әуестенушілік, "математикалық символдарға өзіндік махаббат" сияқты қасиеттері жаталай. Екіншісі-жалпылауға деген өзіндік махаббат, "әр түрлі құбылыстарда ортақ керу", "әр түрлі құбылыстардың байланысын орнату", "ен бастысы, мәселенің мәнін кере білу", "жеке тұлғадан ортақ көзқарасқа келу қабілеті".



3-4 слайдтар

Математикалық қабілеттердің басты белгілері

Математикалық қабілеттерге әртүрлі көзқарастарды салыстыра отырып, біз математикалық қабілеттердің басты белгілері: жалпылау қабілеті; ойлау логикасы мен формализділігі; ойдың икемділігі мен тереңдігі, жүйелілігі, рационалдығы мен дәйектілігі; "күшті" жады болып табылатындығын атап өтеміз. Математикада жоғары қабілеті бар балаларға тән негізгі қасиет - танымдық қажеттілік.

Математикалық қабілеттіліктердің компоненттері:

- математикалық материалды формалау қабілеттілігі, яғни оның мазмұнын түсіну;
- математикалық материалды жалпылау, олардың ішінен ең негізгілерін таңдап алу қабілеттілігі;
- сандық және белгі түрінде берілген символдармен операциялар жүргізе алу қабілеттілігі;
- дәлелдеу, негіздеу барысында қолданылған дұрыс бағыттағы логикалық ойлану қабілетінің бар болуы;
- ұзақ ойлану процесін қысқарту мақсатында қолданылатын кейбір есептің құрылымын астыртын ойлау қабілеті;
- кері жору қабілетінің бар болуы;
- есеп шығару барысында бір операциядан екінші операцияға тез ауыса алу қабілеттілігі;
- математикалық мәліметтерді еске сақтау қабілеті;
- кеңістікті елестету қабілеттілігі.

5-6 слайдтар

Отандық ғалым К.И.Қаңлыбаев: «Математикалық қабілеттіліктер дегеніміз - математиканы ұғыну барысында айқындалатын әртүрлі қамтылған және жан-жақты дамыған, ақыл-ой дәрежесінің жоғары сапалы болуы, қасиеттердің синтезі және күрделі құрылымды психикалық білім. Математикалық қабілеттілік логикалық тұрғыдан ойлай білу белгілерімен, өзінің назары мен ойын басқара білумен сипатталады» деп анықтама берген.




Математикалық қабілетті зерттеген ғалымдар

«Математикалық қабілет» ұғымы математиктермен (Ж.Адамар, М.Баракад, Г.Томас, Б.Д.Гнеденко, А.Ф.Лазурский, А.Н.Колмогоров, А.Пуанкаре, А.Л.Хинчин, және т.б.), әдіскерлермен (С.И.Шварцбургд және т.б.), психологтармен (А.Г.Ковалев, В.А.Крутецкий, В.Н.Мясищев, И.С.Якиманская және т.б.) жан-жақты зерттелді.

7-8 слайдтар

Д.Мордухай-Болтовскийдің пікірінше, математикалық қабілеттер белгілеріне мыналар жатады: күшті жады (математикалық); "өткір ойлау"; яғни белгілі фактіде деректерге ұқсас табу қабілеті, мүлдем басқа пәндерде " ұқсас " табу қабілеті; ой жылдамдығы жатады.



«Математикалық шығармашылық» атты психологиялық еңбектің авторы А.Пуанкаре: Математикалық қабілеттіліктегі маңызды орынды есептердің шешімін табуға көмектесетін операциялар тізбегін логикалық түрде құру білігі алады деген қорытындыға келген.



6. Топтық жұмыс: (10 минут)

1-топ: Математикалық қабілеттің анықтамасын тұжырымдау

2-топ: Математикалық қабілеттің пайдасына аргументтер келтіру

3-топ: Математикалық қабілетті зерттеген ғалымдардың пікірлерін салыстыру

4-топ: Математикалық қабілетті дамытуды бастауыш сыныптарда бастаған дұрыс па? (дәлелдемелер келтіру)

7. Ой толғанис: Дәрістің басында жасалған топтастыруға қайта оралып, басқа түспен толықтырулар жасау (6минут)

8. Қорытынды рефлексия (2минут)

Сабақтан сіздер не күттіңіздер? Бұл сабақта сіздер не үйрендіңіздер? Қандай пікірдесіздер?

Дәріс соңында студенттерден тақтадағы «Инстаграмм» әдісі арқылы суретке стикерлер жапсыру арқылы сабақтан алған әсерлері мен өз пікірлерін білдірулері сұралады (2мин).

Дәрісті өту барысында студенттердің алғашқы жасаған топтастырулары олардың дәріске дейін не білетіндіктерін білдірді. Содан кейін презентация көру арқылы қарастырылып отырған ұғым жайлы мағлұматтар беріліп, түсіндірілді. Дәрістен кейін топтық жұмыс жасалды. Топтық жұмыстың мақсаты білімгерлерді жаңа мәліметтерді қаншалықты түсінгендіктерін анықтауға көмектесті. Олардың өз түсініктерін ортаға шығаруға жағдай жасалынды. Топтық жұмыста білімгерлер белсенділік танытып, олардың мәселеге деген қызығушылықтары мен таным түсініктерінің жақсы деңгейін көрсетті. Сонымен қатар, математикалық қабілет жайлы келтірілген мәліметтер жасалған жұмыс тек бір топтың емес, барлық қатысушылардың ойларын ортаға салуға мүмкіндік берді. Сабақ соңында білімгерлердің дәрістің басында жасалған топтастыруларына қайта оралып, басқа түспен толықтырулар жасауларының нәтижесінде қаншалықты білім қосылғанын анықтау қиын болмады. «Инстаграмм» әдісін қолданып, стикерлерге өз пікірлерін білдірулері арқылы білімгерлердің сабақтан мол әсер алғандығын білдірді.

Қорыта келе, болашақ мұғалімдерді оқушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлау мүмкіндіктерін талдай келе, «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту» атты элективті курсы көтеріліп отырған мәселеде тиімді шешілуі үшін көбірек мүмкіндік беретіндігіне көзімізді жеткіздік. Сонымен қатар, енгізілген элективті курстың маңыздылығы ашылып, дәріс өту барысында тиімділігі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кәсіби білім беру стандарты https://vku.edu.kz/sites/default/files/files/education/others_document/PS_pedagog_kz.pdf

2. Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>

3. Ерняязова С.Н. Математика негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. 5В010200 «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттеріне арналған. © Ерняязова С.Н., 2019 © М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019

4. Қаңлыбаев Қ. Математиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. Алматы: Дәуір, 2013.-368 б.

ВОЗМОЖНОСТИ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К РАЗВИТИЮ МАТЕМАТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ

Альменбетова К.Ж.

В статье рассматриваются возможности подготовки будущих учителей к развитию математических способностей учащихся. Кроме того, комплексно проанализированы стандарт профессионального образования, обязательный стандарт начального образования, образовательные программы. Акцентируя внимание на целях и задачах предметов «Основы математики», «Методика преподавания математики» в программе начального образования, описываются формирующиеся компетенции. В целях развития математических способностей учащихся описано и всесторонне проанализировано освещение элективного курса «Развитие интеллектуальных и творческих способностей учащихся начальных классов» в подготовке будущих учителей.

Ключевые слова: *высшее образование, учителя начальных классов, математические способности, стандарт профессионального образования, образовательная программа, компетентность, профессиональная подготовка.*

OPPORTUNITIES FOR PREPARING FUTURE TEACHERS TO DEVELOP THE MATHEMATICAL SKILLS OF STUDENTS

K. Almenbetova

The article discusses the possibilities of preparing future teachers for the development of mathematical abilities of students. In addition, the standard of vocational education, the mandatory standard of primary education, and educational programs were analyzed in a comprehensive manner. Focusing on the goals and objectives of the subjects "Fundamentals of Mathematics", "Methods of Teaching Mathematics" in the primary education program, the emerging competencies are described. In order to develop the mathematical abilities of students, the coverage of the elective course "Development of the intellectual and creative abilities of primary school students" in the preparation of future teachers is described and comprehensively analyzed.

Key words: *higher education, primary school teachers, mathematical abilities, professional education standard, educational program, competence, professional training.*

УДК 376

10.53355/ZHU.2023.106.1.010

ИНКЛЮЗИВНЫЙ ПОДХОД В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Альмухамбетова Б.Ж.

Актуальность изучения инклюзивного образования обучающихся с особыми образовательными потребностями, по нашему мнению, обусловлена, с одной стороны, социальными требованиями общества, процессом демократизации всех сфер деятельности, изменением ценностей, повышением самостоятельности и активности личности, с другой – сложностью, многогранностью опыта обучения лиц с особыми образовательными потребностями в общих группах. Поэтому считаем, что реализация теоретического исследования, направленного на расширение, развитие и формирование в глобальном контексте инклюзивных подходов в образовании, способствуют масштабным изменениям в понимании прав человека его достоинства, идентичности, неповторимости которые положительно влияющих на учебную деятельность в целом на качество жизнедеятельности обучающихся.

Ключевые слова: *инклюзивное образование, качественное образование, особые образовательные потребности, обучающийся.*

Современная система образования испытывает коренную трансформацию подходов к образованию - система образования каждого государства все больше ориентируется на мировую образовательную политику, главной задачей которой является достижение качественного образования, его соответствие актуальным и перспективным потребностям личности, общества и государства.

На сегодняшний день одной из задач системы образования нашей страны является формирование инклюзивных подходов к обучению, обеспечивающих на практике получение качественного образования для большинства обучающихся с особыми образовательными потребностями, увеличивая эффективность их обучения и рентабельность системы образования.

Международная практика инклюзивного образования имеет свою долгую историю. В последние годы как зарубежными так и отечественными учеными наряду с научно систематизированным исследованием проблемы инклюзии, написаны и опубликованы многочисленные научные труды, посвященные анализу процесса инклюзивного образования и его влиянию на всех субъектов образовательного процесса.

В одном из таких исследований профессор Манчестерского университета Питер Миттлер пишет «образование в инклюзивной среде-это шаг к достижению конечной цели – созданию общества, которое позволяет всем детям и взрослым участвовать в общественной жизни и вносить свой вклад в нее, независимо от пола, возраста, этнической принадлежности, способностей, наличия или отсутствия нарушений развития». [1]».

На основе ряда научных работ А. Дайсон также предлагает точку зрения, что процесс инклюзивного образования следует развивать в соответствии с «экологией инклюзии». Экология инклюзии рассматривается ученым как фундаментальная концепция, объясняющая разницу между специальным и инклюзивным обучением [2].

Новое цивилизованное общество, соответствующее гуманистическим принципам, четко изложило свое мнение в рамках создания системы образования, новозеландского профессора Дэвида Митчелла: «инклюзивное образование - это путь к созданию инклюзивного общества, которое позволяет всем детям и взрослым участвовать и вносить свой вклад в жизнь своего пола, возраста, этнической принадлежности, способностей, нарушений развития и общества шаг. В таком обществе различия уважаются и ценятся, ведется активная борьба с дискриминацией и предрассудками в политике, повседневной жизни и деятельности учреждений» [3].

А российский ученый Н.А. Ливенцева, проводя научный обзор исследований по инклюзивному образованию в современной зарубежной практике, сравнивает понятие инклюзии в российской системе образования и опыт дальнего зарубежья. По мнению ученого во всем мире понятие инклюзии сопровождается гораздо более широким контекстом, чем в российской системе образования, где инклюзия понимается как «включение в общеобразовательный процесс людей с ограниченными возможностями и особыми образовательными потребностями». Автор, придерживается мнения, что в западных исследованиях широко используется понятие инклюзивной школьной культуры, что системная культура находит непосредственное отражение в типах и способах общения общества. Кроме того, ученый осознает «приемлемое включение любого другого человека в общество, способствующее интересам всех членов общества, росту их способности к самостоятельной жизни, обеспечению равенства их прав и содействию» [4].

Е.В. Бурмистров и Л.И. Федорова отметили в своих работах, что «инклюзивное образование – это атмосфера доброты, взаимного интереса и взаимного согласия, и это невозможно без совместного творческого труда» [5].

Н.П. Артюшенко предлагает два подхода к проблеме инклюзии в образовании: первый демонстрирует связь адаптации к индивидуальным особенностям ребенка и доступности образования для всех детей, независимо от тяжести нарушения психофизического развития, а второй показывает связь педагога с выполнением специальных действий для организации совместной деятельности обычных детей и детей с ограниченными возможностями здоровья, используя ресурс совместной деятельности [6].

По вопросам исследования инклюзивного образования в вузах и колледжах нами проведен анализ следующих диссертационных работ.

В диссертационном исследовании С. И. Кондратьевой анализируются перспективы и этапы внедрения инклюзии в образовательную практику вуза с изучением проблем механизмов управления инновационным проектом по внедрению модели инклюзивного образования в университете [7]. Ученый считает, что включение лиц с ООП в образовательный процесс массовых учебных заведений - это процесс развития общего образования, а для студентов-социальная адаптация. Мы присоединяемся к мнению автора, что инклюзивное образование

связано не только с трудностями организации безбарьерной среды в процессе ее внедрения, но и с трудностями социального характера, состоящими из общих стереотипов и убеждений, в том числе и с готовностью преподавателей, родителей к принятию интеграции.

В своей диссертационной работе С.В. Коржук, изучая проблемы обучения обучающихся вузов в системе инклюзии, показывает пути преодоления барьеров, встречающихся в этой системе, на примере вузов, реализующих принципы инклюзивного образования отдельных лиц. По мнению автора, «инклюзия – это социальный институт, через который человек осваивает социальное и физическое пространство и осуществляет переход от многих случаев дискриминации в различных сферах жизни (социальная исключительность) к социальной интеграции в обществе» [8].

На наш взгляд, успешные попытки систематического представления проблем инклюзии в вузе были предприняты в работах Е.В. Воеводиной. Опираясь на многочисленные научные исследования, ученый проводит анализ процесса социальной адаптации обучающихся с особыми образовательными потребностями к системе вузов. Дал практические рекомендации по вопросам обучения в вузе обучающихся с особыми образовательными потребностями. Мы, обратимся к следующей информации в исследованиях Е.В. Воеводиной и для нашего исследования это мнение является важным «учебный процесс в вузе является одним из средств адаптации для обучающегося с особыми образовательными потребностями, так как помимо получения профессии обучающийся, нуждающийся в особом образовании, способствует активному включению в систему социальных отношений социального, коммуникативного, личностного приобретая опыт, стремится создать круг позитивных отношений со сверстниками» [9].

Новой полосой рассматриваемых нами изысканий стали результаты научных исследований Г.Ю. Баротовой, связанных с вопросами инклюзии. Автор предлагает рассмотреть структуру инклюзии со следующими компонентами: инклюзивная этика; инклюзивная теория; инклюзивная практика. Определяет педагогические условия, способствующие процессу формирования у студентов педагогических вузов «профессионально-педагогической культуры в условиях инклюзивной среды» [10]. Автор считает, что обучение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательных учреждениях требует специальной и педагогической, психологической подготовки педагогов. Разнообразие педагогических подходов к каждому обучающемуся предполагает, что в обучении более важно в условиях инклюзивной среды.

Рассмотренные нами определения инклюзивного образования позволили классифицировать инклюзию по следующим основным направлениям:

- становление инклюзивного общества в системе образования (М. М. Семаго, Д.Е.Шевелева и др.);
- как интегрированный процесс (Н.Н. Малофеев, Н.д. Шматко и др.).

В связи с первым направлением очень важно мнение Н.В. Борисовой: "...природа инклюзивного образования двоякая: с одной стороны, это образовательная политика и социальное развитие государства; с другой-политика особых задач, не связанных напрямую с общеобразовательным контекстом. Истоки такой двойственности лежат в идеологии инклюзии-политической тенденции, включенной в образовательный процесс, обеспечивающей равные права и доступ к образованию» [11].

Так, к основным характеристикам инклюзивного образования как социально-педагогического явления в научной литературе предлагаются следующие концепции:

С педагогической точки зрения инклюзивное образование предполагает организацию образовательного процесса, входящего в систему общего образования, то есть преподаваемого совместно с нормальными сверстниками, независимо от особенностей психического, физического и других особенностей развития всех обучающихся. Кроме того, обязательными условиями являются учет особых образовательных потребностей и предоставление конкретной педагогической поддержки и коррекционной помощи.

С точки зрения социальной политики инклюзивное образование предполагает формирование в обществе особой культуры по отношению к людям с ограниченными возможностями, создание условий, обеспечивающих социализацию и самореализацию обучающегося с особыми образовательными потребностями [12].

Н.К. Токсанбаева в своих трудах отмечает, что перспективы позитивных изменений в сфере образования Казахстана огромны и современны, продвигая идею инклюзивного образования с точки зрения профессиональной подготовки обучающихся. Как отметил ученый, «инклюзивное образование - это путь вперед, подъема и возрождения и важнейший фактор успеха нашей страны» [13]. Поскольку инклюзивное образование в современном Казахстане является глобальной проблемой, оно оказывает существенное влияние на развитие экономики страны, ученые сейчас отмечают, что максимальное развитие инклюзивного образования в будущем окажет положительное влияние на экономику и человеческий потенциал Казахстана.

Хотя вопрос перехода к инклюзивному образованию, как показывает зарубежный и отечественный опыт организации образовательной деятельности в системе инклюзивного образования, по-прежнему является предметом дискуссий между его сторонниками и противниками, на сегодняшний день является началом больших изменений в государственной политике многих стран.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Российские и зарубежные исследования в области инклюзивного образования / под ред. В.Л. Рыскиной, Е.В. Самсоновой. – М.: ФОРУМ, 2012. – 208 с.
2. Dyson A., Farrell P., Polat F. et al. Inclusion and pupil achievement // <http://www.dfes.gov.uk/research/data/uploadfiles/ACFC9F.pdf>. 12.03.2019.
3. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования // <https://pandia.ru/text/77/302/26613.php>. 25.07.2020.
4. Обзор современных зарубежных исследований по проблемам инклюзивного образования // Психологическая наука и образование. – 2011. – Т. 16, №3. – С. 114-121.
5. Психолого-педагогические основы инклюзивного образования: коллективная монография / под ред. С.В. Алехина. – М.: МГППУ, 2013. – 334 с.
6. Артюшенко Н.П. Организационно-педагогические условия обучения детей с ограниченными возможностями здоровья средствами инклюзивного образования: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Томск, 2010. – 180 с.
7. Кондратьева С.И. Механизм управления инновационным проектом по внедрению инклюзивной модели образования в вузе: дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – М., 2010. – 176 с.
8. Коржук С.В. Высшее образование как канал социальной инклюзии индивидов с инвалидностью: дис. ... канд. соц. наук: 22.00.04. – Новосибирск, 2019. – 232 с.
9. Воеводина Е.В. Социальная адаптация студентов с ограниченными возможностями здоровья к условиям высшего учебного заведения: социологический анализ: дис. ... канд. соц. наук: 22.00.04. – М., 2012. – 190 с.
10. Баротова Г.Ю. Формирование профессионально-педагогической культуры студентов педагогически вузов в условиях работы в системе инклюзивного образования (на материале Республики Таджикистан): дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Душанбе, 2020. – 224 с.
11. Борисова Н.В. Социальная политика в области инклюзивного образования: контекст либерализации и российские реалии «Ковчег» // Журнал исследования социальной политики. – 2016. – Т. 4, №1. – С. 103-120.
12. Семаго Н.Я. Инклюзивное образование как первый этап пути к включающему обществу // Психологическая наука и образование. – 2011. – №1. – С. 51-58.
13. Токсанбаева Н.К., Альмухамбетова Б.Ж. Проявление тревожности у студентов с особыми образовательными потребностями в процессе обучения // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. – 2018. – №4(67). – С. 11-21.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ ТӘСІЛ*Альмухамбетова Б.Ж.*

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың инклюзивті білімін зерттеудің өзектілігі, біздің ойымызша, бір жағынан қоғамның әлеуметтік талаптарына, қызметтің барлық салаларын демократияландыру процесіне, құндылықтардың өзгеруіне, жеке тұлғаның дербестігі мен белсенділігінің артуына, екінші жағынан, жалпы топтарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту тәжірибесінің күрделілігіне, жан – жақтылығына байланысты. Сондықтан білім берудегі инклюзивті тәсілдерді жаһандық контексте кеңейтуге, дамытуға және қалыптастыруға бағытталған теориялық зерттеулерді іске асыру адам құқықтарын оның қадір-қасиетін, бірегейлігін, бірегейлігін түсінудегі ауқымды өзгерістерге ықпал етеді деп санаймыз, бұл жалпы білім беру қызметіне білім алушылардың өмір сүру сапасына оң әсер етеді.

Кілт сөздер: *инклюзивті білім беру, сапалы білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, білім алушы.*

INCLUSIVE APPROACH IN THE MODERN EDUCATION SYSTEM*B.Zh. Almukhambetova*

The relevance of studying inclusive education of students with special educational needs, in our opinion, is due, on the one hand, to the social requirements of society, the process of democratization of all spheres of activity, changing values, increasing independence and activity of the individual, on the other – the complexity, versatility of the experience of teaching people with special educational needs in general groups. Therefore, we believe that the implementation of theoretical research aimed at expanding, developing and forming inclusive approaches in education in a global context contributes to large-scale changes in the understanding of human rights, their dignity, identity, uniqueness, which positively affect educational activities in general and the quality of life of students.

Key words: *inclusive education, quality education, special educational needs, student.*

ӨОЖ 373.1

10.53355/ZHU.2023.106.1.011

ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР*Ансабаев Д. С.*

Бұл мақалада ұлттық құндылықтардың тәрбиенің қайнар көзі екендігі айқындалған. Ұлттық құндылықтарға талдау жасалынып, түрлеріне мысалдар келтірілген. Қазақ халқының даму тарихында құндылықтардың алатын орны мен маңызы көрсетілген. Жаһандану жағдайында жастарға тәрбие беруде ұлттық құндылықтарды тиімді пайлану жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: *ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, бес қағида: тіл, дін, дәстүр, тарих, атамекен.*

Алланың адам баласына берген үлкен сыйы - өмір. Сәби дүниеге шыр етіп келгеннен бастап, пәниден бақиға аттанғанға дейін пенде ретінде пайғамбарымыз Мұхаммед Ғалайссалам айтқандай өмірдің тәрбиесінен өтеді. Өмір тәрбиесі халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлттық болмысы, әдет-ғұрып, салт-санасы. Осы ұлттық құндылықтар адамдыққа, иманжүзділікке, мәдеиеттілікке, дүниетанымды кеңейтіп, ұлт-жандылыққа тәрбиелейді. Өкінішке орай, жаһандануға байланысты ұлттық

құндылықтардан ажырап бара жатқанымыз - ащы шындық. Осыған байланысты күнделікті тұрмыста, әлеуметтік жағдайда әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты құндылықтарды жүзеге асырсақ, олар ұлттық психологияны тәрбиелеуде бағалы сипат алса, нәтиже болмақ.

Біздің халқымыздың бойындағы қонақжайлылық, бауырмалдық, жақсылық жасау, т.б. тамаша қасиеттерді басқа халықтар да біледі. Оған дәлел - қазақ жерінде тұрып, тарихи отанына кеткен ұлттардың ана тілімізде сағыныш сезімдерін білдіріп, домбырамен ән айтып, күй тартуы, елімізге деген құрметі, екінші Отаным деп бағалауы көңілімізге қуаныш сыйлап, кеудемізге мақтаныш толтырады. Сонымен қатар өз тілінде сөйлеуді ар көретін, өз ұлтын менсінбейтін адамдар (Ғ.Мүсірепов) аз емес екендігі қынжылтады.

Кезінде К. Д. Ушинский, Я. Коменский, Ахмет Байтұрсынов айтып кеткендей, 12 – 13 жасқа дейін балалардың бірінші мүшелі ой жүйесі деп есептелінгендіктен ұлттық рухта қалыптастыру мақсатымен тек қана тілінде оқытып, сөйлеттіру керек. Ана тілін Абай айтқандай терең түсініп, сөздің ішкі сырын жақсылап ұғынып алса, сонда ғана шет тілін оқу жеңіл соғады. Өзіңнің ана тіліңді білмейінше, басқа тілді меңгеру қиын. Сондықтан білім, оқу - тәрбие мәселеріне байланысты заң тұжырымдамаларды жасаған кезде осыны жүзеге асырса дұрыс болар еді. Тіпті, бастауыш мектепте басқа тілді араластырмай, орыс тілін мүлдем қоспай, шет тілін де аттап бастырмай, ана тілінде тәрбиелеп оқытса, балабақшаға басқа тілдерді мүлдем кіргізуді тоқтатса, ұлтжанды ұрпақтар шығатыны даусыз нәрсе.

Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты - тіл. Тілге жай бір ғана ойды айтып беруші деп қарамау керек. Ол - ең әуелі сол ойды құрап беруші және құрағанда ұлттық ерекшеліктерді ескеруі тиіс. Бұған немістің атақты философы Вилгельм Гумбольдт: «Ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа беруші күш»-деп бағалаған. Ендеше, ұлттың рухы тілдің мазмұнын рухтандырып тұрады. Көне грек ойшылдарының бес шарт деп отырғаны да, тілді жақсы білу керек дегенді бірінші орынға қойып, тілді жақсы білетін болса, онда мен осы ұлттың өкілімін деп айтуға болатын ең басты шарт деуі де сондықтан. Бұл жерде «тек қана өзіңнің ана тіліңді біл де қой, басқа тілді білме» деген дұрыс емес. Өйткені басқа тілді білу - өнер. Өз тіліңді білу - ұлттық парыз болса, өнер дегенің адам баласына қай ұлттың өкілі екендігіне қарамастан аса қажетті нәрсе.

Жер бетіндегі кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі - тілі, екіншісі - діні, үшіншісі - дәстүрі, төртіншісі - тарихы, бесінші - атамекені. Құндылықтар - шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Жоғарыда айтылған ұлттық сипаттың бес қағидасының орындалуының 5 шарты бар екен. Көне грек философтарының айтуынша, «адамның белгілі бір ұлтқа тән екендігін айқындайтын ең басты нәрсе - сол ұлттың тілін жетік білуі қажет. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең меңгергені жөн. Үшіншіден, сол ұлттың дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс. Төртіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындай білгені абзал. Бесіншіден, сол ұлт мекендеген жердің географиялық ерекшелігін жақсы білуі шарт. Осындай бес сипаттаманы бойына дарытқан адам ғана сол ұлттың толық қанды өкілімін деуге құқылы» - дейді грек ойшылдары.

Өкінішке орай, осы бес сипаттамаға қазіргі жаһандану кезеңінде толық жауап бере аламыз ба деген ой туады. Санамыздағы сансыз сауалдарға жаттанды жауаптарымыз бар да, нәтижесі сөз жүзінде қалып отырғаны ақиқат. Бұл ретте өзімізді өзіміз кінәлағанмен, оның басты себеп-салдары басқада. Кешегі кеңестік кезең мен қоғамдық формациялардың алмасуы, жаһанданудың жан - жақты тигізген жағымсыз әсері ұлттық құндылықтарымызды өте әлсіретіп жібергені ащы шындық. Еліміздің экономикасын көтереміз деп рухани құндылықтардан ажырап қала жаздадық. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін ұялы телефондарға тәуелді болып, кітап оқу, ертегі тыңдау, бесік жырын айтуды тоқтаттық.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерін білмеу арқылы жаттанды, өтірігі басым, жасанды дүниелерге, әуесқойлыққа бейімделіп алдық. «Ештен кеш жақсы» - деген дана халқымыз.

Ескіден келе жатқан «кез келген адам дүние тануды ең алдымен өзінен бастау керек» - деген қағидаға сүйенсек, өзінді, ұлттыңды танып біле алмасаң, басқа ұлттың кім екендігін ешуақытта тани алмайтының ақиқат. Алаштың ардақтысы - Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын, үзу - қолымнан келмейді» - дейді. Атақты Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі - өзім, екіншісі - халқым» - десе, «XX ғасырдың Гомері» атанған жыр алыбы - Жамбыл: «Жамбыл - менің жай атым, халық - менің шын атым» - деп кішілік, кісілік танытқан.

Жоғарыда айтылған ұлттық құндылықтардың ұрпақ санасында сақталып, одан кейінгі дамуы, жалғасын табуы отбасындағы тәрбиеден басталатыны ақиқат. Өйткені, «Отан - отбасынан басталады» деген қанатты қағида мен «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың» деп ата - бабаларымыздың өмірлік тәжірибесінен туындаған өнегелі өсиеті осыны айқын аңғартады. Француздың атақты тарихшы – жазушысы Ж. Ренан: «Адамзат- тың тарихы - тек бостандықтың ғана тарихы емес, бұл - ең алдымен халықтың тәрбиелік жолының тарихы» - деген. Шындығында әрбір халықтың тәрбиелік жүйесі, сол жүйенің даму қалыптасу тарихы болады.

Отбасы туралы айтқанда осы қалыптасқан дәстүрді, оның тарихын, бүгінгі өркенниеттілік кезеңінде қайсысы жарамды, қайсысы жарамсыз екендігін кеңінен қарастырған жөн. Сонымен қатар өткеннің бәрі қажетті деудің бүгінгі әкесін сыйламағандардың жауы болып шығады, өзі дұрыс емес. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» - деген де рас. Халықтың ой - санасынан өткізіп, екшеп, әбден көз жеткеннен соң барып, жалпы халықтық игілікке айналдыру - құптарлық, нәтижелі болмақ. Негізінен қазақтың отбасында үш ұрпақ өкілдерінің бірге тұрып, бір отбасы боп қалыптасуы аса құптарлық жай. Бұл үш ұрпақ мыналар: атасы, оның баласы, атасының немересі. Олар бір шаңырақта бірін - бірі тәрбиелеу үшін өте қажет.

Қазақ «Әкесін сыйламағанды баласы сыйламайды» - дейді. Бұл ортаңғы ұрпаққа тиісті сөз. Оның себебі, ортаңғы ұрпақ белағаш секілді, әкесіне жасаған құрметін, жаманшылығын келешек бала өзіне жасайды. Бұл ретте «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді»- деп те айтылатын тәмсіл бар. Егер бүгіндері әкесін, анасын «қарттар үйіне өткізіп жатқандар арамызда кездессе, кейін сол балалардың балалары бүгінгі әкесін сыйламағандардың жауы болып шығады. «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» дегеннен шығады. «Әй, шырағым, ана шаруаны дұрыстап істе» - деп айтып отыратын бір адам керек. Оны қазақта отбасының бас иесі деп атаған.

Егер ата болса, ақыл айта білсе, ол -тәрбиенің көзі, Сонымен қатар кемшіліктің бәрін жастарға итере салу қиын емес. Ата - әже өз орнында болса, мұның өзі ұрпаққа қыруар пайдасын тигізеді. Ал олар келте, тым шолақ ойлайтын болса, онда жаңа буыннан не күтуге болады. Осыдан туындайтын мәселе - егер ересек адамдар тәрбиелі болса, артындағы жастар ешқайда кетпейді. Ең алдымен үлкеннің парасаттылығын, ересек адамның тәрбиелігін қоғам боп қолға алмайынша, ісіміз өнбейтіндігі даусыз.

XXI ғасырдың жаһандық жағдайында әлем елдері бір - бірімен еркін араласып кетті. Өйткені, қоғамдағы өзгерістер заман талабына байланысты жүзеге асуда. Кез келген жаңалықтың жағымды және жағымсыз тұстары болады. Жаһанданудың да өзіндік жағымды, жағымсыз жақтары бар. Мысалы, жағымды жағы - деп жылдам ақпарат алмасу болса, жағымсыз жағы - бұқаралық мәдениеттің бізге тигізіп отырған келеңсіз ықпалы мен әсерін атауға болады.

Ықылым заманнан адамзат алдында тұратын ұлы міндет - өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жарасымды жетілген, ақыл - парасаты мол, мәдени - ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Мағжан Жұмабаев «Жас бала - жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ» - деп тұжырым жасаған екен. Ендеше, жас ұрпақты ерте жастан ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелесек, болашақта жақсы ұлтжанды азаматтар шығатыны күмән келтірмейді.

Қоғамның даму тарихында құндылықтар қалыптасуының негізі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға, ұрпақтан - ұрпаққа жететін ізгі қасиеттер мен ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Сондықтан, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп, өзіне таңдау жасауы арқылы бойға сіңеді. Халықта «Балаңды өз білгеніңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген қағида бар. Ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынов «Балам деген жұрт болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шығады» деген.

Осы орайда тәрбие мен білім беру үрдісінде халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт - дәстүрін, әдет - ғұрпын, мінез - құлық мәдениетін меңгеруде олардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру керектігі айқын нәрсе. Ұлттық тәрбие - біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол - болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие құралы. Сондықтан, тәрбие тамыры тереңде жатқан халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім - болмысында жатыр. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз.

Ал, ұлттық құндылықтарға не жатады десек: ұлттық құндылықтар - белгілі бір ұлттың азаматына тән зат, адамға тән қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол - тәрбие мен оқытуға бағытталған қазыналар. Оларға: меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Бүгінгі жаңарған Қазақстанның даму жағдайында осындай қарапайымдылық пен халық алдындағы парыз - міндеттің үлгісін жастар бойына сіңіру арқылы тәрбиелеуге жол ашылады. Рухани жаңғыру - ғасырлар бойы бабалардан бойға сіңген дәстүрдің, әдет пен ғұрыптың, салт - сананың, ырым мен тыйымның, ұлттық болмыс пен ұлттық құндылық - тардың қайта өрлеу кезеңі. Дәлірек айтсақ, қазіргі заман талабына сай мәдениеттің жаңаша бағытта қалыптасуы. Бірақ бұл бағыт ұлттық құндылықтар негізінде ғана дамуы қажет.

Өкінішке орай, жаһанданудың жөні осы екен деп еліктеу мен солықтаулардың кесірінен «жалаңаштану мен жалаң идеяларды» дәріптеу, өз ана тілінің қадір-қасиетін ұғынбастан, өзге тілдерге әуестік танытып, биліктегі «ниглистердің» айтқанынан шықпау, солардың ыңғайына жығылып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін төмендеткеніміз - ащы шындық. Әлемдегі әрбір халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігі болса, қазақ халқының да көне замандардан бүгінгі күнге дейінгі тарихы, өзіндік қалыптасу, даму жолдары, ұлттық материалдық және рухани мәдениеті, салт - дәстүрлері бар. Ұлттық ерекшелік: тілі, салт-дәстүрі, діні және ұлттық құндылықтарына байланысты өзге елдерден бөлек бағаланып, ажыратылатыны айтпаса да түсінікті.

Біздің ата-бабаларымыз осындай ұлттық құндылықтарды сонау ғасырлардан бері сақтап келген. Олар Алатау, Алтай, Атырауға дейінгі аралықта ұлттық тұтастықты сақтап, қалыптастыра білді. Енді бабалардың қаны мен тері сіңген, бізге аманаттап қалдырып кеткен осынау байтақ жерді көздің қарашығындай қорғап, тәуелсіздігімізді нығайту - басты борышымыз. Ол үшін ұлт болып ұйысуымыз, жұдырықтай жұмылып, еліміздің дамуына үлес қосуымыз қажет. Хакім Абайдың «Сегізаяқ» өлеңіндегі: «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» - деген өлең жолдары ұлттық ұранға айналуы тиіс. Осыған байланысты тәуелсіз елдің ертеңі жастардың бойына ұлтжандылық рухты сіңіру – кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Ол үшін бүгінгі таңда адамзаттық ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие саласында жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуы тиіс.

Жалпы алғанда біз талдап отырған ұлттық құндылықтар - ұлт боп қалыптасуының басты факторы, ұлттық идеяның негізгі арқауы. Ол - туған жер, өзін қоршаған ортаның тигізген ықпалымен қалыптасып, тіліміз, халық ауыз әдебиеті үлгілері, салт - санасы, әдет - ғұрып, дәстүрлі ерекшеліктері арқылы қазақи жүйеленген сенімді идея. Осындай ұлттық

болмыс пен психологиялық ерекшелік өзара үйлеспесе, барлық саланың дамуына кедергі болатыны даусыз нәрсе. Алаңдататын жай - тілдің қазіргі жағдайы қанағаттанарлық деп айтуға келмейтіндігі, өйткені қазақ деп аталатын тәуелсіз мемлекеттің ана тілі қоғамдық, барлық салада басым болуы керек десек, тек отбасы жағдайында ғана қолданылып, толыққанды 100 пайыз қолданылмай жатқаны шындық. Мұндай жағдайда ұлттың дамуы да баяулайды.

Ұлт пен тіл ешуақытта ажырамайтын, бөліп алуға болмайтын біртұтас дүние. Біздің ұлттың ең негізгі қасиеті - қабілеттілігінде, ал қабілет ойлаудан шықса, ойлауды құрайтын тіл. Ұлттың рухы тілдің мазмұнын рухтандырып тұрады. Рухсыз тіл - тіл емес. Мысалы, дүние жүзінде жасанды тілдер бар. Біреудің, басқа бір ұлттың қалыптасып, тілін жаттап, сол тілде ойынды білдіруге болады. Бірақ ол тілдерді рухтанған тіл деп айтуға болмайды. Ұлттық рухтың ең бір абыройлы қызметі – тілді рухтандырып, тұрады. Мысалға, өзіміздің Өнұранымызды айтқанда, кеудемізде ұлттық рух асқақтап, бойымызды мақтаныш, шаттық сезім билейді. Міне, ұлттық рухтың қуаты.

Осыдан тілдің рухты бойына сіңіріп, ұлттың дүниетанымдық, психологиялық, басқа да толып жатқан, ұрпақтан ұрпаққа берілетін қажетті қасиеттерін бойына жинаушы, кезең – кезеңімен кейінгі ұрпаққа жеткізуші құралға айналатыны да рас. Бір ұлтқа тәнмін деп санайтын адам сол ұлттың тілін міндетті түрде білуі керек деген қағида осыдан туындайтынын сезіну қиынға соқпайды. Тілдің құдіреті де осында. Кезінде халқымыздың ұлттық мақтанышы - батыр Бауыржан Момышұлы: «Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағаны, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә», - деп жазған еді.

Осыған орай, қазақ елі көне замандардан бері өзінің ұлттық салт - дәстүрлерін, рухани құндылықтарын сақтап келе жатқан халық. Рухани құндылықтар ұрпақтар сабақтастығымен жалғасын тауып отырғанда ғана ұлттық жаңғыру болады. Керісінше, халқымыз өзінің салт - санасынан айырылатын болса, онда үлкен қауіп төнеді. Өйткені, ұлт ретінде сақталу үшін ұлттық мүддеміз, ана тіліміз бірінші орында тұруы шарт. Бұл ретте жаңарған біздің Қазақстан жағдайында рухани жаңғыруы үшін ғасырлар бойы жинақталған ұлтымыздың рухани құндылықтарын жүзеге асыруымыз қажет.

Ұлттық құндылықтар материалдық, мәдени, рухани мұраларды сақтау және салт - дәстүрлерді насихаттауға негізделуі керек. Өз ұлтының салт-дәстүрін, ана тілін жоғары қойып, қадірлеген халық қана келешекте тұтас ұлт ретінде сақталып, басқа өркениеттердің тегеурініне түспейді және жаһандық жаулау тасқынына тосқауыл қояды. Сонымен қатар тәрбие - бәрімізге ортақ, міндетті, жауапты, ең өзекті мәселе. Отбасынан бастап, мектеп, қоғамдық ұйымдар, билік үнемі қадағалап, ұлттық құндылықтар негізінде дамуына көңіл бөлсе, заңмен бекітіп, ұлттық мүддені жоғары қойғанда ғана нәтижесін көретін боламыз.

Қорыта келгенде, тәрбие бері үрдісінде ұлттық құндылықтарды ұғындырып, болашақ қоғам иелерін, жастарды адамгершілікке тәрбиелеуіміз қажет. Сондықтан, қабілет-қарымы бар, кез-келген алдыңғы қатарлы елдердің азаматтарымен тең дәрежеде өзінің ұлттық болмысымен ерекшеленетін тұлға тәрбиелеу өмір талабы. Осыған байланысты бүгінгі таңда біздің халқымыз үшін ежелден келе жатқан біздің салтымыз бен дәстүріміз, мәдениетіміз, ұлттық құндылықтарымыз - тәрбиенің қайнар көзі, біздің ұлттың рухани жаңғыру негізі – деп бағалауымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бес ғасыр жырлайды, 2 - том, - Алматы, «Жазушы», 1989 ж.
2. А. Құнанбаев. 2 - том, Аудармалары, қара сөздері, - Алматы, 1986 ж.
3. Ш. Құдайбердиев шығармалары, - Алматы, «Жазушы», 1988 ж.
4. С. Құттықадам Ұлтқа қызмет ету, - Алматы, 2019 ж.
5. Д. Әшімханов, -Бес арыс, - Алматы, «Ана тілі», 2003ж.

ИСТОЧНИК ВОСПИТАНИЯ - НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ*Ансабаев Д.С.*

В этой статье выясняется, что национальные ценности являются источником воспитания. Проведен анализ национальных ценностей, приведены примеры видов. В истории развития казахского народа отражено место и значение ценностей. В условиях глобализации предусмотрены способы эффективного использования национальных ценностей в воспитании молодежи.

Ключевые слова: национальные ценности, национальное воспитание, пять принципов: язык, религия, традиции, история, атамекен.

THE SOURCE OF EDUCATION IS NATIONAL VALUES*D. S. Ansabaev*

In this article it turns out that national values are the source of education. The analysis of national values is carried out, examples of types are given. The place and significance of values are reflected in the history of the development of the Kazakh people. In the context of globalization, there are ways to effectively use national values in the education of young people.

Key words: national values, national education, five principles: language, religion, traditions, history, atameken.

ӨЖ 372.8:811.512.122

10.53355/ZHU.2023.106.1.012

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА САН-МӨЛШЕР ҰҒЫМДАРЫН МЕНҒЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ*Асыллова Р.О., Әлімхан Ұ.С.*

Бұл мақалада сан-мөлшер ұғымдары және олардың түрлері функционалды-салыстырмалы негізде қарастырылды. Тіліміздегі сан-мөлшер ұғымдарын білдіретін тәсілдердің ерекшеліктері талданып, оларды мектепте тиімді оқытудың жолдары көрсетілді. Оқушылардың қызығушылығын оята отырып, жаңартылған білім мазмұнына сәйкес көптік категориясын оқытудың әдіс-тәсілдері жасалды. Мақалада қозғалған мәселелердің әдіснамалық негізін А.Байтұрсынұлы, А.Ысқақов, С.Исаев сынды тілтанушы ғалымдардың зерттеулерімен қатар инновациялық оқытуға негізделген әдістемелік еңбектер құрайды.

Кілт сөздер: Сан есім, көптік категориясы, әдістеме, оқыту технологиялары.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық оқытудан жаңартылған оқу бағдарламасына ауысқаны белгілі. Бұл оқытудың басты мақсаты – оқушыны креативті ойлауға баулу. Оны жағдайға баға бере білу, сын тұрғысынан ойлана алу, мәселені шеше алу, шығармашылыққа икемділік сынды дағдыларын қалыптастыратын оқыту технологиялары құрайды. Оқытудың осындай жаңа әдістемесіне сұранып тұрған объектердің бірі – сан-мөлшер ұғымдары. Аталған категорияның тіліміздегі қызметі ауқымды болғандықтан, мектепте оқытудың тиімді жолдары қарастырылуы керек. Көптік ұғымдарының күрделілігі туралы А.Ысқақов былай дейді: «Көптік жалғауының семантикалық мағынасы, грамматикалық қызметі және стилистикалық бояуы мен реңі өз ара тығыз байланысып, бір-бірімен ұштасып жатады. Сондықтан кейде оларды саралау аса қиын да болады» [1, 47 б.]. Дегенмен көптік жалғауы мен сан-мөлшер ұғымын бір категория ретінде қарастыра

алмаймыз. А.Ысқақов бұл екеуінің бөлек те, бірдей де ұғым еместігін айта келіп, көптік жалғау категориясын жалқы, көптік категориясын жалпы деп қарастырады. Сол сияқты С.Исаев «Көптік (сан-мөлшер) ұғымның бірден-бір грамматикалық көрсеткіші – көптік жалғау» [2, 64 б.] дей келе көптік категориясын көптік жалғаумен шатастырмау керектігін ескертіп, оны сан-мөлшер категориясы деген терминмен ауыстыра қолданады. Сондықтан сан-мөлшер ұғымын оқушыларға меңгертуде инновациялық оқытудың модификациялық инновация, комбинаторлық модификация деген түрлерін басты назарға алуды жөн санадық. Сонымен қатар жоғары сынып оқушылары үшін сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы мен мәселелік оқыту технологиясын пайдалану нәтижелі болары сөзсіз.

Біз өз кезегімізде сан-мөлшер категориясын жаңартылған білім мазмұнына сәйкес 6 және 9-сыныптарда оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін құрастырдық. Төменгі сынып оқушылары үшін ойын технологиясын пайдалансақ, жоғары сынып оқушыларына мәселелік және сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологияларына негізделген тапсырмалар әзірленді.

6-сынып оқушыларына арналған ойын «Адасқан жұрнақ» деп аталады. Теориялық негізі А.Ысқақовтың көптік категориясын беретін тәсілдерді бөлген еңбегіне сүйенеді. Ғалым «Қазіргі қазақ тілі» зерттеуінде сан-мөлшер ұғымын жасайтын тәсілдерді 4 топқа жіктеп, лексикалық тәсіл, синтаксистік тәсіл, лексика-синтаксистік тәсіл және морфологиялық тәсіл деп атағаны белгілі. Соның ішінде морфологиялық тәсіл арқылы жасалатын көптік мәнді сөздерді сабақ барысында түсіндіріп өтіп, жаңа ақпаратты бекіту мақсатында осы ойынды ұсынуға болады.

Ойынның мақсаты. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту арқылы жаңа тақырыпты түсінуіне және есте сақтауына жағдай жасау.

Ойынның шарты. Мұғалім оқушыларға лабиринт салынған қағазды ұсынады. Шытырман жолдың басында көптік жалғауы тұрады, мысалы *-тар* жалғауы. Шытырман жолдың үш шығар есігі болады. Есіктерге *барлық, гимарат, достық* деген үш сөз жазылады, оның біреуі ғана *-лар* жалғауын қабылдайды. Ал оқушылар сол жалғауды адастырмай, өзіне тиесілі дұрыс сөзге апарып қосуы керек. Бұл тапсырманы оқушыларды топқа біріктіріп, топтық жұмыс ретінде беруге болады. Тапсырманы аяқтаған соң, мұғалім қалған екі сөзге (*барлық, достық*) көптік жалғауының жалғанбайтынын, жалғанса да сол сөздің көптігін білдірмейтінін (*достықтар*) түсіндіруі керек. Оқушы қолымен ұстап, сызып, көре отырып орындаған тапсырманы есінде ұзаққа сақтайды.

9-сынып оқушылары үшін мәселелік оқыту технологиясына негізделген тапсырмаларды ұсынамыз. Бұл технологияның тиімділігі туралы былай дейді: «Проблемалық оқыту технологиясының ерекшелігі де оқушының белсенділігін арттыру және оқу материалдарын баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәнге жеткізу»

[3, 65 б.]. Сондықтан оқушыларға сан-мөлшер ұғымына қатысты, оның тілдік қолданыстағы мәселелеріне байланысты тапсырмалар берілуі керек. Мәселен, көптік категорияны беруде синтаксистік тәсілді құрайтын сан есімдерді жаңа сабақтың тақырыбы ретінде белгілеп, «қанша?», «неше?» деп келетін сұрақтардың қолданысын анықтау керек. Мұғалім оқушыларға «қаншау?», «қаншасыншы?» деп нормадан ауытқып жүрген сұрақтарды мысал ретінде көрсетеді. Сондай медиалингвистикадағы қолданысынан дәйек келтіре кетуі керек. Мысалы, QAZAQSTAN ұлттық арнасындағы бағдарламада «Қаламызға осындай тұрақтардың қаншауы орнатылды?» деген сұрақ қойылды. Осындай мысалдарды келтіре отырып, А.Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» еңбегіндегі мына бір ережені естеріне салуы керек: «Нәрсенің нақты санын білуге «неше?» деп сұраймыз, мәселен: – Неше кісі келеді? – Үш кісі келеді.

«Қанша?» деп сұраймыз, нәрсенің нақты санын білуге емес, шамасын ғана білуге, мәселен: – Қанша күн жүресің? – Үш-төрт күн жүремін» [4, 163 б.]. Тапсырма төмендегі кестеде берілген үлгі бойынша орындалады, яғни оқушылар медиалингвистикада қате қолданылып жүрген сөздерді анықтап, себебін түсіндіруі керек.

Мәселелік оқыту технологиясына негізделген тапсырма

Сан-мөлшер категориясының синтаксистік тәсіл арқылы берілуі			
Зерттеуші	Пікір	Мысал	Мысал
А.Байтұрсынұлы:	Нәрсенің нақты санын білуге «неше?» деп сұраймыз, мәселен: – Неше кісі келеді? – Үш кісі келеді. «Қанша?» деп сұраймыз, нәрсенің нақты санын білуге емес, шамасын ғана білуге, мәселен: – Қанша күн жүресің? – Үш-төрт күн жүремін.	Неше?	Қанша?
А.Ысқақов:	Сан есімдер, сондай-ақ көп, аз, әлденеше тәрізді сөздер зат есімдерден бұрын анықтауыш болып тұрып, ешқандай формасыз-ақ көптік ұғымды білдіруі синтаксистік тәсіл деп аталады.	Алты адам, екі арба, он екі үй.	Бірнеше көлік, біраз тірлік, көп жұлдыз, аз ақша.
Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған сан-мөлшер категориясының сұрақтарының медиалингвистикада нормадан ауытқуы			
«Астана» телеарнасы	Түрік сериалының тәржімасында кездескен қателік	Қызыңның жасы қаншада?	Адамның жасы нақты болғандықтан «неше жаста?» деп сұралады.

Жаһандық дәуірлеу заманында қазақ тілін оқытудың маңыздылығы артып келеді. Сондықтан қазіргі технологиялар ғасырында өскелең ұрпаққа өз ана тілінің қадір-қасиетін ұғындырудың бір тармағы ұстаздардың үлесіне тиесілі. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, ұрпақтың жаңаруы әр бес жыл сайын жүріп отырады. Сол себепті оқу бағдарламасы ұдайы дамуды, өзгерісті, жаңаша ізденісті талап етеді. А.Байтұрсынұлы бастаған тілтанушы ғалымдардың еңбектерін қазіргі балаларға түсіндіруде инновациялық оқу мазмұнына сүйеніп, тың дүние ұсынуға тырысатынымыз сондықтан. «Ұстаздық ету – шығармашылықпен айналысу» деп А.Қыраубаева айтпақшы нақты ғылымға негізделген ақпараттың өзін оқушыға тартымды, қызықты етіп беру – мықты маманның ісі. Сондықтан біз мақаламызда сан-мөлшер ұғымын оқушылар қызыға оқитындай жағдай жасауға тырыстық. Сонымен қатар жарты ғасырдан бері зерттеліп келе жатқан сөз мәдениеті саласының да мәселелерін кірістірдік. Қазақ тілінің емлесін оқытумен қатар ана тілінде таза, әдеби нормамен сөйлеуге үндедік деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жапбаров А. Қазақ тілін оқытудың тәжірибелік әдіс-тәсілдері: жаттығу әдісі. 12-кітап - Алматы: Эверо, 2015.- 220 б.
2. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы . Оқу құралы - Алматы, 2013.- 210 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. Алматы: Білім, 2008.
6. Байтұрсынов А, Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
7. Әбілқаев А, З. Бейсенбайқызы Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы - Алматы: Нур-Принт, 2014.- 180 б.
8. Орынбаев, А.Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш сөздік: Сөздік-анықтамалық - Алматы.: ТехноЭрудит, 2019.- 1электр. опт. диск.

СПОСОБЫ ОВЛАДЕНИЯ ПОНЯТИЯМИ КОЛИЧЕСТВА НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Асылова Р.О., Алимхан У.С.

В данной статье концепция количества и их виды были рассмотрены на функционально-сравнительной основе. Проанализированы особенности способов выражения категории количества в нашем языке, показаны способы эффективного обучения им в школе. Вызывая интерес учащихся, методика обучения категории множественного числа была разработана в соответствии с обновленным программой обучения. Методологическую основу статьи составляют исследования таких языковедов, как А.Байтұрсынов, А.Искаков, С.Исаев, а также методические работы, основанные на инновационном обучении.

Ключевые слова. Число существительное, категория множественного числа, методика, технологии обучения.

WAYS TO MASTER THE CONCEPTS OF QUANTITY IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

R.O. Asylova, U.S. Alimkhan

In this article, the concepts of quantity and their types were considered on a functional-comparative basis. The features of ways of expressing concepts of number and size in our language were analyzed, and ways of teaching them effectively at school were shown. Arousing the interest of students, the methods of teaching the plural category were developed in accordance with the updated educational content. The methodological basis of the issues discussed in the article is made up of researches of linguists such as A.Baytursynov, A.Yskakov, and S.Isaev, as well as methodological works based on innovative teaching.

Key words: Number noun, plural category, methodology, teaching technologies.

ӘОЖ 372.8:811.512.122

10.53355/ZHU.2023.106.1.013

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР: ЗЕРТТЕЛУІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Асылова Р.О., Хабилбол Қ.

Бұл мақалада сөздердің күрделену процесі және оған әсер етуші факторлар туралы айтылады. Қ.Жұбанов, А.Ысқақов, С.Исаев, М.Балақаев, Ж.Шәкенов сынды ғалымдардың еңбектері қарастырылып, күрделі сөздер жайында, оның ішінде біріккен сөз бен тіркесті сөздердің айырмашылығы туралы сөз болды. Зерттеушілердің пікірлеріндегі қарама-қайшылық пен ерекшеліктері талданды. Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеу еңбектері мақаланың әдіснамалық негізін құрайды.

Кілт сөздер: Біріккен сөз, тіркесті сөз, күрделену, факторлар.

Тіліміздегі сөзжасамның аналитикалық, яғни синтаксистік тәсілі арқылы туындаған категорияны күрделі сөздер деп атайтыны белгілі. Бұл туралы С.Исаев былай дейді: «Бұлар, яғни біріккен (кіріккен) сөздер, қос сөздер, тіркескен сөздер сөзжасам тәсілдері емес, сол сөзжасам тәсілі (аналитикалық немесе синтаксистік) негізінде пайда болған нәтиже, яғни жаңа туындылар, олар біріктіру процесі арқылы, қосарлау я қайталау, тіркестіру нәтижесінде туған тілдік единицалар» [1, 275 б.]. Ал А.Ысқақов сөздердің күрделенуіне әсер ететін факторларды төмендегідей екі топқа жіктеген: фонетикалық фактор мен лексика-семантикалық фактор. Сонымен қатар С.Исаев конверсиялық факторды да атаған.

Ғалымның айтуы бойынша аталған фактор күрделі сөздің грамматикалық сипаты мен семантикалық қасиетінің өзгеріске ұшырауына әсер етеді. Тілдегі күрделі сөздерді құрайтын категориялар саны төртеу: біріккен сөздер, тіркесті сөздер, қос сөздер, қысқарған сөздер. Осы күрделі сөздер туралы алғаш зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – Қ.Жұбанов. Ол өзінің зерттеу еңбегінде қазіргі «қос сөздерді» «қосар сөздер» деген терминмен беріп, бес топқа жіктеген: теңдес қосар (жүн-жұрқа, некен-саяқ); сөздес қосар (қатты-қатты, асу-асу); матаулы қосар (жүзбе-жүз, қолма-қол); тіркеулі қосар (шәй-пәй, жігіт-мігіт); қосақты қосар (үп-үлкен, тап-таза). Сол сияқты қысқарған сөздерді де «киюлы сөздер» деп атап, *буын қиюлылар, әріп қиюлылар, аралас қиюлылар* деп үш топқа жіктейді [2, 165 б.]. Ал қазіргі тіл білімінде «қосар сөздер» «қос сөз» аталып, *қайталама* және *қосарлама* болып жіктеледі. Қ.Жұбанов айдар таққан *қосақты қос сөздер* А.Ысқақов пен С.Исаевтың еңбегінде *қайталама қос сөзге* жатқызылып, оның ішінде *күшейтпелі қос сөз* аталған. Сондай-ақ қос сөздер туралы тағы басқа тың зерттеулерді Ж.Шәкеновтің еңбектерінен кездестіреміз, ол қос сөздердің басқа күрделі сөздерден ерекшеленетінін, яғни морфологиялық тұлғасы, морфемалық құрамы біркелкі емес, бытыраңқы болатынын, ал фонетикалық сипаты жағынан ұйқасып, үндесіп келетінін айтады. Ғалым бұдан бөлек, қос сөздердің төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді, олар:

1. Лексика-грамматикалық сипаты. Қос сөздер басқа сөздердің бірігуі, кірігуі, тіркесуі арқылы жаңа сөз табын жасайтыны сияқты қасиетке ие емес, яғни қос сөздерді құрайтын компоненттер өзінің бастапқы лексикалық та, грамматикалық та мағынасын сақтайды;

2. Лексикалық сипаты. Қос сөздерді құрайтын компоненттердің екеуінің де дербес лексикалық мағынасы болуы шарт емес, сондықтан көмекші сөздермен қосарласа береді. Осындай тәсілмен жасалған қос сөздерді төмендегідей топтарға жіктеген: мәнделс қос сөздер, қайшы мәнделс қос сөздер, ұштас қос сөздер, сыбайлас қос сөздер;

3. Семантикалық сипаты. Ғалым қос сөз жасайтын сөз таптарына тоқтала отырып, олардың лексикалық мағынасынан ажырамай, тек қана эмоциялық және стильдік реңк, үстеме мән, қосымша мағына қосып, белгілі бір сөз таптарының семантикалық топтарын, күшейтпелі шырайын, синтаксистік тәсілін жасайтынын жазады [3, 7 б.].

Аталған күрделі сөздердің ішінде біріккен (кіріккен) сөздердің нормалануы жөнінде және сөз тіркесімен байланысы мен айырмашылығы жайында пікірталастар көп. Айталық, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы зерттеулерде біріккен сөздердің орфографиялық көрінісінде ала-құлалық бар екені мәселе болып көтерілген. Бұл мәселенің бастауы біріккен сөз бен тіркесті сөзді бір категория ретінде қарастырудан шығады. С.Исаев екі категорияның өте жақын екенін айтып, олардың айырмашылығы тек сыртқы көрінісінде екенін, яғни орфографиялық жағы, жазылу тәртібімен ғана ерекшеленетінін жазған. Ал А.Ысқақов пен М.Балақаев біріккен сөздер мен тіркесті сөздердің екі бөлек категория екенін, орфографиялық қана емес, семантикалық даму жағынан да өзгешелікке ие деп тұжырымдайды. Сонымен қатар С.Исаев А.Ысқақовтың еңбегіне сілтеме жасай отырып, біріккен сөздерді салаласа байланысқан сөздерден емес, сабақты байланыс нәтижесінде пайда болатынын баса айтады.

Кесте 1

Біріккен сөз бен тіркесті сөздің зерттелуі

Зерттеушілер	Зерттеу еңбектері	Пікірлері
А.Ысқақов	Қазіргі қазақ тілі: Морфология	Ғалым біріккен сөздердің құралу процесін түсіндіруде былай дейді: «Компоненттердің бастапқы кездегі мағыналық (я синтаксистік) қатынастардың ерекшеліктеріне қарай, қазақ тіліндегі біріккен сөздер не сабақтаса, не салаласа құралады» [4, 104 б.].
С.Исаев	Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты	А.Ысқақовтың пікірімен және <i>ағайын, қолғанат</i> біріккен сөздері салаласа байланысқан деген тұжырымымен келіспейді: «... <i>ағайын мен қолғанат</i> біріккен сөздерінің салаласа байланысқан сөздерден шығуы күмән тудырады»

		[1, 276 б.] дей келе ғалым <i>қолғанат</i> сөзінің анықтауыштық қатынаста біріккенін және <i>ағайын</i> сөзінің құрамындағы - <i>иынның</i> қайдан шыққаны, <i>i</i> дауыстысы қалай түсіп қалғаны дәлелденбеген деп жазады.
		«Біріккен сөз бен тіркесті сөздің арасы өте жақын. Қазір белгілі бір күрделі сөздерді біріккен я күрделі сөзге жатқызу шартты болып саналады, орфографиялық жағынан ғана ажыратылады» [1, 274 б.].
М.Балақаев	Қазақ әдеби тілі және оның нормалануы	Ғалым тілдік қолданыстағы бұрынғы тіркесті сөз бен одан жаңа жасалған біріккен сөздің арасында үлкен айырмашылық бар деп көрсетеді. М.Балақаевтың пікірінше басты айырмашылығы – екі компонент біріккенде бастапқы лексикалық мағыналарынан ажырап, біртұтас мағынаға қызмет етіп тұрады [5, 52 б.].

Сол сияқты Ж.Шәкенов те өзіне дейінгі ғалымдардың пікірлерін тұжырымдай келе, құрамындағы компоненттері сабақтаса байланысқан күрделі сөздерді біріккен сөз деп, қос сөздің салалас байланыстың нәтижесінде жасалғанын көрсетеді. Соның ішінде біріккен сөздердің шығу төркіні еркін тіркес екенін, сондай-ақ, біріккен сөз бен лексикаланған тіркестің айырмашылығын талдайды. Біріккен сөзді бір ғана екпінге ие, лексика-грамматикалық және грамматикалық мағынасы бастапқы тіркестен ажыраған жаңа лексикалық категория десе, лексикаланған тіркес – сөз тіркесінен бір жола ажырай қоймаған, лексикалық мағынасы ортақ, морфологиялық тұлғасы біріккен сөздікіндей берік емес, құрамын өзгертуге бейім категория дейді [3, 29 б.]. Демек, жоғарыдағы қайшы пікірлердің қай-қайсысы да орынды. С.Исаев айтқандай, біріккен сөздер мен тіркесті сөздердің жақындығы бар, өйткені оларды байланыстырып тұрған аралық меже – лексикаланған тіркес. Біріккен сөздің жасалу процесі осы схемада көрініс тауып тұр. Дегенмен А.Ысқақов пен М.Балақаевтың пікіріндегідей, осы күрделі сөздің екі категориясын бір тұрғыда қарастыра алмаймыз. Олардың сөйлемдегі қызметі, түрленуі, мағына иеленуі, екеуінің екі түрлі акцентуациялық екпінмен айтылуы – бәрі біріккен сөз бен сөз тіркесінің үлкен айырмашылығын көрсетеді.

Сондай-ақ Ж.Шәкенов өз еңбегінде *қолқанат* сөзінің жасалуына аз-кем тоқталып өтеді. Алайда қандай байланыс нәтижесінде туындағаны айтылмаған, *қол* және *қанат* сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, дыбыстық өзгеріске ұшырағанын жазады. Осы тұста А.Ысқақов көрсеткен сөздің күрделену процесіне қатысатын фонетикалық фактордың қызметі байқалады. Ал бастапқы құрылымның қандай байланысқа түскенін, біріккен сөздердің тек сабақтаса немесе салаласа да байланысатынын әлі сұрлеуден өткізіп, ғалымдар еңбектерін саралай келе зерттеуге бет бұрамыз.

Қорыта айтқанда, біріккен сөз бен тіркесті сөздің айырмашылығы үлкен. Біріншіден, екеуі екі салаға тиесілі: бірі – лексикологияның объектісі болса, екіншісі – синтаксистің зерттеу нысаны. Екіншіден, біріккен сөздердің құрамындағы екі сөз бастапқы мағыналарынан, жеке-жеке екпіндерінен айырылып, біртұтас мағына мен бір ғана екпінге ие болады. Екі категорияның айырмашылықтары түрлендіру кезінде де көрініс табады. Мәселен, *гүлдің күлтесі* тіркесті сөзі мен *қолбасы* сөздері әртүрлі септеледі. *Қолбасы* сөзінің бастапқы формасы *қолдың басы* болғанымен *гүлдің күлтесіне*, *гүлдің күлтесінен*, *гүлдің күлтесін* деген формада септелмей, жаңа, біртұтас сөз ретінде септеледі. С.Исаев көрсеткен *ағайын* сөзінің кіріккен сөзге айналуына фонетикалық фактордың әсері болды есептейміз. Бастапқыда *аға мен іні* (аға-іні) деп салаласа байланысқан сөздің уақыт өте өзгеріске ұшырауы ой сабасына сыяды деген пікірлеміз.

Диалектиканың «қарама-қайшылық күресі мен бірлігі» деп тұжырымдалатын екінші заңы дамудың көрінісін береді. Сол сияқты қазақ тілтанушыларының да қайшы пікірлері қазақ тіл ғылымының дамуына апаратын сұрлеу. Демек, қайшылық болмай алға жылжу жоқ, жаңаны тану жоқ. Сол себепті мақаламызда күрделі сөздердің зерттелуі мен ерекшеліктерін, ғалымдар пікірлерінің алуандығын ашып көрсетуге тырыстық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты.– Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
2. Малбақов М. Құдайберген Жұбанов. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013. – 448 б.
3. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
5. Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984.184 б.
6. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы. – Алматы, 2005. – 144 б.
7. Тектіғұл Ж. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2020 – 320 б.

СЛОЖНЫЕ СЛОВА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: ИЗУЧЕНИЕ, ОСОБЕННОСТИ

Асыллова Р.О., Хабилбол К.

В этой статье обсуждается процесс словосочетания и факторы, влияющие на него. Были рассмотрены работы таких ученых, как К.Жубанов, А. Искаков, С. Исаев, М. Балақаев, Ж.Шәкенов, а также проанализировано сложные слова, в том числе о разнице между словосочетанием и составными словами. Проанализированы противоречия и особенности во мнениях исследователей. Исследования этих ученых составляют методологическую основу статьи.

Ключевые слова: *Сложное слово, словосочетание, составные слова, факторы.*

COMPOUND WORDS IN THE KAZAKH LANGUAGE: STUDY, FEATURES

R.O. Asylova, K. Khabilbol

This article talks about the process of compounding of words and the factors that affect it. The works of scientists such as K.Zhubanov, A.Iskakov, S.Isaev, M.Balakaev, Zh.Shakenov were considered, and there was talk about complex words, including the difference between phrases and compound words. The contradictions and peculiarities in the researchers' opinions were analyzed. The research works of these scientists form the methodological basis of the article.

Key words: *Compound words, phrases, complexity, factors.*

UDC 141.332

10.53355/ZHU.2023.106.1.014

THE OUTCOME OF THE THIRD WORLD ISN'T PREDETERMINED AT ALL BY VANGA, BUT WITH HEAVEN!

E.E. Ashursky

This article talks about wonderworking which along with foresight (prior viewing of something in the future) was at all times as the sort of traditional competitor to the prevailing academic foundations. In particular, the author thoroughly explains that only single factor of the multi-layering live organisms is quite enough for the adequate justification of anthropomorphic miracles (also named in this case "thaumaturgy"). While most of the rest of the mysterious (including heavenly or even sacral) phenomena can be interpreted by means of a drastic change in the current natural science

base. Above all, there is kept in mind the recognition of dominant astrological dependence and (what already suggests here itself) the superior governing noosphere as well. Moreover, the last clarification to the greatest extent concerns the very predictive practice because at almost any its rationale, one may hardly do without the thinking & computing noosphere.

At the same time, as an illustrative example, the situation with having previously forecasted World War III which is about to become, alas, an inevitable reality, is given.

Key words: *The World War III, celestial contact-agents, “chrono-ribbon a la Minkowski”, astral widening, cosmic noosphere, future vision.*

Introduction

Despite a huge number of riddles and unresolved problems, progressive scientific thought has still taken over - at least, on many controversial issues. First of all, this refers to the materialistic paradigm. On the submission of individual wonderworkers manipulating Tarot cards, passing through the walls (i.e. implying by space the entity a little different from our dogmatic), naïve existential trends have already begun almost to be reanimated. However materialism withstood eventually this onslaught, enriched at the same time by a special interpretation of multicomponent matter and quasi-matter.

In its turn, the theory of precognition */future vision/* also in some way contradicts to the common academic point of view; therefore, naturally it requires closer attention as well.

So now researchers' primary task is to try intelligibly to ground miracles, having given them an explanation within the modern fringe science.

I

In particular, rejecting the postulates of creationism, we have (least) to agree with the version about some highly developed external observers who, a true, don't practically interfere with earthly life. Since alternative one (that supposedly we are all potential but “dormant” yet wonderworkers) looks selfish and unlikely because of the abundance of clearly non-anthropogenic miracles. Let alone the numerous oral and sometimes even fixed evidence about past paleo-contacts.

In addition, the presence of the rudiments of miracles at the lower levels of the phylogenetic tree can be considered quite proven that, in turn, once again confirms the idea of the natural origin of Homo from a monkey (and indeed from ancient primitive organisms with a similar genome). It's just that human miraculous abilities have increased in the end about the same (in comparison with animals) as his intellect - and all this is directly related to the progress of the nervous system.

All people, regardless of moral or intellectual qualities (that is, purely according to the degree of their proximity to Supreme Will) can be divided into three categories: a) "thaumaturges"; b) "the initiates" (devoted or heavenly chosen ones); c) "mediocrities" (commoners, well or other). Moreover, thaumaturges are literally a few. These are, as a rule, lifetime wonderworkers, and after demise - celestials and canonized spiritual teachers such as Gautama Buddha, Pythagoras, Joseph of Copertino, Shirdi Sai Baba & Sathya Sai Baba, Grigory Rasputin [1, p. 26-27], Zé Arigó [2], Uriel Geller. The initiates are about 10-15% of the total population. This is exactly the percentage of people, whose prayers, and also various kinds of spells, conspiracies, requests have chance to reach the addressee and thus show affect on the devoted themselves or on their entourage. These lucky beggars, in particular, know how to reliably read cards, see prophetic dreams, experience religious ecstasy (like witness of Fatima apparitions [3];[4] Lúcia dos Santos together with her cousins Francisco & Jacinta de Jesus Marto), successfully practice yoga, shamanize etc. And if they don't make somewhat of the above, it's evidently - only because don't a priori guess about having such abilities. Surely, all of them will find as well their place of honor in “the kingdom of heaven” after death. Among different folks, the percentage of initiates varies, which directly depends on the physiological, and also, by the way, on purely genetic characteristics of the representatives of a concrete nation. So, at the Scandinavian and Finno-Ugric tribes, it drops to 5, but in the ancient Jews was noticeably higher than the average.

As for the commoners, their miserable otherworldly vegetative existence (if it happens at all) can except that be deeply sympathized with. But even in this life, ordinary parishioners and monks occasionally have a very hard time, since de-facto their numerous appeals to the Almighty are like down the drain. From this point of view, one of the most exemplary members of this category is the great biblical martyr Job [5]; [6] (or rather, his real prototype from then Transjordanian kingdom Jobab ben Zerah).

In contrast to such a longitudinal division, there is also a transverse independently of it: into left and right hemispheres (i.e. all three of the above groups, in turn, are divided in two halves). The left-hemispheric are more prone to some effective deeds while their antipodes are to meditative ones. Wherein, according to this concept, the phenomenon of poltergeist should be considered as the otherworldly acts of some immature (and possibly even unkind) left thaumaturges.

So apparently any tendency to congenital or (rarely) acquired wonderworking has to be somehow reflected anatomically. And moreover, it's not at all necessarily through a certain defect but just by means of one or another deviation within the functional norm (including the features of inter-neuronal links, hemisphericity etc.). As for the alternative point of view (that all the great wonderworkers were allegedly sent to us from the outside), it much smells creationism. Though the activity of strong built-in spirit-spies who managed to establish contact with "Self" (as, for instance, in the case of initiation at shamans [7]) always outwardly differed in spectacular miracles. And unlikely they are associated only with a suggestive impact on the public – for sure, also with some momentary changes in the usual physical properties of matter, time and space! Well, and besides, there is the third version, according to which wonderworkers can be hybrid descendants of extraterrestrials distantly related with the most ancient earth creatures [8].

The inheritance of miraculous abilities from an ancestor in the next generation may indicate the obvious genetic basis of such phenomenon, though the specific mechanism for its implementation isn't still entirely clear here. Meanwhile as the inheritance of the same qualities but already after a generation or even from some outsider donors (for example, from a witch) only confirms the direct participation in this the spirits-spies refluttering from a predecessor to a successor. At the genetic level (with regard to family cases), unless the functional predisposition of the organism to the adequate susceptibility of spi-spy can be transmitted.

Essentially, one single factor of the multi-layering live organisms is completely enough for an adequate interpretation of anthropomorphic miracles (as a rule, called "thaumaturgy"). In particular, the latent presence of some corporeal endosymbionts [8] quite could be suspected when, let's say, that is talking about the direct connection of the contactee to the universal noospheric database. Wherein a person sometimes does not even realize this himself: for instance, at hypercalculation (high-speed automatic counting), multilingualism (when ordinary people suddenly become polyglots), and also - not excluded - in the traditional practice of acupuncture and herbal treatment. And as for all the others (i.e. natural artifacts not related to a specific personality), it may well be manifestations of a "different physics" in the form of parallel entities, compactified spaces, wormholes-bridges etc. Let alone the innocent (but outlandish, and sometimes wild to our perception) mischiefs of some immature pranophytes*. Though this, by the way, can also include the posthumous infantile tricks of earthly cubs-wonderworkers (and moreover - not necessarily from the genus Homo).

Thus, now the question on the immediate agenda is whether individualized high powers like UFO-nauts, angels, tengri [9] and other demigods (and united – according to the author - under a common name of "pranophytes") really exist around us. For the presence of the supreme divine substance doesn't already cause, probably, any doubts: without it planetary progress would just have been impossible! However even said pranophytes can be imagined both in the kind of collection of special elementary particles and in the form of diversified wave emanations or, finally, infusions [10] of some "spiritual energy" from parallel worlds. Shortly speaking, this philosophical question is still relevant – despite higher super-individuals almost never interfere in everyday aspects of social life (not to mention concrete human destinies).

So let's now turn our attention to enough many-faceted area of outside wonderworking which obviously does not fit into the rigid framework of the usual "home-grown" thaumaturgy.

In particular, weird artifacts on snapshots taken in pitch darkness (but with manual exposure), "modulated noise" by Lamoreau brothers [11], Raudiv's paracusia [12];[13], as well as some heavenly and especially ufological signs indicate either that interpreting us information (by way of fundamental Universe's phenomenon as a whole) can be not quite correct & clear, or we perceive, and hence are aware it through our subtle sheaths, i.e. warpedly.

At the same time the most prominent role in explaining such paradoxes belongs, perhaps, to modern American scientists J. Allen Hynek and Jacques Vallee [14] who advanced own alternative hypothesis of extra-dimensional intelligence (abbr. - EDI) to the global academic community. And precisely thanks to their restlessness and ebullient exploratory enthusiasm, somewhere at the end of the last century, it became possible to put into overall use many demanded today by researchers the terms like sensory filter, info-subjectivism, parallel worlds.

Although, as it subsequently turned out, even the very father of cybernetics Norbert Wiener had latent doubts about exact definitiveness of information, implying by it enough vague data which any actively perceiving subject is able to interpret in his way [15]. But with that, despite the seeming speculation of this concept, it certainly must after all have a specific material rationale (at least in the form of some so far elusive quasi-particles or a gauge field); forasmuch otherwise it is not surprising to sink here into empty sophistry and agnosticism.

In turn, rare but pretty shocking episodes associated with a poltergeist might be caused by the pranks of the immature children's souls belonging to the suddenly deceased (or tragically dead) potential wonderworkers. However, on the other hand, one can also hardly ignore the version of similar actions by UFOs watching us [16]; but that is less convincing in this case (due to the complexity of the adequate rationale for their infantilism). Although the sullenness of ancient castles' spooks, along with the carefree tomfoolery of "noisy ghosts" (like the talking mongoose [17];[18] Gef), gives reason to argue that the pranophytes also have some own age gradation. Where, a true, the word "age" itself has nothing to do with the impending demise.

Thus, so called «external wonderworking» can testify either to aliens, or to former highly developed terrestrial civilizations, or to parallel entities what anyway is connected with very powerful (in the energy sense) hierarchs.

II

As already mentioned, the ability to precognition may well be directly not related to those miracles we are accustomed (or about which, at least, have been reading more than enough).

For the seers contemplate not the dynamic perspective itself, but only astral widening somehow coupled with it (even if they borrow all the required information from celestial contact-agents). Numerous cases from the life of twins (who, developing from a single maternal egg, respectively, have a joint astral destiny, as a result of which are then subjected to almost same vicissitudes of fate) also testify in favor of such a quite obvious hypothesis. And from this, in turn, it follows that above metaphysical vector (or, if you like, the theosophical sheath) has the greatest impact on the subconscious thoughts and many involuntary movements of a person.

So astrology in its essence is by no means reduced to a trite copying of various Universe's cycles. But even if it can be done, then ipso facto time itself ought to have some special transcendental qualities which could determine its interest in certain objects. After all, be that as it may, any baby yet from conception is organically associated with heaven through invisible strong bonds; therefore, the old theosophical guess about the astral as one of the influential "subtle matters" has, by and large, the full right to exist.

It is curious that the heavens selectively show their sympathy-antipathy for specific individuals (and sometimes even for entire states) precisely at the level of luck or - in extreme cases - the basic vital instincts; however don't, alas, regulate the degree of development of their mental abilities. This once again emphasizes the ancient evolutionary nature of such connections

- as, incidentally, that a mankind is gradually getting rid of them (and in a robotic society they, all appearances, will finally lose own topicality).

By the way, since the ill-fated 3rd World War is now on the lips of almost everyone, let's see together what the recognized luminaries of forecasting Michel de Nostredame [19];[20] and Vangelia Gushterova [21];[3, p. 21-25] wrote about this.

The first of them which completed his futuristic chronicle (I note: in full conformity with the Hebrew lunar calendar that is also approaching its epochal 7,000th milestone**) by a very relevant for us frontier of the 2240s, prophesied numerous troubles and pestilence in Europe due to the fatal invasion from the East. But nevertheless, with the beginning of a new astrological week (2243) on our planet, supposedly, the long-awaited overall peace and tranquility should already come.

As for the illustrious Bulgarian clairvoyant Vanga, she - on the contrary – slightly hurried things, having moved the tragic page of history at least a decade and a half closer to the starting point of the millennium. In particular, in her opinion, all the up-and-downer should have been brewed back in 2008 - after the doom of four presidents. That is, translated into the language of realities, this might, most likely, mean the following: at the moment of the signing of a reconciliatory memorandum between Russia and Ukraine (with the participation of Putin, Zelensky, Erdogan, as well as the leader of Poland or Belarus), the bloodthirsty yankees together with accomplices from NATO will carry out a brutal terrorist act that evidently take the lives of everyone present. But since this terrible international atrocity will be thought out in advance and very carefully disguised, no one immediately can identify its practical executors on the spot. Therefore, after the initial shock (and perhaps even involuntary panic and confusion), certain time must still pass before nuclear weapons are used. Moreover, according to Vanga's prophecies, this interval may last up to a year and a half.

As a result of radioactive fallout in the Northern Hemisphere, almost no animals or vegetation will remain alive. And then the Muslims (or - which isn't excluded at all - the Chinese) will launch a massive chemical attack against the few surviving Europeans. So eventually, about 5 years after the start of the war, the Old Continent unrecognizably becomes empty.

That is, as we can see, in both predicted scenarios, representatives of the East must put an end in this planetary conflict. And from the point of view of astrology, this feature is just much more significant than a quite natural stochastic spread of dates in one direction or another.

Wherein a detailed theoretical analysis of the available evidence suggests the fact only two versions are actually suitable for substantiating the precognitive techniques. Because everything else seems frankly far-fetched or at least deeply doubtful.

So here they are in a nutshell:

a) Computing of our future by some stealth contact-agents - with subsequent transfer of information to Earth through selected mediators like John the Apostle, Basil the Blessed, as well as above-mentioned Baba Vanga or Nostradamus. Since it is carried out along to precisely lead determinant vector, hence, is probabilistic rather than affirmative here. Moreover, this vector may even be astral; but in any case, such complex multi-valued calculations could realize only by extraterrestrial creatures (or, for example, the cosmic noosphere as a whole), while our homegrown astrologers - unless to get already prepared information from them.

b) Programming of separate allegedly “foreseen” episodes [22]. This point, if relevant, is perhaps only in combination with the first. Its general meaning is as follows: in order to maintain the reputation of the chosen clairvoyant or fortune-teller, and also to intimidate earthlings, the disembodied cosmic pranophytes in every possible way contribute to the implementation of the previously predicted action at the right time (including through UFOs, built-in spirit-spies etc.).

As for “direct contemplation” of the future like peculiar documental movies, such a vulgar-idealistic approach just doesn't stand up to criticism - and especially in the light of the current paradigm (according to which the cause must be followed by an effect). Well, and vice versa: in the case of proven real existence of “chrono-ribbon a la Minkowski” [23], the vast majority of the previous achievements of world scientific thought will have to be thrown, I'm afraid, into the

dump. By the by, a somewhat similar situation is with notorious journeys along the time scale or for instance, with so called "parallel universes" (i.e. as if everything predicted comes true somewhere [24], but not necessarily with us): that is another example of typical empty ranting, which can only take away researchers' mental health and precious years of life.

Therefore, when substantiating successful (and especially - for sure attested) prophecies, it has most often to be considered both factors: as preliminary as programmed. But still, of course, the first of them is much more important (at least even etiologically). In turn, among the secondary (programmed) levers of influence, the following can be distinguished here:

- a) the exceptional sporadic giftedness of this particular human through a strong astral (what generally should anyhow manifest itself from an early age);
- b) certain personal interest on the part of the given demigod (contact-agent);
- c) polyfactorial prediction (say, regarding A.S. Pushkin [25, p. 23]- several alternative "white riders on a white horse").

And although the last of the versions seems here to be somewhat far-fetched (and, all the more, the rather sensational story with the executed Decembrist S.I. Muravyov-Apostol [25, p. 24] - does not fit into that, for instance), it still has the right to a conceptual discussion.

Conclusion

So now is the time to draw a resumptive line.

As we have just found out, of the huge variety of natural phenomena that have not yet been solved, the most easily explained are prophecies actually coming true.

Plus, in addition to everything, it's also very important that knowing the essence of the forecasts (whether from the mouth of a palmist, parapsychologist or even simple gypsy fortune-teller), with a strong own desire they can, of course, be prevented! So all the common pseudoscientific speculations [26] on this theme (arbitrarily taken, for example, from biographies of Napoleon Bonaparte, queen Marie Antoinette, A.S. Pushkin, M.S. Gorbachev, Indira & Rajiv Gandhi, Barack H. Obama and others) do not have any serious evidence base.

In turn, lion's share of anthropomorphic miracles could certainly be debunked if academic science finally recognized in the spirit of the main postulates of Theosophy (as, however, ancient Eastern teachings) the quite obvious multi-layering of every live organism.

Well in the end, the most difficult here is still the case with divinely inspired, ufological and other outlandish effects of clearly extraterrestrial origin. Therefore, it would be more expedient (and useful for the earthlings) to put the question in a slightly different plane: why do the higher hierarchs demonstrate us periodically their miracles for?

Acceptable answers might be such:

- a) they don't want to allow the dictatorship of artificial intelligence or robots' hegemony;
- b) wonders are shown not by the hierarchs themselves, who were set here purely for impartial outside observation and rare evolutionary interferences, but their little-minded offspring.

And besides, certain spontaneous miracles can be performed by the untimely deceased wonderworkers' souls, especially by dead children's (poltergeist) or even by adults' who, for some reason, haven't gotten to the noosphere.

**Pranophytes are alternative forms of the Universal evolution that do without gross (visible) matter. And also, they, as it appears, possess (through built-in spirit-spies) own fifth part of "quite legitimate" but covert presence at all levels of the development of matter. Although, analyzing their behavioral stereotypes, the deduction inevitably suggests itself that in terms of a creative (i.e. not copied from somewhere and not borrowed from someone) mind they may be inferior to Homo sapiens.*

*** «I have computed almost as many events in the future time as there are years that will pass until the Second Coming at the beginning of the seventh millennium». – M.Michel Nostradamus: "Letter to King Henry II of France".*

Emir ASHURSKY /Kiev, Ukraine/

REFERENCES:

1. Gorbovsky A. A.: "Secret power, invisible force". - Moscow: p/h "Society for the study of the secrets and mysteries of the Earth", 1991. - 220 p.
Link access: <https://knijky.ru/books/taynaya-vlast-nezrimaya-sila?page=26>
2. Gorbovsky A. A.: "Sorcerers, healers, prophets". - Moscow: p/h "Thought", 1993. - 399 p.
3. Joyce J. - «The Weiser field guide to the paranormal: abductions, apparitions, ESP, synchronicity, and more unexplained phenomena from other realms». USA, p/h "Weiser Books", 2011
4. Scherbakov V.I. – "Meetings with Our Lady" // in the collection "Morning of the Gods". - Moscow: p/h "Young guard". 1992 - p.p. 261-557.
5. Schedrovitsky D. V. - "Conversations about the Book of Job. Why does the righteous suffer?", - Moscow: p/h "Terevinf", 2012. - 235 p.
Link access: <https://shchedrovitskiy.ru/JobBook.php>
6. Berdyaev N.A. - "Spirit and reality" (ch. 5 "Evil and suffering as problems of the soul"), Paris: p/h "YMCA-Press s.d.", 1937. - 175 p.
Link access: http://krotov.info/library/02_b/berdyaev/1937_034_05.html
7. Valikhanov Sh. Sh. - "Traces of shamanism among the Kazakhs»// "Collection of multi-volume works" — Almaty: p/h "Tolagai Group". — 2010.
8. Ashursky E.E.: "Virissimos – universe's generalissimos!"// weekly review "BBC". - No. 52 - 2006
9. Valikhanov Sh. Sh. - «Tengri»// "Collection of multi-volume works" — Almaty: p/h "Tolagai Group". — 2010.
10. Ambarzumjan V.A., Kusnezow B.G., Naan G.I., Smorodinski J.A. & Steinman R.J.: "Philosophische probleme der modernen kosmologie" - Berlin, p/h "VEB Deutscher Verlag der Wissenschaften". - 1965.
11. Tikhoplav T.S.: "The beginning of time", Moscow, p/h «Astrel» - 2017
Link access: <https://loveread.info/books/psihologiya/page-54-80336-tatyana-tihoplav-nachal-nachal.html>
12. Gonzalez-Wippler Migene: «What happens after death», Llewellyn Publications, Woodbury /USA/, 1951 - 256 p., link access: https://www.goodreads.com/book/show/1179319.What_Happens_After_Death
13. Ashursky E.E. - "Mirages of eternity" // weekly review "BBC". - No. 12 - 2006
14. Hynek J. Allen & Vallee Jacques: "The edge of reality. A progress report on unidentified flying objects" – Chicago /USA/, p/h "Henry Regnery co". - 1975
15. Wiener Norbert - "Cybernetics: or control and communication in the animal and the machine". – Moscow: p/h "Nauka", 1983. – 343 p.
16. Ashursky E.E.: "UFO - an unsolved mystery"// journal "Nature & Man" - 2014. - № 9
17. Fodor Nandor: "Between two worlds", New York /USA/, p/h "Parker Pub. Co" – 1964
Link access: <https://archive.org/details/betweentwoworld00fodo>
18. Price Harry «Confessions of a ghost-hunter» (chapter VI «The talking mongoose»), New York /USA/, Putnam Books, p/h "Penguin", 1936
19. "The true prophecies or prognostications of Michael Nostradamus, physician to Henry II. Francis II. and Charles IX. Kings of France", p/h of Thomas Ratcliffe and Nathaniel, London, 1672
link access: <https://www.crystalinks.com/nostyepistle.html>
20. Wilson Ian: «Nostradamus: the man behind the prophecies», London, p/h "Macmillan", 2007. p. 229.
21. «Phenomenon» (documental film about Vanga): <https://www.youtube.com/watch?v=aoTOIn0RIIM>
22. Ashursky E.E. - "Prevision or a remembering?" // journal "Nature & Man" - 2007. - № 5
23. Ashursky E.E. - «Donec non sumus deos temporis: id talis machina nobis non est!.. (On the issue of the correctness of one paradigm generally recognized by physicists) »// "Bulletin of the Khakass State University named after N.F. Katanov", №2 - 2021, link access: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=48020425>

24. Chernobrov V.A.: «The Mysteries of Time» - Moscow, ed/house «Olimp», 1999 link access: http://ufo.metrocom.ru/book2/chem_tv.htm

25. Gorbovsky A.A.: "Prophets and seers in their own country", Moscow - Leningrad, p/h "Prometheus", 1990, 102 p.

link access: <https://studylib.ru/doc/3925333/proroki-i-prozorlivcy-v-svoem-otechestve>

26. Gorbovsky A.A.: "Prophets? Seers?", Moscow, p/h "Knowledge", 1991

link access: <https://www.litmir.me/br/?b=175336>

«ҮШІНШІ ДҮНИЕНІҢ НӘТИЖЕСІН ВАНГА МҮЛДЕ АЛДЫН АЛА ЕМЕС, КӨКПЕН БЕЛГІЛЕЙДІ»

Аишурский Э.Э.

тасты бөлушілер	931	1056	1987	53,1	913	1365	2278	59,9	6,8	-	
жол салатын жұмысшылар	103	84	187	44,9	82	66	148	44,6	-	0,3	
	162	34	196	17,3	137	31	168	18,7	1,4	-	
в)кәсібиленбеген из них: кара жұмысшылар	1559	938	2497	37,7	1703	1026	2729	37,6	-	0,1	
шаруашылық бөлімінде	865	664	1529	43,4	957	758	1715	44,2	0,8	-	
-?	62	58	120	48,3	72	63	185	46,7	-	1,6	
	616	185	801	23,0	617	197	814	24,2	1,2	-	
а, б, в бойынша барлығы	4814	2388	7202	33,2	4802	2775	7577	36,4	3,5	-	
г) келісім шартпен олардың: грабарлар	6241	1360	7601	17,8	6318	1374	7692	17,9	0,1	-	
прапорщиктер	5065	1275	6340	20,1	5165	1246	6411	19,4	-	0,7	
	652	24	676	3,6	533	24	557	4,3	0,7	-	

д) механика жағындағы жұмысшылар	74	-	74	-	82	-	82	-	-	-
е) оқушы-жұмысшылар	14	3	7	17,6	13	3	16	18,8	1,2	-
Құрылыстағы жұмыс. БАРЛЫҒЫ	11137	3751	14888	25,2	11215	4152	15367	27,0	1,8	-
Жол құрылысындағы жұмысшылар	542	312	854	36,3	485	313	798	39,2	2,9	-
а, б, в бойынша барлығы	5356	2700	8056	33,5	5287	3088	8375	37,0	3,5	-
БАРЛЫҒЫ -1-2	11679	4063	15742	25,8	11700	4465	16165	27,6	1,8	-
Уақытша жұмысшылар	992	91	1083	8,4	991	94	1085	8,7	0,3	-
Олардың: ауыр жұ	604	35	639	5,5	597	35	632	5,5	-	-
Күрделі қозғалыс	282	16	298	5,4	285	18	303	5,9	0,5	-
Күрделі байланыс	106	40	146	27,3	109	41	150	27,3	-	-
Өндірістегі жұмысшылар	803	123	926	13,3	592	139	731	19,0	5,7	-
5. Аз қамтылған құрылыс	999	201	1200	16,8	944	187	1131	16,5	-	0,3
1-5 бойынша барлығы	14473	4478	18951	23,6	14227	4885	1942	25,6	2,0	-
(2а+5) бойынша барлығы	6355	2901	9256	31,3	6231	3275	9506	34,5	3,2	-
6.Қызметкерлер	1742	95	1837	5,1	1706	87	1793	4,9	-	0,2
Олардың:										
Жол құрылысындағы	971	80	1051	7,6	1004	71	1075	6,6	-	1,0
Уақытша қолданыстағы	329	2	331	0,6	332	2	334	0,6	-	-
Қосалқы басқарма	261	7	268	2,6	187	7	192	3,6	1,0	-
Барлығы	183	4	187	2,1	185	7	192	3,6	1,5	-
Барлығы	16215	4573	20788	22,0	15993	4972	20905	23,8	1,8	-

[11, с. 29; с/об. 29]

Темір жол құрылысындағы жұмысшылар күн санап өсті, 1930 жылдың басында 4550 мың адамға жеткеніне қарамастан, жұмысшылардың қолдары әлі жетпеді.

Түркістан-Сібір темір жолы қазақстандық теміржол құрылысының мектебі ретінде де маңызы зор. Осы мектептен Қазақстан темір жолдарының инженерлік кадрлары өсті, мұнда көптеген жұмысшы мамандар үлкен тәжірибе жинады, олар осы пайдалы тәжірибені республиканың барлық салаларына таратты [12].

Мәселен, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Түркістан-Сібір темір жолының салынуы және осының негізінде республиканың бүткіл темір жол көлігінің дамуы Қазақстанның қазіргі заманғы экономикасының қалыптасуында елеулі рөл атқарды. Темір жол көлігінің ерекше маңызы оның әлеуметтік-экономикалық рөлін, ең бастысы болат магистральдардың пайда болу, қалыптасу және даму тарихын білу маңызды болып табылады [13].

Түркістан-Сібір темір жолы Қазақстанның экономикалық қана емес, әлеуметтік дамуына үлкен әсерін тигізді. Құрылыс барысында қиыншылықтар көп кездесті, жұмысшылар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Соған қарамастан құрылыс ХХ ғасырдағы ірі жобалар қатарына жатып, мәртебесі жоғары болды. Қазіргі уақытта бұл темір жол экономикалық тұрғыда, жүк, жолаушылар тасымалында өзінің маңыздылығын жойған жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сотников Е.А. Железные дороги мира из XIX в XXI век. М.: Транспорт, 1993. – 200 с. [Электронды оқулық]
2. Никитин Н.С. Турксиб – магистраль социализма: Сб.подготовлен по инициативе и при активном участии ветеранов Турксиба. – Алма-Ата: Казахстан. 1986. – 224 с. + вкл. 24 с.
3. Легендарный Турксиб. По материалам книги Н.К. Исингарина «История железных дорог Казахстана», том 1 «Становление». // https://railways.kz/articles/turksib_90_let_/publikacii_v_smi/legendarnyi_turksib.
4. Турксиб - магистраль социализма. – Алма-Ата, Казахстан, 1986. – 224 с. + 24 с.
5. ЦГА РК. Ф-83, О-1, Д-369, 3 с.
6. ЦГА РК. Ф-83, О-1, Д-369, 3 с/об.
7. ЦГА РК. Ф-83, О-1, Д-369, 10 с.
9. ЦГА РК. Ф-83, О-1, Д-369, 28 с.
10. ЦГА РК. Ф-83, О-1, Д-369, 29 с.
11. ЦГА РК. Ф-83, О-1, Д-369, 29 с, 29 с/об.
12. История Турксиба: 90 лет и тысячи километров железной дороги// inform.kz <https://www.inform.kz/ru/istoriya-turksiba-90-let-i-tysyachi-kilometrov-zheleznoydorogia> 3645191. – 2020.
13. Т.М. Аминов. Турксиб - важный этап в истории становления железных дорог Казахстана// <https://articlekz.com/article/10777>. – 2013.

ПРОБЛЕМА ПОДГОТОВКИ ИНЖЕНЕРНО-РАБОЧИХ КАДРОВ ПРИ СТРОИТЕЛЬСТВЕ ТУРКЕСТАНО-СИБИРСКОЙ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ

Калелова Ж.У., Абдильдинова Л.Б.

В статье рассматривается строительство Туркестано-Сибирской железной дороги, которое стало одним из крупнейших проектов первой пятилетки, реализованных в первые годы Советской власти. Турксиб был необходим для хозяйственного развития не только Средней Азии, Казахстана и Сибири, но и всего Союза ССР, улучшая транспортные связи ряда важных экономических регионов, способствовал решению целого комплекса народнохозяйственных задач страны в целом.

В статье были рассмотрены архивные материалы по кадровой подготовке рабочих Туркестано-Сибирской железной дороги и были введены в научный оборот.

Ключевые слова: Турксиб, железная дорога, квалификация, первая пятилетка, рабочие, коренное населения.

THE ISSUE OF TRAINING ENGINEERING WORKERS AND RAILWAY PERSONNEL DURING THE CONSTRUCTION OF THE TURKESTAN-SIBERIAN RAILWAY

Zh. Kalelova, L. Abdildinova

The article deals with the construction of the Turkestan-Siberian railway, which became one of the largest projects of the first five-year plan of the half of the twentieth century, implemented in the first years of Soviet power. Turksib was necessary for the economic development not only of Central Asia, Kazakhstan and Siberia, but also of the entire USSR, improving transport links of a number of important economic regions, and contributing to the solution of a whole range of national economic problems of the country as a whole. The article also reviewed archival materials on personnel training of workers of the Turkestan-Siberian railway and was introduced into scientific circulation.

Key words: Turksib, railway, qualification, first five-year plan, workers, indigenous population.

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР: ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ

Калиева Б.Т.

Мақалада Қазақстан тарихы пәнінен жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, интербелсенді әдістерді қолдану, оның тиімділігі ХХІ ғасырда өзекті мәселелердің бірі ретінде көрсетуге болады. Жұмыстың негізгі мақсаты оқыту үрдісінде бұрынғы дәстүрлі сабақтар мен қатар жаңаша әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы қызықты, жан-жақты өткізуге бағыт бағдар беру. Мұндағы негізгі ұғым интербелсенді әдістер қолдану негізінде сабақ барысындағы мақсатқа жетіп, өз елінің, ерінің тарихын сипаттап қана қоймай, сол тақырып аясында жаңа әдістерді пайдалану арқылы көрсету. Сабақ барысында интербелсенді әдістерді пайдаланудың түрлерін, жүргізудің әдіс-тәсілдерін жан-жақты көрсетіп, оларды қолданудың жолдарын атап өту. Блум таксономиясы, пресс-конференция, жазба түрі, рөлдік ойын және т.б. түрлері бойынша Қазақстан тарихы пәнінен сабақ жүргізу арқылы оның тиімділігін атап өтуге болады. Мақалада негізгі қарастырылатын мәселелердің бірі Жоғары оқу орындарында білімгерлерге «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында интербелсенді әдістерді қолдану және оның тиімділігін көрсету.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, интербелсенді әдіс, тәсіл, инновация, білімгер, жоғары оқу орыны

ХХІ ғасырдың негізі қоғамның жаңа ақпараттық технологиялардың оқу үрдісінде пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктерін, олардың жан-жақты талдануын анықтап, саралай білуде. Қазақстан тарихы пәнінен жаңа инновациялық технологияларды сабақ барысында пайдаланудың түрлерін, жүргізудің әдістемелік әдіс-тәсілдерін жан-жақты көрсетіп, оларды қолданудың жолдарын қарастыруымыз қажет. Оқытушылар интербелсенді әдістерді, соның ішінде: Блум таксономиясы, пресс-конференция, жазба түрі, рөлдік ойын және т.б. түрлері бойынша Қазақстан тарихы пәнінен сабақ жүргізу арқылы оның тиімділігін атап өтуге болады.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған тақырып аясында негізгі материалдар ол осы бағыт аясында жазылған диссертациялық жұмыстар, монографиялар, оқу құралдары аясында қарастырылып, талдау жасалды. Жұмыс барысында тарихи-салыстырмалы, жаңа инновациялық әдістер қолданылды.

Талқылау. Қазіргі таңда отандық тарихымыздың жоғары оқу орындарында қызықты және жан-жақты өтуі үшін, интербелсенді әдістер аясында педагогика ғылымдары бойынша ғалымдар, сонымен қатар Қазақстан тарихының оқыту үрдісі бойынша ғалымдарымызда көптеген еңбектер жазуда. Сондай ғалымдарымыздың бірі ретінде Ә. Бәкірованың «Көрнекі құралдарды жасау және пайдалану жолдары» атты оқу құралында сабақтарда көрнекі құралдарын пайдаланудың жолдары мен оларды жасау негізінде қарастырылған. «Қазақстан тарихы» пәнінің оқытылу барысы бойынша және интербелсенді әдістерді сабақта пайдалану бойынша тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Т. Тұрлығұлдың «Тарихты оқыту әдістемесі» атты еңбегі үлкен маңызға ие. Себебі тарих сабағында жаңа инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі және барысы бойынша өз зерттеулерін ХХ ғасырдың 90 жылдарында қарастырып өткен еді. Сонымен қатар, бұл кісінің көптеген мақалалары осы бағытта жазылған болатын.

А. Әлімовтың «Интербелсенді әдістерді ЖОО қолдану» атты оқу құралы қарастырып отырған мәселеміз негізінде жазылған, жан-жақты талданған еңбектің бірі болып табылады.

Нәтижелер. Жоғарыда аталып отырған интербелсенді әдістермен жұмыс жасау арқылы кредиттік жүйеде оқитын білімгерлерге оның маңыздылығын көрсете аламыз.

Болон конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарында оқытудың кредиттік жүйесіне көшуіне байланысты қазіргі таңда білімгерлердің өзіндік ізденістері бойынша берілген тапсырмаларды қарастыруына қолайлы. Олай дейтініміз, Жоғары оқу орыны білімгерлеріне Қазақстан тарихы пәні бойынша семинар сабақтарын ұйымдастыру **қазіргі заман талабына сай білімді де жан-жақты тұлға тәрбиелеуіне негізделеді.**

Жаңа инновациялық технологияларды сабақ барысында пайдаланып, білімгерлерді қосымша ізденіске жұмылдыруға болатынын атап өтуге болады. Солардың бірі пресс-конференция сабағы.

Пресс-конференция тәсілі тарихнамалық мектептердің ғылымдағы орны мен рөлін анықтауда тиімді әрі рефераттарды баржақты тыңдап, талдаудан гөрі студенттердің белсенділіктерін арттырып, барлығын қамтуда ұтымды әдіс болып отыр. Айта кетерлік жайт, инновациялық әдіс-тәсілдер білімгерлердің барлығын дерлік сабаққа жұмылдырып, белсенді қатысуын, берілген тапсырмаларды толық орындап келуін талап етеді. Мұның өзі студентке апта сайын үлкен нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді [1].

Пресс-конференция сабағы барысында білімгерлерді топқа бөлеміз. Әр топтан: сыншы, тілші және қонақтарды тағайындаймыз. Олардың әр қайсысының атқаратын қызметі бар [2, 19-20 б.].

Жоғарыда атап өткеніміздей, пресс конференцияның тақырыбы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы деп атап, енді білімгерлерімізді бөлеміз:

Қонақтар – 1986 жылғы оқиғаға қатысып, сол кезеңді сипаттайтын азаматтар және олардың осы оқиғаны түсіндіріп өтуі.

Сыншылар – білімгерлер арасынан өзара бөлінеді.

Тілшілер – келген қонақтарымызға бастарынан өткен оқиғаларына қатысты сауал қойып осы тақырыпты ашуға көмектесетін білімгерлеріміз.

Күтілетін нәтиже:

а) білімгерлер өз ойларын нақты жеткізуге дағдыланады;

ә) тарихи оқиғаларды сипаттау біліктерін дамытады;

б) білімгерлердің бойында еліне, жеріне деген патриоттық сезім артта түсед

Негізгі мәселе	
Желтоқсан көтеріліс пе ?	Желтоқсан оқиға ма ?

Жоғарыда кестеде берілген тапсырманы толтыру арқылы, білімгерлердің бұл мәселеге қатысты қаншалықты түсінгендігін көруге болады.

Сонымен қатар, рөлдік ойын, блиц әдісі түрінде сабақты өтіп, барлық білімгерлерді берілген тапсырма бойынша дайындалуға болатындығын айта аламыз.

Рөлдік ойындар – тиімді интербелсенді әдістердің бірі. Тарих саласында зерттеу жүргізетін ғалымдардың басым көпшілігі оқу/оқытудың ойын әдістерін кәсіби дамуды қамтамасыздандырудағы ең тиімді әрі болашағы зор тәсілдер деп есептейді. Өйткені іс-әрекет арқылы үйрену/үйрету – танымның ең тиімді тәсілі екендігі баршаға аян: адам жадында бірінші кезекте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік ойындар білімгерлердің өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманы солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді.

Енді осы жоғарыда келтірген рөлдік ойынымызға мысал келтірсек:

Сабақтың мақсаты: білімгерлерді сақ тайпаларының өмірімен, еңбегімен және тұрмыс-салтымен таныстыру. Ертеде Қазақстан аумағын мекендеген сақ, үйсін, қаңлы, ғұн және басқа тайпалардың қазақ халқының арғы ата-тегі болғанын ашып көрсету. Ертедегі сақ тайпаларының өмірі мен тұрмыс-салты туралы тарихи нақты материал адамның адал еңбегі жайлы ұғымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Практика сабағы барысында, білімгерлерді екі топқа бөліп, «Рөлдік ойындар» әдісін пайдалана отырып, тақырыпқа қатысты топтың атауларын қою:

Автор – «сақтар» тақырыбына қатысты әр студент өзінің жинаған материалын қорғайды.

Түрлендіруші – білімгерлердің қорғаған материалдарына әр топ қосымша мәліметтерін, өз ойлары мен пікірлерін бірін-бірі толықтыруы.

Сыншы – әр топтан сыншылар тағайындалып, айтылған мәліметтерге сыни көзқарастарын білдіреді.

Ұйымдастырушы–әр топтан топ басшысы тағайындалып, өз тақырыптарына қатысты мәліметтерді, деректерді, қойылатын сұрақтарды, глоссарийлерді сөзжұмбақ, тест тапсырмаларын қадағалап отыру.

Қуаттаушы – оқытушы әр білімгердің жасаған тапсырмасына қатысты, сонымен қатар сыншыға қарама-қарсы өз ойын айтып, топтарды жандандырушы.

Суретші – әр топ өзінің атауын сипаттап, қорғау.(Мысалы үшін, «Томирис» және «Зарина» топ атаулары).

Күтілетін нәтиже:

а) білімгер ұйымшылдыққа бейімделеді;

ә) көшбасшылық, ержүректілік қабілеттері артады;

б) кез-келген тарихи оқиғаларға өз ойын жетік жеткізе алады және сыни көзқарас білдіруге дағдыланады.

«Қазақстан тарихы» пәнін жаңаша оқытуда заманауи технологиялардың қажеттілігі айтпаса да түсінікті. Мұның өзі терең білімді, жоғары білікті мамандар дайындау үшін сапалы білім беру міндеті кезек күттірмес мәселелердің бірінен саналатындығын айғақтайды [3].

«Блиц» оқу ойындары – қысқа мерзімді шағын ойындар, олар студенттердің нақты біліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталады.

«Блиц» ойындарында білімгерлерге ойынның жалпы нобайы мен тапсырмалары ғана беріліп, студенттер оларды өздігімен ойнап шығуы керек. Мұнда да «Ойыннан кейін» кезеңі ерекше маңызды рөл атқарады, өйткені осы уақытта студенттер ойыннан алған әсерлерімен бөлісіп, ой-толғаныстарын жазбаша түрде келтіреді. Сондықтан да, бұл интербелсенді әдістердің бірі ретінде қаралып, төмендегідей мысал келтірсек:

Дұрыс – деп ойлаймын. Себебі:	Дұрыс емес – деп ойлаймын. Себебі:
1.Қазақ халқы жойылып кету қаупінен құтылды, бұл сол кездегі дұрыс шешім болды. (Жоңғар, қалмақ, башқұрт, Цин империясы) . 2. Рулар арасындағы талас-тартысқа шек қойыла бастады. 3.Қазақ елі мен Орта Азияны байланыстыратын темір жолдар салынды. 4.Бекіністер салудың нәтижесінде саудасаттық дамыды. 5. Өнеркәсіп орындары ашылып, қазақтар кен орындарында жұмыс істеуді үйренді. 6. Отырықшы мал шаруашылығы мен егіншілік дамыды. 7. Мектептер ашыла бастады. 8. Басқа ұлт өкілдері мен араласуы қазақ халқының дамуына әсерін тигізді.	1. Әбілқайыр хан қандай жағдай болса да Орта жүз бен Кіші жүздің хандарымен тіл табысуы керек еді. Сөйтіп, өз күштерімен тосқауыл қою талпынысын жасауға болатын еді. 2. Осы қате шешім үш жүз жыл бойы қазақ халқының қасіретіне айналып, халықтың ұсақталуына алып келді. Қазақ халқында құлдық психология қалыптасты. Өзіне сенбейтін, тек жоғары жақтың айтқан бұйрығын орындауға тырысатын, жақсылығы өз қара басынан аспайтын ұрпақ дүниеге келді. 3. Ал осындай түсінік ой-сананы ауыстыру үшін қазақ халқына әлі де болса жүз жыл керек деп ойлаймын. 4. Қазақтың рухы әлсіреді. Халық өз ана тілі мен ата тарихынан мақұрым қала бастады. Ұлттың мәңгірттенуі халықтың туған тілі мен тарихи санасының көмескіленуіне алып келді. 5. Қазақ өз жерінде азшылыққа ұшырап, шөл аймаққа ығысты. Ұлттың азып-тозуына алып келді. 6. Жылдан жылға салықтардың бағасын өсірді. Қазақ жері Ресей патшалығының шикізат көзіне айналды.

Сабақтың мақсаты: Қазақстанның Ресейге қосылуының себептерін, оның барысы мен нәтижесі тарихи мәліметтерді беру; Білімгерлер бойында елжандылық, жоғары адамгершілік сезімін ұялату. Тарихи құбылыстар мен оқиғаларды салыстыра білу біліктерін дамыту.

Шындық детекторы. Бір студентке 8-10 сұрақ қойылады. Студент сұрақтардың барлығына да шынайы түрде жауап беріп, тек біреуіне ғана жалған жауап қатады. Қалған студенттер шағын топтарға бөлініп, жауаптардың қайсысы өтірік болғанын анықтап, өз ұстанымдарына дәлелдер келтіруі керек.

Фотолар. Әр студентке (немесе студент тобына) бір адамның фотосын беріп, оның өмірін (немесе ол адамның мінез-құлқын) қысқаша түрде сипаттап беру тапсырылды. Жұмыс аяқталғаннан кейін фотолар тақтаға (қабырғаға) ілінеді. Студенттер кезекпен өз мәтіндерін оқығанда, басқалар әңгіменің қай адам туралы болғандығын анықтауы керек. Мұнда да өз көзқарасын дәлелдейтін тұжырымдар келтіріледі.

Алиби. Екі студентке белгілі бір қылмыс жасауда күдіктілердің рөлі беріледі. Оларды аудиториядан аластатып, алиби ойлап табуды тапсырады. Бұл студенттер қайтып оралғанда топтар екіге бөлініп, екі күдіктіден кезектесіп жауап алады. Егер күдіктілердің алибилері аз да болса сәйкес келмесе, олар жалған деп есептеді.

Тандау. Студенттер басқарма отырысында директорлардың рөлдерін ойнайды. Олардың мақсаты–атышулы премияны (жүлдені) ең үздік адамға тапсыру. Студенттер өз кандидаттары туралы жан-жақты ақпарат келтіріп, нақты дәлелдерді айғақтауы керек.

«Блиц» ойынын «Қазақстан тарихы» пәні тақырыптарына лайықтау – оқытушының міндеті [4].

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған жаңа интербелсенді әдістерді Қазақстан тарихы пәнінде қолдану арқылы білімгерлердің ізденушілік, жауапкершілік, берліген тапсырманы қызығушылықпен орындауына мүмкіндік беру арқылы, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болатындығын айтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Adisteme. KZ. Педагогикалық журнал. <https://adisteme.kz/interbelsendi-adisterdi-sabakta-koldanu.html> (қаралу уақыты: 13.10.2022 ж.)

2 Ә. Бәкірова. Көрнекі құралдарды жасау және пайдалану жолдары //оқу құралы. Алматы, - 1992. – 48 б.

3 Т.Т. Тұрлығұл. Тарихты оқыту әдістемесі. Алматы, - 1998. – 320 б.

4 А. Әлімов. Интербелсенді әдістерді ЖОО қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. 263 б.

ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ В ПРЕПОДАВАНИИ «ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА»: ИСПОЛЬЗОВАНИЕ И ЭФФЕКТИВНОСТЬ

Калиева Б.Т.

В статье рассматривается использование интерактивных методов с новыми инновационными технологиями из истории Казахстана, его эффективность может быть показано как один из важнейших вопросов в XXI веке. Основная цель работы - провести учебный процесс интересным и всесторонним образом, используя как старые традиционные уроки, так и новые методы. Основной концепцией здесь является достижение цели в ходе урока на основе использования интерактивных методов не только описать историю своей страны, но и показать ее с помощью новых методов в рамках одной темы. В ходе занятия следует подробно указать виды использования интерактивных методов, способы реализации, способы их использования. Таксономия Блума, пресс-конференция, тип письма, ролевая игра и многое другое. Его эффективность можно отметить, проводя уроки по предмету истории Казахстана. Одним из основных вопросов, рассматриваемых в статье, является использование интерактивных методов при преподавании предмета «История Казахстана» обучающимся высших учебных заведений и показать их эффективность.

Ключевые слова: История Казахстана, интерактивный метод, способ, инновация, обучающиеся, высшее учебное заведение

INTERACTIVE METHODS IN TEACHING "HISTORY OF KAZAKHSTAN": USE AND EFFICIENCY

B. Kaliyeva

The article discusses the use of interactive methods with new innovative technologies from the history of Kazakhstan, its effectiveness can be shown as one of the most important issues in the XXI century. The main goal of the work is to conduct the learning process in an interesting and comprehensive way, using both old traditional lessons and new methods. The main concept here is to achieve the goal during the lesson through the use of interactive methods, not only to describe the history of your country, but also to show it using new methods within the same topic. During the lesson, you should specify in detail the types of use of interactive methods, methods of implementation, ways of using them. Bloom's taxonomy, press conference, writing type, role play and more. Its effectiveness can be noted by conducting lessons on the subject of the history of Kazakhstan. One of the main issues addressed in the article is the use of interactive methods in teaching the subject "History of Kazakhstan" to students of higher educational institutions and to show their effectiveness.

Key words: *History of Kazakhstan, interactive method, method, innovation, students, higher educational institution*

УДК 374

10.53355/ZHU.2023.106.1.029

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКОЗНАНИЮ

Кожажулов С.К., Оспанова Ж.О., Джакыпбекова М.Т.

Данная статья представляет собой исследование тенденций в области цифровой грамотности студентов-филологов, разработку и анализ предложений по ИТ-стратегиям применительно к университетам. В статье рассматриваются современные эффективные модели стратегий цифровизации, роль имиджа в формировании нематериальных активов бренда. В этом исследовании также систематизируется и оценивается опыт разработки и применения стратегий цифрового образования на примерах Оксфордского университета в Англии. Эта тема актуальна в связи с тем, что в последние годы наряду с повышением роли информационных технологий.

Ключевые слова: *развитие, цифровые технологии, грамотность, студенты-филологи, социальные сети, ИТ, образование.*

В современном мире, где все меняется ежеминутно, когда появляются технологии, с помощью которых мы можем охватить нашу целевую аудиторию, не выходя из дома, цифровая грамотность приобрела совершенно новый облик. Технологии сейчас важнее, чем в любое другое время. Компании открывают целые ИТ-отделы. Это наука об отношениях между субъектом и обществом. Как подчеркнула Надежда Червякова на одном из тренингов MDP Global classroom, "В современном мире все становится социальным", сейчас социальность, общественное мнение, мгновенный обмен информацией формируют конкурентную среду в образовании. Студенты-филологи, как будущие преподаватели и ученые, также должны быть конкурентоспособны в современных реалиях. На это в значительной степени влияет цифровая грамотность и способность предоставлять информацию онлайн и офлайн. Задачей университетов в то же время является развитие цифровых и социальных навыков студента-филолога.

Стратегия цифровизации образовательной организации, ее подготовка и написание, а также применение на практике - одна из актуальных тем сегодня как для самих университетов, так и для развития цифрового образования. Сфера образования – институты,

университеты, колледжи, школы - сегодня составляет конкурентный рынок. Многие частные высшие учебные заведения, научно-исследовательские институты и школы в мире существуют и развиваются самостоятельно, без помощи государства. Рынок образования составляет около 4,5-5,0 трлн долларов. И с каждым днем количество заведений становится все больше и больше. Конкуренция порождает спрос на лучшее сочетание навыков и более современное цифровое образование.

В этой статье рассматриваются стратегии ведущих университетов мира, таких как Оксфордский университет, Парижский университет Сорбонна и Колумбийский университет. Анализируются характерные особенности этих трех университетов в отношении международной системы цифрового гуманитарного образования. Выявлена и обоснована необходимость совместного использования эмпирических и теоретических знаний в области высшего образования. В настоящее время большинство университетов мира выделяют международную деятельность в качестве одного из приоритетных направлений развития университетов. И цифровое онлайн-образование позволяет достичь этих целей. Это связано с тем, что процесс глобализации охватывает все сферы жизни государства, не исключая и высшее образование.

Оксфордский университет - один из старейших, самых известных и престижных университетов в мире, расположенный на Юго-востоке Англии. Стабильно занимает лидирующие позиции в рейтинге лучших университетов мира. Университет известен во всем мире своими превосходными исследованиями и является домом для одних из самых талантливых студентов и ученых со всего мира. Широта исследований и связи между дисциплинами способствуют развитию знаний, взаимопонимания, инноваций и креативности.

Оксфордский университет стремится к высокоинтеллектуальному, социальному и экономическому развитию сообществ, которым он служит, посредством преподавания, исследований и творчества, соответствующих самым высоким стандартам. В развитии и воспитании интеллектуального и предприимчивого творчества институт вносит наибольший вклад в научную деятельность университета. Социальная ответственность требует, чтобы все аспекты деятельности университета были устойчивыми. Равенство и вовлечение всех студентов в студенческую жизнь также является не менее важным фактором. Университет выполняет эти задачи с помощью различных PR-инструментов, например, таких, как “маркетинг”. Согласно стратегическому плану Оксфордского университета и его упомянутой бизнес-школы, программа “Маркетинговая инициатива будущего” была создана со следующими целями:

1) Оксфорд станет глобальным центром исследований и интеллектуального лидерства по вопросам, лежащим в основе будущего маркетинга, и объединит ведущих ученых и организации технологической работы.

2) Эта инициатива станет для ведущих организаций средством информирования, внесения вклада и влияния на маркетинговую программу Оксфордского университета.

3) Социальные сети Instagram, Facebook, Twitter появляются в виде современного маркетинга.

Ни одна организация не может самостоятельно решать новые задачи цифровой трансформации, и ни одна школа не должна проводить исследования и готовить нынешних и будущих лидеров без подлинного сотрудничества и партнерства в области современных технологий.

Таблица 1

Статистика посещаемости www.ox.ac.uk.uk .

	В день	В месяц	В год
Просмотры	10 552	450 218	5 325 000
Посетители	2710	9057	1 587 914

* Приблизительные данные, рассчитанные на основе информации из сервиса Alexa.

Таким образом, Oxford Said запустила инициативу Oxford Future initiative. Это уникальный подход, который объединяет самые яркие академические умы с лучшими ИТ-партнерами, представляющими крупные технологические компании. Вместе они обсуждают и решают проблемы, с которыми сталкивается образование во все более цифровом, социально интерактивном и технологически сложном мире. Социальные сети Instagram, Facebook, Twitter предстают в виде современных маркетинговых инструментов и влияют на развитие брендинга личности выпускников как высокоэффективных специалистов, поддерживая при этом интерес новых студентов к Оксфордскому университету. Эта программа была разработана ведущими экспертами индустрии маркетинга, обеспечивающими полное понимание тенденций в области PR и цифровизации. Каждый год университет увеличивает финансирование для поддержки наиболее способных аспирантов и магистрантов. Огромные возможности предоставляют различные образовательные программы университета, благодаря которым абитуриенты расширяют свой кругозор. Оксфорд учитывает рост числа студентов, что стратегически важно для выполнения основной миссии университета и академических приоритетов.

Чтобы выявить предпочтения казахстанской аудитории студентов, мы опросили 100 человек онлайн и 50 человек оффлайн.

Онлайн-опрос проводился на платформе онлайн-опросов SurveyMonkey.com. В опросе приняли участие 100 человек. На проведение онлайн-опроса ушло 3 дня. Опрос состоял из 4 вопросов.

Первый вопрос состоял в том, чтобы определить пол интервьюируемого. 71 женщина и 29 мужчин согласились принять участие в опросе.

Второй вопрос был задан для определения посещаемости и эффективности конкретной социальной сети. Наиболее посещаемыми оказались Instagram Facebook с 52% и Tiktok с 40% ответов, остальные лайки Facebook 2%, ВКонтакте 1% были менее посещаемыми, в дополнительном поле для ответов респонденты указали мессенджер Telegram, поскольку он обладает функциями канала и видеоресурса Youtube. Твиттер не получил ни единого голоса.

Третий вопрос состоял в том, чтобы определить хорошо известную теорию о том, что люди проводят в Интернете более 3 часов в день. Наш опрос подтвердил эту теорию. Тот факт, что они проводят в Интернете более 3 часов в день, подтвердили 61% респондентов, 34% проводят в Сети 1-2 часа в день и только 5% проводят менее одного часа в день.

Четвертый вопрос с открытым ответом определяет, какой тип общения будет более эффективным для филологов в высших учебных заведениях: традиционный или онлайн-цифровой или смешанный формат. 61% респондентов решили, что онлайн-образование экономит время, но страдает от эффективности и меньшего контроля успеваемости, 27% отметили, что традиционный формат обучения намного дороже, но более эффективен. Остальные сочли смешанный формат эффективным.

Опрос показал, что студенты-филологи должны овладеть как традиционными методами, так и навыками цифрового образования. Мы рекомендуем студентам-филологам совершенствовать следующие навыки:

- Умение организовать собственную информационную безопасность,
- Возможность создавать и редактировать видеоконтент, видеозаписи, скринкасты с использованием программного обеспечения и интернет-сервисов,
- Способность проектировать, разрабатывать, заполнять электронный (онлайн) курс,
- Возможность создавать свои собственные электронные образовательные ресурсы (онлайн-тест, онлайн-кроссворд, онлайн-викторина, интерактивный плакат и многое другое),
- Возможность создавать, редактировать и распространять цифровое персональное электронное портфолио,
- Умение работать с дизайнерами сайтов, создавать электронное портфолио, личный сайт, блоги,

- Умение использовать мобильные технологии, мобильные приложения, мобильные устройства учащихся в учебном процессе,
- Возможность организовать и провести онлайн-тренинг,
- Умение искать и выбирать интернет-сервисы, цифровые ресурсы и адаптировать их к преподаваемой дисциплине,
- Возможность использовать облачные технологии для хранения информации,
- Возможность создавать документы Google, созданные для совместной работы, и работать с ними.

ЛИТЕРАТУРА:

1. <https://www.ox.ac.uk/research/divisions?wssl=1>
2. З.Данаева. Современное состояние и проблемы взаимоотношения журналистики и PR. «PR и СМИ в Казахстане». Сборник научных трудов. Четвертый выпуск. Алматы – 2006г. стр. 54-57.
3. Бузин, В. Н. Медиапланирование. Теория и практика / В.Н. Бузин, Т.С. Бузина. - Москва: СПб. [и др.] : Питер, 2010. - 496 с.
4. <http://www.ox.ac.uk/research/public-engagement/engaged-research>
5. Public Relations Strategy (PR in Practice): Sandra Oliver
6. <https://www.university.columbia.edu/strategicplan/priorities>
7. <http://www.sorbonne-universite.fr/index.php/en/research/research-promotion-and-transfer>
8. <https://www.sbs.ox.ac.uk/research/oxford-future-marketing-initiative>
9. <https://www.sorbonne-universite.fr/en/university/about-us/institutional-strategic-plan>
10. <http://www.press-service.ru/article/193/>
11. http://www.unica-network.eu/david_unica_presentation_june_2016
12. <http://president.uc.edu/thirdcentury/docs/StratCommPlanFinalOct2013.pdf>
13. <https://cabs.msu.edu>
14. <https://rmit.libguides.com/c.php?g=336372&p=2262647>
15. <https://offices.depaul.edu/public-relations-communications/pr-strategic-communications/Pages/default.aspx>
16. http://uc.kennesaw.edu/resources/resources_docs/uc_strategic_communication_plan_2015-2017.pdf

ТІЛ БІЛІМІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Қожағұлов С.Қ., Оспанова Ж.О., Джакыпбекова М.Т.

Бұл мақала филология студенттерінің цифрлық сауаттылық тенденцияларын зерттеу, университеттерге қатысты IT стратегиялары бойынша ұсыныстарды әзірлеу және талдау болып табылады. Мақалада цифрландыру стратегияларының заманауи тиімді модельдері, брендтің материалдық емес активтерін қалыптастырудағы имидждің рөлі қарастырылады. Бұл зерттеу сонымен қатар Англиядағы Оксфорд университетінің мысалдарында цифрлық білім беру стратегияларын әзірлеу және қолдану тәжірибесін жүйелейді және бағалайды. Бұл тақырып соңғы жылдары ақпараттық технологиялардың рөлін арттырумен қатар өзекті болып отыр.

Кілт сөздер: даму, цифрлық технологиялар, сауаттылық, филология студенттері, әлеуметтік желілер, IT, білім.

EXPERIENCE OF USING DIGITAL TECHNOLOGIES IN TEACHING LINGUISTICS

S.K. Kozhagulov, Zh.O. Ospanova, M.T. Dzhakypbekova

This article is a research of trends in the field of digital literacy of philology students, the development and analysis of proposals for IT strategies in relation to the universities. The paper examines modern effective models of digitalization strategies, the role of image in the formation of non-tangible brand assets. This study also systematizes and evaluates the experience of developing and applying digital education strategies using examples from Oxford University in England. This topic is relevant due to the fact that in recent years, along with the increasing role of IT.

Key words: development, digital, literacy, philology students, social networks, IT, education.

ӘОЖ 378.2

10.53355/ZHU.2023.106.1.030

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Корабаева Н.Б.

Мақалада оқу және жазбаша сын тұрғысынан ойлаудың дамуы, сондай-ақ студенттерді ЖОО-да оқыту процесінде кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудағы студенттердің өзіндік жұмысын жандандыру мақсатында, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту мәселесі сипатталған. «Сыни ойлау» ұғымын анықтау үшін отандық және шетелдік ғалымдардың түрлі ғылыми тәсілдеріне талдау жүргізіледі. Кәсіби құзыреттерді нәтижелі қалыптастыру дәстүрлі және инновациялық технологияларды пайдаланған жағдайда мүмкін болады. Инновациялық технологиялар арасында РКМСНР сыни ойлауды дамыту технологиясы (оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту) үлкен қызығушылық тудырады, өйткені студенттерді өз бетінше ойлауға, табуға, талдауға, жүйелеуге, құрылымдауға және ақпаратты беруге үйретуге мүмкіндік береді. Мақалада студенттердің сыни және талдамалық ойлауды дамыту мәселелері жазу және оқу арқылы баяндалады, сыни ойлауды дамытудың үш сатысы қарастырылады, осы ойлау түрін дамытуға ықпал ететін сұрақтардың түрлері ұсынылады.

Кілт сөздер: сыни ойлау, дамыту, технология, талдау, ақпарат, пікірталас, кәсіби дағды

Қазіргі жағдайда оқытудың мақсаты қолда бар ақпаратты жай трансляциялау емес, жеке адамның жеке қабілеттерін ашу, оның ақыл-ой белсенділігін дамыту болып табылады. Адамға өмір бойы үйрету емес, оны өмір бойы үйренуге үйрету міндеті қойылып отыр. Бұл міндетті шешуге сыни ойлауды дамыту сияқты жаңа заманауи технологияны қолдану сәтті ықпал ете алады.

Шығармашылық қабілеті, сыни ойлауы және кәсіби құзыреттілігі бар, тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын және шешім қабылдай алатын жас маманды даярлау проблемалық әдістерді қолдануды қамтиды. Қазіргі студентті оқу іс-әрекетіне, мақсатқа жету жолдарын іздеуге ынталандыру өте қиын. Мұның басты себебі сыни ойлаудың дамуының жеткіліксіз деңгейінде жатыр.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлау ақпаратқа толы әлемде өмір сүретін адамдардың интеллектуалды және шығармашылық іс-әрекетінің бір түрі ретінде, атап айтқанда студенттердің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін тиімді технология ретінде қарастырылады.

Сыни ойлауды дамыту технологиясын алғаш рет Солтүстік Айова университеті мен Хобард және Уильям Смит колледждерінің Халықаралық оқу қауымдастығы әзірледі. Сыни ойлауды дамыту технологиясы ғылым, білім беру салаларында, қызмет түрлерінде пайдалануға арналған стратегиялар мен әдістемелік тәсілдердің ашық жүйесі ретінде сипатталады. Сыни ойлау технологиясы педагог пен білім алушының шығармашылық

ынтымақтастығына, олардың кез келген материалға талдамалық көзқарасының болуына негізделген. Бұл технология материалды есте қалдыруға емес, проблеманы қоюға, оның қисынды талдауына және проблеманы шешу үшін өз мүмкіндіктерін нақтылай отырып, шешімдердің алуан түрлілігін іздеуге арналған.

Бұл технологияның бас принципі ізгілендіру және ынтымақтастық принципі болып табылады, ол келесі нәтижелерді алуға бағытталған:

- ғылыми білімнің түрлі салаларында еңбек және өндіріс технологияларының жиі ауысуы, үнемі ұлғайып отыратын және жаңартылып отыратын ақпараттық ағым жағдайында білім алушылардың тиімді жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру;

- алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және осындай бағалау негізінде өз көзқарасын дәлелді білдіру және қорғау іскерліктерін қалыптастыру;

- туындаған проблемаларды шешуге ғана емес, қажет болған жағдайда да жауапкершілікті өзіне алуға дайындықты қалыптастыру;

- өзінің өзін-өзі дамытуымен айналысу қабілетін қалыптастыру (академиялық ұтқырлық); топта ынтымақтасу және жұмыс істей білуді дамыту; басқа адамдармен сындарлы өзара қарым-қатынас орнату қабілетін нығайту [1, 20-22 б.].

Сыни ойлауды эксперименттік қалыптастырудың және әртүрлі пәндер бойынша көптеген оқытушылардың тәжірибесін қорытындылаудың нәтижелері сыни ойлауды қалыптастырудың неғұрлым тиімді тәсілдері мен стратегияларының тізбесін жасауға мүмкіндік береді:

- пікірталастар, даулар ұйымдастыру арқылы міндеттер мен проблемаларды шешудегі қателерді талқылау (шешудің неғұрлым ұтымды тәсілдерін тандауда);

- өзінің және басқалардың әдеби шығармаларын, рефераттарын, эсселерін рецензиялау (мәтінді сыни талдау);

- ғылыми және публицистикалық мақалаларды, Интернеттен шолуларды, блогшылардың пікірлерін, әлеуметтік желілердегі талқылауларды және т.б. талқылау;

- нақты білім салаларындағы теорияларды салыстырмалы талдау;

- кейіннен өзінің және басқалардың алогизмдерін, қате пайымдауларын іздестіре отырып, эссе, талдамалық шолулар, талдамалық бағыттағы рефераттар жазу;

- сын және өзін-өзі сынау негізінде жатқан логикалық операцияларды қолдана отырып, логикалық міндеттерді шешу;

- бұрын ғылымда ұсынылған гипотезалардың қазіргі заманғы проблемаларын шешу процесінде дәлелдеу, теріске шығару бойынша тренингтер арқылы іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

- спорт мәселелері, кинофильмдер, телехабарлар, баспасөздегі «сенсациялық» мақалалар бойынша пікірталастар ұйымдастыру;

- дауларды, пікірталастарды, эксперимент процесін сыни талдау. - ақыл-ойдың сыншылдығы мен өзіндік сыншылдығына, сын мен өзін-өзі сынға, бағалау мен өзін-өзі бағалауға, сондай-ақ оларды өмірде, оқыту процесінде, зерттеу процесінде қолдану тәжірибесіне баса назар аудара отырып, сыни ойлауға негізделген ұғымдарды зерделеу;

- өңірдегі, елдегі, шет елдердегі, әлемдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік ахуалды оқу сыни талдау және бағалау [2, 49-51 бб.].

Авторлардың көпшілігі сабақтың дәстүрлі кезеңдерімен үндес сыни ойлауды қалыптастырудың үш негізгі кезеңін атап өтеді. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы үш кезеңнен тұрады: *қиындық – түсіну – рефлексия*.

Біз белсенді (рефлексивті) жазу әдістерін қолданамыз - кестелерді толтыру, эссе жазу, мәтінді арнайы белгілермен таңбалау, автордың негізгі сөздерін, идеяларын, ой-пікірлерін бөліп көрсету және белсенді оқу әдістері: дәріс, мақалаларды оқу, хрестоматия, сөздіктерді оқу, аялдамалармен оқу. Оқу сабағы барысында топтық, жұптық және жеке жұмысты ұйымдастыру әдістері, қойылған сұрақтарға жауаптар, пікірталастар, форум, мәтінді түсіндіру маңызды мәнге ие.

«Қиындық» кезеңінде студенттің алдында тұрған «осы тақырып бойынша не білемін?», «не білгім келеді?» деген сұрақтардың көмегімен алдыңғы білімді нақтылау жүргізіледі. Қиындық оқушылардың бар білімдерін өзектендіреді, тақырыпқа қызығушылықты оятады; материалды зерттеу мақсаттары дәл осы жерде анықталады. Қолда бар білім негізінде оқушылар өз болжамдарын құра алады, осы сабақта танымдық қызметтің мақсатын анықтай алады. Жұмыс жеке, жұптық, топтық немесе ұжымдық нысандарда жүргізілуі мүмкін.

Сонымен, қиындық сатысын іске асыру барысында келесілер маңызды:

- студенттерге оқып жатқан тақырыпқа қатысты өз көзқарасын еркін, қателесуден қорықпай білдіруге және мұғалімнің түзетуіне мүмкіндік беру;
- барлық пікірлерді жазу керек, олардың кез келгені алдағы жұмыс үшін маңызды болады. Бұл ретте осы кезеңде «дұрыс» немесе «дұрыс емес» пікірлер жоқ;
- жеке және топтық жұмысты үйлестіру: жеке жұмыс әрбір оқушыға өз білімі мен тәжірибесін өзектендіруге мүмкіндік береді; топтық - басқа пікірлерді есту, өз көзқарасын қатесіз жазу. Пікір алмасу жаңа идеяларды әзірлеуге ықпал етуі мүмкін.

Екінші кезең - «түсіну» жаңа ақпаратты зерделеуге бағытталған. Студенттер ақпаратты түсініп қана қоймай, оны бұрын зерттелген ақпаратпен салыстыруға тиіс. Мұнда студенттің мәтінмен негізгі мазмұндық жұмысы жүреді, әрі «мәтінді» айтарлықтай кеңінен түсіну керек: бұл тарихи құжат немесе кез келген басқа дерек көзі, сондай-ақ мұғалімнің сөзі, бейнематериалдар, цифрлық құралдар және т.б. болуы мүмкін. Студенттің жаңа ақпаратпен жұмыс істеу процесінде мынадай тәсілдер қолданылады: тоқтау мәтінін оқу, мәтінді таңбалау, кестелер, иерархиялар жасау, цифрлық ақпаратты проблемалар деп бөлу және т.б. Содан кейін әрбір оқушы оған тапсырманы орындауға не көмектескенін, түсінуді қиындатқанын түсіндіреді. Бұл оқу кезінде міндетті түрде болуы керек интроспекция элементі. Осы кезеңде ақпаратты әрі қарай өңдеу кезінде жеке іздеу және пікір алмасу да міндетті болып табылады.

«Рефлексия» үшінші сатысы жаңа материалды зерделеу негізінде алынған ақпаратты жүйелі түрде қорытуға, бағалау пайымдауын, тұжырымдарын қалыптастыруға бағытталған. Мұнда студент зерттелген материалды түсінеді және өзінің жеке пікірін, зерделенетін материалға көзқарасын қалыптастырады. Осы сатыда пікірталас өткізуге, тарихи шығарма, эссе жазуға, қаралған материалды өз тұжырымдары, дәптердегі немесе планшеттегі жазбалар түрінде тіркеуге, схеманы, дәлелдер тізбесін жасауға болады. Дәл осы кезеңде оқушылар жеке ерекшеліктеріне сәйкес жаңа білімді құрастыру бойынша шығармашылық танытады: сабақта білгендерін дауыстап ойлайды, пән туралы өз түсініктерін қайта құрастырады немесе оларды жаңа білімдермен толықтырады, материалды жүйелендіреді және қорытады. Бұл кезең сыни, проблемалық және шығармашылық ойлау барынша бірігетін жобалық жұмысты ұйымдастыру кезінде өте маңызды [2, 51-58 бб.].

Студенттердің өзіндік жұмысы оқу материалын түсінуде логикалық ойлауды, шығармашылық белсенділікті және зерттеу тәсілін дамытуды қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды орындаумен байланысты. Өзіндік жұмыс студенттердің өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін, сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Студенттердің өзіндік жұмысының маңыздылығы даусыз, өйткені ол студенттердің өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар студенттердің бойында келесі қасиеттердің дамуына әкеледі:

- шындықтың өзгеретін жағдайларына икемді бейімделу, қажетті білімді өз бетінше алу, оларды әртүрлі мәселелерді шешу үшін іс жүзінде шебер қолдану;
- сыни тұрғыдан ойлау, нақты әлемде туындайтын қиындықтарды көре білу және заманауи технологияларды қолдана отырып, оларды жеңу жолдарын іздеуге тырысу; алынған білімді нақты әлемде қайда және қалай қолдануға болатындығын түсіну; жаңа идеялар тұдыру, шығармашылық ойлау;
- ақпаратпен сауатты жұмыс істеу: мәселені шешетін гипотезаларды талдай білу, болжай білу, қажетті жалпылау, ұқсас немесе балама нұсқаларды салыстыру, дәлелді тұжырымдарды тұжырымдай білу;

- қарым-қатынас жасау, әртүрлі әлеуметтік топтармен байланысу, жанжалды жағдайлардың алдын алу немесе олардан шебер шығу арқылы әртүрлі салаларда бірлесіп жұмыс істей білу [3, 10-11 бб.].

Жоғары оқу орындарында студенттерді оқыту процесінде оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясын қолдану құзыреттілік және жобалау-қызмет тәсілдері негізінде жоғары білім беру жүйесін жаңғыртуға қатысты мемлекеттің талаптарын іске асыруға, студенттерді жоғары оқу орнында оқытудың белсенді және интерактивті технологияларын енгізуге мүмкіндік береді. Осы себептен осы ойлау шеберлігін бағалау үшін тиімді құралдарды анықтау және пайдалану маңызды.

Шығармашылық және сыни ойлауды қалыптастыру және студенттердің осы түрлерін оқыту қабілеті оқытушының кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтайды. Студенттердің іс-әрекетінің өнімділігі, демек, оқу процесінің тиімділігі оқытушының студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға, қабылдауды, есте сақтауды, түсінуді және басқа ойлау процестерін қалай үйрете алатындығына байланысты. Осылайша, сыни тұрғыдан ойлау оқытушының кәсіби құзыреттілігінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады, ол сонымен қатар студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға бағыттайды. Бұл ойлау әлеуметтік және көпшілік алдында сөйлеу кезінде, пікірталаста, дау-дамайда толық көрінетіндіктен, оқытушының студенттермен және студенттермен өзара әрекеттесуі болған кезде топтық мәселелерді шешу жеке сабақтарға қарағанда жақсырақ болады. Студенттер болып жатқан оқиғалардың тең қатысушылары болып табылады және оқытуды олар мен оқытушы арасында тәжірибе алмасу ретінде қабылдайды [4].

Осылайша, инновациялық әдістерді қолдану білімгерлердің сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді: өз бетінше талдау; шығармашылық ойлау; өз ұстанымдарын дәлелдеу; мәселелерді шешу. Оқытушылардың міндеті студенттердің сыни ойлауын дамыту болып табылады, ол білімгерлерге қол жетімді контексте идеялар мен білімді іздеуде қолдау көрсетуден тұрады. Сыни ойлауды қалыптастыру технологияларын қолдану өзара әрекеттесу атмосферасын құруға, гипотеза жасау тәуелсіздігіне, сынды дұрыс қабылдауға және белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Критическое мышление / Д.М.Шакирова.—Казань: ГАОУ ДПО ИРО РТ, 2019.— Вып.3.—146 с. — (Серия «Методология. Технологии. Инновации»).
2. Мусина-Мазнова Г.Х., Сколота З.Н. Технология развития критического мышления в формировании профессиональных компетенций студентов // Интернет-журнал «Мир науки», 2018.- №6.- <https://mir-nauki.com/PDF/96PDMN618.pdf> (доступ свободный). Загл. с экрана. Яз. рус., англ.
3. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА.- 2021. – 378 б.
4. Шакирова Д.М. Формирование критического мышления учащихся и студентов в условиях модернизации образования: отчет по теме НИОКР № 02-2.3-98/2004 Ф(02) / исп.: Д.М. Шакирова, М.И. Махмутов, Н.Ф. Плотникова.-Казань, 2004.-С.58

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ ЧЕРЕЗ КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ

Корабаева Н.Б.

В статье описывается развитие учебного и письменного критического мышления, а также проблема развития навыков критического мышления с целью активизации самостоятельной работы студентов в формировании профессиональных компетенций в

процессе обучения студентов в ВУЗе. Для определения понятия «критическое мышление» проводится анализ различных научных подходов отечественных и зарубежных ученых. Эффективное формирование профессиональных компетенций возможно при использовании традиционных и инновационных технологий. Среди инновационных технологий большой интерес представляет технология развития критического мышления РКМЧП (развитие критического мышления через чтение и написание), которая позволяет обучать студентов самостоятельно мыслить, находить, анализировать, систематизировать, структурировать и передавать информацию. В статье излагаются вопросы развития критического и аналитического мышления студентов путем написания и чтения, рассматриваются три этапа развития критического мышления, предлагаются виды вопросов, способствующих развитию данного вида мышления.

Ключевые слова: критическое мышление, развитие, технологии, анализ, информация, дискуссия, профессиональные навыки

FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF STUDENTS THROUGH CRITICAL THINKING

N.B.Korabayeva

The article describes the development of academic and written critical thinking, as well as the problem of developing critical thinking skills in order to activate the independent work of students in the formation of professional competencies in the process of teaching students at the university. To determine the concept of "critical thinking," an analysis of various scientific approaches of domestic and foreign scientists is being carried out. The effective formation of professional competencies is possible with the use of traditional and innovative technologies. Among innovative technologies, the technology of developing critical thinking of the RCMP (development of critical thinking through reading and writing) is of great interest, which allows teaching students to think, find, analyze, systematize, structure and transmit information on their own. The article outlines the development of critical and analytical thinking of students by writing and reading, considers three stages of the development of critical thinking, proposes types of issues that contribute to the development of this type of thinking.

Key words: *critical thinking; development, technology, analysis, information, discussion, professional skills*

ӘОЖ 541.124

10.53355/ZHU.2023.106.1.031

ХИМИЯ САБАҒЫНДА «ТӨҢКЕРІЛГЕН СЫНЫП» ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУ ДАҒДЫЛАРЫН АРТТЫРУ

Кудайбергенова К.А.; Сандыбаева А.Т.; Рысбаева А.К

Кейінгі жылдары төңкерілген оқыту нәтижелі білім беру мәселесінде аса танымал бола бастады. 2022-2023 оқу жылында қыркүйек пен желтоқсан аралығында «төңкерілген сынып» оқыту әдісін қолдану химия пәндері арасында өткізілді.

Зерттеу тақырыбы: *«Төңкерілген сынып» оқыту технологиясын қолдану арқылы 9 А сынып оқушыларының тұтас емес мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалай дамытамыз?»*

Зерттеудің мақсаты: *Оқушылардың өздігінен оқу дағдысын дамыта отырып, сыныпта жоғарғы деңгейлі тапсырмалар орындату арқылы зерттеу және талдау дағдыларын арттыру.*

Зерттеу бөлімдер:

«Төңкерілген сынып» бойынша материалдар жинап, білімді меңгеру;

Зерттеу объектісін анықтау;

Зерттеу жоспарын құр;

Зерттеу қадамдарын анықтау;

Нәтижесін шығару;

«Төңкерілген сынып» оқытуының артықшылығы мен кемшілігін анықтау;

Күтілетін нәтиже: Оқушылар жаңа оқу материалымен үнемі алдын ала өздігінен оқу дағдысы қалыптасады, сабақ барысында оқушылардың жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды қиындықсыз, толықтай орындау арқылы талдау дағдылары дамиды.

Зерттеу объектісі: 9 А сынып.

Қолдану аясы: «Төңкерілген сынып» оқыту әдісін қолдану оқушылардың өздігінен білім алуға негізделеді. Оқыған материалдарын сабақ барысында дамыту, қорытындылау, нақтылығын анықтау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушы жадысында ұзаққа сақталатыны айқындалды. Сондықтан қазіргі таңда оқушылардың тек білу, түсіну дағдысы қалыптастырып қоймай білімді пайдалану, қолдану, талдау және бағалау дағдысының дамуына көп көмегін тигізеді. Сабақтарда «төңкерілген сынып» оқыту әдісін зерттеу нәтижесі оңтайлы жақтарын мазмұндай отырып, сабақтарда қолдану ұсынылады.

Кілт сөздер: төңкерілген сынып, тұтас емес мәтін, белсенді оқыту әдістері, саластырмалы диагностика, салыстыру, талдау, модель.

Соңғы жылдары білім беру үдерісінде елеулі өзгерістер болғаны белгілі. Оған әлемде болып жатқан көптеген факторлар себеп. Аралас оқыту - білім берудегі инновациялық тәсіл. Оны – оқу әдістерінің жиынтығы ретінде қарастырады және білім беру саласында алға қойған жаңа мәселелердің шешімін табуда таптырмас құралы болды. Біз аралас оқытуды ұйымдастырудағы «төңкерілген сынып» моделін тандап, сол бойынша зерттеу жүргіздік. Кейінгі жылдары төңкерілген оқыту нәтижелі білім беру мәселесінде аса танымал бола бастады. Негізінде, «төңкерілген сынып» оқушылардың алдымен сабақтан тыс уақытта жаңа оқу материалын меңгеріп, содан кейін бұл білімді әрі қарай дамыту үшін сабақ уақытын пайдаланады. Көпшілік жағдайда сабақта кездесетін проблемалар: жоғарғы деңгейдегі тапсырмалар орындауда уақыттың жетпеуі, өз бетімен білім алу дағдыларын төмен болуы болып келеді. Осы проблема төңірегінде іс-әрекетті **зерттеу тақырыбы:** ««Төңкерілген сынып» оқыту технологиясын қолдану арқылы 9 А сынып оқушыларының тұтас емес мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалай дамытамыз?» - деп алынды. Алдыға қойған **мақсат:** Оқушылардың өздігінен оқу дағдысын дамыта отырып, сыныпта жоғарғы деңгейлі тапсырмалар орындату арқылы зерттеу және талдау дағдыларын арттыру. **Күтілетін нәтиже:** Оқушылар жаңа оқу материалымен үнемі алдын ала өздігінен оқу дағдысы қалыптасады, сабақ барысында оқушылардың жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды қиындықсыз, толықтай орындау арқылы талдау дағдылары дамиды.

Зерттеу келесі қадамдарды қамтиды:

1. Күнтізбелік жоспар «төңкерілген сынып» бойынша сабақ тақырыптары мен оқу мақсаттары іріктелінді. (70%)

2. Фокус топты айқындау. Сыныптағы оқушылардың білім сапасын ескере отырып, куратор және мектеп психологының кеңесі бойынша АВС оқушылары анықталды.

3. Сабаққа қажетті ресурс жинау. Жыл бойында сабаққа қажетті материалдар мен ресурстар жинақталды (видеоресурстар, сабаққа негізделіп түсірілген видео, мәтіндер, зертханалық тәжірибелер және т.б.) Оқушылар үйде пайдалана алатын ресурстарды алдын-ала табу керек немесе өзіңіз жасауыңыз керек. Бұл оқулар, аудио файлдар, веб-сайттар немесе бейнелер болуы мүмкін. Барлық оқушыларға осы материалдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету керек. Оқушыларға үйде пайдалану үшін жасалған материалдың сапасын оқушылардың берген кері байланысы арқылы түзету жұмыстарын жүргізуді естен шығармау керек.

4. Оқушыларға материалды үйде қалай пайдалану керектігін үйрету. Күнделікті сабақтан айырмашылығы, оқушыларда оқу материалдары бойынша туындаған сұрақтарды қолма қол қоя алмайды, сол себепті туындаған сұрақтарды түртіп жазып отыруы маңызды. Берілген материалдар туындаған сұраққа өздері жауап беруге негіздеу керек. Өз бетінше жұмыс істегенде оқушылардың көңілі басқаға ауып кепеуі немесе мүлдем оқу мақсатын ашпайтын материалды меңгермеуі де басты назарға алынады. Себебі, бұқаралық ақпарат құралдардың ауқымдылығы оның қойылған мақсаттан ауытқуына мүмкіндік тудырады.

5. Сабақта орындалатын тапсырмалар топтамасы құрастыру. Тапсырмалар деңгейінің әртүрлігіне көңіл бөлу, оқушылардың жоғарғы деңгейлі тапсырмалардың қиындықсыз орындауға мүмкіндік тудырды.

6. Әдіс-тәсілдерді саралау. Сабаққа қатысты белсенді оқыту әдістері анықталды. Сабақ уақытын тиімді пайдалану үшін белсенді оқыту әдісін таңдау керек. Сол бойынша жасалатын әрекеттер жоспарланды. Сабақта қолданылған белсенді оқыту әдістер оқушының сапалы білім алудың негізгі көзі болып саналады.

7. Сабақ жоспарын құру. Сабақ жоспарын құру барысында уақытты дұрыс жоспарлауға көңіл бөлу керек.

8. Сабаққа рефлексия жасау. Тиімді және тиімсіз жақтарын айқындау керек.

9. Сабақ жоспарына өзгерістер енгізу. Рефлексивті есеп нәтижесі бойынша келесі сабақтарды жоспарлау.


10. Нәтиже шығару. Диагностика құру.

Жоғарыда айтылған қадамдарды ұстана отырып, 9 А сыныбында өтілген «Химиялық реакция жылдамдығына катализатордың әсері» тақырыбына «төңкерілген сынып» оқыту әдісі қолданып, үй тапсырмасы ретінде жаңа тақырып бойынша алдын ала 10 минуттық видеоресурс және тақырыпқа сәйкес мәтін берілді. Сабақты сыни тұрғыдан ойлау әдісінің «модельдеу» стратегиясы арқылы оқушыларды топқа жіктеліп әр топ үйде оқыған мәліметтер бойынша арнайы бағалау критерийі арқылы, «катализатор және оның әсері» туралы әр топ өз моделін құрды және топ спикері қорғады. Жасап шығарған модельдерін ортаға салып, пікірталас жүргізді, өзара талқылады. Оқушыларға өздерінің жаңа фактілік білімдерін пайдалану мүмкіндігін бере отырып және сыныптастарын мен мұғалімнің дереу кері байланысына қол жеткізе отырып, қате түсініктерді түзетуге және жаңа білімдерін болашақта пайдалану үшін қол жетімді болатындай етіп ұйымдастыру керек. Блум таксономиясының білу және түсіну деңгейінде оқушылар жаңа материалды жақсы меңгергені мұғалім тарапынан өз бағасын алды. А,В,С оқушыларының іс-әрекеттері рефлексивті журналға жазылды.

Білімді қолдану деңгейі бойынша тапсырмалар құрылып, мысалы: «Катализатордың жұмыс жасау қадамдарын сипаттаңыз және мысал келтіріңіз» және тағы басқа осыған ұқсас тапсырмалар төңірегінде оқушылар жұмыс жүргізді. Сабақтың көп бөлігін жоғарғы деңгейлі тапсырмалар орындауға негіздедік. Салыстыру және график құру тапсырмалары оқушылардың талдау, жинақтау деңгейіне сабақ уақыттың көп мөлшері арналғаны айқындалды. Оқушыларға сутек пероксидінің түрлі катализатор қатысында реакция жылдамдағанын әртүлі болуы катализатордың тиімділігін анықтай отырып, кесте сызды немесе катализатор және катализаторсыз жүретін реакциялардың графигін парақ бетіне түсірді. Осындай тапсырмаларды орындауға уақыттың көп мөлшерін арналған жағдайда ғана оқушылардың талдау және зерттеу дағдысының дамығаны байқалады және ішкі және сыртқы жиынтық бағалауда тапсырмаларды орындауда қиындық туындамауы зерттеудің нәтижесі көрсетті.

Тақырыпты қорытындылау үшін оқушыларға жеке тапсырмалар берілді. Сабақты осылай бекіту мұғалімге оқушының қаншалықты оқу мақсатына жеткенін нақты анықтады және әлсіз тұстарын жетілдіру жолдарын ұсынды.

«Төңкерілген сынып» оқыту әдісі мен дәстүрлі оқыту бойынша жүргізілген сыныптардың саластырмалы диагностикасы көрсетілген:



Төңкерілген оқытудың артықшылықтары:

- оқушылар өз оқуына жауапкершілік алады;
- өздігінен жұмыс жасауға дағдыланады;
- керекті материалды іріктеуге дағдыланады;
- жоғары деңгейде оқуға көбірек мүмкіндік алады;
- сабақта жаңа материалды меңгеріп уақыт кетірмейді;
- оқушылар бір-бірімен тығыз жұмыс істейді;
- оқушылар арасындағы ынтымақтастық артады;

Төңкерілген оқытудың кемшілігі:

- кейбір оқушылардың берілген материалды оқымауы;
- сабақта сол оқушылардың сабақ материалын меңгеруге уақыттың тиімсіз пайдалануы;
- интернетке қол жетімділіктің теңсіздігі;
- компьютердің алдында көп уақыт отыру;
- алғашқы уақытта оқушы және мұғалім үшін қосымша жүктеменің көптігі.

Ұсыныс:

- Оқушылардың өздігінен оқу дағдысын арттыру барысында қысқа да нұсқа ресурстар дайындау;
- Жоғарғы деңгейлі оқушыларға оқу ресурстардың ссылқасын беру соның ішінен керектісін іріктеуге үйрету;
- Алған мәліметтердің негізгісін іріктеу барысында тиісті кестелер толтыруға үйрету;
- Үйден оқыған білімді дамыту үшін түрлі белсенді оқыту әдістерін қолдану;
- Оқу мақсатына негізделген тапсырманы сапалы құрастыру;
- Қорытындылай келе уақытты ұтымды пайдаланумен қатар оқу сапасы жақсарып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Bergmann J., Sams A. Flip your classroom: reach every student in every class every day // Washington, DC: International Society for Technology in Education, 2012.
2. Flipped Classroom сайт
3. Kim, M., Kim, S., Khera, O., & Getman, J. The experience of three flipped classrooms in an urban university: an exploration of design principles//The Internet and Higher Education. – 2014. – V 22, P.37-50.
4. Перевернутый класс: технология обучения XXI века сайт

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МЕТОДА ОБУЧЕНИЯ «ПЕРЕВЕРНУТЫЙ КЛАСС» НА УРОКЕ ХИМИИ

Кудайбергенова К.А., Сандыбаева А.Т., Рысбаева А.К.

В последующие годы перевернутое обучение становится все более популярным в вопросах продуктивного образования. В период с сентября по декабрь 2022-2023 учебного года применение метода обучения «классный класс» проводилось среди предметов химии.

Тема исследования: *«Как развиваем навыки работы с несплошными текстами с использованием технологии обучения «Перевернутый класс» у учащихся 9 А класса?»*

Цель исследования: *Совершенствовать исследовательские и аналитические навыки учащихся путем выполнения заданий высокого уровня на уроке, при этом развивая навыки самостоятельной работы.*

Исследовательские части:

Сбор материалов и получение знаний по «Перевернутому классу»;

Определение объекта исследования;

составить план исследования;

определение этапов исследования;

Вывести результат;

Определение преимуществ и недостатков обучения «перевернутого класса»;

Ожидаемые результаты: *У учащихся будут заблаговременно формироваться навыки самостоятельной работы с новым учебным материалом, в ходе урока будут формироваться аналитические способности учащихся путем выполнения заданий высокого уровня без затруднений.*

Объект исследования: *9 А класс.*

Область применения: *Использование метода обучения «Перевернутый класс» основано на самообучении учащихся. Определено, что память учащихся будет сохраняться на длительное время путем развития, обобщения и определения достоверности прочитанного материала на уроке. Поэтому в настоящее время она не только формирует умение знать, понимать, но и способствует развитию умения использовать, применять, анализировать и оценивать знания. Рекомендуется использовать на занятиях метод обучения «перевернутый класс», включая положительные стороны результатов исследования.*

Ключевые слова: *перевернутый класс, несплошные тексты, активные методы обучения, сравнительная диагностика, сравнение, анализ, модель.*

DEVELOPMENT OF STUDENTS' INDEPENDENT LEARNING SKILLS USING THE "FLIPPED CLASSROOM" LEARNING METHOD IN A CHEMISTRY LESSON

K.A. Kudaibergenova, A.T. Sandybaeva, A.K. Rysbaeva

In recent years, flipped learning has become increasingly popular on matters productive education. From September to December of the 2022-2023 academic year, the application of the "classroom" teaching method was carried out in chemistry.

Research topic: *"How do we develop the skills of working with non-continuous texts using the "Flipped Classroom" learning technology for grade 9 students?"*

The purpose of study: *To improve students' research and analytical skills by completing high-level tasks in classroom while developing independent work skills.*

Research Methodology:

Collecting data and gaining knowledge on the "Flipped Classroom";

Definition of the object of study;

Outlining the research plan;

Outlining of research stages;

Presentation of results;

Determining the advantages and disadvantages of "flipped classroom" teaching;

Expected result: *Students will develop independent working skills with the new educational material in advance. During the lesson, the analytical abilities of students will be developed through their ability to complete high-level tasks with ease.*

Object of study: *Grade 9 A.*

Scope: *The use of the Flipped Classroom teaching method is based on student self-learning. It is known that the memory of students will be preserved for a long time through the development, generalization and determination of the reliability of the material read in the lesson. Therefore, at present, it not only forms the ability to know, understand, but also contributes to the development of the ability to use, apply, analyze and evaluate knowledge. It is recommended to use "flipped classroom" teaching method in classroom, alongside the positive aspects of the research results.*

Key words: *flipped classroom, non-continuous texts, active learning methods, comparative diagnostics, comparison, analysis, model.*

ӘОЖ 94.100

10.53355/ZHU.2023.106.1.032

ГЕРМАНИЯДА ФАШИСТІК ДИКТАТУРАНЫҢ ОРНАУЫ ЖӘНЕ ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қаратаева Д.Ғ.

Мақалада Фашизм - интернационалдық құбылыс. Себебі, Еуропа демократиялық, революциялық қозғалыстың орталығы болды.

Фашизм - диктатураның басып-жаниу мен құрту жолынан басқа шарасы қалмаған кезде пайда болады және оның негізгі ұйымдастырушысы ролін атқарады.

Германиядағы фашизмнің «таптық формасы» белгілі бір тарихи жағдайда қалыптасты. Ол қозғалыстар мен революция дәуіріне қарсы реакция және коммунистік партиялардың дамуына жауап ретінде пайда болды. Германия мен италиядағы фашизм әлемді революциялық жарылыстар тітіркендіріп тұрған кезде, яғни Еуропа экономикалық, әлеуметтік жүйедегі билігінен әлсірей бастаған кезде туды. Фашизм қоғамның дағдарысы мен жоқшылық бұқараның ашу-ызасын тудырған жағдайда дамыды. Батыста соғыстан кейінгі уақытта Гитлердің жеке басына деген қызығушылықтың өскенін айтылады. Батыстағы ірі капитал иелері жас ұрпақты тұңғышқа итермелеп, Гитлерді «күшті жеке адам» ретінде көрсетеді. Сондықтан Гитлердің адамзат тарихына қанша зиян кетіргенін анықтау өте қажет. Бұл мәселені шешу үшін Гитлердің өмірі және Гитлер құрған фашистік өкіметтің саясатын, оның агрессиялық мәнін, халыққа қарсы әрекет жасағанын талдау қажет. Бәрінен де маңыздысы ол қалай өкімет басына келді және оның істеген ісіне кім мүмкіндік берді? Міне, осыны аяғына дейін анықтап алу тарих ғылымындағы маңызды да күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Мақаланы дайындауға пайдаланылған деректер негізінен әртүрлі құжаттар мен материалдар жинақтарынан алынды. Бұл жинақтарда фашистік диктатураның ішкі және сыртқы саясатын сипаттайтын, гестапо сияқты фашистік ұйымдар мен мекемелердің жазалау әрекеттерін көрсететін материалдар берілген. Алайда фашистік диктатураның 1933-1939 жылдарда шығарған заңдарының мазмұнын беретін документтердің орыс тіліне аударылғандары өте аз. Сондықтан төтенше заңдарды талдағанда негізінен зерттеушілік еңбектерге сүйенуге тура келді.

Кілт сөздер: *фашистік диктатура, ұлтшылдық, нәсілшілдік, партия, монополия.*

Германиядағы фашистік диктатураның басшысы Гитлер 1889 жылы Австрияда таможня чиновнигінің отбасында туған. Мектепте Гитлер нашар оқитындардың бірі болып, 1906 жылы оқуды тастайды. Шешесі өмірден өткен соң (әкесі 1903 ж. қайтыс болған) Венаға келді. Деректерге қарағанда бұл кез оның өмірінің онша жақсы кезі болмаса керек. Венада Гитлер қала бургомистері К. Люэгердің уағыздауымен антисемиттік идеяны бойына сіңіреді. Осы жерде Гитлердің ұлтшылдық және нәсілшілдік көзқарасы қалыптасып, адам өмірі де жабайы табиғат тәрізді өмір үшін күреспен өтеді деген сенімі түпкілікті орнады. І-ші дүние жүзілік соғысқа қатынасып, ефрейтор атағынан жоғары көтерілмеген [1, 61-62 бб].

Гитлер фашистік идеологияның жемісі ретінде ағылшындық консервативтік бағыттың өкілі Томас Мальтустің ойларын негізге алды. Л.И. Гинцбергтің зерттеуі бойынша Томас Мальтус халықтың негізгі бөлігі ешқашан өз жағдайының жақсаратынына сенбейді, себебі табиғат заңы тұрғындардың өсуі мен материалдық игіліктер өндіру арасындағы сәйкессіздіктен тұрады: Әрқашан алғашқысы екіншісін басып озған және басып озады деген пікірді дәлелдеуге ұмтылғанын, ол соғыстар мен эпидемиялар адамзат үшін жақсы, себебі солар ғана халықтың кедергісіз жеріне қарсы тұрып, оның саны мен материалдық игіліктер арасындағы қатынасты дұрыстауға әсер ететіндігін дәлелдегенін атап көрсетуге болады.

Ғалымдардың ұстанымдары мен идеяларын дамытып, оны тәжірибе жүзінде көрсетуге тырысқан Гитлершілдер, яғни фашистік жетекшілер жұмысшыларды тұрақты жұмыспен және тіршілігін қамтамасыз етуге, шаруалардың, ұсақ дүкеншілердің, қолөнершілердің қарыздарын жойып, салықтарын азайтуға даурыға уәде берді. Олар монополиялар мен банктерді сөз жүзінде сынап, буржуазиялық демократия мен парламентаризмге шабуыл жасады, өздерінің насихатында Версаль шартының Германияны кемсітіп, басқа елдермен салыстырғанда оны қомсыну жағдайына қойған баптарды кеңінен пайдаланды. Нацистер адамның жеке басын құрметтеуге қарсы шығып, мейірімсіздік пен озбырлыққа табынуды дәріптеді.

20 ғасырдың 20жылдарынан басталған фашизмнің қауіпіне қарсы елдегі қалыптасқан партиялар да жұмыла кірісті. Олар фашизм идеологиясының қауіпінен сақтану үшін үгіт- насихаттар жүргізді.

Л.А. Безыменский өзінің “Разгадание загадки третьего рейха: книга не только о прошлом” деп аталатын еңбегінде: “Герман коммунистері милитаризмге, төтенше заң саясатына және реакцияның шабылуына қарсы батыл күрес жүргізді. КПГ 1930жылы тамызда “Неміс халқына ұлттық және әлеуметтік бостандық эпери бағдарламасын” жариялады. Ол халықтың қандай бұқарасының мүддесіне сай келетін өкіметтерді фашизмнің тірегі-монополистік капиталдан айыру, помещиктерді экспроприациялау талаптарынан тұрды. Компартия неміс жұмысшы табы үшін, бүкіл неміс ұяты үшін және бүкіл дүниежүзілік басты қауіп екенің ескертті. ГПК жұмысшы табы төңірегіне барлық антиимпериалистік күштерді – шаруаларды, қаланың ұсақ және орташа буржуазиясын, интеллигенцияны кеңінен топтастырды. Егер жұмысшы табының өзі біріккен болса, онда мұндай бірлестік баянды да пәрменді болар еді” – деп жазады [2, 117 б].

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияда барлық таптар, ағымдар мен топтарда ұйықтап жататын фашистік элементтердің оянуына ықпал еткен қиын әлеуметтік – экономикалық жағдай қалыптасты. Осындай топтың бірін Мюнхенде Антон Дрекслер ұйымдастырады. 1919 жылы 5-ші қаңтарда осы ұйымның негізінде Герман жұмысшы партиясын құрады (ДАП). 1919 жылы Баварияда Кеңес үкіметін құру сәтсіз аяқталғасын Гитлер революцияға қатысушыларды тергейтін комиссияда жұмыс атқарды. 1919 жылы маусымда әскери саяси үгіттеу сабағында Германия жұмысшы партиясының алдыңғы қатарлы теоретиктерінің бірі Федердің лекцияларын тыңдайды. Осы кезде ол керемет саясаткер болуға берік бекінген еді.

Партияның үгіт-насихат жұмысын қолға алып Гитлер өте дұрыс жасады. Үгіт-насихат кез келген саяси ұйым үшін ең маңызды нәрсе, ал аяғын тәй-тәй басып келе жатқан саяси ұйым үшін екі есе маңызды. Өзінің қулығымен, демагогиялық қасиеттерімен және

табандылығымен ол партия лидері деген атаққа қарай барған сайын сенімді қимылдады. 1920 жылы партияның аты Герман ұлттық-социалистік жұмысшы партиясы (НСДАП) болып өзгертілді. 1921 жылы НСДАП-тың жоғарғы тобындағы билік үшін күрес барысында Гитлер жеңіске жетіп, оны 1-ші хатшы етіп сайлады. Бірақ ол әлі партияны шексіз билеу деген сөз емес еді. Дрекселерді жеңуге оған достары көмектескен еді, және әлі де солардың айтқандарынан шыға алмады. 1922 жылы шабуылшы топтар құрылады (СА). Гитлердің осы топқа ықпалының әлсіреуінен және бір жағынан оған қарсы күш ретінде «Гитлердің белсенді тобы» (СС) дегенді құрады.

Бірақ СА Гитлерге керек- ақ болатын. «Империя жалауы» ұйымы мен «Оберланд» бірігіп «Германияның әскери одағы» деген ұйым құрады. Оны ұйымдастырушылардың бірі, Гитлердің досы З. Рем саналады. 1923 жылы «Одақ» лидерлерінің мәжілісі болып онда Гитлер сөз сөйлейді. Онда «Германия әскери одағын» өзіне тапсыруды сұрайды. Өзінің шешендік өнерінің арқасында бұл дегеніне жетеді. Егер де шешендік өнер жұрттың қараңғы инстинктерімен ойнау, миллиондаған адамдар мен жеке тұлғалардың психикасындағы сезімдік ауытқуларды пайдалану қабілетін есептесек, онда бұл жағынан Гитлер тамаша шешен болды деп айта аламыз.

Осы кезде партиядағы билік үшін күресте Гитлердің Штрассермен қарама-қарсылығы шиеленісе түседі. Екеуінің арасындағы басты айқасқа себеп болған мәселе, қараша революциясы кезіндегі Гогенцоллерндер мен жер иеленушілердің кәмпескеленген мүліктерінің орнын өтеу. Штрассер орнын өтеуге қарсы болды. Ал Гитлер жағдайды тез ұғынып, монополистер мен юнкерлердің қолдауынсыз билік тек бос қиял екенін түсінді. Бұл Штрассердің үлкен қателігі еді. Гитлер тағы беделге бедел қосты. Гитлердің Штрассердің жеңуін бекіткен НСДАП-тың 1926 ж. 22-ші мамырдағы болған мәжілісте 3 маңызды шешім қабылдады. Біріншіден, Гитлер округтік партия ұйымдарын оның өзі тағайындайтын болды, екіншіден, шабылдаушы топтар жаңадан құрылатын, үшіншіден, ымырласу және тергеу комиссиясы құрылатын (УША) болды. Гитлер «Германия әскери одағын» өз қолына алғасын, жеңіс лебімен өзін Баварияның саяси диктаторы санап, тіпті Берлинді шабуылмен алуға да бел буған. 1923 ж. 9-шы қарашада әскери төңкеріс жасау әрекеті сәтсіз аяқталды. Ол тарихта сыра бүлігі деген атпен белгілі. Өзін империялық үкіметтің басшысы орнына ұсынған Гитлердің билік құмарлығы бүлікті басуға басты себеп болған жоқ. Бірақ, Гитлердің билік құмарлығы қанша көңіл аудармаса да баттып көрініп тұрды. 1924 жылы партия заңсыз делініп, Гитлер түрмеге түсті. 1926 жылы Гитлер партия съезінде өзін аяқталған диктатор ретінде танытады. 1928 жылы мамыр айындағы сайлауда барлық оңшыл партиялар жеңіліс ұшырайды. Фашистер 810 мың дауыс алып, рейхстагтан 12 орынға ие болды.

1932 жылы қараша айындағы сайлауда НСДАП ірі жеңіліс тапқан соң Гитлер мен Штрассер арасында шешуші қақтығыс болады. Партия ыдырауға шейін таяп, шабуылдаушы топтар бүлік қаупін туғызды. Рейхканцлер Г.Шлейхер НСДАП-ты жікке бөлуде Штрассерге арқа сүйеді. Гитлер мен Штрассер арасындағы соңғы кездесуде де екеуінің ешқандай жақындасуы мүмкін еместігі айдан анық болды. Осы әңгімеден соң Штрассер «көсемге» қарсы шығып, егер Гитлер партияны басқарса, онда партия елді бытыраңқылыққа, жауыздыққа итермелейді. Германияны үгіндіге айналдыруы ғажап емес деп айып тағады. Ақырында Штрассер Гитлерді жеңе алмайтынына көзі жетіп, 1932 жылы сегізінші желтоқсанда партиядағы бар қызметінен бас тартады. Штрассер кетісімен Гитлер кезекті орын ауыстырулар жүргізді. Ұйымдастырушы бөлімінің басына, өзінің сенімді жақтасы Лейді отырғызады. Төменгі партия ұйымдарын бақылауды, осы мақсатқа әдейі құрылған «Орталық саяси комиссияға» тапсырып, оның басына өзінің тікелей хатшысы Гессті қояды. Соңғы «көсемнің хатшысы» деген атақ алады [3, 29 б].

Мемлекетте алдыңғы қатарға шықпайынша партияда шексіз билік орнату мүмкін емес. 1934 жылы 30-шы маусымда «Ұзын қанжарлар түні» Гитлердің НСДАП-ты шексіз билеуінің символы болды. Рем және шабуылдаушы топтардың басқадай басшылары, Г.Штрассер және Гитлер кесел келтіретін басқа адамдар өлтірілді. Міне, осыдан кейін ғана

Гитлер партияның толық қожайынымын деп санай алды. Ол егер бір аяғыңмен жауларыңның өлімтісінің үстінде тұрсақ, шексіз билік тұрақты болатындығын дәлелдеді. Сөйтіп, 1934 жылдың ортасына қарай партиядағы шексіз билік Гитлердің қолында шоғырланды. Бірақ ол әлі бүкіл Германияны шексіз билеуші емес болатын.

Германияның фашистенуінің ең маңызды себептерінің бірі- мемлекетті басқаруда буржуазиялық-демократиялық әдістерге сүйенген герман капиталистеріне тән парламенттік әдіспен елді басқара алмауы. Монополистердің бір тобы болса авторитарлы әдістерді тәнті қылып, «күшті қол» билігімен байланысқан мемлекеттік байланысқан мемлекеттік басқаруға сүйенді.

Неміс экономисі В.Зомбар мына жағдайды мойындайды: «Түп келгенде бізде билеуші таптың «помщик-дворян» идеалынан басқа идеалы қалыптасқан жоқ. Және де біздің буржуазияның арманының шыңы Юнкер ғана болып қалды. Нәтижесінде Германияда, 1920-шы жылдары дамудың шешуші кезеңінде капитализм дамыған ел үшін қызық жағдай қалыптасты: пролетариаттың күшті саяси партиясы болса, буржуазия ондай партия болмады. Неміс ұлттық партиясы, Демократиялық партия, Неміс халық партиясы, Центр партиясы саясат саласында буржуазияның экономикалық жағдайына сәйкес келетін орын ала алмады [5, 156].

Жұмысшы партиялары ше? «революциялық ұрандардың фашистік ұрандармен араласуы және неміс коммунистерінің теориялық қателіктері мынаған әкелді: Германия Коммунистік партиясы (ГКП) өзінің саясатымен ұлтшылдардың монополия иелерімен одағын тездеттірді.

Фашизмге қарсы белсенді күрес жүргізіп келген ГКП социал-демократия бұл күресте өздеріне одақтас бола алмайды, деп есептеді, өйткені олардың солшыл жетекшілері либерал буржуазиямен арадағы қарым-қатынасқа үміт артты. Осы жағдайға байланысты герман коммунистері қатаң сынға ұшыраған социал-демократтардың ұйымынсыз-ақ төменнен антифашистік майдан құру керек деп есептеді, айта кететін бір жағдай олар Сталиннің қатып-семген нұсқауына сәйкес фашистер мен социал-демократтарды бір қатарға қойды. Пролетариат бұқарасының бірлігіне қол жеткізуге Сталиннің сол кезде кең қанат жайған социал-демократияны фашизмнің сол қанаты деген тұжырымдамасы кедергі жасады. Шындығына келгенде, қарапайым жұмысшылар-социал демократтар, өз партияларынан қол үзбесе де социал демократиялық жетекшілердің жүргізген саясатына риза болмай, антифашистік көзқараста болды. Идеяның толығымен мен дамуына әсерін тигізген жеке теоретик тұлғалар басты роль атқарды. Жалған социализм ұранымен қаруланған фашизм социализмінің нағыз анықтамасына өте қарсы болды. Халықты сендіру мен сананы жаулап алу үшін социализм ұғымы қажет еді. Фашизмдегі адамзаттың адамгершілік құндылықтарына қарсы түсініктері мен сөздері, әсіресе Фридрих Ницшенің еңбектерінен табылды. Ницше “По ту сторону добра изла” деп аталатын философиялық еңбегінде: “Мен социализмді қаламаймын, өйткені ол мейірімділік пен ақиқатты, тең құқылы керемет өмірді армандайды”, - деп, социализмнің қарсыласы екенін танытады. Фридрих Ницшенің “асқақ адам” идеясы “батылдық реализмімен ұштасады. “Асқақ адам” идеясы адамдардың өмір мен күрес үстінде емес, керісінше оған қарсы бағытталады. Ницшенің қоғамға көзқарасы, мемлекеттің саяси басқару формасына, халыққа көзқарасы фашизмнің басты мазмұнының квинтэссенциясы. Ницше демократизмнің де қарсыласы болды. “Мен парламентаризмді жақтаймын, мен газетті ұнатпаймын, бұл жануардан адамға айналу, демократия ұлы адамдарға деген және элитаға деген сенімсіздік”, - деп қарады [7, 57-58 бб]. Ницшені Бисмарктің уақытындағы бостандық шошындырды. “Көп құқыққа ие болу”, кәсіподақтар мен жұмысшы партияларда адамдардың құқықтарының жүзеге асуы. Бұл көріністер мемлекеттің құлауына алып келеді деп түсінді. Национал-социалистердің концентрациялық лагерлер жүйесін жасауы, мемлекетке жаңа тәртіп орнатуы, кейін жаулап алынған Европа елдеріне бостандық орнатпауы демократизм мен социализмнің күнін қарайтты. Ницшеден туындаған идея Гитлердің саясатында үлкен қолданысқа айналды. Ницше капитализмді айыптаумен болды. Ницше үшін капитализм “тәртіпсіз рух” яғни ол

декаданста, нигилизмде, модернизмде көрінді. НСДАП-тың жақтаушысы және идеологияны ушықтырушы философ, әрі ойшыл Освальд Шпенглер, ұлтшылдар үкімет басына келгеннен кейін олармен бірге болды.

Шпенглер аспаннан абстрактілі жартылай утопиялық ницшеандық асқақ адамды түсірді. Никоновтың айтуынша Шпенглер адамды жыртқыш аңға теңейді. Адамды жыртқыш аң деп санап, адамдардың жалған моральдық пен әлсіз тұстарын айтады. Шпенглерде жазылатын өмірді реалды күрес, билікке деген ұмтылыс деп сипаттаса, Ницшенің пікірінше күрес – бұл өмірдің негізгі көзі, өмірдің өзі. Қоғамдық жоспарда социализм Шпенглер тарапынан “либерализмнің” логикалық антиподы. “Либерализм” – бұл анархия, күштердің еркін ойыны. Социализм керісінше, бұл тәртіп, қатал мемлекеттік тәртіп, иерархия. Шпенглердің пайымдауынша социализм қоғамға қажет, алайда фашизм социализмнің талаптарын орындамағаны белгілі. Социализм ұғымының мәнін ашып, Шпенглер интернационализм терминін кеңінен пайдаланды. Шовинистік пиғылды іске асырып, тек герман империалистік саяси өміріне қажет екенің айтады, бұл арқылы ол нәсілдік теорияны қолданыс аясына енгізеді. Оның негізінде ол “жана” тұжырымдама “нәсілдік интернационализмді” Шпенглер “Социализмнің” практикалық мақсатының маңызы болды, біріктіру, деп жазады ол, ескі пруссиялық идеядағы неғұрлым неміс жұмысшыларын тартудың қажет бөлімі. Бұл біріктіру деп жазады Шпенглер, жеке сезімде із қалдыратын дүние, себебі, басқару, өлу жеңіске жету, өз мақсатында бірнеше адамның құрбан болуы. Шпенглердің бұл идеялары фашизмдегі социализмнің герман халқына жүргізуі. Герман халқының бөтен билікке бағынуы, жеке адамның жеңісі үшін құрбандыққа бару және сол жеңістің нәтижесінде, көптеген адамдардың құрбандыққа айналуы басты мәселенің біріне айналды. Германияда фашистердің тоқтаусыз жасаған әрекеттері ұйымдастырылған жалынды түрде өтті, Германия фашизмнің құрығына ілінді. Идеологияның құрылысында Шпенглер социалистік қызметтің негізін қалады. Сонымен бірге, Шпенглердің замандасы герман буржуазиясының өкілі Меллер ван ден Брук гипертрафирленген национализмнің негізін салды. Шпенглер мен ван ден Бруктың идеялары Пруссияның ішкі саясаты мен өркениеттік қоғамы болды. Ван ден Брук Пруссияны социализмсіз тұрақты деп санады. Ван ден Бруктің Шпенглерден айырмашылығы Брук “батысшыл” болмады. Керісінше ол батысты құлдырайды деп есептеді. Версаль келісім – шартынан көрінген Францияның жеңісін құптамай, Францияның саясатына қарсы шықты. Германияға қатысты батыс және шығыс Европаның шекарасын Рейн өзені арқылы бөлді. Германияны толықтай шығысқа жатқызды. Бұл Бруктың немістерге байланысты “шығыстық” немесе “жас” мемлекет түсінігіндегі теорияны шығаруына көмектесті. Динамикалық күш-қуат, деп санады Брук, немістердің болашағына көп мүмкіншіліктер ашады., ескі ауырлықтардан босатады.

Чемберлен мен Шпенглердің идеологиясы сияқты ван ден Бруктың шығармалары нәсілшілдікке толы болды. Нәсілдің тазалығы тек өткенді ғана емес, болашақты да анықтайды. Белгілі неміс тарихшысы У.Ширер Бруктың нәсілшілдікке көзқарасын былай түсіндіреді: “нәсіл – бұл барлығы, ол рухани және физикалық тұрғыдан жоғарға деңгейдегі адамдарды біріктіреді.

Брук нәсілдік теорияны биологиялық жолмен шешуге қарсы бағыт алды. Ол нәсілдік идеяны некелеу жолмен ғана емес, мәселені рухани күш арқылы жүргізуді қалады. Шпенглер жоғарғы нәсіл мен фашизмнің болашағына жұмысшылар мен элита өкілдерінің социализм жолына түсуінен деп санаса, ван ден Брук ең қажетті ұлтжандылық деп тапты. Брук “ұлтжанды өзінің ұлты мен оның болашағына сенуі тиіс және ұлттың мүддесі үшін құрбан болуы керек” – деді. 20 ғасырдың бас кезіндегі герман ұлтжандылығын жоғары дәріптеген ван ден Брук өзінің артына үлкен ізбасарлар қалдырды. Брук мектебінің көрнекті өкілі Эрнст Юнгер болды. Юнгер публицистикамен айналысты. Ол национал-социалистердің “интеллектуалды элитасын” жасады. Фашистер үкімет басына келгенге дейін оның мектебі шовинистік ұлтшылдық идеологияны кеңістікке таратуымен жұмыс жасады.

Ерекше национал-социализмнің қызметімен айналысатын географ Фридрих Ратцель көрінді. Көптеген атақты кайзер уақытындағы Германиядағы ғалымдар сияқты Ратцель консервативтік бейнедегі ойлаушы болды. Оның жеке ойлау мен дүниетанымы саяси өмір де, ғылыми зерттеулерінде де байқалды. Ратцельдің атақты “Политическая география” атты зерттеу жұмысында герман шовинизмін және жаулап алу жұмыстарын география ғылымына сүйене отырып жазды [8, 119 б].

Географияға арналған еңбегінің тұжырымдамасы “кеңістікте мемлекеттің жер аумағын ұлғайту”, сол арқылы халықтың санының өсуі мемлекеттің даму үрдісін, шекараны кеңейтуге мүмкіндік береді. Экспансия және басқа да ықпалдар: географиялық ашулар, транспорт пен байланыс құралдарын жетілдіру, территорияны ұлғайту, экономиканың дамуы Ратцельдің идеяларында көп байқалады. Мемлекеттер кеңістігін ұлғайту Ратцельдің пікірінше болашақта ескі, бұрынғы державалар құрып, жаңа державалар өмірге келуі тиіс. Трайнин И.П. “Механизм немецко-фашистской диктатуры” деген еңбегінде Ратцельдің Германияның географиясына байланысты саяси идеяларды атайды. Бірінші идея Германияның өмірінде отар елдердің қажеттілігі. Екінші идея – Еуропаға экспансия жүргізу. “Еуропадағы бір селолық округ Африка сұлтанаттығына өте қажет”. Бұл тұжырым бойынша Германия бүкіл Еуропа елдеріндегі ең үлкен европалық державаға айналуы керек. Үшінші идея – кең мағынадағы Орталық Еуропа, Германияның нәтижесінде ірі таулы өлкелер Альпі, Карпат, Балкан, Рейн, Дунай, т.б. көптеген аймақтарды иеленуі [10, 224-256 бб] Нақты ғылыми жобалар мен түсіндірмелер Гитлердің пангерманизм және фашизм жоспарларынан тәжірибеде іске асты. Ратцельдің ұстанымдары мен бағыттары танымал швед профессорларынан Рудольф Челлен мен неміс генералы Карл Хаусхофердің пікірлері мен көзқарастарынан байқалды. Челлен пангерманизм идеясымен жақындаса отырып, Ратцельдің реакциялық бағытын ұлғайтуды, яғни әлеуметтік-географиялық зерттеулер жүргізу қажет деп санады.

Жоғарыда аталған теоретиктердің идеялары Гитлердің өзі жазған “Майн кампф” атты еңбегінен көрінді. “Таза нәсіл” және “Нәсіл үшін күрес” , “Майн Кампорта” аналогиясынан байқалады, бұл аналогия жануарлар әлемі мен адамзат әлеміндегі дүниеден көрініс табады. Чарльз Дарвиннің “Тіршілік үшін күрес” заңы механикалық түрде адамзат қоғамына өтті. Сонымен бірге тарихқа дейінгі уақыттағы жануарлар өліп, кейінгі өмір сүрушілерге жол берді, сол сияқты бір адамдар екіншілеріне жол беруі тиіс. “Өмір сүру үшін күрес” екі мәселені орындайды: әлсіз типтер күштілерге бағынады, әлсіздер күштілерге тәуелді болады. Национал-социалистердің ұраны бұрынғы өмір сүрген басқа нәсілдерді жер бетінен жойып, жаңа нәсілді арийліктерді көбейту қажеттігін атады. “Бүгінгі таңдағы мәдениеттің мұраларын, өнерді, ғылым мен техниканы арийліктер өз қолдарымен жасаған. Егер адамды үш категорияға бөліп қарағанда: мәдениетті тудырушылар оларды дамытушылар және оны жоюшылар бірінші аталғанды жасаушылар еврейлер – деп ұғындырды Гитлер “Майн Кампфта” [7, 18-19 бб].

Герман халқы “сапалы арий нәсіліне айналады. “Асқақ адам” ретінде немістер басқа халықта бағындырады. Сондықтан немістер асқақ адамдар, олар өздеріне қатысты кез келген халықты бағындыруға үнемі дайын деп көрсетті. Гитлер “Мәдениетті жоюшылар” еврейлер деді. Гитлер уақытындағы еврей-кәсіпкерлері, еврей-үйлері, еврей-банктерлері немістің мәдениетін құртуға келгендер деп есептеді.

Қазіргі заманда, деп жазылады, “Майн Кампфта” демократиялық еркіндік пен азаматтардың теңдігін қалптастыру қажет. Демократизацияны орнатудың бір құрылымы парламенттік республика. Гитлер парламенттік жүйені “еврей түсінігіндегі” демократия, ал нағыз “герман демократиясында” көпшілік дауыс беру кейбір мәселелерде жоқ, бұл мәселені шешуді бір адам қабылдайды және жояды. “Майн Кампфта” Гитлер баспасөзді мазаққа айналдырды. Оның пікірінше либералды баспасөз “неміс халқының қабіршісі”. Газет арқылы еврейлер қоғамдық пікірлерді және саяси өмірді жазды. Марксистік газеттерді мүлде қабылдамады, марксистердің газетінде өмірдің жалған қажеттіліктері,

яғни мысық пен тышқанның өмірлері бейнеленді. Гитлер баспасөз беттерінде еврей марксизмін сынай отырып, Марксті еврей деп, халықаралық ұстанымдарын айыптады. Бұл мағынада неміс социал-демократиясы Гитлер үшін еврей априориясы болды.

“Майн Кампфта” негатив мағынада славяндар, поляктар, орыстар, чехтар, сербтер, хорваттар көрініс тапты. Национализм мен социализм ұлылықтың бастауы және жарқын көрінісі, деп “Майн Кампфта” Гитлер тоталитарлық режимнің дұрыстығын дәріптеп бұл көріністі Германияның болашағына қажет деп есептеді. Гитлер “тоталитаризм” ұғымын атақты заңгер К.Шмидтен алды. К.Шмидтің ұстанымдары мен қағидалары туралы А.С. Бланк “Идеология германского фашизма. материалы к спец курсу для студентов” деп аталатын зерттеуінде: “К. Шмитт төменгі деңгейдегі, лажысыз демократиялық мемлекетті ұсынды. Ол еңбектерінде италиандық фашизм термині тоталитарлық режимді жақтады. Мемлекетті бір басшы, бір партия басқаруы қажет деп санады. Осылайша Бруктың ұсынған “Үшінші Рейх” еңбегінің жарыққа шығуы, көптен күткен Гитлердің үкімет басына келуі көп уақытқа созылмай орындалды”, - деп жазды [11, 288-289 бб].

Национал-социализмнің ықпалының күшеюі және олардың идеялық-саяси спецификасы ірі финанс және өндіріс орындарының магнаттарының көмек беруімен байланысты болды. Ірі магнат Г. Стиннестің ықпалымен Эдуард Штадлер “Саяси одақтың жаңаруы” атты ұйым құрады. Оның ұйымы тікелей “неміс социализм” идеясына толы көріністерді берді. Эдуард Штадлердің “неміс социализмін” 1919жылы құрылған “неміс жұмысшы партиясы”(ДАП) толықтырды. Ең алғашқы рет “Неміс жұмысшы партиясы”(ДАП) мюнхендік слесарь, теміржолдың шебері Антон Дрекслер басқарады, кейін бұл партия әскери қызметкер ефрейтор А. Гитлердің қолына өтеді. ДАП “неміс социализмінің” басқа да аймақтарға, әсіресе, Баварияға таралуына көп күш жасалды. Біраз жылдар өткеннен кейін ДАП партиясы өзгертіліп, Германия национал-социалистік жұмысшы партиясы (НСДАП) деп өзгертіледі. Партия өздерінің көздеген мақсаттарын жүзеге асыру барысында рухани идеология тарапынан радикалдық бағыттағы “ұлттық революцияны” жүзеге асыруға тырысты. Алғашында НСДАП аз адамды, шағын Мюнхен тобын құрады. Олардың алғашқы ұрандары нәсілшілдік мәселесімен анықталды. Нәсілшілдік және жоғарыда аталған неміс фашизм идеологиясының мәні мен мағынасының бастаулары. Адольф Гитлердің қызметінің басшылығымен орындалды. 1920жылы “Туле қоғамы” ұйымының мүшелері Дидрих Эккорд пен Альфред Розенберг ДАП-тың жұмысын ұлғайтуды жөн көреді. Оларды ДАП-тың лидері – Адольф Гитлердің қызметі қызықтырды. 20-шы жылдардан бастап Гитлер мен Туленінің қарым-қатынастары жақсарып, “Туленің”-эмблемасы свастика, арнайы партияның басты символына айналды. Свастика ежелгі мистикалық мәңгі қозғалыстағы күннің символын берді, сонымен бірге, ежелгі германдың Нибулунга батырларымен арий мистикалық дәстүрінің біріккен белгісінің мағынасын білдірді. “Партияның шартты белгілері өзіндік символдарымен ерекшеленді. Руникалық белгілердің негізінде басқа партиялардың символдық жүйесі қалыптасты, арнайы партияның штандарты жасалды, империяның түсті жалауы, арнайы ғұрыштар, мұның барлығы партияның имиджына айналды. Шағын жалауша белгілерді фашистер сол қолдарына тағып жүретін болды.

НСДАП-ты жақтаушы партиялар партияның қызметін арттыру жұмыстарына арналған “Фелькшер беобахтер” деп аталатын газет шығарды. 1921жылы капитан Эрнст Рёманың басқаруымен әскери отряд (СА) құрылды. Ұлтшылдардың ең басты қаруы деп данышпан Гитлер саналды. 1921жылдан бастап Гитлер фюрер (көсем) партияның шексіз диктаторына айналды. Көп ұзамай-ақ Гитлер үкімет басына келгеннен кейін мемлекеттік құпия полиция –гестапо құрылды.

Гестапо кадрлары негізінен күзет отряды СС құрылымынан алынды. Адамның бас сүйегі мен жілігін айқастырып салған эмблемасы бар қара киім киген эсесшілер гитлерлік террордың басты қаруы болды. СС пен гестапо Германияның өзінде, сондай-ақ оның жаулап алған елдерінің территорияларында концентрациялық лагерьлердің тұтас жемісін

құруды ұйымдастырушылар болды, миллиондаған адамдарды қырып-жойып, көптеген қанқұйлы қылмыстар жасады. Гитлершілдер кәсіподақтарды таратып, олардың орнына “Герман еңбек майданын” құрды. Жұмысшыларды бұл ұйымға күштеп кіргізді. 18 бен 25 жас аралығындағы жастар үшін екі жылдық еңбек ету міндеті еңгізілді. Олар бұл міндетті әскери лагерларде өтеді де, бекініс, жол құрылыстарын және тағы басқа объектілер салумен шұғылданды. Еңбек лагерлерін құру, жұмыссыздықты біршама қысқартып, гитлершілдердің жастардың бір бөлігіне саяси ықпал жеңілдетте түсті. “Бірыңғайлау”, яғни “біркелкілік” орнату мақсатымен гитлерлік партиялардың барлығы таратылды. Нацистер фашизмге қарсы күреске кемел талпынған ұйымның құрамында жұмысшылардың болуынан қауіптеніп, ГСДП-ге тиым салды.

“Неміс мәдениеті мен ғылымының бірқатар аса көрнекті қайраткерлері–

Г.Манн, А.Цвейг, А.Эйнштейн және басқалары шетелге барып, онда нацизмге қарсы, гуманизм мен демократияны қорғау жолында күрес жүргізді. Нацистер социализм мен коммунизм жолында күрес жүргізген Карл Маркстің, Фридрих Энгельстің, Владимир Лениннің еңбектерін, сондай-ақ көптеген саяси қайраткерлер мен гуманист жазушылардың шығармаларын жойып жіберді. 20 ғасырдың жауыздары прогресшіл авторлардың отқа жаққан өрт бүкіл Германияда лаулады [8, 75-76 бб].

Л.И.Гинцвергтің айтуынша, ГКП ұзақ жылдар бойы социал-демократияны фашизмнің түріне жатқызатын кереғар тезисін ұстанды. Ол бағытты ұстанған Нейман-Реммеле тобы болатын. Басшы ұйымдардың ішінде фашистенген буынға айналып кетті. 1932 жылы күзде осы топ талқандалып ГКП өз бағытын өзгертеді. Бірақ тым кеш. Елдің фашистенуінің алғышарттары туралы айтқанда оған қосқан социал-демократтардың үлесін ұмытуға болмайды.

Социал-демократтар саяси жағдайды жақсы түсінді. Ұлтшылдар мен буржуазияның одағын болдырмауға тырысқанымен, тым батылсыз қимыл жасады, күш көрсету керек жерде оны қолданбады, шешуші сәтте жылдамдық, әрі тұрақтылық көрсету орнына Генденбургтың шапшаң қимылы мен өжеттігіне сенетінін білдіреді. Оған қоса өздерінің қас жауы деп коммунистерді айтады. Осының барлығы Гитлердің жолын тазартатын сыпыртқы болды. Буржуазияны «қызыл қауіппен» қорқыта отырып, коммунистер мен социал-демократтардың қателерінен мүмкін болар пайданы қолдана білді.

1932 жылы 31 маусымдағы сайлау фашистерге үлкен жеңіс әкелді. Олар рейхстагта ең көп даусы бар партияға айналды. Гитлершілдер мен центристер арасында келіссөздер басталып, ұлтшылдарға вице-канцлерлік орын, Пруссияның империалық комиссарының орны мен бірнеше министірліктер ұсынылды. Бірақ Гитлер шексіз билікті талап етті. НСДАП-ты толық билеу жолындағы Гитлердің алға жылжу процесі қайталанды. Енді ол мемлекет көлемінде болатын. 1932 жылы 6 қарашада кезекті сайлау болып, НСДАП беделі біршама түсіп, ГКП ықпалының артқаны байқалды. Фашистер 13,7 млн. (шілде сайлауында 17,7 млн.), коммунистер бмлн. (5,3 млн.) дауысқа ие болды. 1932 жылы 19 қарашада ірі өнеркәсіпшілер мен банк қызметкерлері қол қойып, Гинденбургке петиция жіберіп, онда Гитлерді рейхканцлер орнына қою талабын білдіреді.

Бірақ Гинденбург дағдарыстан шығу үшін билеуші топтың сенімді адамдарын пайдалануға әрекет жасайды. 3 желтоқсанда 1932 жыл генерал Шлейхер басқарған үкімет құрылады. Осы ісімен президент Гитлерге ауыр соққы береді. Ұлтшылдар партиясын ыдыраудан тек тез арада билікке келу ғана құтқара алатын еді. Дегенмен де ірі монополия иелері Гитлерді қолдауы із-түссіз қалмайтын еді. «Ферейнигте шталварке» акционерлік қоғамының бақылау кеңесінің төрағасы Фриц Тиссеннің Рейнланд-Вестфале жеріндегі экономикалық мүдделерді қорғау Одағының басшысы Макс Шленхерге жазған хатынан және Гитлердің Франс фон Папенмен кездесуі бұл қолдаудың қаншалықты күшті болғандығын аңғару қиын емес. Ол өз нәтижесін беруі тиіс еді. «Қызыл қауіп» туралы фашистердің шыңғырған дауысына сөзсіз сенген буржуазияға Германия фашистерсіз большевизмнің құшағында тұншығатындай көрінді. (Германияда революциялық жағдай

қалыптаспаса да). Сөйтіп, қорқыныштан, жеккөрушіліктен және жабайы билік құмарлықтан әбден мезі болған Гитлерді сыйлы түрде Германия рейхканцлері орындығына отырғызды. Осылайша 1933 жылы Гинденбург Гитлерді рейхканцлер етіп тағайындайды.

27 ақпан күні шабуылдаушы топ мүшелері мен СС жендеттері Гитлер мен Герингтің бұйрығымен 10 адам болып Рейхстагты өртейді. Оқиға болған жерге келген Гитлер өз сөзінде былай деп айтады: «Енді бізге коммунистерді құртуға ешкім кедергі келтіре алмайды». Елде коммунистерге қарсы террор басталды. Кабинет 2 төтенше «Герман халқына опасыздық жасауға және сатқындық әрекеттерге қарсы» деген заңын сонымен қатар, «халық пен мемлекетті қорғау туралы» заңы қабылданды. Мақсаты коммунистерді қудалау болды. 1933 жыл 22 маусымда социал-демократиялық партия заңсыз деп жарияланды. 7 шілдеде Рейхстагтағы германия социал-демократиялық партия (ГСДП) депутаттарының өкілеттілігі заңсыз деп шешілді. Партияның кейбір лидерлері жазаланса, енді бір бөлігі концлагерлерге тасталды. Ал бір мүшелері шетелге қашты. Фашистер жағына шығып, гитлерлік өкіметтен саясатты біржола қойғандары да болды.

1933 жылдың 1 мамыр күні фашистер Ұлттық Еңбек күні деп жариялады. Өз сөзінде Гитлер былай деп келтіреді: «Еңбекті қастерлеп, жұмысшыларды құрметтеңіздер». Кәсіподақ лидерлері де социал-демократтар сияқты батылсыздық көрсетті. Фашистер жылдам да жауыздық қимылдармен кәсіподақ басшыларының үрейін алды. Олар Гитлерге қарсы еместігі жөнінде, олармен қарым – қатынас жасауға дайын екендігін білдіруге мәжбүр болды. 1933 ж. 2 – ші мамыр күні бүкіл Германияда кәсіподақтардың көптеген жұмыс ұйымдары талқыланды. Лейпарт, Гроссман және басқа кәсіподақ басшылары концлагерьге айдалды. 3 – ші мамырда қалған кәсіподақтар өзін - өзі тарату туралы шешім қабылдайды. Фашистер жұмысшыларға кәсіпкерлердің озбырлығынан қорғаймыз деп кепілдік берсе, кәсіпкерлерге де жұмысшылардың толық бағынуына кепілдік берген.

1933 жылдың көкек айының басында неміс шаруаларының империялық басшы қауымына барлық шаруа ұйымдары біріктірілді. Кейіннен империяның азық – түлік сословиесі құрылды. 1933 жылы 29-қарашада фашистер «Мұралық келісімі жөнінде» заң шығарады. Осы заң бойынша «Мұралық қожалық» дәрежесін барлық «кулак» және орта шаруалардың бір бөлігі ала алды. Осы дәрежеге сәйкес артықшылықтар берілді: жер салығын төлемеу, мүлікті күшпен сатқызу немесе оны жарамсыз деп тастаудан қорғайды, жаңа техниканы бірінші алу құқығы. «Мұрагерлік дәрежеге» 700 мың шаруа шаруашылықтары еніп, фашистердің деревнядағы негізгі тірегіне айналды.

1933 ж. Гитлер рейхсканцлер болғасын ұсақ буржуазия, монополия мен ірі дүкендер туралы фашистік ұрандарды есіне алып, енді қимылдайтын сәт жетті дегендей «Әскери одақ» мүшелері дүкендерді тонай бастады. Кейбір кәсіпорындарға өз мүшелерін жіберіп, оларды ұсақ кәсіпорындарға айналдырғысы келген.

4. Lim V., Seitova S., Gavrilova E., Proektirovanie processa obucheniya matematiki v kontekste poliyazychnogo obrazovaniya na baze obrazovatel'nyh centrov / Izvestiya KazUMOiMya imeni Abylajhana Seriya «Pedagogicheskie nauki»/ – 2022. - №1(64). – S.251–267.
5. Около 23% учителей ЕМЦ полностью или частично преподают предметы на английском языке [Электронный ресурс] URL: https://www.kt.kz/rus/education/okolo_23_uchiteley_emts_polnostyu_ili_chastichno_preodayut_1377881830.html Свободный доступ.
6. Новые подходы к обучению и поддержка молодых талантов — МОН РК о развитии отечественного образования и науки [Электронный ресурс] URL: (<https://www.primeminister.kz/ru/news/reviews/novye-podhody-k-obucheniyu-i-podderzhka-molodyh-talantov-mon-rk-o-razvitiio-techestvennogo-obrazovaniya-i-nauki-9102812>) Свободный доступ.
7. В Казахстане только 20% учителей достигли высокого профессионального уровня [Электронный ресурс] URL: (<https://informburo.kz/novosti/v-kazahstane-tolko-20-uchitelej-dostigli-vysokogo-professionalnogo-urovnya>) Свободный доступ.
8. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 марта 2011 года № 127. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 13 мая 2011 года № 6951. [Электронный ресурс] URL: (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100006951>) Свободный доступ.

КӨПТІЛДІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Лим В.С.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында болашақ мұғалімдерді көптілді даярлау бағдарламасы бірнеше жылдар бойы жүргізіліп келеді. Алайда, көптілділік жағдайында математика мұғалімдерін даярлау мәселесі әлі де ашық. Бұл мақалада болашақ математика мұғалімдерін шын мәніндегі даярлау мен оларды дайындауға қойылатын нақты талаптар, қолданыстағы білім беру бағдарламалары мен болашақ мамандарға арналған отандық әдістемелік әдебиеттердің болмауы арасындағы қарама-қайшылықтар қарастырылады. Мақалада Қазақстанда көптілділікті енгізу бойынша жүргізілген реформалардың нәтижесі келтірілген, сондай-ақ көптілділік жағдайында болашақ мұғалімдердің академиялық білімін арттыру мақсатында Математика мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөнінде ұсыныс берілген.

Кілт сөздер: көптілді дайындық, болашақ математика мұғалімдері.

ACTUAL PROBLEMS OF TRAINING FUTURE TEACHERS OF MATHEMATICS IN THE MULTILINGUALISM CONDITIONS

V.S. Lim

At the moment, a program of multilingual training of future teachers has been conducted in the Republic of Kazakhstan for several years. However, the question of training mathematics teachers in a

multilingual environment remains open. This article examines the contradictions between the actual training of future mathematics teachers and the actual requirements for their training, between existing educational programs and the lack of domestic methodological literature for future specialists. The article presents the result of the reforms carried out to introduce multilingualism in Kazakhstan, and also makes a proposal to improve educational programs in Mathematics in order to increase the academic knowledge of future teachers in the context of multilingualism.

Key words: *multilingual training, future teachers of mathematics*

УДК 82.01/09

10.53355/ZHU.2023.106.1.035

ОСОБЕННОСТИ ИЗУЧЕНИЯ ЛИРИКИ ПОЭТОВ-СИМВОЛИСТОВ В СТАРШИХ КЛАССАХ

Ляльева Ю.А.

Статья посвящена исследованию особенностей изучения лирики поэтов-символистов в старших классах. Цель исследования – прояснить вопрос о путях и методах эффективного изучения лирики поэтов-символистов в старших классах. Предметом исследования стали основные подходы к организации учебных занятий в процессе изучения символизма. Автор приходит к выводу о целесообразности обращения учителя к дополнительным материалам (в том числе наглядным), а также к обзорному изучению лирики русских символистов. Результаты и выводы могут быть использованы в процессе преподавания русской литературы в школах, колледжах, высших учебных заведениях.

Ключевые слова: *поэты-символисты, «серебряный век», лейтмотив, учебные ресурсы.*

Новые подходы к изучению лирических произведений поэтов-символистов в старших классах обусловлены сложными процессами, происходящими в сознании современного человека, восприятию им окружающего мира, что, в свою очередь, обязывает учителя вносить изменения в методику своей работы.

Материалы и методы. В «Типовой учебной программе по учебному предмету «Русская литература» для 10-11 классов уровня общего среднего образования (с русским языком обучения) лирика поэтов-символистов представлена в разделе «Человек в эпоху перемен» (11 класс). Учащимся предлагается работа с текстами А.А.Блока. Ученики должны изучить стихотворения из сборника «Страшный мир», цикл «Стихи о Прекрасной даме», поэмы (по выбору учителя) [1]. Результатом совместной работы учителя и учеников должны стать понимание и ответы на задаваемые учителем вопросы, оценка и сравнительный анализ, анализ и интерпретация перечисленных текстов.

Результаты. Необходимо учитывать, что перед учителем, преподающим русскую литературу в 11 классе, стоят задачи совершенствования навыков критического анализа, классификации явлений, построения логических и критических рассуждений, умозаключений и выводов в процессе анализа произведений. На это ориентирована система изучения поэзии серебряного века с 5 по 11 классы, включающая в себя работу с произведениями К.Бальмонта, А.Ахматовой, А.Блока и др. Изучение лирики поэтов-символистов в старших классах является важной частью этой системы и направлено на осмысление поэтики символистов на более высоком уровне.

Стоит отметить, что поэзия «серебряного века» в целом и поэзия символистов в частности представлены в школьном курсе изучения русской литературы в небольшом объеме. Поэтому особое внимание стоит уделить наиболее эффективным подходам к изучению лирики поэтов-символистов в старших классах.

Обсуждение. Доступные для учеников ресурсы представлены школьным учебником, содержащим вводную статью о символизме и творчестве А.А.Блока [2, с.90].

Содержание данной статьи способствует формированию представлений о принадлежности поэта к символизму, связи А.А.Блока с В.Ивановым, С.Соловьевым, А.Белым. Вот почему учитель сталкивается с необходимостью привлечения дополнительных источников, представленных хрестоматиями, электронно-цифровыми образовательными ресурсами, критическими и методическими публикациями.

Одним из доступных учебников, содержащих информацию о «серебряном веке» как «эпохе войн и революций», является учебник-хрестоматия под редакцией А.Г.Кутузова «В мире литературы». Творчество поэтов-символистов описывается как символ «тех общественных настроений, которые привели к социальной революции, породившей, в свою очередь, революцию литературную» [3, с. 346].

Также нами был проанализирован учебник «Литература. 9 класс» под редакцией С.А.Зинина (II часть), в тексте которого описываются понятия «серебряный век», «поэтический ренессанс». Автор данного учебника также сосредоточен на изучении творчества А.А.Блока, называя его «единственным из символистов, признанным еще при жизни поэтом общенационального значения» [4, с.203].

Затруднение в процессе проведения уроков тематического раздела «Человек в эпоху перемен» вызывает также отсутствие текстов стихотворения из сборника «Страшный мир», цикла «Стихи о Прекрасной даме» в предлагаемом учебнике.

Особое внимание стоит уделить обзорной характеристике жизни и творчества А.А.Блока.

В процессе изучения специфики «серебряного века» и творчества А.А.Блока ученики должны прийти к пониманию терминов «ретроспекция», «серебряный век», «имажинизм», «символизм», «футуризм», «акмеизм», содержания предложенных текстов и их роли в литературном процессе, критическому осмыслению литературного материала, выражению собственного отношения к изученному, самостоятельному нахождению в тексте и выразительному чтению наизусть цитат, фрагментов, связанных с проблематикой и выражением позиции автора, развернутому аргументированию ответа на проблемный вопрос, ссылке на литературный материал, выражению собственного мнения о проблеме и системе образов. Пытаясь решить поставленные программой задачи, учитель сталкивается с проблемой выбора пути изучения лирической поэзии.

В школьной практике встречаются три основных подхода к изучению лирических произведений:

1. тематический (отслеживание конкретных тем в лирических текстах) [5, с. 200], [6, с.126-133], [7];

2. биографический (усвоение лирики и биографии поэта на одном занятии). Например, у Е.Н.Ильина: «Когда в Останкине я сказал, что за 15 минут могу «выдать» всего (!) А.Блока, то в статьях и выступлениях замелькали упреки: как можно о великих – минутами! Тут не то что часов, месяцев – жизни мало! А ведь была гипербола, рождающая идею. За 15 минут Блока, конечно, не «выдать», но заставить всех и на всю жизнь полюбить его стихи – это можно, если анализировать художественное творчество средствами поэтической формулы. В ее основе – та же деталь, только с большим потенциалом» [8, с.38], [9, с. 337-342].

3. знакомство с лирикой после рассмотрения биографии поэта [10, с. 50 - 51].

Тематический подход может быть применен при выполнении учащимися специальных заданий. Вариант такого задания описан в работе В.А.Кан-Калика, В.И.Хазана: «В стихотворении ... пропущены слова, в скобках предложены по два их варианта, один из которых – авторский, другой – нет. Выберите слово, использованное поэтом, и обоснуйте свой выбор; попытайтесь также объяснить смысловую и эмоциональную точность блоковского словоупотребления» [5, с. 200]. Этот подход очень удобен, так способствует широкому охвату поэзии («Страшный мир» и «Стихи о прекрасной даме» включают в себя много текстов). Но так как в центре внимания учеников оказываются отдельные темы, то знакомство с лирикой символистов нельзя назвать полноценным.

В случае освоения особенностей лирики вместе с биографией автора возможно создать условия для восприятия школьниками произведения в его связи с личностью поэта. Однако есть опасность превращения лирических текстов в простую иллюстрацию к событиям его жизни. Как правило, такие уроки начинаются с чтения стихотворений А.Блока, затем ученики знакомятся с конкретным периодом жизни поэта и снова читают стихотворения [11].

Третий подход, связанный с общей характеристикой лирического творчества символистов, знакомством с наиболее значительными произведениями символистов, может быть организован в три этапа:

- вводное занятие,
- изучение отдельных стихотворений символистов,
- заключительный урок.

При этом очень важно увидеть и услышать лейтмотив символистских произведений. Это должно стать ключевым моментом анализа символистского текста после изучения биографии. Вот как об этом пишет М.А.Шнеерсон: «Характер пейзажа в поэме Блока «Двенадцать». Образ вьюжной ночи, разыгравшейся метели – это не просто фон, на котором рисуются картины человеческой жизни, но и символ революции – разбушевавшейся стихии, как ее понимал Блок. Вот почему именно этот образ, как лейтмотив, проходит через всю поэму. И вот почему Блок рисует картину вьюги. Существенен не только символический смысл образа вьюги, пурги, но существенно и то настроение, которое создает пейзаж «Двенадцати»: тревожное, жуткое и, вместе с тем, радостное, бодрое» [10, с. 94].

Конечно, каждый учитель самостоятельно решает, какой путь ему выбрать, а также, какие методы использовать для эффективного изучения символизма в старших классах.

С нашей точки зрения, рационально применение следующих методов:

- словесные (для формирования теоретических знаний и решения задач в процессе знакомства с символизмом);
- наглядные (для привлечения внимания к символизму как к направлению литературы, живописи, скульптуре);
- поисковые (для развития самостоятельности, исследовательских навыков);
- дедуктивные (для развития умения делать выводы и выполнять анализ поэтических текстов).

Таким образом, можно сделать вывод о целесообразности обращения учителя к дополнительным материалам (в том числе наглядным), а также к обзорному изучению лирики русских символистов.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Типовая учебная программа по учебному предмету «Русская литература» для 10-11 классов уровня общего среднего образования (с русским языком обучения)
2. Абишева С.Д. Русская литература. Учебник. Для учащихся 11 класса/С.Д.Абишева, М.С.Асылбекова, З.Н.Поляк, Д.А.Сабирова. Алматы:АЛМАТЫ КИТАП БАСПАСЫ, 2020. – 304 с.
3. В мире литературы. 9 кл. Учеб. хрестоматия для общеобразоват. Уч. Заведений, 400 с.
4. Зинин С.А Литература. 9 класс: Учебник для общеобразовательных учреждений,
5. Кан-Калик В. А., Хазан В. И Психолого-педагогические основы преподавания литературы в школе. – М.: Просвещение, 1988. – 254 с.
6. Шабельская Г.А. Один урок по лирике Александра Блока // Урок литературы в школе. Сборник статей. – Ленинград: Просвещение – 1974. –200 с.
7. Каравдина Г.Ф. «Русь изначальная» в творчестве А.Блока (цикл стихотворений «На поле Куликовом»). Метод аналитического чтения // Режим доступа: <http://festival.1september.ru/articles/518264/>
8. Ильин Е.Н. Урок продолжается... Из опыта работы учителя. – М.: Просвещение, 1973. – 152 с.

9. Кутейникова Н.Е. Уроки литературы в 8 классе: пособие для учителей общеобразоват. учреждений. – М.: Просвещение, 2009.

10. Шнеерсон М.А. Наблюдения над пейзажем при изучении литературного произведения // Вопросы изучения мастерства писателей на уроках литературы в VIII – X классах. – Л., 1957.

11. Захарова Л.И. А. Блок. Биография. Стихотворение «Родина» // Режим доступа: <http://www.proshkolu.ru/user/zaharovaliv55/file/2708738/>.

ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА СИМВОЛИСТ АҚЫНДАРДЫҢ ЛИРИКАСЫН ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Лятева Ю. А.

Мақала орта мектепте символист ақындар лирикасының зерттелу ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты – жоғары сыныптарда символист ақындардың лирикасын тиімді зерттеудің жолдары мен әдістері туралы мәселені нақтылау. Зерттеу пәні символизмді оқу процесінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың негізгі тәсілдері болды. Автор мұғалімнің қосымша материалдарға (оның ішінде көрнекі материалдарға), сондай-ақ орыс символистерінің лирикасына шолу жасауына жүгінгені орынды деген қорытындыға келеді. Нәтижелер мен қорытындыларды мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында орыс әдебиетін оқыту процесінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: символист ақындар, «күміс ғасыр», лейтмотив, оқу ресурстары.

FEATURES OF STUDYING THE LYRICS OF SYMBOLIST POETS IN HIGH SCHOOL

J. Lyateva

The article is devoted to the study of the features of the study of the lyrics of symbolist poets in high school. The purpose of the study is to clarify the question of the ways and methods of effective study of the lyrics of symbolist poets in the senior classes. The subject of the study was the main approaches to the organization of training sessions in the process of studying symbolism. The author comes to the conclusion that it is expedient for the teacher to turn to additional materials (including visual ones), as well as to a review study of the lyrics of Russian symbolists. The results and conclusions can be used in the process of teaching Russian literature in schools, colleges, higher educational institutions.

Key words: symbolist poets, «silver age», leitmotif, educational resources.

ӘОЖ 378.016:81

10.53355/ZHU.2023.106.1.036

АУЫС МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕРДІ МЕНҒЕРТУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Меирхан Ш.Е.

Қазақ тіліндегі ауыс мағыналар, олардың зерттелуі, жасалу жолы мен ерекшеліктеріне байланысты жазылған еңбектер көп болса да, оларды оқыту әдістемесіне қатысты, соның ішінде жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқытуға байланысты материалдар көптеп табыла бермейді. Сондықтан, оны оқытудағы әдіс-тәсілдерді зерделеп, оқушыларға меңгертудегі тиімді тапсырмалар мен әдістер құрастыру, білім алуға қызығушылық төмендеген кезеңде оқушылардың сабаққа зейінін ашу сияқты мәселелер қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында өзекті болып отыр. Ғылыми мақалада дәл осы өзекті мәселе, яғни ауыс мағыналарды орта мектептегі қазақ

тілі пәнінде оқытудың тиімді тәсілдері, әдістері, ойындар мен тапсырмалар және олардың ерекшеліктері талданады.

Кілт сөздер: *ауыс мағына, этимология, лексика, әдіс, контекст.*

«Қазақ тілі» – мектептерде ең негізгі пәндердің бірі. Қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде білім оқу мақсаттары мен дағды қалыптастыруға негізделіп оқытылады. «Қазақ тілі» пәніндегі тілдік бағдарлар тапсырмалар негізінде оқушыға көмек ретінде меңгертіледі. Соның ішінде ауыс мағыналар 5-сыныпта «Сөздің тура және ауыспалы мағынасы: тура және туынды мағына», «Синоним және антонимдер», «Көп мағыналы және омоним сөздер» меңгертіледі. 7-сыныпта «Фразеологизмдер», «Мақал-мәтелдер» тақырыптары бар. Осы тілдік бағдарларды меңгерту үшін ауыс мағына деген не екенін түсініп алайық.

Ауыспалы мағына – сөз қолданысқа түскенде ойды көркем жеткізу үшін қолданылатын туынды мағына. Этимологиялық тұрғыда ол негізгі (тура) мағынадан өрбиді. Ауыспалы мағына бір заттың екінші затқа, бір құбылыстың екінші құбылысқа түрі, қимылы, сипаты тұрсығысынан ұқсауына байланысты жасалады [1].

Ауыспалы мағына – сөздің қолданылу барысында пайда болатын туынды мағына, заттың тура мағынасынан туатын қосымша мағына. Сөздің ауыспалы мағынасы заттың я құбыстың, не оның белгісінің ұқсастығын білдіруден келіп туады [2].

Жалпы лексикологияны оқыту жайында жазылған еңбектер аз емес. Соның ішінде сөздің ауыспалы мағынасын оқыту мәселесі жайында соңғы жылдары қандай өзекті мәселе қамтылғанына тоқтала кетсек.

Әдіскер-ғалымдар Б. Құлмағамбетова., А. Исанова., М. Исинғарина және басқа да ғалымдардың құрастыруымен шығарылған «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» (2000 ж.) еңбегінде лексикологияны меңгеруді «Лексикалық (сөздік) жұмыс жүргізу жолдары» тарауында қарастырған. Оқушының ұғымына ауыр тиетін, түсініксіз сөздерді сол сөздердің синонимі арқылы түсіндірген жөн деген кеңес беріледі [3, 65 б.]. Демек, балаға білім беру барысында туындаған жаңа сөздерді, ауыспалы мағынада берілген сөздерді баланың деңгейіне қарай ықшамдап түсіндірген жөн. Баланың сөздік қоры оның сөз мағынасын түсінуіне тығыз байланысты. Ғалымдар әрі қарай сөздің мағынасын оның шығу тарихы мен тегін талдап көрсетуден, яғни этимологиясынан бастап меңгерту қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар сөздіктермен жұмыс жасауға кеңес береді.

Ғалым Ф. Оразбаева құрастыруымен жарық көрген «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» (2019 ж.) оқулығында лексикологияны оқыту мәселесіне кеңірек тоқталады. Лексикологияны оқытудың маңызы мен сөз мағыналарын оқыту теориясы қарастырылған бұл еңбекте көрсетілген, қамтылған мәселелерге назар аударсақ: «Лексиканы оқытудағы ең басты мақсат – тек тіліміздегі сөздерді меңгерту емес, оқушыны қазақ тіліндегі сөздердің шығу төркінін, мәнін, мағынасын, мазмұнын ұғынып, оның түрлі варианттарын білуге, оларды өз ойын толық және еркін жеткізуде таңдап қолдануға үйрету, өз бетінше жұмыс істеуге, ізденімпаздыққа баулу» [4, 229 б.]. Яғни, сөз мағыналарын оқыту барысында этимологиясына мән беріп, ойлау қабілетін дамыту, мәнін ұғу маңызды. Сол арқылы оқушы тек сөзді ғана емес, халық мәдениетін толық ұғына алады.

Ауыспалы мағынаны, оның жасалу жолдарын қарастырған ғалымдар: Ө. Болғанбаев, А. Айғабылов ұсынған теориялық білімге сүйену әрине қажет. А. Айғабылов: «Қандай сөз болмасын оның мағынасы тек сөйлем, контекст құрамында ғана нақты ашылады» - деп [5, 9 б.], сөз мағынасын ашуда контекстік әдісті ұсынады. Демек, сөз мағынасын ашуда жеке сөздің өзін ғана алмай сөйлем, не сөз тіркесі түрінде алу қажет. Осы арқылы сөздің мағынасын түсіну де жеңіл болмақ деген тұжырым жасай аламыз. Алайда мәтінмен жұмыстың өзі балаларға ыңғайлы, қызықты, әрі тиімді болуы керек. Себебі бастауыш сыныптан орта мектепке ауысқан оқушыға тек мәтінмен, не жазба жұмыстарын орындап, сөздіктермен жұмыс жасау қиындықтар туғызуы мүмкін.

Орта мектептегі қазақ тілі пәнінде оқушыларға ауыс мағыналарды оқыту кезінде төмендегідей заңдылықтарды негізге алу керек деп ойлаймыз:

1) *Жаңа сөздермен танысу*. Жаңа сөздерді сөйлемнің не мәтіннің құрылымдық негізінде тыңдау, оқу, олардың мағынасын ашу, ауыс мағыналарымен танысу, олардың жасалу ерекшеліктеріне назар салу.

2) *Практика*. Ауыс мағынада сөздерді сөйлем ішінде не сөз тіркесі ішінде қолдану үшін тапсырмалар беру.

3) *Қолданыс аясы*. Ауыс мағынадағы сөздерді қолданыс аясында, күнделікте өмірде, шығармашылық жұмыстарды орындау кезінде пайдалану.

Осы заңдылықтарды басшылыққа ала отыра төмендегідей әдіс-тәсілдерді, ойындарды ұсындық.

1) *Жаңа сөздермен танысу*. Басты назар оқушының жаңа сөзбен танысып қана қоймай, оны түсініп, қолдана алуына қойылады. Олардың жасалу жолы мен мағынасына назар аудару дағдысын қалыптастыруға жұмсалады.

Қазақ тілі сабағындағы оқу мақсаттары жазылым, айтылым, оқылым, әдеби тіл нормаларын қамтып, білім беруді нәтижелі әрі тиімді ету негізге алынды.

5-сынып «Қазақ тілі» («Арман-ПВ» баспасы, 2017 ж.) оқулығында ауыспалы мағына тілдік бағдарында берілген тапсырма:

Қою қаріппен берілген сөздерінің тура және ауыспалы мағыналарын анықтаңдар. Үлгі: Орман ішінде билейтін ағаш бар. Ол адамның ішінде не барын білу қиын.

Қытайдың ежелгі орманының ішінде ерекше сәмбі тал бар. Осы биік ағаштың қасында жеңіл лирикалық әуен қойсаңыз, ағаш музыка ырғағына ілесіп, билей жөнеледі. Бір ғажабы, шулы, даңғаза музыка қойсаңыз, ағаш билемей қояды екен. Жергілікті тұрғындар оған «билейтін ағаш» деп ат қойған[6, 46 б.].

Осы мәтінді оқушылардың оқылым деңгейін дамытып қана қоймай, тілдік бағдарды меңгертуге пайдалануға болады. Мәтіндегі «**іш**» сөзі ауыспалы мағынада қолданылған. Осы сөздің мағынасын ашуға байланысты «**СӨЗДІК**» әдісін ұсынамыз.

- үйдің іші;
- адамның іші;
- ыдыстың іші.

Лексикалық бірліктерді оқушыға меңгерту барысында ескеретін бір жайт – жеке сөз ешқашан өз бойындағы бар мүмкіншілікті толық бере алмайды. Лексикалық мағынасы бар сөздердің өзін бір мағынасымен шектеу қиын. Өйткені, тіліміздегі сөздердің әрқайсысы алуан түрлі мағынаны береді. Сол себепті, сөздің мағынасын ашып, түсіне алу үшін тіркесім арқылы қарастырып көру керек.

Сөздердің тура және ауыспалы мағынасын, көпмағыналы сөздерді, омоним, синоним, антоним сөздерді оқушыларға меңгерту – олардың тілінің қалыптасып, ойының нақты, әрі көркем болуына, сөйлесу тілінде бір сөздің бірнеше қайталауын болдырмауға, нақтырақ айтқанда шешен сөйлеуге, ойын дәл жеткізуге ықпалын тигізеді.

Сөздерді меңгеруде тек ережелермен ғана жұмыс жасамай, тапсырмалар орындау – есте сақтау қабілетін арттырады, қабылдауды жақсартады.

2) *Практика*. Оқушы мектепте білімді, тілдік бағдарды меңгеріп, түсінумен ғана шектелмеуі керек. Оны өмірде пайдалана алып, қолдана алу міндетті.

Мектеп оқулығында «Төрт түлік» тақырыбы бойынша 5-тапсырмада («Атамұра» баспасы) сөздер тізбегі берілген:

Қала, түс, көз, илеу, қанат, құлак.

Бұл тапсырманы орындауда «**АССОЦИАТИВТІ ҚАТАР**» әдісін басшылыққа алуға болады. Оқушыларға тапсырмаға бірден сөз тіркесін құрастыртпай, бірінші сол сөздерге байланысты туған пікірді жаздырамыз.

Мысалы, «көз» сөзіне байланысты оқушыларда тууы мүмкін пікірлер:



Сурет 1. «Көз» сөзіне байланысты ассоциограмма

Енді осыған байланысты сөз тіркесін құрастырып, сол бойынша сөйлемде сөз мағынасын ашу тапсырмасын беруге болады.

- ✓ Анардың көзі жақсы көреді.
- ✓ Анасы иненің көзін таба алмады.
- ✓ Өсімдіктерге күннің көзі өте қажет.
- ✓ Негізгі табыс көзі – сауда.


Осы заңдылық бойынша 7-сыныпта («Атамұра» баспасы) «Тұрақты тіркестер» мен «Мақал-мәтелдерді» меңгерту барысында:

«МОНШАҚТАР» ойынын пайдалануға болады.

Бұл әдіс бойынша оқушылар бірінші қатарда отырған бірінші оқушыдан бастап, соңғы оқушыға дейін сөз жалғап отырады. Ойын шарты бойынша бірінші айтқан ойыншының соңғы сөзі – келесі ойыншының сөзіне бастау. Оқушы сөз таба алмаса моншақ үзіліп, оқушы тақырып бойынша сұраққа жауап беріп, ойыннан шығып қалады. Ойын қызықты өту үшін алдын ала бірнеше мақалдар тізімін жасап, алдыңғы сабақтарда балаларға таратып беріп, жаттатуға болады.

Бұл ойын арқылы оқушылардың логикасын дамытады. Тосыннан келіп қалған сөзді жалғау үшін оның білетіні де көп болуы керек. Олар ойында ұтылып қалмау амалын жасап, барынша тырысып, көбірек жаттап келеді. Осы ойынның көмегімен ауыспалы мағыналы сөздер мен басқа да тілдік бағдарларды меңгерту барысында сергіту сәтін жасауға болады.

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың қызығушылығын тудыруға, тиімділікке негізделген. Жас ерекшелігіне қарай дұрыс пайдаланылса, оқушылар сабақта бой жазып қана қоймай, түрлі ақпараттарды есіне түсіріп, қабылдай алады. Оны тиімді қолдануды үйренеді.



Сурет 2. «Моншақтар» ойынын ойнау үлгісі

3) *Қолданыс аясы.*

Оқушыларға «**МИКРОФОН**» әдісінде тапсырма орындатуға болады. Тапсырма бойынша олар сыныптастары, достарынан сұхбат алып, сөздің мағынасы әр адам әртүрлі түсінетіндігін байқай алады. Сөздің ауыспалы мағынада болуы жиі кездесетін құбылыс екенін аңғарады.

Мысалы, бала «құлақ сөзіне тіркес құрастырыңыз?» деген сұрақ қояды.

➤ Анасы – қазан құлағы;

➤ әкесі – домбыраның құлағы;

➤ жақын достары – «құлақ» деген сен деп әзілдеп жауап беруі де мүмкін. Яғни, бала тапсырманы орындау арқылы сөздің жаңа мағыналарын меңгерумен қатар, оны қолдана алу мүмкіндігіне ие бола алады.

Тапсырмаларды орындату барысында лексиканы оқытудағы принциптерді басшылыққа алуды ұмытпаған жөн. Себебі сөз мағынасын шындықпен салыстыру арқылы ғана ауыс мағынаның мәнін терең ұғына алады. Мысалдағы «құлақ» сөзі адамның дене мүшесі болғаны сияқты, ол қазанның да, домбыраның да бір бөлігі. Олардың мағынасы әртүрлі болғанымен, сөздің шығу төркіні шындыққа жақын, соның айналасында айқындалады.

Жаңа сөздерді меңгерту барысында беретін кеңесіміз – иллюстрациялық суреттерді қолдану. Сурет арқылы сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыруға болады. Әсіресе әр тақырыпқа сай жасалған суреттердің көмегімен білім беру процесі жеңілдей түседі.

«БРОУНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС»

Сынып ішіне өтіліп жатқан тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды. 5-сыныпта («Атамұра» баспасы) «Сөз мағыналары» тақырыбында сергіту сәті ретінде балаларға осы әдісті қолдануға болады. Әр партаға қағаз тілімдері жапсырылған соларды алып, тақтаға шығып сәйкестендіреді.

• **Сары парақта:** мұзда отырған баланың, от шығып тұрған жүректің, бет пен үзілген моншақтың суреті болады.

• **Қызыл парақта:** бет моншағы үзілді, жүрек оты, мұзға отырғызу сөздері жазылады.

• **Қызғылт сары парақта:** ұялу, рух, алдау сөздері болады. Балалар бейнелеу өнері сабағында меңгерген білімін ұштастырып, парақтарды дұрыс сәйкестендіру арқылы сөздерді тауып, мағынасын ашады.

Бұл тәсіл көмегімен бұрын меңгертілген білім қайталанып, оқушылардың танымы мен есте сақтауы да дами түседі.

Ауыс мағынаны меңгертудегі ең тиімді тәсіл – оқушыға сөздің мәнін ұғындырып, күнделікті өмірде еркін қолдануға мүмкіндік туғызған тәсіл. Тапсырмалар оқушы өмірде пайдаланып, түсініп, қызығатындай болуы керек. Біз ұсынған «Ассоциативті қатар», «Микрофон», «Сөздік», «Броундық қозғалыс» және т.б. әдістер бұл мақсаттарға жеткізе алады.

Қорыта келе, қазақ тіліндегі ауыс мағыналар лингвистикалық қырынан жан-жақты талданғанымен, оларды оқытуды зерделеу әлі де өзекті болып отыр. Ауыс мағыналарын оқытуды жаңартылған оқу бағдарламасы аясында сараптап, әдістемесін жан-жақты жетілдіргенде, тіліміздің тазалығы сақталып, шұрайлы сөздеріміз сақталмақ, тіл байлығы молаймақ. Осы мақсатқа жету үшін біз тиімді әдістерді ұсынып көрдік. Нәтижелілігі мен тиімділігі айқындалған бұл әдістер оқушылар үшін де, мұғалім үшін де пайдалы болды деген пікірдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы / Құрастырған: С.А.Итеғұлова, А.Қ.Қожахмет. - Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2016. – 150 б.

2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ф.Қалиев, С.Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. - Алматы, 2011. - 744 б.

3. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Құлмағамбетов Б., Исанова А., Исінғарина М., Көккөзова М., Құрмағалиева Р., Айтжанова Н. / Алматы: Білім, 2000. - 144 бет.
4. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Ф. Ш. Оразбаева, Б.Қ. Қасым, Ж.Қ. Балтабаева, Н.А. Оразахынова, Р.С. Рахметова/ Қарағанды, 2019. - 423 б.
5. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы: Зият-Пресс, 2004
6. Ермекова Т.Н. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. / Т.Н.Ермекова, Ж.К.Отарбекова, Р.Н.Мұнасаева. – Астана: Арман-ПВ баспасы, 2017. – 144 бет.

ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ОВЛАДЕНИЯ ПЕРЕНОСНЫХ ЗНАЧЕНИИ СЛОВ

Меирхан Ш. Е.

Несмотря на то, что в казахском языке много произведений, связанных со смыслом, изучением, способом их создания и особенностями, относительно методики их обучения не так много материалов, в том числе связанных с обучением по обновленной учебной программе. Поэтому в науке методики преподавания казахского языка актуальны такие вопросы, как изучение методов и приемов его преподавания, составление эффективных заданий и методов освоения учащимися, раскрытие внимания учащихся к занятиям в период снижения интереса к получению знаний. В научной статье анализируются эффективные подходы, методы, игры и задания в обучении казахскому языку в средней школе и их особенности.

Ключевые слова: *изменение значения, этимология, лексика, метод, контекст.*

EFFECTIVE WAYS OF MASTERING THE FIGURATIVE MEANING OF WORDS

Sh. E. Meirkhan

Despite the fact that there are many works in the Kazakh language related to the meaning, study, method of their creation and features, there are not so many materials regarding the methodology of their teaching, including those related to teaching according to the updated curriculum. Therefore, in the science of the methodology of teaching the Kazakh language, such issues as the study of methods and techniques of teaching it, the compilation of effective tasks and methods of mastering by students, the disclosure of students' attention to classes during a period of declining interest in acquiring knowledge are relevant. The scientific article analyzes effective approaches, methods, games and tasks in teaching the Kazakh language in secondary school and their features.

Key words: *changing meaning, etymology, vocabulary, method, context.*

ӘОЖ 101.8:316.3(574)+128

10.53355/ZHU.2023.106.1.037

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Нурбосынова Л.С., Берикова А.К.

Рухани негіздер, жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық сана-сезім адам мен қоғамның өзекті мәселелері болып табылады. А. Байтұрсынов философиясының басты мәселесі-адам (тұлға) және қоғам. А. Байтұрсыновтың философиялық мұрасында ұлттық сана, әлемдік болмыс аренасында қазақ ұлтының өзін-өзі сәйкестендіру мәселесі қызыл жіппен өтуде. Ана тілі, тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, тәрбиесі маңызды негіз болып табылады, оның аясында адам өмірінің ішкі толықтығын алуға ықпал ететін рухани-адамгершілік тазалық пен білім ашылады. Қоғамда өмір сүретін адам ата-бабаларының рухани құндылықтары мен дәстүрлерін құрметтеуге баса назар аударады, бұл жалпы ұлттың болашағын анықтайды.

Кілт сөздер: *Ахмет Байтұрсынов, әлеуметтік философия, адам, тарих, қоғам, білім, ана тілі, мәдениет, ұлттық сана-сезім, өмірдің мән-мағнасы, жалпыадамзаттық құндылықтар*

Адам мен қоғам мәселесі әрқашан адамзаттың санасында көрініс тапты. Мәселен, мысалы, М. Хайдеггердің пікірінше, сыртқы әлемнің болуы ішкі, жеке әлемнің болуы арқылы қалыптасады. Бүгінгі таңда қоғамға деген жаңа көзқарас қоғамның тарихи дамуының нәтижесі болып табылатын адамның болмысы туралы жаңа көзқарастарға әкелгені кездейсоқ емес. Шын мәнінде, адамның өмір сүруі тек қоғамда, тек белгілі бір әлеуметтік-тарихи ортада мүмкін, бұл әлемнің көптеген елдері мен Қазақстанның әлеуметтік дамуының тарихи өткенінде дәлелденген.

Адам қоғам мен қоғамдық қатынастардың бөлігі бола отырып, "қоғамдық ағзаға" белсенді әсер етеді, осылайша Жаратушы, жасаушы болып табылады. Ол бір уақытта және әлеуметтік қатынастардың объектісі және субъектісі болып табылады, онда жеке тұлғаның мөрі басылады. Адам мен қоғам арасында диалектикалық өзара әрекеттесу бар, мұнда адам микро қоғам, ал қоғам оның әлеуметтік байланыстарындағы адамның өзі.

Адамдар тарихи әлемде өмір сүреді, мұнда әлеуметтік процестер "шынайы адамдышылығының" бастамасын анықтауға мүмкіндік береді. Өткеннің ұлы ойшылдары қазіргі ұрпаққа қазіргі кезде де практикалық маңызы бар бай мұра қалдырды.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) - көрнекті қазақ ағартушысы-демократ, ақын, жазушы, белгілі қоғам қайраткері, ғалым, философ. Оның қызметінің негізгі саласы-әдеби шығармашылық, әдеби процестің тілі мен заңдылықтарын, сондай-ақ сөздің қалыптасу заңдылықтарын және оның қоғамдағы қызметін, адамдардың әлеуметтік өмірін ұйымдастырудағы ролін зерттеу. Ол қазақ рухани мәдениетінің тарихына қазақ тіліндегі классикалық орыс және батыс поэзиясының көрнекті аудармашысы, жазушы, публицист, қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздің ұйымдастырушылардың бірі ретінде. Бұл туралы көпшілік қазір ғана біледі - сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған Ахметтің есіміне ұзақ уақыт бойы тыйым салынған. Бұл оның өлеңінің атымен айтуға болатын адамның аты - "ақыл себуші".

А.Байтұрсыновтың пікірінше, бостандық, тәуелсіздік, біріншіден, адамның өмірдің мән-мағынасын алуға, екіншіден, әлемдік аренада қазақ халқының құқығын қалпына келтіруге көмектеседі. Ахмет Байтұрсыновты түсінудегі жетекші идея - халық үшін өмірлік маңызы бар, бірақ оған құлдықтың бұғауын тастаған кезде ғана шынайы игілік әкеле алатын білім, ағарту. А. Байтұрсынов соңғысына қарсы дауыс көтере бастайды.

А.Байтұрсынов поэзияны ой философиясы ретінде қазақтарды езген монархиялық Ресей саясатына қарсы күрес қаруына айналдырады. Бұл мағынада оған Крылов ертегілерінің қазақ тіліне аудармалары көп жағынан көмектеседі. Зерттеушілердің пікірінше, А.Байтұрсынов Крыловтан аударғанда түсінікті ертегілерді тандап, нағыз қырғыз рухына сәйкес келетін ойларды сызып көрсеткен болатын. Егер Белинский Крылов туралы: "ол өзінің кейбір ертегілерінің мазмұнын Лафонтейннен алғанымен, оны аудармашы деп атауға болмайды, "оның ерекше орыс табиғаты бәрін орыс формаларына айналдырып, бәрін орыс рухы арқылы жүргізді", - деп айта аламыз. Крыловта да, А.Байтұрсыновта да ойдың табиғилығы, қарапайымдылығы мен динамикасы туралы айтудың қажеті жоқ:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.
Біріннің айтқанына бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

"Аққу, шортан және қатерлі ісік" ертегісінің соңында берілген бұл қара сөзде бірегейлікті талап ететін терең философиялық ой бар. Ғасырлар бойы өткеннің тереңінен генетикалық тұрғыдан келе жатқан өзін-өзі сақтаудың жалғыз көзі ретінде халықтың ішкі бірлігі ұжымдық санада бейсаналық деңгейде жатыр. Тарих бізге күштің кең аумақтарды

(кеңістіктерді) игеруде де, таным саласында да (прогресс) бірлікте екенін үйрететіні бекер емес. Бұл ойды "Бата" өлеңінен байқауға болады.

А.Байтұрсынов қазақ ағарту титандарының тұтас бір галактикасының рухани көшбасшысы болды, бұл заман осындай есімдермен көрнекті - А.Бөкейханов, М. Дулатов, С. Торайғыров және тағы басқа. Осы тұлғалардың әрқайсысы қазақ философиясының дамуына, өмірдің мәні мәселесін түбегейлі дамытуға елеулі үлес қосты. "Масада" және "Қырық ертегілерде" Ахмет Абайдың гуманистік, ағартушылық дәстүрлерінің жарқын мұрагері ретінде әрекет етеді. Бұл жұмыстар негізінен тәуелсіз демократиялық мемлекет құру жолында қажетті және ажырамас жағдайлар болған прогресс, ағарту, мәдениет және ғылым мәселелерін көтереді.

А.Байтұрсынов оның сұрақтарын тереңірек зерттей отырып, тіл біліміне үлкен мән берді. "Ол өзінің философиялық ұстанымын шоғырланған түрде "Әдебиет таңытқыш" ("Әдеби Нұсқаулық" 1926) еңбегінде баяндады, онда ол рухты табиғаттан, сананы материядан, ойлауды болмыстан ажыратпайды" [1,390]. Жалпы, ұлттық ойлауда да, А.Байтұрсыновтың көзқарастарында да Алла (құдай), аруақ (аруақ) сияқты ұғымдар құндылық болып табылады."Бата" өлеңінде мұсылман сөздерінің болуын және автордың Құран қасиетті кітабын білуін байқауға болады:

Я, құдайым! Аққа жақ
Өзіне аян – мен нақақ.
Аққа деген жолымның
Абыройын ашпай, жап.
Аят пенен хадисте
Адал ниет, ақ іске.

"Қазақтардың ойында "Тәңірі" мен "Алла" антропоморфтық ерекшеліктерден айырылған. Бұл екі сөз синоним сөздер. Тәңірді қазақтардың түсінуі ежелгі грек философы Платонның шәкірті Плотиннің ілімінде бар түсінікке жақын. Бұл бір - игілік, жоғарғы ақыл және әлемдік жан. Тәңірі өзінің болмысында шексіз және кез-келген идеяларға, сипаттамаларға, түсініктемелерге қол жеткізе алмайды" [2]. А.Байтұрсыновтың дүниетанымындағы "Алла" ұғымы жақсылық, парасат, ақиқат, әділеттілік және т. б. ұғымдармен байланысты.

Аз күндікке алданып,
Аз нәрсеге жалданып
Адасқанын алаштын
Түзу жолға түсір, Хақ!

А.Байтұрсынов өзінің тағайындалуын қазақ тілі мен әдебиетін жетілдіруде көрді. Оның көзқарастары прогрессивті болды, ол болашақта біздің тағдырымыз қандай болатыны туралы әбігерге түсті. А.Байтұрсынов "Қазақ" газетінің бірінші санында жарияланған бағдарламалық мақаласында былай деп жазады: "ұлттық келбетімізді, өз тәуелсіздігімізді сақтау үшін бізге бар күш-жігерімізбен және жалпы мәдениетке ұмтылу керек; ол үшін біз бірінші борышымызды ана тіліндегі әдебиетті дамытумен айналысуға міндеттіміз. Тек өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар адамдар ғана тәуелсіз өмір сүруге құқылы екенін ешқашан ұмытпау керек" [3]. А.Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерінің нәтижесінде бізде қазақ әліпбиі, фонетика, қазақ тілінің синтаксисі мен этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы бар. Осы қажырлы еңбегімен ол қазақ әдебиетін жоғары деңгейге көтеріп, ұлттық ой мен туған әдебиеттің берік негізін қалады.

Ахмет Байтұрсыновтың пікірінше, адамда терең әлеуметтік бастама қалыптасып, ол қоғамда және қоғам арқылы дамиды. Әлеуметтену процесінде адамның білім алуы оның ішкі әлеуетін, ішкі тәжірибесі мен рухани нұсқауларын білу арқылы оның практикалық мағынасында құндылық ретінде қарастырылады. Білімді адамгершілік пен зияткерлік тәжірибенің синтезі ретінде жоғары бағалау, адамды жетілдіру критерийі ретінде қызмет етеді. Еңбектерінде осындай сөздері бар – «Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың

шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек». А. Байтұрсыновтың шығармашылығындағы білімді түсіну мұсылман дәстүрінен бастау алатын ізгілік категориясымен ұштастырылған. Өмірдің мәні мен бақытқа жету адамгершілік тазалық пен жан-жақты білім болған кезде мүмкін болады, бұл жалпыға бірдей пайдалы. Білімнің құндылығы оны өмірді дана басқарудың тәсілі ретінде практикалық қолдануда жатыр. Бүгінгі күнге дейін білім әлеуметтік мәселелерді шешуге, мәдениеттер диалогына, өзін, әлемдегі өз орнын және жалпы әлемді түсінуге және білуге негіз болатын ең маңызды жалпыадамзаттық құндылықтардың бірі болып табылады.

"А.Байтұрсыновтың барлық пайымдауларында терең философиялық мазмұн бар, өйткені ол қозғаған проблемалар тек қана емес, қазақтар мәдениетінің дамуының нақты заңдылықтарына да қатысты, бірақ ол өзіне басқа міндеттер қоймай, оларды бүкіл адамзат өмірінде шешуші рөл атқаратын мәдени-тарихи құбылыстар ретінде Тілдерді дамытудың жаһандық процестері әлеміне енгізді"[1,394]. Ағартушының көзқарасы бойынша идеал Тәуелсіздік қажеттілік ретінде, өз халқының бірлігі, білімді іздеуден тұратын рухани-адамгершілік өзін – өзі жетілдіру болды-ол өзінің тайпаларын тынымсыз шақырады, өйткені бұл тарихи процеспен байланысты болды, дегенмен рухани мұра өзінің объективті маңыздылығын жоғалтпайды. Осы мақсатқа жету үшін таңдалған жолды А.Байтұрсынов тіл білімі, әдебиет, ағарту мәселелерін зерттеу міндеті ретінде түсінді. "Адамның өмірлік кәсіпорындарындағы мінез-құлқын басқаратын мінсіз бейне, ой мен міндет өмірдің" өзі үшін "мағынасының қарама-қайшылығын жояды, бұл" басқалар үшін болмыста болу " дегенді білдіреді[4,124]. Барлық ұлы адамдар осыған ұқсас, адамдар үшін терең ойлауда. Білім мен мәдениетте ол әлеуметтік прогрестің шешуші факторын көрді. Өз халқына оралып, А.Байтұрсынов бүгінде "ақылдың тұқымын, жақсылық тұқымын себуді" жалғастыруда.

"Бір жағынан қазақ қоғамының дәстүрлі ұстанымдарының бұзылуы және екінші жағынан жаңа қоғамдық-экономикалық қатынастардың орнығуы адам қызметінің бұрын-соңды белгісіз түрлерін өмірге әкелді. Қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуі халықтың мәдениеті мен рухани өміріне объективті әсер етті. Қазақстан Ресей, Англия, Франция және басқа мемлекеттердің мүдделерінің тоғысында қалып, өңірдің өнеркәсіптік-көліктік, сауда және өзге де игерілуі айтарлықтай жеделдегенімен, қоғамдық санада тарихи перспектива ғылымның, техниканың, мәдениеттің жетістіктерін игерген халықтар үшін деген түсінік берік орнықты " [5].

Халықтың ең ағартылған өкілдері өз еркімен мұғалімдердің ұлы миссиясын өз мойнына алды, өз білімдерімен өлке мәдениетінің дамуына ықпал етті. Бұрынғы әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды сақтау және көбейту үшін кеңістік айтарлықтай шектеулі болды, бірақ сонымен бірге жаңа әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен бағдарлар пайда болды.

XX ғасырдың басы А.Имановтың басшылығымен патшаға қарсы ең ірі көтеріліспен белгіленді. Сол кездегі қоғамдық-философиялық ойда А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқалар бастаған "Алаш-Орда" либералды-демократиялық қозғалысының қызметі маңызды орын алады. И.Кант былай деп жазды:"... егде жастағы ұрпақтар тек болашақ ұрпақ үшін ғана жұмыс істейді, атап айтқанда, оларға табиғат тағайындаған ғимаратты жоғарырақ тұрғызуға болатын кезеңді дайындау үшін, тек кейінгі ұрпақтар ғана осы ғимаратта өмір сүру бақытына ие болу үшін, оны салу үшін көптеген ата-бабаларымыз жұмыс істеді...».

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сегізбаев О. А. XV-XX ғасыр қазақ философиясы. А.: Ғылым, 1996. – 472с.
2. Сүлейменов И. Қазақтардың дәстүрлі космоцентристік ойлауының негізгі ұғымдары. Кітапта.: Философия бойынша дәрістер. А.: "Ататек", 1999. – 208с. /163/.
3. Қазақ әдебиеті: ақпараттық-әдеби жинақ. /Құрастырушылар Сергеева М., Чирчик М./ А., 1998.Б. 69.
4. Москаленко А.Т., Сержантов В.Ф. Өмірдің мәні мен тұлғасы. Новосибирск: Ғылым, Сібір бөлімі, 1989. – 205с.
5. Қазақстан тарихы Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін. А.: "Дәуір", 1993. – 416с. / 235/.

СОЦИАЛЬНО-ФИЛОСОФСКИЕ ИДЕИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА*Нурбосынова Л.С., Берикова А.К.*

Духовные основы, общечеловеческие ценности, национальное самосознание являются актуальными проблемами человека и общества. Главная проблема философии А. Байтурсынова - человек (личность) и общество. В философском наследии А. Байтурсынова красной нитью проходит проблема национального сознания, самоидентификации казахской нации на арене мирового бытия. Сущностной основой является родной язык, история, культура, обычаи, воспитание, в рамках которой раскрывается духовно-нравственная чистота и знания, способствующие обретению внутренней полноты человеческого бытия. Человек, живущий в обществе, подчеркивает уважение к духовным ценностям и традициям своих предков, что определяет будущее нации в целом.

Ключевые слова: *Ахмет Байтурсынов, социальная философия, человек, история, общество, образование, родной язык, культура, национальное сознание, смысл жизни, общечеловеческие ценности.*

SOCIAL AND PHILOSOPHICAL IDEAS OF AKHMET BAITURSYNOV*L.S. Nurbosynova, A.K. Berikova*

Spiritual foundations, universal values, national identity are the actual problems of man and society. The main problem of A. Baitursynov's philosophy is man (personality) and society. In the philosophical heritage of A. Baitursynov, the problem of national consciousness, self-identification of the Kazakh nation in the arena of world existence is a red thread. The essential basis is the native language, history, culture, customs, upbringing, within which spiritual and moral purity and knowledge are revealed, contributing to the attainment of the inner fullness of human existence. A person living in society emphasizes respect for the spiritual values and traditions of his ancestors, which determines the future of the nation as a whole.

Key words: *Akhmet Baitursynov, social philosophy, man, history, society, education, native language, culture, national consciousness, meaning of life, universal values.*

ӘОЖ 433 94

10.53355/ZHU.2023.106.1.038

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ*Нұрланова Г.Н.*

Мақалада бүгінгі таңдағы жаһандық құрылыстың жаңа жүйесі қалыптасатын көпқырлы сипат соңғы уақытта геосаяси және экономикалық тұрғыдан маңызды болып табылатындығы және Орталық Азия өңірінде айқын көрініс тапқандығы туралы баяндалады. Сондай-ақ осы өңірдің айналасындағы геосаяси жағдай, ең алдымен, оның экономикалық және саяси орталығы болып табылатын Қазақстан әлемдік экономика мен саясаттың негізгі орталықтарының, оның ішінде Қытай, Жапония, Үндістан, Түркия, Иран және араб әлемінің ұлттық мүдделерінің қақтығысуымен сипатталатындығы айқын. Орта Азия мемлекеттерінің саяси және әлеуметтік-экономикалық моделінің қалыптасуын қарастырайық. Дәл осы аспектілер әр елдің әлемдік қоғамдастықтағы орны мен рөлін айқындайды.

Кілт сөздер: *геосаясат, интеграция, көпвекторлы саясат, саммит, тәуелсіздік.*

XX ғасырдың соңы халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесіндегі терең өзгерістермен ерекшеленді. Еуразия құрлығының ортасында бес жаңа тәуелсіз мемлекеттің

пайда болуы: Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменстан (ТМД елдері) – халықаралық жүйедегі орталық-азиялық жүйенің қалыптасуына бастама жасады. Бүгінгі таңда жаһандық құрылыстың жаңа жүйесі қалыптасатын көпқырлы сипат соңғы уақытта геосаяси және экономикалық тұрғыдан маңызды болып табылатын Орталық Азия өңірінде айқын көрініс тапты. Осы өңірдің айналасындағы геосаяси жағдай, ең алдымен, оның экономикалық және саяси орталығы болып табылатын Қазақстан әлемдік экономика мен саясаттың негізгі орталықтарының, оның ішінде Қытай, Жапония, Үндістан, Түркия, Иран және араб әлемінің ұлттық мүдделерінің қақтығысуымен сипатталады. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террорлық актілер және кейінгі оқиғалар бүкіл әлемдегі, сондай-ақ Еуразия орталығындағы жағдайды түбегейлі өзгертті. Орта Азия мемлекеттерінің саяси және әлеуметтік-экономикалық моделінің қалыптасуын қарастырайық. Дәл осы аспектілер әр елдің әлемдік қоғамдастықтағы орны мен рөлін айқындайды.

Түркіменстан 1991 жылдың 27 қазанында тәуелсіздігін алды. Коммунистік тоталитарлық жүйенің орнына Президент С. Ниязовтың «түркменбаши» қатаң авторитарлық билігі келеді. Ол өз басқаруын патерналистік үлгіге негіздеді. Сыртқы саясатта республика бейтараптылық принципін жариялады. Түркіменстан іс жүзінде Шығыс пен Батыс арасында көшкін жасау саясатын жүргізді. Мемлекеттік тіл ретінде – түркмен тілі жарияланды, орыс және ағылшын тілі болды. Реформалар мемлекет тарапынан қатаң бақылау алынып, экономикалық құрылым сипатының өзгеруіне алып келді [1,33 б.].

Аграрлық секторда дехкано – фермерлік шаруашылықтар белсенді жұмыс істеді. Жекешелендіру тек кейбір өнеркәсіп нысандарына жүргізілді. Қазіргі заманғы түрікмен Моделі - бұл социалистік-нарықтық (Қытай) және орта-ислам-нарықтық (кувейт) экономикалық моделінің синтезі. Экономикадағы негізгі табысты мұнай-газ секторы берді. Сондықтан құбырлар мәселесі Түрікменстан үшін өте маңызды. Иранмен байланыс күшейе түсті. Иран, Каспий немесе Ресей арқылы құбыржолдар құрылысы саяси қиындықтармен байланысты болды.

Түрікмен қоғамының саяси құрылымы бастапқы кезеңде азаматтық қоғам құруды мүлдем көздеген жоқ. Қарсылық танытушылар аз болды. 2007 жылы альтернативті негізде президент сайлауы өтті. Жаңа мемлекет басшылығына Г.Бердымухаммедов сайланды. Жаңа президенттің одан арғы саясаттағы басты көңіл бөлгені Түркіменстан табиғи газы болды, себебі елдегі табиғи газ әлемдегі табиғи газы бар алдыңғы қатарлы елдерден қалыс қалмады. Елдің сыртқы саясат және саудадағы кез келген өзгерістер жаһандық энергетикалық қауіпсіздік үшін үлкен маңызға ие болды [2,52 б.].

Өзбекстан 1991 жылдың 29 тамызында тәуелсіздігін жариялады. Орта Азия елдеріндегі халқы саны жағынан басым. Құрылымы жағынан өзбек моделі түркмендерге жақын. 1992 жылы Конституция қабылдады. Ол патернализм принциптерін бекітеді.

Ел әлеуметтік бағдарланған нарықтық шаруашылық жағына шығады. Жекешелендіру кәсіпорындардың үштен екісін қамтыды. Республика халықаралық нарықта белсенді қызмет етуде. Осыған сәйкес, Оңтүстік Кореялық Дәу фирмасы аталған фирманың модификацияланған автомобильдерін шығаратын зауыт салды. Экономиканың тұрақты дамуы байқалады. Өзбекстан кезең-кезеңмен алға жылжуы байқалады. Жұмыссыздық – басты әлеуметтік мәселеге айналды. Аграрлық секторда – суармалы жер аз болды. Халықтың өмір сүруіне лайықты жерде демографиялық мәселелер туындады. Әлеуметтік мәселелерден ислам фундаментализм мәселесі өршіді.

Елдің құрлықшілік орналасуы көпвекторлы сыртқы саясатты жүргізуге және шығыс пен Батыс мемлекеттерімен белсенді ынтымақтасуға мәжбүр етеді.

Тәжікстан 1991 жылдың 9 қыркүйегінде тәуелсіздігін алды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылы драмалық және азаматтық соғыстармен ұласты. Жаңа экономикалық және әкімшілік-саяси себептерне байланысты елде трайбализм дәстүрі қалыптасты. Экономикадағы ахуал азамат соғысымен жалғасын тапты. Тәжікстанда өмір сүру деңгейі төмен, жұмыссыздық белең алған. Тәжікстанға Ауғанстаннан заңсыз келген ислам фундаментализмі қауіп тудырды. Ел ТМД-ның интеграциялық үдерістерінде белсенді қызмет атқарады [1,74 б.].

Қырғызстан 1991 жылдың 31 тамызында тәуелсіз ел атанды. Қырғызстан Демократиялық республикаға айналды. Экономиканы біртіндеп ырықтандыру бағыты жүзеге асырыла бастады. 1998 жылдың 20 желтоқсанында Қырғызстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымы – ДСҰ (ВТО) мүше болды. Сыртқы саясатта Ресеймен, Қазақстан және Қытаймен белсенді ынтымақтастықта. Сондай-ақ, Қырғызстан ТМД елдерінің интеграциялық үдерістеріне белсенді қатысады.

Қазақстан Республикасының саяси және әлеуметтік-экономикалық моделінің қалыптасуы «Қазақстан тарихы» курсына оқытылады. Сондықтан осы материалдарда біздің мемлекетіміздің сыртқы саясатының азиялық бағытын қарастырамыз[4,169 б.].

Жалпы, Қазақстанның сыртқы саясатын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сыртқы саясаттың қалыптасуы мен тұрақтану кезеңі (XX ғасыр 90 жылдардың алғашқы ширегі). Екінші кезеңге республиканың сыртқы саясатының терең әрі қарқынды дамуы. Үшінші кезеңге 2001 жылғы 11 қыркүйектегі қайғылы оқиғамен байланысты болды, себебі жаңа стратегиялық бастамалар өзгеріске ұшырады. 20 жылдан астам уақытта Қазақстан халықаралық қатынастарда дәрбес мемлекетке айналды [1,80 б.].

Қазақстан биполярлық әлемнің ыдырауы кезеңінде әлемдік саясаттың бел ортасында қалды. Біздің территориямызда КСРО-ның ядролық әлеуетінің бір бөлігі қалды. Сол кезеңде нақты жағдайды білмеу салдарынан ядролық әлеуетке ие Ислам мемлекеті ретінде теріс көзқарастар пайда болды. Қазақстан ядролық қарудан бас тартқаннан және Президент Н. Назарбаевтың басқа мемлекеттердің басшыларымен жеке байланысынан кейін жағымсыз үрдіс өзгерді. Мемлекетаралық қатынастардың шарттық базасы қайта құрылды. Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартуымен халықаралық беделге ие болды және әлемге халықаралық қауіпсіздік мәселелеріндегі кемел көзқарас пен жауапкершілікті көрсетті. 1993 жылғы желтоқсанда Республика ядролық емес мемлекет ретінде ядролық қаруды таратпау туралы шартты бекітті. Сыртқы саясаттағы осындай қадамдар халықаралық аренадағы мемлекеттің деңгейін көтерді[5,29 б.].

Геосаяси жағдайдың ерекшелігі этникалық құрамда, Қазақстан экономикасының даму деңгейі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери емес, саяси құралдар басымдылық береді. Жаңадан пайда болған геосаяси тұрғыдан Қазақстан Еуропа мен Азия-Тынық мұхиты өңірлерін байланыстыратын сыртқы саяси және стратегиялық аспектілерде тиімді кеңістікті алып жатты.

Қазақстан өзінің тұрақты дамуын, бірінші кезекте, белсенді сыртқы саясатпен қамтамасыз етеді. Көрші мемлекеттермен достық тұрақты сауда-экономикалық қатынастардан тұрды. Қазақстан Азия мемлекеті ретінде белсенді әрекет етіп, өзі туралы дәл осы Азияда мәлімдейді. Республика Азия Даму Банкіне мүше – бұл Азиядағы әлемдік шаруашылық байланыстарына ықпалдасу үдерісі. Үлкен үдеріс Қазақстан-Қытай қарым-қатынасынан дамыды. Қазақстан тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мемлекеттердің ішінде Қытай да бар[7,22 б.].

Қазақстан мен Жапония арасындағы қатынастардың берік негізі қаланды. 1999 жылы мемлекетаралық деңгейде Қазақстан мен Жапония басшылары стратегиялық әріптестік туралы мәлімдеді. Қазақстанның мүдделеріне келетін болсақ, Жапониямен қарым-қатынастарды жандандыру Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі осы суперқуатты елдің экономикалық салмағын ескере отырып, республикаға ірі саяси және экономикалық дивиденттер бере алатындығы.

Қазақстанның Оңтүстік Кореямен сауда-экономикалық ынтымақтастығының болашағы зор. Екі елдің кең ауқымды әріптестігін арттыру үшін құқықтық базаны қалыптастыратын бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан Оңтүстік Азияның жетекші елдермен, Үндістанмен байланыс орнатты. АӨСШК (СВМДА) ШЫҰ-мен азиялық қауіпсіздік саласында табысты ынтымақтастық жүргізілуде. Үндістан үшін жетістік болып саналатын «нанатехнология» саласы бойынша ынтымақтастық орнатылуда. Инфрақұрылымның болмауы екі ел арасындағы байланысқа кедергі.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаш мойындаған Түркия мемлекеті болатын. 1991 жылдан бастап ондаған келісім-шарттарға қол қойылады, ондағы саяси, экономикалық, гуманитарлық және басқа да салалар бойынша. Екі ел арасындағы қарым-қатынастардың дамуы динамикалық сипатқа ие болды. Екіжақты ынтымақтастықты тереңдету және кеңейту үшін бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Түркістан қаласында Ахмет Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті жұмыс істеді. Ынтымақтастықтың барлық деңгейіндегі мемлекетаралық байланыстар тұрақты болды. Қазақстан мен Түркия жалпы түркі текті халықтарды байланыстырады. Қазақстан Түркиямен бірге «Тюрксой» бағдарламасына – түркі халықтарының мәдениетін дамытуға ықпал ететін ұйымға белсене қатысады[6,129 б.].

Қазақстан Республикасы Ислам Конференциясы ұйымына мүше (ИКҰ). ИКҰ-ға кіру Қазақстанға қазіргі заманғы мұсылман әлемінің дамуының өзекті сұрақтарын талқылауға және әзірлеуге қатысуға мүмкіндік береді. Халықаралық қатынастар субъектілерінің бірі болып табылатын ИКҰ Қазақстанның ислам әлемімен жақындасу үдерісіне ықпал етеді және барлық тараптар мүдделерінің ақылға қонымды теңгерімін табуға ұмтылады.

Қазақстанның сыртқы саясатының маңызды бағыттарының бірі Таяу Шығыс болып табылады. Таяу Шығыс өзінің қаржылық-экономикалық мүмкіндіктеріне қызығушылық танытады.

Қазақстанның араб мемлекеттерімен қарым-қатынасын дамыту Қазақстан экономикасы үшін қажетті инвестициялар мен кредиттерді тартуға ықпал етеді. Мұнай өндіретін араб елдері мен компаниялардың тәжірибесін пайдалану да маңызды. Қазақстан – араб қатынастары «Восток – дело тонкое», - деген ұғымды еске түсіреді. Қазақстан осы аймақтағы күрделі ахуалға байланысты араб әлемі үшін аса маңызды мәселелерді тез шешкен жөн.

Қазақстан – Иран қарым-қатынасы жақсы дамыды. 1992 жылдан бастап қатынастар өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы декларация негізінде құрылады. Болашақта Иран қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі тұтынушысы бола алады. Қазақстан-Иран қатынастары үшін маңызды сәт Қазақстан мен Иранның аймақтық мүдделерінің сәйкестігінде. Иран үшін стратегиялық тұрғыдан Қазақстан Тегеранға «Мәйітшілік маршруттар соғысында» халықаралық оқшаулауды еңсеруге көмектесетін мемлекет ретінде үлкен маңызға ие.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының Азия бағытындағы магистральдық бағыты – қауіпсіздік жүйесін құру. 1999 жылғы қыркүйекте Алматыда АӨСШК Сыртқы істер министрлері АӨСШК - ге мүше мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін қағидаттар Декларациясын қабылдайды. 2002 жылғы шілдеде АӨСШК-ге мүше мемлекеттер басшыларының бірінші саммиті өтті.

Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымында ерекше рөл атқарады. 1996 жылдың 26 сәуірінде Шанхайда КСРО ыдырағаннан кейін пайда болған мемлекеттермен әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойылды – Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай Халық Республикасы. Құрылған ұйым ШЫҰ – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы деп аталды. Кейіннен оған бақылаушы және әлеуетті қатысушы ретінде және Азия өңірінің басқа да мемлекеттері қосылды.

Қазақстан үшін ТМД шеңберінде және екі жақты негізде көршілес Орта Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық стратегиялық маңызға ие. Аймақтық ынтымақтастықтың негізгі жолдары Орталық Азия елдері конференциясының Ыстықкөл декларациясын анықтауға тырысты. 2000 жылдың 10 қазанында Астанада Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа қол қойылды. Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру көзделді. Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының қызметіне атсалысуда. Интеграциялық процесс Қазақстанға байланысты емес әртүрлі объективті және субъективті жағдайларға байланысты баяу дамуда.

Өзбекстан және Қырғызстанмен ынтымақтастық ерекше маңызға ие. 1992 жылы үш елдің көшбасшылары мемлекетаралық кеңес пен Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы құжаттарға қол қойды. Орталық Азия Даму Банкі жұмыс істей бастады,

мемлекетаралық қарым-қатынаста келісілген іс-қимылдарға бастау алды. Алайда, бұл бағытта объективті және субъективті сипаттағы қиындықтар бар. Болашақта өңірлік интеграция үшін одаққа қатысушы мемлекеттер басшыларының саяси ерік-жігерді қажет етті. Мұндай интеграция үшін бастапқы алғышарттар бар. Сондықтан ЕЭЖ, АСЕАН және басқа да осындай құрылымдардың тәжірибесін пайдаланған жөн [3,157 б.].

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның сыртқы саяси қызметінің инфрақұрылымы мен нақты базасы қалыптасты. Республиканың болжамды және сенімді серіктес ретіндегі халықаралық имиджі қалыптасты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Р.С.Мырзабекова, М.С. Мырзабеков. Қазіргі заман кезіндегі Азия мен Африка елдерінің тарихы. – Алматы, 2014 ж.
2. Бузов В. История современного Востока XX-XXI вв. Страны и Правители. – М. – Ростов-на Дону, 2008 г.
3. Всемирная история. Становление государств Азии. – М. – Минск, «Астрель-Харвет», 2002 г.
4. Васильев Л.С. История Востока. – М., 2005 г.
5. Джеймс Л., Мак-Клейн. Япония от сегуната Токугава – в XXI век. – М. «Астрель», 2007 г.
6. Мещеряков А.Н. Император Мэйдзи и его Япония. – М. «Наталис», 2007 г.
7. Тернбулл С. Самураи . История японской военной аристократии. – М., «Астрель», 2005 г.

ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ В СИСТЕМЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Нурланова Г.Н.

В статье рассматривается тот факт, что многогранность новой системы глобального строительства в последнее время приобрела геополитическое и экономическое значение и находит яркое отражение в Центрально-Азиатском регионе. Ясно также, что геополитическая ситуация вокруг этого региона, прежде всего Казахстана, являющегося его экономическим и политическим центром, характеризуется конфликтом национальных интересов основных центров мировой экономики и политики, в том числе Китая, Японии, Индии, Турции, Ирана и арабского мира. Рассмотрим формирование политической и социально-экономической модели государств Центральной Азии. Эти аспекты определяют место и роль каждой страны в мировом сообществе.

Ключевые слова: *геополитика, интеграция, многовекторность, саммит, независимость.*

CENTRAL ASIA IN THE SYSTEM OF INTERNATIONAL RELATIONS

G.N. Nurlanova

The article discusses the fact that the versatility of the new system of global construction has recently acquired geopolitical and economic significance and is clearly reflected in the Central Asian region. It is also clear that the geopolitical situation around this region, primarily Kazakhstan, which is its economic and political center, is characterized by a conflict of national interests of the main centers of the world economy and politics, including China, Japan, India, Turkey, Iran and the Arab world. Let us consider the formation of the political and socio-economic model of the states of Central Asia. These aspects determine the place and role of each country in the world community.

Key words: *geopolitics, integration, multi-vector approach, summit, independence.*

ОРТА МЕКТЕПТЕ СӨЗ ҚҰРАМЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сырлыбаева Г.Т., Асылова Р.О.

Мақалада орта мектепте сөз құрамын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты орта мектепте сөз құрамын оқытуды оқушылардың тілдік материалдарға талдау жасау, салыстыру, топтау, тілдік құбылыстардың негізгі белгілерін анықтау, қорытынды жасау дағдылары қалыптастыру жолдарын көрсету болып табылады. Сөз құрамын оқытудың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерін талдайды.

Кілт сөздер: *орта мектеп, қазақ тілінің әдістемесі, сөз құрамы, морфема, тілдік материал.*

Қазақ тілінің бағдарламалық мазмұны оқушының тіл білімінің заңдылықтарын меңгеруіне мүмкіндік береді.

Тіл пәні баланың кішкентайынан үйреніп, күн сайын сөйлеп жүрген тілі туралы болғанымен, ол - мектепте оқылатын пәндер ішіндегі ең бір қиыны, өйткені, оның ережелері мен анықтамалары жеке тілдік белгілерді, ұғымдарды жинақтап, дерексіздеу, жалпылауды қажет етеді. Қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттейтіні оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар болып табылады. Бұл заңдылықтар педагогика, психология, лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибе мен бұрын қалыптасқан теориялық қағидалардан, тұжырымдамалардан тұрады.

Тілді оқып үйрену оның негізгі компоненттерін (дыбыстық жүйесін, лексикасын, грамматикалық құрылысын), қалыптасуы мен қызметін білу керек.

Мектепте оқушылар сөздердің жасалуы жайында түсінік алғаннан кейін, енді сөздердің түрленуі грамматиканың морфология бөлімінде өтіледі. Мұнда ғылымда «Морфология» деп аталатын сөздердің лексика-грамматикалық түрлерге бөлінуінде қарастырылады.

Орта сыныпта сөз құрамын оқыту барысында мұғалім көптеген жұмыс түрлерін жүргізуі қажет. Өйткені, оқушылар сөз тұлғасының бір сөз табынан екінші сөз табына ауысқанын білмей қалады. Осы тұрғыдан мұғалім өз шеберлігі арқасында оқушы санасына түсінік қалыптастыра білуі қажет. Бұл мәселелерді пайымдау нәтижесінде сөз құрамын меңгерту (түбір мен қосымшаның оқытылуы, біріккен сөздерді, қос сөздерді) мен сөз жасау тәсілдеріне жаттықтыру, оқушылардың сөзтануға деген ынтасына баса назар аударып жұмыс жүргізу қажет [1, 2].

Зерттеудің өзектілігі. Сөз құрамы тақырыбы – орта сынып оқушылары үшін ерекше тақырып. Сөздің мағыналы бөлшектерінің ұғымын жетік меңгеру процесі оқушылардың абстракциялы ойлауын дамытып, тіл фактілерін бақылап, оған талдау жасай алуын және мұғалімнің жетекшілігі арқылы өздігінен қорытындыға келе білуін талап етеді. Ал морфемаларды оқып білудің, толық меңгерудің маңыздылығы мынадай:

➤ Сөздің морфологиялық құрамына талдау жұмысы және жаңа сөз жасау жаттығулары оқушының логикалық ойы мен тіл байлығын дамытады.

➤ Сөз құрамы жөніндегі теориялық материалмен бастапқы танысу балалардың тіл туралы білімін кеңейтеді.

➤ Сөз құрамын зерттеу - оқушыны орфографияны толық меңгеруіне, сауатты жаза білуіне негіз болады.

➤ Сөз құрамын меңгерту мен сөз жасау тәсілдеріне жаттықтыру, оқушылардың сөз тануға деген назары мен ынтасын аударады.

➤ Сөздің мәніне терең түсініп, дұрыс қолдана білуге, сөз мағынасы мен формаларының ара қатынасына зейін аударуға дағдыландырады.

Зерттеу жұмысымызда оқушылардың сөз таптарының ішінде есімдер тобына жататын түрлерінің арасында ұқсастықтар, олардың мағыналары мен формалық белгілерін салыстыруға, тілдік материалдарға талдау жасау, салыстыру, топтау, тілдік құбылыстардың негізгі белгілерін анықтау, қорытынды жасау дағдылары қалыптаспағандығы байқалды.

Көпшілік жағдайда оқушының іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруда мұғалім көрсеткен үлгі бойынша механикалық түрде тиісті практикалық іс-әрекеті оқушылардың қайталауын талап етумен шектеледі, практикалық міндеттерді шешудегі оқушылардың грамматикалық заңдылықтарды негізге алуына, соған сәйкес таным әрекеттерін көңіл бөлінбейді. Нәтижесінде, оқушылар меңгерген білім дағдыларын жаңа материалдарды түсіндіруде немесе басқа вариантты практикалық тапсырмалар орындауда қолдана алмайды. Оқушылар бұрынғы меңгерген білімдері мен жаңа материалдардың өзекті байланысын байқауда қиналады, сылбырлық көрсетеді, яғни олардың теориялық ойлау қабілеті төмендейді, түсіндірілген ұғымдарға сәйкес жалпы заңдылықтарды практикалық тұрғыда қолдана алмайды.

Әдістеменің сипаттамасы. Орта сынып оқушыларының грамматиканы сапалы меңгеруі үшін сөздердің, сөйлемдердің немесе сөйлем мүшелері мен сөз таптарының өзара ұқсастығы мен өзгешеліктері фонетикалық, морфологиялық белгілері мен семантикалық мағыналарын салыстырудың маңызы зор. Мәселен, морфологияны өткенде, сөздерге морфологиялық талдау жасатуда оқушылардың тиісті сөздердің ұқсастығымен өзгешеліктерін ажыратуды талап етуге болады. Екінші кезекте осы тектес жаттығулармен жұрнақты салыстырып, олардың өзіндік мәнімен ерекшеліктерін дұрыс ажырата білуді үйрету мақсатында орындалады. Мәселен, сөздің мағынасын жұрнақ арқылы өзгертуге болатын мына типтес сөздерді салыстыру арқылы түсіндіріледі (*іл – ілгіш, көп – көпшіл, іс – іскер* т.б.).

Сөз таптары мен сөйлем мүшелері өткен соң қайталау кезінде олардың өзіндік ерекшеліктерін салыстыруды талап етуге болады. Мәселен, зат есім мен бастауыштың ұқсас белгілері ретінде олардың *кім? не? кімдер? нелер?* деген сұрақтарға жауап беретіні, ал олардың өзгешеліктері, зат есім, заттың, нәрсенің аты болып келетіні, олардың әртүрлі септіктерде тұратыны, жіктелетіні, ал бастауыштың сөйлемдегі ойдың иесі болатыны зат есім сияқты сөз табынан болатыны, атау септікте тұратыны сөйлем талдауда қаралып отырған, тілдік фактілерді салыстыру арқылы түсіндіріледі.

Осылайша, есімдік пен зат есімнің, есімдік пен бастауыштың ерекшеліктерін салыстыруға болады. Мұндай жұмыс оқушының бұл өтілген материалдар бойынша оқушы саналы, сапалы, тиянақты болуын қамтамасыз етумен бірге, олардың тілі мен ой дүниесінің баюына әсер етеді. Арнайы тәжірибе жүргізгенде оқушылар бұл сөздердің мағыналық жақындығын тек жүргізгенде оқушылар бұл сөздердің мағыналық жақындығын тез сезінетіні, ал фонетикалық, морфологиялық өзгешеліктеріне мән бермейтіндігі байқалады. Сөз таптарын өткен соң бұл сөздердің қай сөз табы болып тұрғанын оқушылар сөздерге сұрақ қойып ажыратуға, өз тарабынан көңіл бөлмейді. Ал мұғалім талап еткенде, ол сұраққа жауап беруге қиналады.

Оқу процесінде оқушыларды күрделі ой әрекетіне, абстракциялау әрекетіне баулып отыру қажет. Кез-келген күрделі құбылыстың әр алуан ерекшелігі болады, қойылып отырған мақсатқа байланысты, енді бірде екінші қырын ажыратуға тура келеді. Сондықтан да оқытудың негізгі міндеті оқушыларға мақсатты түрде талдау жасай білуді, салыстыруды, абстракциялауды үйрету. Абстракциялауды үйрету дегеніміз – оқушының өтіліп отырған тілдік фактілердің грамматикалық түсініктердің жалпы ортақ және шын мәнінде негізгі өзекті белгілерін ажырата білуге үйретеді. Бұл оқушылардың салыстырып байқауына ұсынатын мысалдар, фактілер, құбылыстар сан жағынан едәуір көп болуы тиіс, сонда ғана ажыратылып отырар грамматикалық қасиеттермен белгілердің, құбылыстардың шын мәнінде жалпы ортақ екенін байқауға болады.

Абстракциялауды үйрету жеңілден біртіндеп күрделіге көшу принципі мен жүзеге асырылады. Сондықтан да жаңа ұғым-түсініктерді қалыптастыруда алдымен осы жаңа материалдың белгісін айқын көрінетін мысалдарды, содан соң күрделі ой әрекетін қажет

ететін фактілерді талдау керек. Мәселен, зат есім жөнінде алғаш мағлұмат бергенде алдымен оқушыларға талдау үшін берілетін сөздердің *кім? не?* деген сұрақтарға жауап беретіндей шын мәнінде заттың, нәрсенің аты (*кітап, дәптер, парта* т.б) болуы, яғни осы сөздердің грамматикалық формалары мен мазмұн-мағынасы сай болып келетіндей болуын ескеру керек. Екінші кезекте талдауға ұсынылатын сөздердің абстракт зат есім болып келуі ескеріледі. Мысалы, «Еңбек ер атандырады», «Көп түкірсе – көл».

Оқушылар осы тәрізді абстракты ұғымдағы зат есімді табуда қиналады. Еңбек сөзін олар еңбек ету деген ұғымда түсінеді. Сондықтан да көпшілік жағдайда еңбек сөзін етістік деп, ал жақсы, көп сөздерін сын есім деп таниды. Осындай кемшіліктер болмас үшін оқушыларға бұл сөздің заттық ұғымда қолданылып тұрғанын түсіндірген жөн.

Үлгі: Еңбек ер атандырады. Не ер атандырады? Еңбек. Бұл сөз не деген сұраққа жауап беріп, зат есім болып тұр. Асан еңбек етті деген сөйлемде еңбек етті дегеніміз сөз тіркесі. Асанның іс-әрекетін білдіріп тұр. Асан қайтты? Еңбек етті – етістік. Ал бірінші сөйлемде еңбек не? деген сұраққа жауап беріп, зат есім болып тұр. Сонымен, мектеп оқушылары заттың, құбылыстың тура мағынасын беретін сөздерді тез таниды. Ал қосымша жалғанып екінші бір мағынаға ие болған немесе грамматикалық формасы мен лексикалық мағынасы сай келмейтін сөздерді ажыратуда көп қиналады. Мәселен, жұмыс, еңбек, оқу деген сөздер шын мәнінде қимыл әрекетті білдіреді. Бірақ бұлар заттық мағынаға ие болған, заттанған іс-әрекеттер. Сондықтан олар не? деген сұраққа жауап береді. Сөз таптарын өткенде осылайша абстракцияланған сөздердің грамматикалық формалары мен лексикалық мағынасына талдау жасау арқылы тиісті ұғымдарды оқушылардың дұрыс түсінуіне көңіл бөлген жөн. Ал морфологияны өткенде түбірлес сөздердің түбірлері және қосымшаларын салыстыра отырып, сөздердің белгілі бір мағынаға ие болып тұрған тілдік функциясын танытып отырған жөн.

Үлгі: егін, егіншілер. Егін мол өнім береді. Егінші егін екті. Егін – сөздің негізгі мағынасын білдіріп тұр. Егін – жерге егілетін дақыл. Ал егінші дегендегі – *ші* бұл сөздің мағынасын өзгертіп тұр. Егіншілер дегендегі – *лер* бұл сөзге қосымша мағына беріп тұр. Егін егетін адамның бірнешеуі екенін білдіреді. Ал осы сөздің мағынасын өзгертіп тұрған - *ші*, - *лер* деген әріп тіркестері өздігінен еш мағына білдірмейді. Түбір сөзбен қосымша сөздерді осылайша салыстыру арқылы оқушылар бұл сөздердің графикалық формасымен мағынасын дұрыс ұғынады [3]. Бұл сөздің морфологиялық құрылымын дұрыс түсіну үшін де мәнді.

Қазақ тілінің грамматикасын оқытуда осылайша әр алуан жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы оқушының логикалық ой жүйесі мен абстракциялық қабілетін арттырады, білімнің сапасы, тиянақты, толық болуына әсер етеді.

Біз өзіміздің әдістемелік тәжірибемізді қорыта келе, орта сыныпта «Сөз құрамы» тарауын өткенде, алдымен морфемалардың өзіндік белгісі практикалық жұмыс жүзінде аңғартылды, содан соң грамматикалық белгі ұғымының анықтамасы түсіндірілді, ақырында жаттығулар арқылы танылған ұғымдар, ережелер бекітілді. Әр тақырыптың жаттығулары тақырыпқа сай, оқушылардың сабақты түсініп, меңгеріп кетуіне ыңғайлы, жеңіл түрде құрылды. Жалғау және жұрнақтың айырмашылығын білдіретін жаттығулар орындау, сөз бен сөйлемді салыстыру, сөзді қатыстырып сөйлем құрау, сөздердің түбірін табу, сөздерді сөз құрамына талдау, түбір сөзді қосымшалы сөзге айналдыру, сөздегі жалғанған қосымшаның жұрнақ не жалғау екендігін ажырата білу, т.б. бағытта жаттығулар түрі көптеп ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында күрделірек және шығармашылық тапсырмалар берілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оразбаева Ф., Рахметова Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы. – 2005.
2. Оразақынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми әдістемелік негіздері. Монография. - Алматы, Дайыр, 2007
3. Әдіскер анықтамалығы / Құрастырған: Б.Қапалбек А.Кеңесова, А.Жұмағұлова. - Астана, 2016. – 195 б.

4. Чалтикенова Л.А. Морфологияның күрделі мәселелерін оқыту: Оқу-әдістемелік құрал. - Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2018. - 120 б.

5. Қосымова Г., Есенова Қ., Жанабекова А., Әмірбекова А. Функционалды грамматика. Оқу құралы. - 2-ші басылым. - Қарағанды: Ақнұр, 2019. - 280 б.

6. Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 225 б.

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ СОСТАВА СЛОВ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Сырлыбаева Г.Т., Асылова Р.О.

В статье рассматриваются методические особенности преподавания словосочетания в средней школе. Целью исследования является демонстрация способов формирования у учащихся навыков анализа языкового материала, сопоставления, группировки, выявления основных признаков языковых явлений, подведения итогов обучения словосочетанию в средней школе. Анализирует основные преимущества и недостатки обучения составу слов.

Ключевые слова: *средняя школа, методика казахского языка, состав слов, морфема, языковой материал.*

METHODOLOGICAL FEATURES OF TEACHING THE COMPOSITION OF WORDS IN MIDDLE SCHOOL

Сырлыбаева Г.Т., Асылова Р.О.

The article discusses the methodological features of teaching the phrase in high school. The purpose of the study is to demonstrate ways of forming students' skills in analyzing language material, comparing, grouping, identifying the main signs of language phenomena, summing up the results of teaching a phrase in high school. The author analyzes the main advantages and disadvantages of teaching the composition of the word.

Key words: *secondary school, methodology of the Kazakh language, word composition, morpheme, language material.*

ӘОЖ 37.022

10.53355/ZHU.2023.106.1.040

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тлегенова Г.А. Кенбаева Қ.М.

Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ағылшын тілін оқыту мәселелері қарастырылады. Арнайы оқуды қажет ететін сыныптарда шет тілін оқытудың басты критерийі қолайлы климат және өзара оқыту технологияларын қолдану болып табылады.

Кілт сөздер: *инклюзивті білім алушы, үш тілді меңгеру, ағылшын тілі, дидактикалық ойын.*

Ағылшын тілі бүгінгі күні мектептерден бастап, колледж бен жоғарғы оқу орындарында да оқытылып, аясы кеңіп жатқан пән болып табылатындығы баршамызға мәлім. Аталмыш пәнді оқытудың жауапкершілігі көп жағдайда ерекше білімді қажет ететін балаларға келгенде арта түсетіні жасырын емес. Тіпті бүгінгі күні бұл тақырыптың бүтін бір өзекті мәселеге айналғандығын алға тартып айтқым келіп отыр. Тақырыптың түп-төркініне үніліп, ой тарқату үшін жете тоқталуды жөн көріп отырмын...

Бұрын соңды мұндай терминді естіп көрмеген адамның көкейінде «ерекше білім алушы балалар деп отырғанымыз кімдер» деген сауалдың туындауы орынды. Біз денсаулығында кінәраты бар, дүниеге келгеннен немесе қандай да бір келеңсіз жайттарға байланысты мүмкіндігі шектеулі деп танылған балаларды айтамыз. Дегенмен, олар да өзге балалар секілді білім алуға, өзіне берілген мүмкіндіктерді пайдалануға толықтай құқылы.

Үш тілді меңгеру, білім алу бүгінгі күні заман талабына айналды. Ағылшын тілі тек Қазақстан бойынша ғана емес, әлем бойынша ең көп таралған әрі қолданылу аясы кең тіл болып саналады. Мемлекетіміз үшін де мерейі үстем болып отырған тілді оқытуға орта білім беру мекемелері мен жоғарғы оқу орындарында баса назар аударылып, оқытылуда. Дәл сол секілді ерекше қажеттіліктері бар балаларға да ағылшын тілін үйрету де қоғам алдындағы міндет. Өзге балалар секілді олар да ағылшын тілін жетік меңгеріп, таным көкжиегін кеңейте алады. Себебі, ағылшын тілі баланың тұлға ретінде қалыптасып, өз ойын анық жеткізуіне, ой-санасын дамытуға септігін тигізеді. Бұл ғылымда да дәлелденген.

Ең өкініштісі бүгінгі күні еліміздегі инклюзивті білім беретін мектептердегі мамандарлардың, әсіресе ағылшын тілі мамандарларының жетіспеушілігі мен пәнге қатысты мәліметтер қорының тапшылығы болып отыр. Сондай-ақ көп жағдайда балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналардың тьютор пен логопед мамандарлардың қызметіне жүгінуге жетерліктей деңгейде қаражаты бола бермейді. Тарихқа көз жүгіртсек, бұрын мүмкіндігі шектеулі оқушылар терапевтік көмек көрсетілетін арнайы мектептерде оқыған [5 – 13].

Жоғары да айтылған дүниелерді негізге ала отырып "арнайы білім беруді талап ететін балаларға арналған мектептердің санын көбейтіп, сапасында талапқа сай етсе мұндай мәселелелер туындамас па еді?" деген ой келеді. Менің ойымдағы ерекше қажеттілігі бар балаларға сабақ беру методикаларының ең нәтижелісі осылар. Бала сабаққа келгенде асқан құштарлықпен, "жаңа, қызықты дүние" үйренемін деген ниетпен келуі тиіс. Ал бұл сайып келгенде оқытушы методикасына байланысты. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алып, сабақты сергіту сәтімен бастау әлдеқайда қолайлырақ. Тапсырманы үйіп беру, бала денсаулығына кері әсер етуі мүмкін. Әрине, кей жағдайда оларды бұл методикалардың өзі жалықтырып жібереді. Сондықтан бұл сәтті олардың туа біткен қабілетін шыңдап, шығармашылық жұмыстармен де айналысуына бөлу керек деп есептеймін.

Инклюзивті білім беру – бұл арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлығына бірдей білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ету; бұл барлық балалардың физикалық, интеллектуалды, этникалық, діни және басқа да сипаттамаларға қарамастан білім беруге негізделген, сондай-ақ отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі тең құқықтарға ие және жалпы білім беру жүйесіне енгізілген [1 – 471].

Ерекше білімді талап ететін балаларды оқыту жоспарын жасамас бұрын денсаулығының бұзылу дәрежесіне сәйкес топтарға бөліп алған дұрыс. Бұл тәсіл ұқсас ауытқулары бар балаларды біріктіруге және оларға бейімделудің ең қолайлы мүмкіндіктерін ұсынуға көмектеседі.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, балаларға инклюзивті білім беру жүйесін дамыту және оны жүзеге асыру шыдамдылық пен төзімділікті, жүйелілікті, сабақтастықты, кезеңді және кешенді тәсілді талап ететін ұзақ мерзімді стратегия болып табылады [2 – 19]. Ғалымдардың зерттеуі бойынша балаларға ағылшын тілін үйрету жасы – 8-9 сынып болып табылады. Ағылшын тілі – ең қиын пәндердің бірі. Оны игеру оқушылардың жоғары жүйке белсенділігінің айтарлықтай шиеленісін талап етеді, бұл зейіннің төмендеуіне, оқушылардың психологиялық шиеленісінің жоғарылауына әкеледі.

Ерекше сұранысты қажет ететін балаларға білім беруде аса үлкен жауапкершілік оқытушыларға түседі. Мұғалімдер өз методикасын қалыптастырып немесе өзге де әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білуі қажет. Әсіресе, ағылшын тілін жәй түсіндірме сабақ түрінде өту аздық етеді. Сабақ барысының өзін бірнеше бөлімдерге бөліп, кретивті дидактикалық материалдарды орынды пайдалану керек. Сабақ барысында айтылатын ақпарат көздерін тыңдалым, айтылым, оқылым деп бөліп қарастырып, балалармен жұмыс жасаудың маңызы зор.

Оқу арқылы бала кітаптағы мәтінді немесе өзге де мағұлматты оқып, жазылу тәртібімен танысып, мұны жадында сақтайтын болады. Тыңдай отырып сөздерді дұрыс айтуға дағдыланады. Ал айтылым баланың өз түсінгенін айтып, ағылшын тіліндегі сөздердің айтылу барысындағы орфоэпиялық нормаларының сақталуы заңдылықтарын ұстануға үйретеді.

Пәннің негізін аудиотыңдалымдар құрайтындықтан, оқушыларда тыңдау мүмкіндігі болуы тиіс. Сынып міндетті түрде мультимедиялық құрал-жабдықтармен қамтылар болса, бұл мұғалімге де, балаларға қолайлы болып табылмақ. Балалардың сабаққа деген зейіні төмендемес үшін сынып қабырғаларына ағылшын тілі әріптері мен сөздерін, суреттерін қойған жөн. Сынып ішін инклюзивті даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына қолайлы етіп жасау басты міндет болып табылады. Балалардың көруіне, қабылдауына ыңғайлы болып табылатын ағылшын тіліндегі видеоларды көрсету мүмкіндігінің болуы үшін пернетақта қажет. Сөрелерде аударма кітаптар мен сөздіктердің болуы балалардың керек кезінде пайдалануына мүмкіндік береді. Ойыншық сынды баланың сабаққа деген ниетін ашатын, қызықты заттардың болуы, тьюторлардың қолдау көрсетуі, бір сөзбен қолайлы жағдайдың толыққанды көрсетілуі болған жағдайда ғана оқу үдерісі де нәтижелі болмақ. Сабақ өту барысында оқушымен тығыз қарым-қатынас жасап, тапсырмаларды деңгейіне сәйкестеп беру керек. Әрине, мұны ең әуелі тьюторлар мен логопед мамандарлардың, оқытушылардың ескеруі тиіс. Ағылшын тілі сабағында балаларды қиын тапсырманы орындауға мәжбүрлеп, күрделі сұрақтармен миға шабуыл жасаудың қажеті жоқ. Ағылшын тілі еркіндікке, өз ойын ашық жеткізуге бағытталған пән.

М.П. Оспанбаева айтуы бойынша тек қана білім беру емес психологиялық қолдау көрсете білу де маңызды. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың ең басты қағидаларының бірі тұлғаға уақытында көмек көрсетіп, сүйемелдеу ғана емес, осы үдерістің қиыншылықтарын өздігінен жеңіп шығуға ықпал ету; тұлғалық қалыптасуына жауапкершілікпен қарауға үйрету және әлеуметтік өмірде толыққанды субъект болып қалыптасуына көмектесу. [4 – 45, 46]

Осыған сүйене отырып, оқушылардың психологиялық шиеленістерін жеңу, мотивация мен қызығушылықты арттыру мәселесі ағылшын тілі сабақтарында өзекті болып отыр. Мұндай жағдайда не істеу керек?

Менің ойымша, ең алдымен сабақта қолайлы психологиялық климат құру, балалардың өз күштеріне деген сенімді атмосферасына қол жеткізу қажет. Мұғалім сабақтардың коммуникативті, практикалық бағытқа ие болуын қамтамасыз етуі қажет. Бұл ерекше білімді қажет ететін балаларды құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге, өз ойларын ағылшын тілдерінде еркін жеткізуге ықпал етеді.

Сабақты әртүрлі сөз тіркестерімен бастау балалардың лексикалық қорының кеңеюіне және шоғырлануына ықпал етеді (1 – кесте).

Кесте 1

Мысалы, сәлемдесу	Мысалы, сабақтың басталуы
Welcome, everybody! (Барлығына сәлем!)	Let's begin our lesson now (Сабағымызды қазір бастайық).
Welcome to all of you (Барлығыңызға сәлем).	So we can begin today's lesson (Сонымен, біз бүгінгі сабақты бастай аламыз).
I'd like to welcome you all to this course (Мен сіздерді осы курста қарсы алғым келеді).	Is everybody ready to start? (Барлығы бастауға дайынсыз ба?)
Good morning, everybody (Барлығына қайырлы таң).	I hope you are all ready for your English lesson (Барлығыңыз ағылшын тілі сабағына дайынсыз деп үміттенемін).
Good afternoon, everybody (Барлығына қайырлы күн).	
Hello, everyone! (Бәріңе сәлем!)	
How are you? (Қалайсың?)	

Қазіргі заман педагогтары ағылшын тілінде еркін сөйлеу үшін «Interview» («Интервью») ойынын қолдану өте тиімді деп санайды. Сұрақ-жауап тәсілінде осы ойындарды қолдану өте қызықты [3 – 20-24]. Еліміздегі маңызды оқиғаларға, күндерге

сүйене отырып әңгімені сұрақтардан бастау жөн. Мысалы: What did our country celebrate yesterday? (Біздің ел кеше нені атап өтті?), Did you take part in sport competitions yesterday? (Сіз кеше спорттық жарыстарға қатыстыңыз ба?).

Егер оқушылар сөйлем құрауда қиындықтарға тап болса, онда тақтада немесе экранда сөйлемдерді дұрыс құруға арналған анықтамалық схемалар орналастырылатын болады.

Жаңа грамматикалық, лексикалық немесе сөйлеу материалын түсіндіру, бекіту кезеңінде басты міндет – оқушының назарын аудару. Ағылшын тілін үйрену барысында ойын тапсырмалары балаларға демалуға көмектеседі. Дидактикалық ойындарды қолданған кезде әртүрлі құрылымдар мен фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, сөйлеу дағдылары оқытылады, бұл үлкен практикалық мәнге ие.

Күнделікті қарым-қатынас жағдайында диалогтық сөйлеуді меңгеру кезінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала ынталандырушы сипаттағы қарапайым диалогты жүргізуді үйренеді: бұйрық беру, бірдеңе жасауды ұсыну.

Бұл технологияны қолданудың басты артықшылығы – тәуелсіздікті дамыту, оқу мотивациясын арттыру және денсаулық сақтау технологияларын есепке алу, өйткені тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар түрлі-түсті жұптарын іздеп бірнеше рет сыныпта қозғалады. Сабақты қорытындылау кезеңінде ұжымдық талқылаудан немесе тапсырманы қатесіз орындаған оқушылардан сарапшы топ құрып, қалған оқушылардың жұмыстарын тексеріп, көмектесулерін жүзеге асыра аламыз. Осылайша, топта қолдау, өзара құрмет және тану атмосферасы құрылады.

Сөз соңында айтарым, бүгінгі күні біз өмір сүріп жатқан қоғамда ерекше мұқтаждықтары бар балалардың саны күрт артуда. Сәйкесінше, оларға білім беру жауапкершілігі де екі еселенуде. Жоғары да атап өткен әдіс-тәсілдер мұның бір парасы ғана. Дегенмен тәжірибелі маман практикалық тұрғыда іске асырар болса, нәтижесі сіз бен бізді қуантпақ. Балаларға ағылшын тілін үйрету жұмыстарын, тәсілдерін жүйелі етудің үлкен мүмкіндіктерге жол ашатындығына кәміл сенемін!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бондарева А. В. Реализация инклюзивного образования на уроках английского языка в общеобразовательной школе // Молодой ученый. — 2017. — №5.
2. Брызгалова С. О. Инклюзивный подход и интегрированное образование детей с особыми образовательными потребностями / С. О. Брызгалова, Г. Г. Зак // Специальное образование. — 2010. — № 3.
3. Жұмаева Э. С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. — 2012.
4. Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы // Өрлеу. – 2019.
5. Renáta Tichá, Brian H. Abery, Christopher Johnstone, Alvard Poghosyan, Paula Frederica Hunt. Inclusive Education Strategies: A Textbook. – 2019.

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ ДЕТЕЙ С ИНКЛЮЗИВНЫМ ОБРАЗОВАНИЕМ

Тлегенова Г.А. Кенбаева К.М.

В данной статье рассматриваются вопросы преподавания английского языка в условиях инклюзивного образования. Основным критерием обучения иностранному языку в классах с ограниченными образовательными возможностями является благоприятный климат и использование технологий взаимного обучения.

Ключевые слова: *инклюзивный учащийся, трехязычие, английский язык, дидактическая игра.*

METHODS OF TEACHING ENGLISH TO CHILDREN WITH INCLUSIVE EDUCATION*G.A. Tlegenova, K.M. Kenbayeva*

This article discusses the issues of teaching English in the context of inclusive education. The main criterion for teaching a foreign language in classes with limited educational opportunities is a favorable climate and the use of peer learning technologies.

Key words: *inclusive student, trilingualism, English, didactic game.*

ӘОЖ 519.6

10.53355/ZHU.2023.106.1.041

**ҚАЗАҚСТАНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ
БЕЙІМДІЛІКТЕРІ МЕН ҚАБІЛЕТТЕРІ***Тоқтар С.*

Бұл мақалада мұғалімдердің оқушылардың математикалық бейімділіктері мен қабілеттерін білуіне негізделген. Жас маман және кооперативтегі мұғалім екеуі бұл таныстықты өздеріне тапсырылған математиканың оқушыларға қалай әсер ететінін қарастырған кезде айқын көрсетті. Сонымен қатар оқушылардың алдын ала алған білімдерімен таныстырды. Басқа екі негізгі категория сияқты, бұл категорияның элементтері барлық сегіз әңгімеде айқын болды. Студенттер туралы білімді құрайтын ішкі категориялар студенттердің бұрынғы білімі туралы білім, мүмкін болатын студенттер реакциялары туралы білім және математиканың студенттерді қызықтыратыны туралы білім болды.

Кілт сөздер: *ішкі категориялар, Қазақстандық математикалық білім, студенттердің реакциялары туралы білім.*

Бүгінгі таңда тиімді қоғам құрудың басты міндеттерінің бірі білім беру жүйесін жаңарту болып табылады. Жастардың білімге деген басымдылықтары бірінші орында тұруы тиіс. Егер құндылықтар жүйесінде білім басты құндылыққа айналса, онда ұлт табысты болары сөзсіз.

Қазақстан Республикасы қазіргі заманғы білім беруді дамыту жолында, мұнда рухани жаңғыру жетекші орынға ие. Қазіргі қоғам ұлттық бірегейлікті, мәдени контексті, өзін-өзі дамыту моделін, білімін және жоғары кәсіби біліктілігін, құзіреттілік пен білімділік, отбасы әлеуетінің рөлін арттыру негізінде табысты шығармашылық тұлғаны сақтай отырып, Қазақстан азаматтарының мінез құлқының стандарттарын талап етеді.

Осылайша, Қазақстанда білім беруді басты жаңғыруды негізгінен жаңа тәсілдер болды. Олардың негізгілері жаңартылған білім беру мазмұны болып табылады. Педагог өзгерістерді жүзеге асыратын негізгі тұлға болу керек.

Қазақстандық мектептерге орта білім беруде жаңартылған білім беру мазмұнының енгізуге байланысты ЖОО-да болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік дағдыларын жетілдіру мәселесі өзекті болып отыр. Себебі, педагогикалық ЖОО-да математикалық пәндерді оқытуда бірқатар қиындықтар бар.

Қазақстандық мектептің жаңартылған білім беру мазмұнына көшудің тиімділігі педагогтардың инновациялық процестердің негізгі идеяларын түсіну деңгейіне және өзгерістерді іске асыру дағдысына байланысты. Олай болса, болашақ педагогтарды, атап айтқанда математика пәндерінің оқытушыларын даярлау жүйесінің жауапкершілік шарасы ұлғаюда. Жоғары оқу орындарының рөлі орта білім берудегі жаңартылған білім беру мазмұнына жедел ден қоюдан тұрады. ЖОО-да болашақ математика мұғалімдерін даярлау

проблемасының бірі жаңа форматтағы мұғалімдерді дарлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірлеу болып табылады. Бұл зерттеуде мұғалімдер арасында бағаланатын оқытуға арналған математикалық білімді талқылаймын. Олар бірлесіп жұмыс істейтін мұғалімдер студент мұғалімдермен сөйлескен әңгімелерді тыңдау. Бұл зерттеуде келесі сұрақ пайда болды.

1) Оқушылардың дайындық мектептерге беру пайдалы ма?

2) Оқушылардың өткен тақырыпты түсінгенін мұғалім қалай білген жөн?

Зерттеу әдісі. Оқушылардың бұрынғы білімдері туралы білім. Оқушыларды алдыңғы білімдері туралы білім оқушылардың сабаққа енгізетін математикалық білімдерін білумен байланысты болды. Бұл білімге қол жеткізген кезде мұғалімдер оқушылардың сабақтағы (мұғалімдердің бұрын өткізген сабағы негізінде) және сыныптан тыс (мұғалім сабақта өтпеген математикалық сабақтар) математикалық тәжірибелерін атап өтті. Мұғалімдердің оқушылардың бұрынғы математикалық білімдерін білгендігінің дәлелі жас маман Айнұр және кооператив мұғалім Айгүл арасындағы әңгімеден көрінді. Сол әңгімеде Айнұр бір мезгілдегі теңдеулер туралы сабақ беруге дайындалып жатқан. Әңгімелесу барысында Айнұр сабақты өткізгенде қиындықтарға тап болды. Ол Айгүлмен сабақты қалай бастау керектігі туралы идеясымен бөлісті, онда Айнұр кіріспенің соңына дейін ашық болуы керек және студенттерге зерттеуге мүмкіндік беруі керек деп айтты.

Айгүл: Кіріспеде оларға бәрін түсіндірмеу керек деп ойлаймын. Бұл кіріспені студенттердің алдын ала білімдерін тексеру мақсатында енгізу керек.

Одан әрі Айгүл егер студенттерді зерттеуге қалдырса, олар өздеріне таныс әдісті қолданатындарын айтты. Ол тапсырманы шешу үшін, кейбіреулер кестені пайдаланады, ал басқалары тізім жасай алады деді. Ол сондай-ақ кейбір студенттердің бір мезгілде теңдеулермен таныс болуы және оны бірден қолдануы мүмкін екенін түсіндірді.

Айнұрға студенттердің алдын ала білімдерін тексеру үшін кіріспе бөлімін ашық қалдыруды ұсына отырып, мұғалімдердің оқушылардың сабаққа әкелген тапсырмасын есепке алуының маңыздылығын атап өтті. Айгүлге оқушылардың сабақтың белгілі бір элементтерін білетіні және Айнұрдың білмегені және өз нұсқауларын студенттердің білетініне сүйене отырып дайындалмағаны анық болды. Айгүл оқушылар тапсырманы шешуде қолданатын әртүрлі әдістерді талқылады және Айнұрға әртүрлі жауаптарға дайын болуды ұсынды. Бұл студенттердің алдын ала білімдерінің әртүрлі екендігіне дәлел болды. Себебі, Айгүл мен Айнұр оқушылардың алдын ала білімдерін тексеру үшін тапсырманы ашық қалдырды. Сондықтан, Айгүл оқушылардың білімі біркелкі және оқу жоспары ұсынған нәрсеге сәйкес келеді деп есептемегені анық болды. Керісінше, ол студенттердің алдын ала білімін кең және біртекті емес санайтынын атап өтті.

Айгүл мен Айнұр әңгімесі сонымен қатар оқушылардың математикалық басқа әңгімелерде де басым болған студенттердің бұрынғы білімдері туралы білім. Бұл білімнің біркелкі емес екенін тағы бір қырын атап өтті. Көбінесе кооперативті мұғалім студенттер сабаққа кіретін белгілі бір математикалық тақырыптар туралы білімнің әртүрлі деңгейін қарастырады. Бұған мысал кооператив мұғалім Мақсат пен студент мұғалім Ләзат арасындағы пікірталаста болды. Ләзат студенттерге ұсынуды жоспарлап отырған тапсырманы түсіндіргеннен кейін, Мақсат Ләзатқа студенттердің түсінуінің әртүрлі деңгейін ескермегеніне қанағаттанбағаны белгілі болды. Содан кейін Мақсат Айгүлге-ге келесі кеңесті берді.

Мақсат: Мысалы, егер сізде түсіну қиынға соғатын көптеген оқушылар болса, оларға нұсқаулық дайындау керек. Жақсы түсінетін студенттер үшін әртүрлі оқу түрлерін дайындау керек. Бұл бөлім [сабақ жоспарының бір бөлігін көрсету] нұсқаулыққа қатысты, сондықтан оқу материалын да, әр оқушының жағдайын ескере отырып, қандай нұсқау орынды болатынын жазу керек.

Мұнда Мақсат қиындыққа тап болатын студенттердің және тақырыпты оңай түсінетін басқалардың болатынын болжаған кезде, ол оқушылардың математикалық тақырыптарды түсінуінің әртүрлі деңгейлерін түсінетінін көрсетті.

Әңгімелесулерде жиі кездесетін осы ішкі санаттың бірегей элементі - бұл дайындық мектептер туралы айту. Дайындық мектептері жоғарыда Мақсат айтқан оқушылардың математикалық түсінігінің әртүрлі деңгейінің факторы болды. Дайындық мектептері студенттерге математикадан көбірек тәжірибе алатын мектептен кейінгі бағдарлама ретінде құрылған мектептер болды. Барлық кооператив мұғалімдер мектептеріне және олардың оқушыларының алдыңғы білімдеріне қалай әсер ете алатынына қатысты. Кооператив мұғалімдері жиі өздерінің студент мұғалімдерге студенттерінің осы дайындық мектептерде кездесетін математика түрін білуді еске салады. Себебі дайындық мектептердегі сабақтар оқушыларды сабақта өтпеген тақырыптармен таныстырды. Бұрын келтірілген әңгімеде Айгүл Айнұрға оның сыныбында дайындық мектепте оқитын оқушылардың мүмкіндігін қарастыруды өтінді. Кооператив мұғалім Айгүл бұл сабақ бұрын математикамен кездеспеген оқушылармен салыстырғанда олар үшін басқаша болатынын айтты.

Айгүл: Немесе студенттер бір мезгілде теңдеуді үйреніп алған болса ше? мектеп және бұл мәселені оңай шешу керек пе?

Айнұр: Дайындық мектептері өз оқушыларын қалай оқытатынын білмеймін, өйткені мен өзім ешқашан дайындық мектепке барған емеспін. Менің алған әсерім, олар студенттерге есептерді машина сияқты тез және дәл шешуге үйретеді. Сондықтан мен оларға дайындық мектебінде ешқашан үйренбеген нәрсені үйреткім келеді.

Айгүл сонымен қатар дайындық мектепте олар мәселені шешудің бір ғана жолын үйренген болуы мүмкін екенін айтты. Бұл жерде Айнұр дайындық мектептері студенттердің процедуралық негізіндегі білімдерін құруға негізделгенін мойындады. Айнұр студенттерге бір мезгілде теңдеулердің пайдалылығын көруге көмектесуді ұсыну арқылы Айгүл студенттердің сыныпқа кірген кездегі білім түрін білетінін көрсетті. Айгүл де, Айнұр да мектептегі дайындық процедурасының, мысалы, жоюдың және кестелер немесе диаграммалар сияқты басқа әдістердің арасындағы байланысты қамтымайтынын білді. Осылайша студенттер бір уақыттағы теңдеулердің пайдалылығын көре алды.

Талқылау. Айгүл мен Айнұрдың бұл үзіндісі мұғалімдердің студенттердің алдыңғы білімдері туралы хабардар болуын атап өтті. Мұнда Айгүл Айнұрдың дайындық мектебінде оқыған оқушылары теңдеулер жүйесін шешудің бір мезгілде теңдеу әдісімен бұрыннан таныс болуы мүмкін екенін айтты. Өйткені бұл оқушылардың сабақтың математикасын қалай қарауына әсер етеді, Айгүл сабақты сол оқушылардың білімін қанағаттандыру үшін өзгерту бойынша біраз кеңес берді. Мұғалімдер басқа әңгімелерде жиі кездесетіндіктен, студенттердің алдын-ала білімін қарастырған кезде оны ескеретіні анық.

Мұғалімдер студенттерінің жоспарланған тапсырмамен қалай әрекеттесетінін қарастырған кезде оқушылардың алдыңғы математикалық білімдері туралы білім маңызды болды. Бұл білім жас мамандардың оқытуды жоспарлап отырған тақырыпқа байланысты өзгертетінін атап өткен жөн. Бұл егер сабақ транспозиция бойынша болса, олар қарастырған алдын ала білім транспозицияға қатысты болды дегенді білдіреді, сонымен қатар жоғарыдағы үзіндідегі синхронды теңдеулер тақырыбын қарастырған сияқты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ball, D., & Bass, H. (2000). Оқыту мен оқытудағы мазмұн мен педагогиканың тоғысуы: Математиканы білу және қолдану. Дж.Боалерде (Ред.), Математиканы оқыту мен оқыудағы көп көзқарастар (83-104-беттер). Westport, CT: Ablex Publishing.
2. Ball, D., Thames, M., & Phelps, G. (2008). Оқыту үшін мазмұнды білім: Оның ерекшелігі неде. «Мұғалімдер білімі» журналы, 59, 389-407.
3. О.А. Жәутіков. Математиканың даму тарихы (66 -67 беттер).
4. Davis, B., & Simmt, E. (2006). Оқыту үшін математика: мұғалімдер білуі керек (қажет) математиканы үздіксіз зерттеу. Математикадағы білім беру зерттеулері, 61, 293- 319.

В КАЗАХСТАНЕ СКЛОННОСТИ И СПОСОБНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ К МАТЕМАТИЧЕСКИМ ЗНАНИЯМ

Тоқтар С.

Эта статья основана на знаниях учителей о математических способностях и способностях учащихся. И молодой специалист, и преподаватель-кооператор продемонстрировали это знакомство, когда увидели, как математика, которую им задавали, влияла на учеников. Он также представил предварительные знания студентов. Как и в случае с двумя другими основными категориями, элементы этой категории присутствовали во всех восьми историях. Подкатегориями, составляющими знания об учащихся, были знания о предшествующих знаниях учащихся, знания о возможных реакциях учащихся и знания об интересе учащихся к математике.

Ключевые слова: подкатегории, казахское математическое образование, знание реакций учащихся.

IN KAZAKHSTAN, PUPILS' APTITUDES AND ABILITIES FOR MATHEMATICAL KNOWLEDGE

S. Toktar

Both the young professional and the co-op teacher demonstrated this familiarity when they looked at how the mathematics they were assigned affected the students. He also introduced the students' prior knowledge. As with the other two main categories, elements of this category were evident in all eight stories. The subcategories that made up knowledge about students were knowledge about students' prior knowledge, knowledge about possible student reactions, and knowledge about students' interest in mathematics.

Key words: subcategories, Kazakh mathematical education, knowledge of students' reactions.

ӘОЖ 378.147.2:811

10.53355/ZHU.2023.106.1.042

НЕМІС ТІЛІНДЕГІ ӨЗДІК ЕТІСТІКТЕРДІҢ ТІЛДЕГІ ЗЕРТТЕЛУ ДӘРЕЖЕСІ

Уалиева С.А.

Бұл мақала қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі етістік категориясының, соның ішінде өздік етістің функционалды-семантикалық қызметі мәселесін зерттеуге арналған. Сонымен бірге бұл мақалада өздік етістіктердің ерекшеліктері, қолданыстағы және коммуникативтік қызметіндегі қызметі қарастырылады. Қазіргі уақытта тілдің функционалдық жағын зерттеу лингвистикада маңызды мәселе болып табылады. Зерттеу нысанына алынып отырған өздік етістер категориясы тілдік құрылымның ішінде тіл деңгейлеріндегі морфология аясында зерттеліп, грамматикалық мағынасы бар грамматикалық категория ретінде жан – жақты қарастырылып келгенмен, бұл категорияның әлі де беті ашылмай қалған қырлары бар.

Демек, функционалды грамматиканың ең негізгі міндеті ретінде қай тілде болмасын, ең негізгі тілдік категорияларын функционалды-семантикалық өрістер тұлғасында бөлек-бөлек айқындап алып, ең негізгі тілдік категорияларды толығымен бір жүйеге топтастыра келе, олардың өзара арақатынасын сипаттай отырып зерттегенде зана тіл табиғаты толығымен ашылады.

Өздік етістік категориясы семантикалық категория ретінде барлық тілге ортақ, ал оның әр тілде көрінісі әртүрлі. Зерттеудің өзектілігі генетикалық жағынан жақын емес тілдердің, яғни неміс тіліндегі етістік категорияларын жан – жақты зерттеу арқылы тек

ғана негізгі ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындап ғана қоймай, тіл бірліктерінің қолданыстағы, сөйлеу үрдісіндегі коммуникативтік қызметін, функционалды семантикалық өрісін, тілдік қасиеттері мен табиғатын ашу-бүгінгі күн талабы болып отыр.

Кілт сөздер: өздік етістіктер, функционалды-семантикалық өріс, Рефлексивті етістіктер, грамматикалық категория, функция.

Өздік етістіктер – сөз таптарының ішіндегі етістіктерге тән категория. Өздік етістіктер етістіктердің ішіндегі ерекше грамматикалық категориялардың бірі. Өздік етістіктер категориясы да грамматиканың басқа салаларындай белгілі бір тарихи дәуірде пайда болып, күні бүгін мағынасы және атқаратын қызметіне сай белгілі тұлғалық ерекшеліктерімен тілден орын алған грамматикалық категория. Оның пайда болуы және тұлғаланып қалыптасуы етістіктің тарихи даму процесімен тығыз байланысты. Сондықтан бұл категория проблемасын дұрыс шешу үшін, оны грамматикалық басқа тараулармен, әсіресе, етістікпен, етіспен байланыстыра қазақ және неміс тілінің фактылары негізінде қарауға тура келеді.

Өздік етістіктерді зерттеудің әртүрлі бағыттары мен мүмкіншіліктері тілдің жан-жақты күрделі табиғатына қатысты: морфологиялық, синтаксистік, функционалды, коммуникативті, тарихи, салғастырмалы, когнитивті, семантикалық, прагматикалық т.б. Морфологиялық бағыт тілдердегі өздік етістіктер категориясының бар болуымен байланысты. Синтаксистік бағыт өздік етістіктер категориясының қолданысының сөйлесімдегі олардың мағынасына емес, синтаксистік ерекшеліктеріне негізделеді.

В.Шмидт өз зерттеуінде өздік етістіктерді зерттеу кезінде, етіспен етістіктің морфологиялық топтарының екі аралық орнын анықтай отырып, етістің тағы бір түрі, яғни рефлексив етістің төртінші түрі екенін дәлелдеп берді. Осылайша етіс оппозициясы төрт мүшелі болып бөлінді: *актив, пассив, статив, рефлексив* [1.126].

Рефлексивті етістіктердің қызметін зерттеу шетел тіліндегі грамматика құрылымын зерттеудегі ең маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Рефлексив құрылымы гетерогендық сипат алады. Рефлексивті зерттеу ерекше сала болып табылады. Рефлексивті етістіктердің мәселелері туралы кейінгі жылдардағы жұмыстардың нәтижелері *sich* өздік есімдігінің қатысуы, семантика –логикалық мағынада рефлексивтікпен байланысты емес екендігін, көбінесе басқа қарым–қатынасты білдіретінін көрсетеді. Тап осы етістіктер кейбір жағдайларда өздіктің және ырықсыздықтың ортақ белгілерін таратушы болып табылады. Олай болса, *sich* тіркесіндегі етістіктер біртектес емес әртүрлі сапалы құбылыстар болып табылады. Лингвистика тіл білімінде синтаксистің ұстанымнша олардың семантикасын назарға ала отырып, оларды топтауға әрекет жасалынды. Қалыптасқан (*echte reflexive Verben*) және қалыптаспаған рефлексивті (*unechte reflexive Verben*) етістіктерді немесе рефлексивті және жалған рефлексивті етістіктерді синтаксиске сүйене отырып топтау К.Ф.Беккерге тән. К.Ф.Беккердің синтаксистік топтауы басқа ғалымдардың еңбегінде де егжей–тегжейіне дейін сараланып зерттелген. Бұл топтаудың негізінде оппозицияның бар немесе жоқ болу белгілері жатыр, яғни рефлексивтік/рефлексивтік емес етістіктер. Сөйлемде міндетті түрде *sich* өздік есімдігімен тіркесіп қолданылатын етістіктер қалыптасқан етістіктер болып табылады. Осылайша рефлексивті етістіктерді топтау етістіктердің құрылымдық сипатына негізделеді [2.22].

В.А.Жеребков рефлексивті етістікті топтауды лексика мен грамматиканың түйіскен құбылысы ретінде қарастырады. Ғалымның ойынша, рефлексив актив пен пассив етістері аралығындағы аралық орынды алады. Етістің әрекеті бізмезетте «сыртқа тепкіш» және «ішке беттегіш» болып келеді, яғни жасаушы және әрекетті тасушы ұқсас. Бұл өздік етістіктердің медиальдық мағынасы. Ал басқа жағдайларда *sich* рефлексивтің аналитикалық әдісі болып табылады. В.А.Жеребковтың лингвистикадағы топтамасы өздік етістіктердің мәселесін толығымен жағымды жағынан қарастырады. Алайда бұл берілген өңдеу тек ғана рефлексив құрылымдарының әр түрлігінің сараптауға арналғандықтан, рефлексив етістіктерге бір жүйе ретінде толық түсінік берілмеген [3.148].

Функционалдық бағытта жүйелеу тәсілдерін рефлексивтік мағынада беруді А.М.Горлатовтың ғылыми еңбектерінен кездестіруге болады. Автордың зерттеулері функционалды–семантикалық тұрғыда құрылғандықтан, рефлексивті етістіктер функционалды –семантикалық өрісте бірлесіп тұр.

«Формалды–өздік етістіктер» терминіне А.М.Горлатов формант роліндегі ең керекті элемент *sich* тіркесінің етістік құрылымын біріктіреді. Егерде құрылымды–арақатынасты етістіктердің синтаксистік рефлексиві неміс тіліндегі өздіктің инварианты ретінде айтылса, онда формалды–өздік етістіктер «семантикалық рефлексивте» жүзеге асады [4.56].

Айтып кетуіміз керек, А.М.Горлатовтың тілдің әр түрлі құбылыстарында кеңістік алған өріс тәсілі және рефлексив өрісін өңдеу әрекеті шет тіліндегі рефлексивті жүйелеу мәселесін өңдеуге арналған үлкен бір үлес болып табылады. Сонымен бірге рефлексив етістіктер бағытындағы зерттеулерді кеңейте отырып, өздік пен пассивтің арақатынасын қарастырды.

Ал ғалым С.А.Шубиктің неміс тіліндегі етіс категориясы туралы пікірі төмендегідей. Функциялық тұрғыдан *sich* тіркесін үш құрылымға бөледі: 1)Өздік есімдіктің синтаксистік құрылымында *sich* өздік есімдік болып табылады. Берілген құрылымдар өздік, ортақ, активпассивті мағына алулары мүмкін. Айтылған ұстанымдарға байланысты екі қызметті қатарынан орындайды, яғни іс-қимылдың инфинитив арқылы субъект қызметін, басқа іс-қимылдың қарым-қатынасындағы объект қызметін.

2) *sich* өздік есімдік етістерінің сөзжасам форманттары ретінде (*sich nähern, sich schämen*).

3) өздік есімдіктерді жартылай морфологиялық бірлікте. Оның құрылымы жағынан мұндай үйлесімі етістіктің аналитикалық формасына ұқсас, бірақ басқалардан ерекшеленетіні тек шек қойылған жағдайда жұмыс жасайтыны.

Рефлексивті етістіктерді үш топқа бөле отырып, С.А.Шубик *sich* тіркесіндегі етістіктер етіс мағынасын береді деп санайды. Активтік семантикаға ие өздік есімдікті етістіктердің бір бөлігі активке жатса, өздік есімдікті етістіктердің бір тобы пассив құрамына кіреді. Автор қалған етістің семантикасына ие өздік есімдікті топтар синтаксистік құрылым, лексикалық бірлік немесе жартылай морфологиялық бірліктерді көрсетеді дейді [5.87].

Ал И.А.Буц мынандай аналогиялық қортынды жасайды. Автор керекті категориялық белгілердің жоқ болуын (грамматикалық таңбалау), сонымен бірге толық диатезаны құрылуы мүмкін еместігі, әрбір етістің кеңістігіндегі заттардың орығуы, өзаралық, рефлексивтік мағыналары бөлек етіс етіп қарауына мүмкіндік бермейді. Бізде бұл берілген пікірлермен келісе отырып, рефлексивті жеке етістің бір түрі деп қарастыру керек деп есептейміз. Жоғарыда айтылған *sich* тіркесімен етістікті біріктіретін топтамалары, әр түрлі басты мағынаны беретіні, рефлексивті етістіктер етіс семантикасының айтылу жағынан активтен, пассивтен, стативтен өзгешеленетіні мойындайтын факт. Рефлексивті етістіктердің ерекшелігі іс –әрекет өзінен шығып, өзіне бағытталады, нәтижесінде субъект іс –әрекетті өз орындап, өзі соған төтеп береді [6.112].

Рефлексивті етістіктердің екі түрі болады: қалыптасқан (*echte reflexive Verben*) және қалыптаспаған рефлексивті (*unechte reflexive Verben*) етістіктер. Қалыптасқан рефлексивті етістіктер міндетті түрде *sich* есімдігімен қолданылады, онсыз ол ешқандай мағынаға ие бола алмайды. Ал қазақ тілінде мұндай мағына, негізінен, өздік етіс формасы, яғни грамматикалық форма арқылы беріледі. Бізде ғалымдар берген анықтамалармен келісе отырып, рефлексив етіс жүйесінің толық қанды төртінші мүшесі бола алады дегіміз келеді.

«Бастауыш — баяндауыш — толықтауыш» арасындағы қатынастардың ерекше бір түрі— іс-әрекеттің бастауыштан шығып, бастауыштың өзіне кері бағытталуы. Бұл жағдайда логикалық субъекті де (агенси), объекті де (пациенси) бастауыштың өзі болады. Субъектіден шығып, субъектінің өзіне бағытталған іс-әрекетті білдіретін етістіктерді рефлексивті етістіктер (*reflexive Verben*) деп атайды. Ал қазақ тілінде мұндай мағыналар, өздік етіс формасы, яғни грамматикалық форма арқылы көрініс табады. Неміс тілінде рефлексивті мағынаны етістікке тіркелген *sich* есімдігі білдіреді. Мысалы, *Die Kinder verstecken den Ball* (Балалар допты жасырады) деген сөйлемдегі *den Ball* толықтауышын алып тастап, оның

орнына *sich* қойса, *Die Kinder verstecken sich* (Балалар жасырынады) деген мағынаны береді. Мұнда іс-әрекет «балалардан» шығып, солардың өзіне қайта бағытталып тұр. Қалыптасқан рефлексивті етістіктер міндетті түрде *sich* есімдігімен тіркесіп қолданылады.

Неміс тілінде бұны өздік есімдік депте атайды. Бұл есімдік түрленбейтін сөз, осы формада аккумулятив пен дативте қолданылады. Екі септіктің қайсысында қолданылып тұрғанын тек өзі тіркескен етістіктің мағынасына қарап ажыратуға болады. Мысалы: *Er freut sich über ihren reizenden Brief. Sie hat sich in kürzester Zeit das ganze Lehrmaterial angeeignet.* Бұл сөйлемдердің біріншісінде *sich* есімдігі аккумулятивте, екіншісінде — дативте тұр. *Sich* есімдігі мағынасы жағынан сөйлемнің 3-жақтағы бастауышына немесе толықтауышына қатысты бола алады. Олай болса *sich* тек 3- жақтың жіктеу есімдіктерімен ғана және кез-келген зат есіммен байланысты қолданылады. *Sich* түрленбейтін есімдік болғандықтан, род немесе жекеше-көпше түр айырмашылығын көрсете алмайды: *Er fühlt sich wohl. Sie fühlen sich wohl* [7.156].

Sich есімдігінің тілдегі атқаратын негізгі функциясы — етістікке рефлексивті (іс-әрекеттің өз иесіне, агенске кері бағытталған) мағына беру. *Sich* етістіктің 2-партициптен басқа барлық формаларымен тіркесе алады. Мысалы: *Der Alte kam, sich auf einen Stock stützend. Der Alte kam, auf seinen Stock gestützt.* Сонымен қорыта келгенде:

1.Тілдерді зерттеушілердің бір тобы етісті анықтай отырып, оны түрге бөлуде тұлғалық белгісіне ғана сүйеніп, мазмұннан бөліп қарады.

2.Ал екінші біреулері етісті түбір тұлғада ғана алып, сөйлемнен тыс жеке дара зерттеді. Мұндай зерттеулер критерия қоюда бір жақтылыққа әкеп соқтырылуы мүмкін.

3.Тілді зерттеушілердің еңбегінен кездесетін кемшіліктер мен қайшылықтар бола тұрса да, өзі тілде көрнекі орын алатын, әліде зерттеулерді қажет ететін, қызметі мен мағынасына сай тұлғасы бар грамматикалық категориялардың бірі екендігін айқындайды.

Жоғарыдағы ғылыми еңбектердегі тұжырымдардан түйгеніміз: қай тілдегі болсын етістік категориялары лексикалық бірліктердің қатысуымен, яғни лексика-грамматикалық тәсілмен және синтаксистік құралдармен беріліп, бүкіл сөйленім арқылы көрінетіндіктен, бірегей тұтастық болып табылады. Сондықтан етістік категориясын, соның ішінде өздік етістіктің тілдік сипатын толық ашып көрсету үшін оны әр түрлі тіл деңгейіндік құралдардан тұратын кешенді категория ретінде «функционалды-семантикалық өріс» концепциясы негізінде қарастырған дұрыс деп санаймыз. Демек, функционалды грамматиканың ең негізгі міндеті ретінде қай тілде болмасын, ең негізгі тілдік категорияларын функционалды-семантикалық өрістер тұлғасында бөлек-бөлек айқындап алып, ең негізгі тілдік категорияларды толығымен бір жүйеге топтастыра келе, олардың өзара арақатынасын сипаттай отырып зерттегенде ғана тіл табиғаты толығымен ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Schmidt W. Grundfragen der deutschen Grammatik.-Berlin: Volk und Wissen VE Verlag. 1977.- 126 б.
2. Беккер Н. Курс общей лингвистики. –М, 1965.-22 б.
3. Жеребков В.Стилистическая грамматика немецкого языка.М:Высшая школа, 1988.-148 б.
4. Горлатов А. М. Функционально-семантическое поле возвратности в современном немецком языке: Автореф. Дис. . . канд. филол. наук. М., 1977.-56 б.
5. Буц И. А. Взаимодействие функционально-семантического поля взаимности со смежными полями//Сб.науч.тр. Московск. пед. Ин-та иностранный.яз., 1982.Вып.-112 б.
6. Шубик С.А. Категория залога и поле залоговности в немецком языке. Л.,1989.-87 б.
7. Жұманова Л.С. Ж87 Неміс тілі грамматикасын кестелер мен үлгілер бойынша оқыту: Оқу құралы / Л.С. Жұманова; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2012. –156 б.

СТЕПЕНЬ ЯЗЫКОВОГО ИЗУЧЕНИЯ ВОЗВРАТНЫХ ГЛАГОЛОВ В НЕМЕЦКОМ ЯЗЫКЕ

Уалиева С.А.

Данная статья посвящена исследованию проблемы функционально-семантической функции глагольной категории, в том числе и возвратного глагола, одной из актуальных проблем современного языкознания. Вместе с тем в данной статье рассматриваются особенности, функции рефлексивных глаголов в их, действующей и коммуникативной деятельности. В настоящее время изучение функциональной стороны языка является важным вопросом в лингвистике. Хотя категория рефлексивных глаголов, принимаемая к объекту исследования, изучается внутри языковой структуры в рамках морфологии на языковых уровнях и всесторонне рассматривается как грамматическая категория с грамматическим значением, у этой категории все еще есть аспекты, которые не раскрыты.

Следовательно, природа языка раскрывается в полной мере только в том случае, если в качестве основной задачи функциональной грамматики, в каком бы языке она ни была, исследуются наиболее основные языковые категории отдельно в лице функционально-семантических полей, полностью группируются в одну систему, характеризуя их взаимосвязь.

Категория возвратного глагола как семантическая категория является общей для всех языков, и ее выражение в каждом языке различно. Актуальность исследования заключается в том, что благодаря всестороннему изучению генетически не близких языков, то есть глагольных категорий в немецком языке, необходимо не только выявить основные особенности и сходства, но и раскрыть существующую, речевую коммуникативную функцию, функциональное семантическое поле, языковые свойства и природу языковых единиц.

Ключевые слова: функционально-семантическое поле, рефлексивные глаголы, грамматическая категория, функция.

THE DEGREE OF LINGUISTIC STUDY OF REFLEXIVE VERBS IN GERMAN

S.A. Ualieva

This article is devoted to the study of the problem of the functional and semantic function of the verbal category, including the reflexive verb, one of the urgent problems of modern linguistics. At the same time, this article discusses the features and functions of reflexive verbs in their acting and communicative activities. Currently, the study of the functional side of language is an important issue in linguistics. Although the category of reflexive verbs accepted to the object of research is studied within the linguistic structure within the framework of morphology at language levels and is comprehensively considered as a grammatical category with grammatical meaning, this category still has aspects that are not disclosed.

Consequently, the nature of language is fully revealed only if, as the main task of functional grammar, in whatever language it may be, the most basic language categories are studied separately in the face of functional-semantic fields, completely grouped into one system, characterizing their relationship.

The category of the reflexive verb as a semantic category is common to all languages, and its expression in each language is different. The relevance of the research lies in the fact that thanks to a comprehensive study of genetically unrelated languages, that is, verbal categories in the German language, it is necessary not only to identify the main features and similarities, but also to reveal the existing, speech communicative function, functional semantic field, linguistic properties and the nature of linguistic units.

Key words: reflexive verbs, functional-semantic field, grammatical category, function.

Д. ИСАБЕКОВТЫҢ «ДЕРМЕНЕ» ПОВЕСІНДЕГІ ҰЛТ БОЛМЫСЫН БЕЙНЕЛЕЙТІН ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Чалтикенова Л.А.

Ұлттық рухты атадан-балаға мұра етіп бойына сіңіретін ол – тіл. Біз тілімізден ұлттымыздың тарихын, тағдырын, салт-дәстүрін, тәрбиесін көреміз. Мақалада Дулат Исабековтың шығармасындағы ұлттымыздың салты мен санасын бейнелеп көрсететін сөздердің ұлттық құндылығы мен ерекшелігін тану, қаламгердің ұлттық менталитетті ашатын сөз оралымдарын этникалық-этикалық тұрғыдан сипаттап, шығарма тіліндегі этнолингвистика арналарындағы ұлттық кодтың берілуін анықтап, көркем шығарманың лексика-грамматикалық ерекшеліктерін тану басты мақсат болып табылады. Шығармада қазақтың құда түсу, қыз алу, қоржын апару, құран оқыту, тас орнату, ас беру тәрізді ұлттық салт-дәстүрлер мен аңшылық, мал асырау, аян беру тәрізді ескі шарушылық пен әдет-жоралғыларды кездестіреміз. Осы мақсатты іске асыру барысында біз, Дулат Исабеков шығармалары ұлттық дүниетанымның, ұлттық мәдениеттің, ұлттық сананың жемісі екеніне көзіміз жетті. «Дермене» шығармасындағы автор пайдаланған теңеулер тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі болып саналады. Жаңғыру, жаһандану заманында ұлттық кодты сақтап, ұлт ретінде жаңа заманға қарай дамып жаңғыруымыз керек. Ұлттық код, ұлттық болмыс тіл арқылы көрініс табады. «Дермене» повесінде автордың ұлт болмысын бейнелейтін ұлттық тұрақты теңеулерді, ұлттық психология, менталитет, мәдениетке қатысты мақал-мәтелдердің, тұрақты сөз тіркестерінің ерекшеліктерін талдап, күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатын халықтық танымдағы мезгіл атауы, өсімдіктер атауы, баспана атауы, жер-су атауларына байланысты кездесетін ұлттымыздың сөйлеу мәдениеті мен тіл ерекшеліктерін анықтап, жасалу жолдары, қолданылуын нақты мысалдармен дәлелдеп және математикалық статистикалық әдістермен талдап көрсеттік.

Кілт сөздер: *әңгіме, тұрақты теңеу, ұлттық код, фразеологизм, контекст, жұрнақ, әдет-ғұрып, мал шаруашылығы, өсімдік, концепт.*

Көркем шығарма тілімен сол халықтың бүкіл тыныс-тіршілігімен, оның болмысымен, салт-дәстүрімен, тарихымен танысамыз. Болашақ ұрпаққа тіл арқылы жететін бай мұраны біздер көркем шығарма тілі арқылы жеткіземіз. Адам бойына ұлттық құндылық пен ұлттық болмысты санаға сіңіруде көркем әдеби тілдің маңызы ерекше екенін білеміз. Жазушы Дулат Исабековтың «Дермене» повесін тілдік тұрғыдан зерттеп, қаламгердің сөз қолдану ерекшелігін, оның сөз оралымдарындағы ұлттық сипатты тану, ұлттық ерекшеліктерді айқындау, ұлттық кодтың берілуін анықтау басты мақсатымыз болып табылады. «Дермене» повесінде пайдаланылған теңеулер көркем шығарманың бүкіл ұлттық болмысын ашады. Теңеудің жасалу жолдарын және оның синтаксистік құрылымын жан-жақты қарастырып зерттеген – Т.Қоңыров теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [1, 7].

«Дермене» повесінде «Дүниені топан су қаптап келе жатқандай», «Сіріңке шиіндей», «Сәуірдің күніндей бұзылды», «Еңгезердей жігіт», «Жерге ұрып алғандай пысық», «Шыттай киім» сынды теңеулерді кездестіруге болады.

Материалдар мен әдістер; Шығармада фразеологизмдер мен теңеулерді оңай шатастырып алуға болады. Бірақ сөйлемде кейбір фразеологизмдер контекстік теңеу

қызметін атқарса, кейбір тұрақты теңеулер тілге сіңіп, тұрақты тіркеске айналған. Мысалы: **Құмырсқадай қыбырлап жүріп, осыны немереңіз екеуіңіз үш күн орар едіңіз** [2, 284]. Бұл фразеологизм –дай теңеу жасайтын жұрнағы арқылы кезінде құмырсқаға теңеуден шыққанымен, халық тіліне сіңісіп тұрақты тіркеске айналып кеткен.

– *Сіз мына дерменені көзге ұрмайтындай етіп жайып тастаңыз* [2, 284]. «Көзге ұру» қазақ тілінің тұрақты тіркесі. Бірақ оған –ма болымсыз етістігі жалғанып, -дай тұрақты теңеу жасайтын жұрнақ жалғанып контексте теңеудің қызметін атқарып тұр.

Екі иығына екі кісі малдас құрып отырардай арбизан неме екен, осы бетімен ішке кірмек болса шайланы мойнына іліп кететін тұрі бар [2, 284]. «Малдас құрып отыру» қазақ тілінің тұрақты тіркесі. Бірақ сөйлемде бұл фразеологизм **отырардай** сөзімен тіркесе келіп теңеудің қызметін атқарып тұр.

Қазақ тіл білімінде теңеулердің мынадай жасалу жолдары берілген:

-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтары арқылы, мысалы: *Қарт немересінің қарсылық білдіргеніне қарамастан, оның мойнын өзіне күштеп бұрды да, басын қыса құшақтап тұрып, көз ілеспес жылдамдықпен таңдайына ағаш қасықтың сабындай ұзын саусағын сүңгітіп алды* [2, 278]. Сөйлемде **қасықтың сабындай** (ұзын) тұрақты теңеуі –дай жұрнағы арқылы жасалып, сөйлемде адам саусағының ұзындығын білдіріп тұр.

– *Ештеңе етпейді, дермененің шіресі зой. – Сөйтті де жоғарғы ұшы байлаулы болғандықтан ғана құламай қалған шартақты сабан қалпақтай лақтырып жіберіп, үсті-басын қағып бой түзеді* [2, 278]. Сөйлемде **сабан қалпақтай** (жеңіл) тұрақты теңеуі –тай жұрнағы арқылы жасалып, сөйлемде шартақты сабанның жеңілділігіне теңеп, заттың салмағын білдіріп тұр.

– *Мәс-саған ендеше! – ол қуыс құлақ күректей алақанымен оның бетінен салып жіберді* [2, 291]. Сөйлемде **күректей алақанымен** (үлкен) тұрақты теңеуі –тей жұрнағы арқылы жасалып, сөйлемде адам алақанын күректің көлеміне теңеп, заттың көлемін білдіріп тұр.

– *Балам-ау, түйедей (үлкен) нәрсені қалай байқамағансың, мә, бәрін де қайтарып бер, кісі ақысының сұрауы жаман болады* [2, 275]. Сөйлемде **түйедей** (үлкен) тұрақты теңеуі –дей жұрнағы арқылы жасалып, сөйлемде заттың көлемін түйе көлеміне теңеп, заттың көлемін білдіріп тұр.

2. –ша, -ше жұрнақтары арқылы;

3. Шығыс септік жалғауы арқылы;

4. секілді, іспетті, тәрізді, сияқты сөздері арқылы. Мысалы:

Көктемде жер айдауға шыққан трактор секілді, шайланы басына көтеріп барады [2, 285]. Сөйлемде **трактор секілді** (шулы) тұрақты теңеуі **секілді** сөзі арқылы жасалып, сөйлемде Омаштың ұйқысын трактордың даусына теңеп тұр

Бала деген де арнада өсер құрақ секілді, сәл көзден таса болса, есейіп, естияр боп қалады екен [2, 303]. Сөйлемде **құрақ секілді** (жылдам, тез) тұрақты теңеуі **секілді** сөзі арқылы жасалып, сөйлемде баланың өсуін су жиегінде өсетін қамыс тәрізді құрақ деген шөпке теңеп тұр.

Сонау мұнар таудың ар жағынан тең бөлінген пәтір нан тәрізді жартылай көтеріліп қапты [2, 279]. Сөйлемде **пәтір нан тәрізді** (үлкею, көтерілу) тұрақты теңеуі **тәрізді** сөзі арқылы жасалып, сөйлемде дермене үйілген төмпешіктердің тау-тау болып үйіліп, үлкеюін ашыған нанның үлкеюіне теңеп тұр.

5. «тең» сөзі арқылы;

6. «ұқсас» сөзі арқылы;

7. параллелизм тәсілі арқылы;

8. аралас тәсіл : бейне + -дай, -дей; бейне және секілді сөздері арқылы;

9. «бейне» сөз арқылы;

10. қосалық сөздер арқылы;

Қазақ тілінде теңеулерді зерттеген ғалым Т. Қоңыров «Бұлардың ішінде ең көп кездесетіні – дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары. Бүкіл қазақ теңеулерінің 70 пайыздан астамы осы тәсіл арқылы дүниеге келеді», -деп тұжырымдаған [3, 15].

Нәтижелер: Д.Исабековтың «Дермене» повесінде де теңеулер – дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалған. Шығармада осы аталған жұрнақтардың жұмсалу деңгейі төменде сараланып көрсетілді:

-дай	-тай	-дей	-тей
68	17	48	8

Қазақ халқы ертеден мал бағып, көшіп қонып жүрген халық. Олар ат қою, еркелету, теңеу сияқты әдет-ғұрыптар, жөн-жоралғылардың біразын өздері бағып-қағып жүрген төрт түлікпен байланыстырады. Дулат Исабековтың «Дермене» повесінде төрт түлік малмен қатар жан-жануарға қатысты, жәндіктерге қатысты тұрақты теңеулер жиі кездеседі. Мысалы: *Бәлкім бұл адам баласының қартайған шағында сәбидей кінәмшіл болатындығынан шығар, бәлкім, ұлының артында қалған әкенің қырық жамау көңілі жетім ботаның көңіліндей әрі нас, жалтақ болатындығынан шығар, әйтуір жаңағы жігіттердің сөзі оның жүрегін тағы тістелеп өтті* [2, 277].

«Жетім ботаның көңіліндей» деген теңеу –дей жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалып тұр. Автор теңеуді баласынан айырылған қартқа байланысты қолданған. Контексте теңеу жалғыз қалған ботадай қорқақ, секемшіл, көңілшек, ренжігіш деген мағынада айтылады.

Жұрт дем алғанда ғана қорылдаушы еді, бұл бар болғыр дем шығарғанда көкірегіне ит байлап қойғандай ырылдайды екен [2, 285].

«Ит байлап қойғандай» теңеуі етістікке –дай жұрнағы жалғану арқылы жасалып тұр. Жазушы байланған иттің ырылын қорылдаған Омаш дауысына теңейді.

Шалдың қызыл шырайлы жүзі сүлік сорғандай бозарып, ернінен күлкі қашты [2, 309].

«Сүлік сорғандай» теңеуі –дай жұрнағының етістікке жалғануы арқылы жасалып тұр. Повесте теңеу адамның келбет түсінің қансыз, бозғылт тартқанын сипаттап тұр. Сүлік қан соратын жәндік болғандықтан автор оны кейіпкер бейнесін суреттеуде ұтымды қолданған.

Аюдай ақырып тұрған неменің көн құлағынан сөз өте ме, тыңдай қоя ма айтқаныңды! [2, 284]

«Аюдай ақырып» теңеуі –дай жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Көркем шығармада Омашты аюға теңеуде қолданылған.

Жусанды даладағы өрмекшінің торындай қым-қуыт сұрлеу жолмен ойпаңдағы ауылға құлаған мың сан тұяқтан көтерілген шаң күндізгідей аспан қуалап кетпей тандырдан жаңа шыққан нандай ыстық жер мен қоңыржай ауаның арасында еңсесі басылып, жусан басын сипай ұшып, қойнау-қойнауды кеулеп, жайлап жылжып барады [2, 285].

Талқылау: «Өрмекшінің торындай» теңеуі –дай жұрнағының зат есімге жалғану арқылы жасалған. Д.Исабеков тар жолды өрмекшінің торына теңеп оны құлдыратып, әсерейлеп тұр.

Күні бойы дермене органымен тұрмай сонау етектегі дүкенге де тайдай жұмсап отырған жоқпыз ба ? [2, 274]

«Тайдай жұмсап» теңеуі –дай жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Ергешбайды жас бала деп дерменешілердің жұмсауын жазушы тайды жүгірткенге теңейді.

Омаш отын арасындағы кепкен құрайдан қасық сабындай таяқша сындырып алды да, құрайдан қолым таза деп ойлады ма екен, бір ұшын шірелі алақанымен сүйкеп табақтағы ақ, сарысы бөлк-бөлек боп шінілдеп тұрған уызды араластырып-араластырып жібергенде, ол ұяда жатқан балапанның аузындай сап-сары боп шыға келеді [2, 287].

«Балапанның аузындай» теңеуі –дай жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Бұл сөйлемде жазушы балапан аузының сарылығы мен құймақтың сарылығын ұқсатып, теңеп тұр.

Өздері түйедей, сөздері сүйемдей екен ғой [2, 277].

«Түйедей» теңеуі –дей жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Қаламгер дерменеші жігіттерді түйеге теңеу арқылы, олардың зор денелі, алып, үлкен екенін айтқан.

Шайла үстін жасқан кеурек пен құрайлар арасында кесіртке жүргендей шытыр-шытыр етіп басылып жатыр [2, 280].

«Кесіртке жүргендей» теңеуі –дей жұрнағының етістікке жалғануы арқылы жасалған. Кесіртке шөлде де, шөпте де жүретін жәндік. Ол шөп арасында жүргенде шөпті шытырлатып ақырын ғана дыбыс шығарып жүреді. Автор сол дыбыс пен адамның жүргенін ұқсатып теңеумен сипаттаған.

Адамның ойы ұры деген ып-рас екен-ау, аш жыланның тіліндей сумаң-сумаң етіп, қайдағы жоқ қуыс-қуысты тінткілеп алып жөнеледі [2, 296].

«Жыланның тіліндей» теңеуі –дей жұрнағының зат есімге жалғануы арқылы жасалған. Жылан тілі мен адам ойын теңеу расымен ойға келмейтін дүние. Бірақ автор оларды ұтымды ұқсатып, теңей біледі.

Өсімдікке байланысты теңеулер. Қазақ халқында затты тек жан-жануарға ғана емес өсімдіктерге де теңеу көп кездеседі. Қазақ қызды гүлге, жеміске теңеп жатса, ер баланы ағашқа теңеп жатады. Өсімдікке байланысты теңеулер тіл білімін зерттеп жүрген ғалымдардың да қызығушылығын тудыруда. Мәселен, Ш.Б.Сейітова жазған кандидаттық диссертациясының авторефератында өсімдіктерге қатысты тұрақты теңеулер жайлы былай дейді: «Өсімдіктерге байланысты 1200 тұрақты теңеу қалыптасқан». Бірақ, Б.Қалиұлы «Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін» мақалалар жинағында «Өсімдіктерге қатысты тұрақты теңеулер» тақырыбында ғылыми мақаласында Ш.Б.Сейітованың теңеулерінің барлығы тұрақты теңеу емес, сондай-ақ, мақал мәтелдер, сөз тіркесі де кіріп кеткен деп пікір айтады [4, 43].

Д.Исабековтың «Дермене» повесінде өсімдікке теңеген теңеулер мағынасының берілу жолдарын төмендегі мысалдармен нақтылап көрсететін болсақ:

«Дермене» повесінен мысал	Контекстегі мағынасы	Өсімдіктің лексикалық мағынасы
<i>Жеті түнде мас боп келсе ашымызды бидайдай қуырып, немеремнің жүрегінің отын алады-ау</i> [2, 283].	Жаналқымға алды, қысты	Бидай – астық тұқымдасқа жататын, ең мағызды тағамдық дақыл [5, 130].
<i>Сөйтті де жоғары ұшы байлаулы болғандықтан ғана құламай қалған шартақты сабан қалпақтай лақтырып жіберіп, үсті-басын қағып бой түзеді</i> [2, 278].	Оп-оңай, жеңіл	Сабан – дөңді-дақылдары бастырылып, дәні алынғаннан кейін қалған сабағы [5, 695].
<i>Күн қызғанша сайрандап қалғысы келген бозторғайлар бір түйір жасымықтай боп сонау-сонау көз ұшында дір-дір етеді</i> [2, 279].	Кішкентай болып	Жасымық – бұршақ тұқымдас, құрамында белогы ккп шөп тектес өсімдік. Тамаққа оның діндері пайдаланылады [5, 270].
<i>Солай етейін деп еткен жоқ, табиғаттың адаммен бірге жаратқан қасиеті кезегі келгенде өзінен-өзі оянып, көктемде тасты тесіп өскен гүлдей сүйекті жарып шықты</i> [2, 298].	Мықты, бой бермей	Тасты тесіп өсетін гүл – бұндай гүлдер көбіне таулы жерлерде өседі. Олар шыдамды гүлдер қатарына жатады.
<i>Бұл жолы кәрі емендей тұлғасы шыбықтай иіліп, еңгезердей жігіттің айтқанына құлдық ұрып, құрдай жорғалады</i> [2, 293].	Үлкен әрі қартайған	Емен – шамшат тұқымдасына жататын, көпжылдық, бұтақты жуан ағаш [5, 224].
<i>Бала деген де арнада өсер құрақ секілді, сәл көзден таса болса, есейіп, естияр боп қалады екен</i> [2, 303].	Жылдам, тез	Құрақ – су жиегіне жайқалып өсетін балауса шөп; жас қамыс [5, 544].

Жоғарыда келтірілген мысалдармен ойымызды тұжырымдай келе, автор повесте – дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалған, және тәрізді, секілді сөздері арқылы

жасалған теңеулерді қолданған. Жазушы заттар мен құбылыстарды, іс-әрекет пен қозғалысты қазақтың ұлттық мінезіне сай заттарға теңеген. Ол кейіпкерлердің іс-әрекетін, бейнесін қазақтың тұрмысымен байланысты жан-жануарларға, жәндіктерге, төрт түлік малға, өсімдіктерге және тағы басқа заттарға теңей отырып, шығармада ұлттық сипатты аша түскен. Теңеулер бірде кейіпкер болмысын сипаттауда кездессе, бірде автордың оқиғаны баяндауында кездеседі, ал енді бірінде табиғат бейнесін суреттегенде қолданылады. Автор тұрақты тіркестердің әр біреуін ұлттық сипатта, ұлттық түсінікке сай етіп қолданған. Повесте қолданылған теңеулердің лексикалық мағынасында қазақ ұлтының менталитетіне қатысты ерекшеліктер аса бір ыждағаттықпен берілген. Теңеулерді талдай отырып, олардың қазақ халқының шаруашылығымен, ырым-ғұрымдарымен, салт-санасымен, ұлттық мінезбен, әдет-ғұрыптарымен байланысты қолданылғанын аңғардық. Шығармада қазақ тіліндегі сөздік қорда кәсіби шаруашылыққа байланысты өсімдіктер мен жан-жануарларға қатысты қолданылатын теңеулердің көптеп кездескені осыған дәлел.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. Алматы: «Арыс», 2007. – 480 б
2. Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы. – Т.1, Повестер. – 1993. – 544 б.
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978 ж. – 125 б.
4. Қалиұлы Б. «Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін» (Мақалалар жинағы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Персс, 2008. – 968 б.

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИЗОБРАЖЕНИЯ ХАРАКТЕРА НАРОДА В ПОВЕСТИ «ДЕРМЕНЕ» Д. ИСАБЕКОВА

Чалтикенова Л.А.

Это язык, передающий национальный дух от отца к сыну. С нашего языка мы видим историю, судьбу, культуру и воспитание нашего народа. Основной целью статьи является признание национальной ценности и специфики слов, отражающих образ и сознание нашей нации в произведении Дулата Исабекова, этнически-этическое описание словосочетаний, раскрывающих национальный менталитет писателя, определение передачи национального кода в каналах этнолингвистики в языке произведения, признание лексико-грамматических особенностей языка произведения. В произведении мы можем увидеть казахские национальные обычаи, такие как обручение, бракосочетание, ношение корзины, чтение Корана, установка короны, рождение ребенка, а также охота, забой животных, дарование откровений. В процессе интериоризации этого усилия мы убедились, что произведения Дулата Исабекова являются плодом национального мировоззрения, национальной культуры, национального духа. Сравнения, использованные автором в произведении «Дермене», считаются неотъемлемой частью нашего языка. В эпоху модернизации и глобализации мы должны сохранять национальный код и развиваться и модернизироваться как нация. Национальный код, национальное самосознание выражаются через национальный язык. В повести «Дермене» мы выявили одно из шести руслов этнолингвистики, отражающих национальную природу автора - казахские национальные константные сравнения в письменной речи, и проанализировали особенности их создания и использования на конкретных примерах и математическо-статистическими методами.

Ключевые слова: рассказ, метафора, национальный код, фразеология, контекст, суффикс, обычай, животноводство, растение, концепт.

FEATURES OF CREATING CONSTANT COMPARISONS DEPICTING THE NATURE OF THE PEOPLE IN D. ISABEKOV'S STORY "DERMENE"

L.A. Chaltikenova

It is a language that transmits the national spirit from father to son. From our language we see the history, destiny, culture and upbringing of our people. The main purpose of the article is the recognition of the national value and specificity of words reflecting the image and consciousness of our nation in the work of Dulat Isabekov, the ethnic and ethical description of phrases revealing the national mentality of the writer, the definition of the transmission of the national code in the channels of ethnolinguistics in the language of the work, the recognition of lexical and grammatical features of the language of the work. In the work, we can see Kazakh national customs, such as betrothal, marriage, carrying a basket, reading the Koran, setting a crown, giving birth to a child, as well as hunting, slaughtering animals, giving revelations. In the process of internalizing this effort, we became convinced that the works of Dulat Isabekov are the fruit of a national worldview, national culture, and national spirit. In the era of modernization and globalization, we must preserve the national code and develop and modernize as a nation. The comparisons used by the author in the work "Dermene" are considered an integral part of our language. The national code, national identity are expressed through the national language. In the story "Dermene" we identified one of the six channels of ethnolinguistics reflecting the national nature of the author - Kazakh national constant comparisons in written speech, and analyzed the features of their creation and use on specific examples and mathematical and statistical methods.

Key words: *story, metaphor, national code, phraseology, context, suffix, custom, animal husbandry, plant, concept.*

УДК 821.161.1

10.53355/ZHU.2023.106.1.044

ИЗОБРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА В ПРОИЗВЕДЕНИИ Ф.М.ДОСТОЕВСКОГО «БЕДНЫЕ ЛЮДИ»

Чеснокова К.А., Жазыбекова А.К.

Статья посвящена исследованию специфики изображения национального характера в творчестве Ф.М.Достоевского. Цель исследования заключается в выявлении основных особенностей изображения национальных черт русского народа в главных персонажах произведения «Бедные люди». Основные результаты исследования могут быть использованы специалистами и обучающимися в процессе подготовки к занятиям по истории русской литературы.

Ключевые слова: *национальный характер, персонаж, Ф.М. Достоевский, художественный мир.*

Активный интерес исследователей в сфере литературоведения обращен к изучению принципов изображения русского национального характера в творчестве Ф.М.Достоевского. При этом стоит ответить на вопрос о том, какие ценности считать основополагающими для русского человека, каковы его характеристики, что именно писатель считает национальным характером. Ответы на эти вопросы частично попытались найти В.В.Борисова, Е.В.Аверина, Е.Н.Холондович, А.А.Иванова, Ю.Г.Кудрявцев, Н.М.Чирков, Р.Лаут, В.Д.Днепров, В.Д.Попов, А.С.Долинины др. Обратимся к рассмотрению данного вопроса.

В.В.Борисова называет Достоевского «самым русским и самым христианским» писателем. Исследователь отмечает, что в основе положительного отношения к идеалам и культуре других народов, по мнению Федора Михайловича, должно лежать русское православие [1, с.58].

Е.В.Аверина рассматривает черты, которые присущи каждому русскому человеку и составляют, помнению писателя, основу «русскости» и национального сознания, художественные принципы, используемые Достоевским в изображении народа и народного характера [2].

Е.Н.Холондович анализирует систему национальных ценностей, представленную в текстах Достоевского и приходит к выводу о том, что «высшей ценностью для него были Человек, Вера и Страдание» [3].

А.А.Иванова размышляет о вкладе писателя в русскую и мировую философию, отмечая значимость его произведений для человеческого существования [4, с.29].

Ю.Г.Кудрявцев событийные, социальные и философские проблемы, в том числе проблему изображения национального характера [5, с.51].

Исследователь Р.Лаут изучает роль страдания в раскрытии авторской позиции. Он пишет, что страдание является положительной основой для приобретаемого героями счастья и значимой чертой русского человека [6, с.300].

В.Д.Попов, считает, что понимание сущности национального характера тесно связано с влиянием крепостного права и капитализма на рядового человека, а также, что все это «маска, которая неприслала к его лицу, не определила его внутреннюю сущность» [7, с.45].

А.С.Долинин усматривает крепкую идейную связь отдельных образов людей из народа в произведениях Ф.М.Достоевского с героем романа-эпопеи «Война и мир» Л.Н.Толстого Платоном Каратаевым [8, с.129].

Мы считаем необходимым исходить из того, что для Ф.М.Достоевского понятие русского национального характера основывается на понятиях «народ», «народный дух», «национальная идея».

Рассмотрим несколько эпизодов из произведения «Бедные люди».

Известно, что Ф.М.Достоевский был убежден в том, что национальный характер находит свое выражение не в изображении одной большой и часто безликой массы, а в подробной характеристике конкретных лиц, лучших представителей своего народа, несущих в себе его лучшие качества.

Можно ли считать героев «Бедных людей» такими примерами истинно русского национального характера? Это достаточно спорный вопрос. Стоит заметить, что писатель был уверен в необходимости сострадания и всепрощения для зарождения нравственности в любом русском человеке. Отсюда представление о преступниках как о несчастных личностях. И представление это диктуется не разумом, а инстинктами. Есть лишь простая антиномия Добро-Зло, в которой Добро – категория самостоятельная, не требующая оглядки. И герои «Бедных людей» очень бескорыстны, добропорядочны и глубоко несчастны.

Также одной из наиболее важных черт русского национального характера Ф.М.Достоевский считал справедливость. Народ, по Достоевскому, справедлив, хотя и неучен. И большая беда России в том, что интеллигенция оторвана от народа и нет справедливости в обществе.

Интересно проследить отношение героев к понятию «справедливость». В тексте мы встречаем довольно красноречивое утверждение: «Добрые дела не остаются без награды, и добродетель всегда будет увенчана венцом справедливости божией, рано ли, поздно ли».

Заметно негативное отношение Ф.М.Достоевского к интеллигенции, сформулированное им как неприятие народа, отношение к крестьянам как к грязной пьющей массе, совершенно безликой и бездуховной.

Писатель отмечает что в совершенно неприглядных внешне людях может скрываться неожиданное духовное богатство, истинная национальная идея. Таков портрет Макара Девушкина, данный в основном в его письмах: «Дожил до седых волос; греха за собою большого не знаю... даже лысина моя покраснела... приметят, что я одет неприлично!... Да и сапоги-то у меня больно худы, маточка, да и пуговок нет... да того ли еще нет у меня!... ..мне без пуговок быть нельзя; а у меня чуть ли не половина борта обсыпалась!... Мой фрак старый продам и в одной

рубашке стану ходить по улицам, а уж вы у нас нуждаться не будете...Ну что бы я тогда, например, с моими сапогами стал делать? Они у меня, замечу вам мимоходом, маточка, почти всегда в заплатках, да и подметки, по правде сказать, отстают иногда весьма неблагопристойно». Варенька также сообщает о нем: «Посмотрите ка на себя, в каком вы старом платье ходите. Срам! всё в заплатках. Нового то у вас нет; это я знаю, хоть вы и уверяете, что есть» [9]. Тем не менее, перед нами человечный, простой, искренний, добродушный, отзывчивый, чуткий, истинный характер, способный любить, но не радоваться.

Герои «Бедных людей» неуспокоенны, находятся в постоянном движении. Они беспредельны, безграничны в своих поисках. Но также противоречивы в своей необъятности. То есть персонажи добры по своей природе, а виной злых поступков писатель считает некое исступление, незнание меры в чем-либо. Такое странное поведение характеризуется стихийностью, свойственной русскому человеку, живущему в ритме разрушения и созидания.

